

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

С. М. Бахишева

**Педагогикалық жобалау:
теориясы мен технологиясы**

ОҚУЛЫҚ

*Қазақстан Республикасының Білім және
ғылым министрлігі бекіткен*

Алматы, 2011

УДК 37.0
ББК 74.00
Б 29

Пікір жазғандар:

Т. М. Баймолдаев – Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы;

А. Қ. Рысбаева – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы;

Ж. У. Кобдикова – Республикалық білім беру қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру институтының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы.

С. М. Бахишева

Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы: Оқулық. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 336 бет.

Ұсынылып отырған «Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы» оқулығы жоғары оқу орындарының педагогтар даярлайтын мамандықтар үшін өте қажетті. Оқулық білім берудің жаңа парадигмасына сай педагогикалық білім берудегі негізгі бағыттардың бірі – болашақ педагогтың білім берушілік ролі өзгеруін теориялық және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге бағытталған. Құзыреттілік нәтижелеріне бағытталған 12-жылдық білім беруге көшуге даярлық барысында педагогтардың жанаша ойлау мен іс – әрекеттік дағдыларын қалыптастыру үшін оқытудың жаңа әдістерін игеру үлкен роль атқарады. Ұсынылып отырған оқулық болашақ мұғалімдердің өз әрекетін кәсіби жетілдірудің басты ресурсы ретінде ұйымдастыра отырып, оларды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан даярлауға мүмкіндік береді.

Бұл оқулықтың ерекшелігі – жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде педагогикалық жобалаудың теориясы мен технологиясынан жаңа нәтижелерге бағытталған білім беру жүйесі үшін болашақ білікті мамандарды дайындау тәжірибесіндегі мемлекеттік тілде алғашқы рет әзірленуі.

Оқулықтың құрылымы, тақырыптары, теориялық мәселелері, ондағы негізгі ой – пікірлер жоғары оқу орындарында білім алып жатқан студенттерге, магистранттарға және мектеп мұғалімдері мен басшыларына арналған.

ISBN 978-601-217-196-9

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.00

© С. М. Бахишева, 2011 ж.
© ҚР Жоғары оқу орындарының
қауымдастығы, 2011 ж.

КІРІСПЕ

Еліміздің білім беру жүйесін дамыту стратегиясы «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында» айқындалып, оның мазмұны қоғамның даму талаптарына сай жастардың бойында білімділік пен бәсекеге қабілеттілік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталып отыр. Жаңа экономикалық қатынастардың үдемелі инновациялық сипаты адам капиталын дамытуды алға қою туралы көзқарастарды тудыруда.

Білім берудің жаңа мазмұны мен нәтижелері білім алушының қоғамы ортадан өз орнын бағдарлауға, білім мазмұны мен пәндерді өзі таңдауына бағытталып отыр. Мектепте балаларды оқытудың жекелік сипаты мен оқушының мүмкіндіктерін дамыта отырып, өз бетімен білім алуын ұйымдастыру талаптары жаңа тұрпатты мұғалімдерді, олардың жаңаша ойлау әрекеттері мен зерттеушілік ұстанымдарын қалыптастыруды көздейді.

Бұл инновациялық үдерістер болашақ педагогтарды даярлайтын университеттердегі білім беру мазмұнын жаңғыртуды қажет ететіні сөзсіз. Сонымен қатар, жаңа өзгерістер педагогикалық білім беруді мазмұндық қана емес, әдістемелік және технологиялық қайта құруларды қамтамасыз ететін қисынын айқындап, білім берудің жаңа нәтижелеріне сай, оларды тиімді ұйымдастыру қызметін белгілейді. Педагогикалық мамандықтар даярлайтын жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына оқытудың жаңа технологиялары мен әдістемелерін меңгертуге арналған пәндер енгізу, бүгінгі қоғам сұранысына жауап беру қажеттігінен туындауда.

Ұсынылып отырған «Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы» оқулығы білім берудің жаңа парадигмасына сай оқытудағы негізгі бағыттардың бірі - педагогтың білім берушілік рөлінің өзгеруін теориялық және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге бағытталған. Біздің

ойымызша, оқулықтың теориялық және әдістемелік мазмұны бүгінгі өркениеттің ерекшелігіне сай, болашақ педагогтар үшін жаңаша ойлау мен зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын айқындауда, ізденушілік пен инновациялыққа ұмтылуда, қалыптасқан таптаурын түсініктерін өзгертуге белгілі бір дәрежеде ықпал етері сөзсіз. Соған орай, оқулық болашақ мұғалімдердің өз әрекетін кәсіби қалыптасудың басты ресурсы ретінде ұйымдастыра отырып, оларды ғылыми-теориялық тұрғыдан даярлауға мүмкіндік береді деп есептейміз.

Оқулықтың өзіндік құрылымдық логикасы жасалып, «Жобалаудың жалпы негіздері» деп аталатын теориялық бөлімінде бүгінгі таңда кеңінен дамып келе жатқан жобалау әрекетінің мүмкіндіктерін педагогикалық технологиялар тұрғысынан қарастырудың ғылыми негіздемесі берілді. «Педагогикалық жобалаудың қалыптасуы мен дамуы» тақырыбында қарастырылған келесі бөлімінде жобалаудың заңдылықтары мен ұстанымдары, оның білім берудің жаңа нәтижелерін қалыптастырудағы рөлі негізделді. Үшінші бөлім «Педагогикалық жобалаудың технологиялары» деп аталып, онда жобалау күтілетін нәтижелерді анықтай отырып, оқытудың мақсатын жүзеге асыратын біртұтас технология ретінде қарастырылды. «Оқушылардың жобалау әрекеттерін ұйымдастыру» деп аталатын бөлім мұғалімдер тәжірибесі үшін өте қажетті әдістемелік-нұсқаулық түрінде жазылды деуге де болады, онда атынан көрініп тұрғандай, жобалау әрекетін мектеп оқушыларымен жүргізудің нақты әдістемесі, ерекшеліктері, бағалау жолдары берілді.

Жобалаудың күтілетін нәтижені алдын ала болжауды және оған қажетті барлық ресурстарды мақсатқа сай ұйымдастыруды қажет ететін ерекшеліктері болғандықтан, оны арнайы дайындығы жоқ адамдарға жүзеге асыру қиын болатыны белгілі. Тәжірибеден белгілі, жобалау әрекетін жоба жетекшілері ретінде мақсатты түрде арнайы дайындалған педагогтар мен басшы қызметкерлер ғана тиімді ұйымдастыра алады. Сондықтан, оқулыққа «Жобалауды басқарушылардың құзыреттіліктерін дамыту» деген бесінші бөлім ендіріліп, онда білім беру ұйымдары

басшылары мен педагогтардың жоба жетекшілері ретіндегі арнайы құзыреттіліктерін дамыту әдістемесін беріп отырмыз.

Оқулықтың мазмұны педагогикалық мамандықтар бойынша бакалавриаттың 5B010300 - «Педагогика және психология», 5B010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандықтары бойынша және магистратураның барлық педагогикалық мамандықтары бойынша білім беру стандарттарындағы кәсіби пәндер циклінің таңдау компоненттеріне қойылатын әдістемелік талаптарға сәйкес құрылды. Бұл бүгінгі таңда педагог кадрларды даярлау бағдарламасы бойынша жобалау технологиясын білім беруде пайдалануға мүмкіндік береді деп есептейміз.

Тағы бір құрылымдық және мазмұндық ерекшелігі-оқулықтың аталған мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасына ғана емес, жоғары оқу орындарындағы кредиттік оқыту жүйесінің талаптарына да сәйкестендіріліп жасалуы. Оның бөлімдері мазмұны мен әр бөлім соңында берілген тапсырмалар білім алушылардың өз бетімен жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Білім нәтижелерін бағалау аралас түрде жүзеге асырылғаны дұрыс болады дейміз, өйткені, оқулықтағы теориялық мәселелер бойынша студенттер білімдері тест сұрақтары түрінде бағаланса, жобалаудың әдістемесі, технологиясы ауызша емтихан, жоба дайындау және оны қорғау түрінде ұйымдастырылуы қажет. Осыған байланысты сұрақтар мен тапсырмалар жүйесін әр тақырып бойынша және тест сұрақтары мен жоба жасау үшін қосымша материалдарды оқулық соңында ұсынып отырмыз.

Сонымен қатар, бұл еңбек білім берудің жаңа нәтижелерін ұйымдастырушылық және адам ресурстарын дамыту тұрғысынан қамтамасыз ететін педагогикалық жобалаудың теориясы мен технологиясы туралы мемлекеттік тілде жазылған бірден бір оқулық ретінде педагогтар мен білім беру ұйымдары басшыларына құнды боларына сенеміз.

Осы оқулықты дайындауда құнды пікірлері мен ескертпелерін білдірген және үлкен қолдау көрсеткен еліміздің танымал педагог-ғалымдары Т. М. Баймолдаевқа, А. Қ. Рысбаеваға, Ж. У. Кобдиковаға, Ә. Мұханбетжановаға үлкен алғысымызды білдіреміз.

I. ЖОБАЛАУДЫҢ ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ

1. Қоғамдық-әлеуметтік қайта құрулар жағдайында жобалаудың пайда болуы мен дамуы

XX ғасырдың екінші жартысында интеллектуалдық әрекеттерді ұйымдастыру теориясымен қатар олардың жобалау бағдарламаларын құрастыруды жүзеге асырыла бастады және оның негізіне теориялық білімдер ғана емес, көбіне тәжірибелік талдау қызметтері алынатыны белгілі болды. Бұған дейінгі кездері ұйымдастырушылық мәдениеттің теориялық дамуы негізінде таңбалаудың жаңа түрлері – модельдер, алгоритмдер, ақпараттар қоры, т.б. жасаудың көптеген жолдары пайда болып, кейін бұлар жаңа технологиялар құрастыруға негіз болып отырды. Осылайша, жаңа модельдер мен технологиялар өнім күйінде ғана емес, таңбалар түрінде шығарылып, олар жобалауды ұйымдастырудың басты элементтеріне айналды.

Жобалау пайда болған алғашқы кезеңдерде жобаны ғылыми негізделіп, дәл есептелген түрде жасалатын және негізінен технологиялық қызметтерді пайдаланылатын белгілі бір нәрсенің нобайы деп түсіндірілген болатын. Кейін өзінің кең таралуына байланысты жобалау әмбебаптық сипат алды. Мысалы, экстенсивтік тұрғыдан қарастырсақ, жоба жасау және оны ендіру барлық салаларды: өнеркәсіп пен құрылысты, мәдениет пен саясатты, білім беруді қамтитынын көруге болады. Интенсивтік тұрғыдан қарастырсақ, жобалау объектісі мен тақырыбы, проблемасы мен әдістері, құрылымы бірдей болып келетін рефлексиялық құралдар арқылы (логикалық, семиотикалық, психотехникалық) ұйымдастырылатыны да байқалады. Осындай біртұтас не бірегей тұрғыда түрлі салаларда қолдануға болатыны жобалаудың әлеуметтік тиімділігінің көрсеткіштері болып табылады. Сонымен қатар, жобалаудың автономдығы басқа интеллектуалдық және әлеуметтік-

мәдени әрекеттер түрлерінен, мысалы, ғылыми зерттеулер мен бағдарламалау, жобалау мен басқару, құрастыру мен т.б. қарым-қатынастардан өзгешелігін көрсетеді.

Бұдан бірнеше жылдар бұрын, қоғамның тұрақты дамуы кезеңінде қалыптасқан дәстүр бойынша, практикалық сала қызметкерлері, инженерлер, дәрігерлер, мұғалімдер, технологтар мен басқа да маман иелері—ғылымнан, ғалымдар мен ғылыми —зерттеу орындарынан түсетін жаңа нұсқаулықтарды, ұсынбаларды сынақ—эксперименттен өткізетін, соған сәйкес құрылымдар мен технологиялар құрастырып, көпшілік тәжірибесіне ендіретін еді. Бүгінгі таңда, ақпараттар мен жаңалықтардың пайда болу жылдамдығы қалыптасқан жағдайда бұлай жұмыс жасау тиімсіз екені белгілі болды. Осыдан келіп, адамдар тәжірибесінде жаңа табиғи даму жолдарын пайдалану — әлеуметтік, экономикалық, технологиялық, білім беру т.б. жүйелердің өзіндік инновациялық модельдерін құрастыру: авторлық модельдер, технологиялар мен әдістемелер, т.б. жасап, жобалар түрінде тәжірибеге ендіру кеңінен тарай бастады.

Зерттеушілер пікірінше, жобалау «сызба арқылы көрсету шеңберінен асып болашақ ситуацияны көзге көрсететін және адам баласын қоршаған жаңа жағдайларды өзгертудің негізін салады». Жаратылыстану ғылымы парадигмасы логикасындағы дәстүрлі жобалау техникалық, инженерлік, архитектуралық салаларда жоспарлау, модельдеу, «болашақ бейнені» құрастыру мақсатында қолданылып келді. Жобалау институттары элитарлық түрде құрылып, оны жүзеге асыру олардан бөлек «технологтардың» міндеті болды. Жобалау мен технологиялық білімдердің біріктірілуі жүзеге асырылған елдерде (АҚШ, Жапония және т.б.) постиндустриалдық қоғамға қарышты қадамдар жасалғаны белгілі. Басқарудағы мұндай өзгерістер мен жаңғыртулар жобалау әрекетімен байланыстырылып, әуелі оның сұлбасын немесе идеалдық бейнесін белгілеп алу, оған жетуге қажетті әлеуметтік-техникалық әрекеттер құрылымын жасаудың маңызы атап көрсетіледі.

Жобалау мен ғылыми зерттеудің өзара байланыстылығы. Жобалау әрекетінің ықпалымен ғылыми зерттеулердің ғылыми-техникалық әрекеттердің басты түрі ретінде қарастырылуы азая бастады, сондай-ақ, жоспарлау түрі де жобалауға сәйкес өзгеріске түсті. Ақпараттық технологияның дамуына сай компьютерлік бағдарламалау мен басқару тетіктері, оның құралдары өзгерді, осыдан келіп, жобалау түсінігі үнемі өзгеріп отыратыны белгілі болды. Солай бола тұрса да, жобалау мен зерттеуді біріктіретін нәрсе – олар үшін шынайы объектілердің ортақ болуы, ал объект өзін нысан ретінде алып отырған жағдайға сай ғылыми танымдық немесе жобалау қатынасы болған кезде ғана шынайы объект бола алады.

Жобалаудың жаңа сипаты оның жүйелі зерттеу әрекетімен тығыз байланыстылығында, яғни, жобалау мен зерттеудің біріктірілуі бүгінгі өркениет тудырып отырған құбылыс. Өндірістің жүйелі құрылымына зерттеушілік, құрастырушылық және ұйымдастыру, басқару әрекеттерінің енуі өндіріс барысында өнім өндіру мен қатар оны ойлап шығару, өзгертіп отыру және қайта құру технологияларының қатар жүретінін көрсетеді. Бұл жағдайда әрекетті ұйымдастырудың біртұтас түрі қалыптасуына қызығушылық пайда болады, өйткені ол тұтастық жаңа технологиялар мен жаңа әрекеттердің пайда болуы, дамытылуы және құрастырылуы қызметтерін қамтиды. Оны әрекеттің біртұтас түрі ретінде қарастыра отырып, оның дәстүрлі түсініктегі бөлісу мен тұтыну үрдістерінен де жоғары деңгейде екенін көре аламыз.

Даму барысында жобалау қызметі басқа әрекеттер түрлерімен байланысу негізінде қайта құруға, өзгерістерге ұшырап отырды, оны ғылымда жобалаудың эволюциясы ретінде:

- құрастыру әрекетінен–дәстүрлі классикалық жобалауға,
- классикалық дәстүрлі жобалаудан – қазіргі заманға жобалауға бағыт алуы деп көрсетеді.

Классикалық жобалауға жататын архитектурадағы, техникалық ғылымдардағы дәстүрлі жобалардан басқа, жоба түрінде болғанымен мазмұны мүлдем басқаша қазіргі

заманғы квазижобалар қатарына әлеуметтік жобалау әрекеттерін жатқызуға болады.

Жобалау әрекетінің толық мәні О.И. Генисаретский еңбектерінде берілген, оның түсіндіруінде жобалау әмбебаптық ғылыми-техникалық қана емес, ол ең алдымен, әлеуметтік-мәдени әрекет түріне жатады. Әлеуметтік-мәдени механизм кез келген мәдени маңызы бар әрекеттер мен одан туындайтын құндылықтарды шын мағынадағы технологиялық үдерістер мен құрылымдарға айналдыра алады. Егер ғылыми-техникалық прогресс мәдениеттің іргелі және қолданбалы құндылықтарының қарым-қатынасын үнемі өзгертіп отыратын қоғам дамуының бір жолы болса, жобалау әрекеті оны жүзеге асыратын әлеуметтік құрал, әлеуметтік институт деуге болады.

Өткен ғасырдың 60-жылдарында күрделі жүйелерді тиімді басқару арқылы дамытудың жаңа әдіснамалық бағдарламасы қалыптасты және негізіне жобалау қызметі алынып, аталған бағдарламалардың төмендегі алғышарттары ұсынылды:

– кез келген әрекет экономикалық тұрғыдан қарастырылады: нәтиже белгіленеді, қызметтің тиімділігі, оны орындауға кеткен шығын мен тиімділігі тұрғысынан қарастырылады;

– кез келген әрекет басқарылады, бұл жағдайда: әрекеттің өзі де басқару объектісі ретінде және басқаратын органдарда бірдей қарастырылады;

– жобалаудың барлық әрекеттері жүйелік тұрғыдан жүргізіледі. Оның мәні проблемаға, міндетке, миссияға және қызметке бағытталады. Бұл жерде ең әуелі жаңғыртудың идеясы белгіленеді, одан соң жаңаны құрудың кезеңдері анықталады, жоспарланады;

– жүйе ретінде басқарудың объектісі де, үрдісі де қарастырылады. Бұл басқару механизмі емес, мақсат қоюдың, оған жетудің әдістері мен құралдарын белгілеу, оған қажетті ресурстарды анықтау және құрастыруды көздейтін интеллектуалдық саласы (Афанасьев).

Жоспарлаудың жаңа бағыты сол кездегі қоғамда ғылыми–техникалық прогрестің қарқынды дамуы, өнеркәсіптердің еңбек өнімділігін арттыруды, жаңа

техникалар мен технологияларды жасақтауды және тәжірибеге ендіруді, әлеуметтік міндеттерді орындауда пайдалануды, жаңа технологиялармен жұмыс істеуге мамандарды даярлау және олардың кәсібилігін дамытуды, т.б. шаруашылықтың көптеген түрлі салаларын қамтитын, кешенді мақсаттарын орындауды көздеген болатын. Сонымен қатар, бұл өндіріс, ғылым мен білім беру салаларының нәтижелі қызмет ету мен олардың өзара қарым – қатынасының тиімді ұйымдастырылуын, қызметкерлердің жаңа ғылым жетістіктерін игеру негізінде сапалы еңбек нәтижесін аз мерзімде, аздаған шығынмен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Аталған міндеттер күрделі жүйелер ретіндегі көптеген түрлі салаларды қамтитын өте кең ауқымды болғандықтан оны жүйелі және кешенді жүргізу қажеттігі туындайды.

Әлеуметтік жүйелердегі жобалау оның құрамындағы компоненттердің өзіндік ерекшелік сипаттарын, олардың өзара (заттық, ақпараттық, энергетикалық, т.б.) және жүйенің сыртқы байланыстарын (әлеуметтік орта, табиғи орта), жүйе компоненттері мен тұтас жүйенің даму тенденцияларын жүйелік және кешендік тұрғыда жүзеге асырылады.

Бұл жүйелердің басқа техникалық, жаратылыстанудағы жүйелерден ерекшелігін оның адам мен қоғамның дамуына байланыстылығы құрайды. Әлеуметтік жүйелердің басты компоненті болып табылатын адамдардың іс-әрекеттері жүйенің өзгерістерімен, сыртқы ортаның талабымен ғана анықталмайды, олар негізінен, адамның өзіндік мүмкіндіктеріне, түрлі жағдайларына сай шешім қабылдай білуіне қатысты анықталады. Сондықтан, әлеуметтік жүйелердің моделі, жүйенің объективтік заңдылықтарын жүйенің және оның компоненттерінің мақсаттарымен интеграциялауды қажет етеді. Тәжірибеде осы интеграцияны қамтамасыз ету, үйлестіру оны басқарудың басты мақсаты болып табылады. Нақтылай айтқанда, әлеуметтік жүйелерді дамыту қызметі сол жүйеге тән объективтік заңдылықтарға сай жүйенің мақсатын ондағы адам компоненттерінің мақсатымен үйлестіру жолдарын анықтайды. Сөйтіп, әлеуметтік жүйелерді дамыту ондағы адамдар үшін маңызды өзгерістерді ендіру негізінде жүзеге асырылады.

Осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтік жүйелерді басқаруда ондағы адамдардың өзіндік мүмкіндіктерін жүзеге асыру, түрлі қабілеттерін дамыту және пайдалану мақсатында белгілі бір ұйымның қызметін қамтамасыз етуге, оны жетілдіруге және қайта құруға бағытталған кешенді, көпқырлы қызметтің арнайы ұйымдастырылуы қажет болады. Әлеуметтік жүйе құрамындағы қызметтік және адами компоненттердің өзара қатынастары мен жүйенің өзін өзі дамыту ресурстарын тиімді ұйымдастыру арқылы мақсатқа сәйкес нәтижелерін қамтамасыз етудің тиімді механизмі–жобалау болып табылады.

В.М. Розиннің айтуынша, жобалау қызметі әрбір кіші жүйенің құрылымы мен деңгейлеріндегі дербес мақсат пен міндеттерін нақтылауды және оның орындалуын ресурстық қамтамасыз етуді көздейді, сонымен қатар, кіші жүйелердегі мақсат–міндеттердің реттелген жиынтығы үлкен жүйенің мақсатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Әлеуметтік жүйелерді жобалау шын мәнінде әдіснамалық–теориялық контекст ретінде қолданыла алады, өйткені, оның шығу көзі әдіснамадан, нақтылап айтқанда жүйелі ой–әрекеттері әдіснамасында пайда болған болатын.

Жобалауды бүгінгі оның идеологтары «технологиялық универсум» - лат. *universum.summa rerum*- деп бағалайды, ал жобалауды жүзеге асыру кезеңі адамның қайта құру әрекеттері деп бағаланады. Осы тұрғыдан алғанда кез келген жобалау қызметі әлеуметтік жаңғыртуды жобалау болып табылады.

Жобалаудың негізіне трансценденттік (*transcendens*-лат.мүмкіндіктің шегінен өту) міндет жатады, сөйтіп, кез келген жоба трансценденттік, өйткені ол осы шақтан болашақты жоспарлайды. Жобалаудың мәні оның келесі қайшылықтарды (антиномияларды) шешуге бағытталғандығында:

- әлеуметтік жүйедегі мүмкіндіктер мен қабілеттіліктердің арасындағы;
- идеалдық құрылым мен (идея) шектелген түрдегі құрылымның (нормаланған) арасындағы;

– әлеуметтік жүйенің потенциалдық мүмкіндіктері мен құндылықтардың мақсаттарға ауысуының және мақсаттың құралдарға ауысуының арасындағы.

Осыдан келіп әлеуметтік жүйелерді басқарудағы жобалаудың адам қызметін жүзеге асыру және әр адамның өз идеясын ұсыну және орындаудың негізгі құндылық екендігін мойындайтын жаңа сананы бекітеді. Жобалаушының қоршаған ортаға қатынасы төрт мазмұндағы кеңістікке шығуы деуге болады. Олар: ситуативтік, әлеуметтік, мәдени және экзистенциалдық. Осы тәрізді трансценденттік кеңістікке шығу жобалаушыға жобаның тұтас үрдістігін және болашаққа бағытталғандық сипатын сақтауға мүмкіндік береді.

Г.Маркузенің «трансценденттік жобалау» тұжырымдамасы мен оның өлшемдері біздің ойымызша кез келген жүйедегі жобалау әрекетіне көшіруге мүмкіндік береді. Олар:

– трансценденттік жобалау берілген материалдық және интеллектуалдық мәдениет деңгейінде пайда болатын мүмкіндіктерге сәйкес болуы тиіс;

– трансценденттік жобалау өзінің тұтастығын сақтау үшін жоғары тиімділікке құрылуы тиіс:

– жетістіктерді сақтау мен оларды жақсартып отыру әдістерін ұсынады;

– құрылымның өзіндегі тұтастықты және ондағы негізгі бағыттар мен қатынастарды анықтайды;

– оны жүзеге асыру адамның қажеттіктері мен мүмкіндіктерін белгілі бір әлеуметтік институттар арқылы қамтамасыз етіп отырады.

Әлеуметтік жүйелердегі жобалаудың мазмұндық және құрылымдық икемділігі кез келген ұйымның әлеуетін көтереді. Эволюциялық даму туралы тұжырымдаманы негізге алатын басқару теориялары оның постиндустриялық қоғамның бұрын соңды болмаған проблемалары алдында қауқарсыз екенін байқайды. Өйткені, тек эмпирикалық әдіске ғана сүйене дамыту қалыптасқан жағдайды жаңа талаптарға сай өзгерту үшін жеткіліксіз.

Жобалау қызметі оған қарама-қарсы, болашақ модельдерді ғылыми негізделген дәл есептеулермен

қамтамасыз ететіндіктен, қайта құру және өзгерістер жағдайында басқарудың басты қызметтерінің бірі бола алады. Сонымен қатар, жасалатын әрекеттің мақсаты мен оған қажетті стратегияны айқындау да өзгерістер жоспарын нақтылауға мүмкіндік береді.

Кейбір зерттеушілер басқарудың жобалау және жобаны жүзеге асыру қызметтерін біріктіре жүргізуіне көңіл бөлінген, оның бірден бір жолы ретінде жобалау әрекетін ендіру және қолдану кезеңдерін есепке ала отырып, одан әрі дамыту деп есептеледі.

Осылайша, әлеуметтік – техникалық тәсілдер мен қызметтер ретінде дамытыла және рәсімделе отырып, басқару жобалаумен екі түрлі байланыста болады. Оның мәні, біріншіден, жобалау–басқарудың бір элементі, құрамдас бөлігі болып табылады және соған сай әрекеттер жүйесінде жобалаудың өз орны бар. Бұл жағдайда жобалау мен басқару компоненттері өзара ерекше байланысқа және ассимиляцияға түсе алады.

Екіншіден, басқару қызметі жобалау әрекетін түгел қамти алады. Бұл жағдайда жобалау бөлек автономды жағдайда жүргізіледі және басқару оның қызмет етуіне, одан әрі дамуына, жүзеге асырылуына жағдай жасайды. Бірақ оны басқаруға бағыныштылық деп қарауға болмайды, осы жерде басқару мен жобалау өзара күрделі байланыс пен қатынаста болады дей аламыз. Жобалау әрекеттерін басқару жоғарыда аталған қазіргі заманғы әлеуметтік техникалық амалдардың басты көрінісі болып табылады.

Осы жаңа ұйымдастырушылық мәдениеттің тірек ұғымдары: жоба, жобалау, технологияландыру, рефлексия – пайда болып, бүгінгі күні кеңінен қолданылысқа енуде. Назар аударатын нәрсе, осындағы жоба мен рефлексия ұғымдарының бір қарағанда бір–біріне қарама–қарсы сипатта екені: біріншісі –алға қарай көз тастау, екіншісі –кейін қарай қарау деген түсініктерді береді. Енді осы ұғымдарға сипаттама береміз.

Дәстүрлі «жобалау» ұғымы энциклопедиялық сөздіктерде, техникада, құрылыста, т.б. өндірістік салаларда белгілі бір бұйым жасау, немесе ғимарат салуға қажет құжаттардың–суреттер, есептеулер, т.б. –жиынтығы деп

қарастырылады. Жобалаудың бүгінгі мәні одан өзгеріп, оны жеке адамның, ұжымның, ұйым не мекеменің, немесе, бірнеше ұйымдар мен мекемелердің бірлескен өнімділік әрекетінің аяқталған циклі деген түсінігі кеңінен тарауда.

Әлеуметтік жүйелерді басқарудағы жобалау түрлерінің, оларды қолдану аясының тым көптігі оларды классификациялауды қажет етеді, оны А.М.Новиков бойынша құрылған жүйелік классификация негізінде қарастырып көрейік.

– Жобалау типтері немесе салалары: техникалық, ұйымдастырушылық, экономикалық, әлеуметтік, білім беру, аралас салалар, т.б.

– Жобалау кластары немесе жобалау құрамы мен құрылымы, пәндік аясы бойынша: моно – жобалау, мульти – жобалау, мега–жобалау. Олар қолданылуына қарай сипатталды, мысалы, моно – дербес жобалаудың белгілі бір масштабтағы түрліше дара жобалау екені атынан көрініп тұрса, мульти –жобалау бірнеше дербес жобалардан тұратын кешенді жобалау болса, мега–жобалау–белгілі бір экономикалық саланы, не аймақты дамытудың мақсатты бағдарламалары, оның құрамына моно – жобалау да, мульти – жобалау да еніп кетеді.

– Жобалау масштабтары: шағын, орташа, ірі және өте ірі деп шартты түрде белгілене алады.

– Жобалау ұзақтығы: қысқа мерзімді – 3 жылға дейінгі, орта мерзімді–3-5 жылға, ұзақ мерзімді–5-тен көп жылдарға созылатын жобалау;

– Жобалау түрлері: инвестициялық, инновациялық, білім беру, ғылыми –зерттеу, аралас, т.б.

Енді осы «жобалау» ұғымының білім беру саласында қатысты сапаларын қарастыратын болсақ, оның түрлерін ғылыми –зерттеудегі жобалау, педагогикалық жобалау, әр білім алушының оқу әрекетінде қолданылатын жобалау деп бөлуге болады.

Әлеуметтік жүйелерді басқарудағы жобалауға бірнеше анықтамалар берілген, мысалы, Ф.Перегудовтың анықтамасы бойынша, «жобалау–жұмыс нәтижесінің сапасына қойылатын талаптары белгіленген, орындау сипатына сай қажетті құралдар мен кететін шығындар алдын ала

есептелген, берілген уақыт ішінде белгілі бір жүйеге мақсатты өзгерістер ендіру». Ол әр жобалау идея пайда болғаннан бастап, толық аяқталғанға дейін өз дамуының бірнеше сатыларынан өтеді дей отырып, даму сатыларының жиынтығы жобаның өмір сүру циклін құрайды, ал ол фазаларға бөлінеді, фазалар–сатыларға, сатылар–кезеңдерге бөлінеді дейді.

А. М. Новиков жоба мен жобалау ұғымдарының айырмашылығын анықтайды, ол жобалауды жобаның бастапқы кезеңіне тән әрекет деп түсіндіреді. Шын мәнінде, кез келген өнімді, немесе инновациялық қызмет нақты мақсат қойылуын, дәлірек айтқанда, жобалауды қажет етеді. Педагогикалық әрекеттер тәжірибесінде білім беру жүйесін жобалау іске асырылады, мысалы, оған сабақ үрдісін жобалау немесе мектептің гимназияға өтуін жобалау, немесе бір ел бойынша білім беруді дамытуды жобалау әрекеттерін жатқыза аламыз.

Келесі бір ортақ түсінік қалыптастыруды қажет ететін технология ұғымы бар, зерттеушілер оны берілген міндетті орындау түрлері мен амалдарының, әдістері мен құралдарының жүйесі ретінде қарастырады. Ал, біз қарастырып отырған жобалау қызметінің кез келген түрі осы технологиялар жиынтығы негізінде жүзеге асырылады.

Әрекеттің өнімділігін ұйымдастыруда рефлексияның қойылған мақсатты, үрдістегі міндеттерді, нәтижелерді үнемі талдап отырудың маңызы зор.

Осылайша, ғылыми зерттеулер әдіснамасы да, практикалық әрекеттер әдіснамасы да, жобалау категориясының логикасында оның үш кезең (фазалар) – жобалық, технологиялық, рефлексиялық–фазалар бірлігін сақтай отырып құрылады дей аламыз.

Әлеуметтік жүйелердің дамуын жобалауды инновациялық процестің моделі ретінде қарастыруға болады:

- ұйымның бастапқы жағдайы (біз қазір қайдамыз?);
- күтілетін болашақтың бейнесі (біз қайда барғымыз келеді?);
- қазіргі жағдайдан болашаққа өту әрекеттерінің құрамы мен құрылымы (біз күтілетін нәтиже алуымыз үшін не жасаймыз?).

Жобалау келесі қызметтерді атқаруға арналған:

– оның қатысушылар әрекеттерінің бағытын және олардың мақсатты бағдарларын анықтау, яғни орындаушылардың бірлескен жұмысының мақсатқа бағыттылығын қамтамасыз ету құралы болу;

– жеке орындаушылар мен олардың топтарының арасындағы байланыстарды анықтау, яғни, орындаушылардың күштерінің интеграциясы мен әрекеттерін үйлестіру құралы болу;

– жұмыс барысы мен оның орындалуы жағдайларын бақылау құралы болу;

– қойылған мақсаттардың орындалуына кесел келтіруі мүмкін қауіп-қатерді алдын ала болжай білу құралы болу;

– жұмыс бағытының жоспарланғаннан ауытқуы немесе бұрын болжанбаған қауіп-қатердің анықталуы барысында шешім шығара білу құралы болу.

Жобалау–бұл күтілетін нәтижеге бағытталған қозғалыстың тұтас моделі, оның негізгі міндеті – мақсатқа бағытталған қозғалысты бақылайтын құрал болу. Бақылау барысында болжамды нәрсе шынайы нәрсемен салыстырылады, бұл жағдайда бағдарлама аралық және түпкі нәтижелер салыстыруға мүмкіндік беретіндей болуы қажет.

XX ғасыр аяғындағы қоғамдағы саяси -әлеуметтік қарқынды өзгерістер жобалауды әлеуметтік мәдени өзгерістерді басқару контекстінде де қарастырудың маңыздылығын айқындауда. Өйткені, бүгінгі ақпараттық жаңғыртулар ұдайы жүріп отырған қоғамдық өндірістің қуатты күші ауқымы жағынан табиғи үдерістермен барабар келіп, осы жағдайда адамдардың өзгермелі жағдайларға уақытында тез жауап бере алатын жаңа әрекеттерін ұйымдастыруды қажет ететін ортаны қалыптастыруда.

Қазіргі заманғы ғылым мен өркениеттің жаңа парадигмасына сай әлеуметтік жүйелердің өзгерістері, ондағы адамның орны мен ұйымдастырушылық рөлі туралы мәселелер философиялық, мәдениеттанушылық және психологиялық тұрғылардан қарастырылуда. Бұл бағытта отандық ғалымдар бүгінгі әлеуметтік–мәдени жағдайларға қатысты жан-жақты зерттеулер ұсынуда.

Тақырып бойынша сұрақтар:

1. Жобалаудың пайда болуы және эволюциясы.
2. Жобалаудың әлеуметтік– мәдени қызметі.
3. Жобалаудың универсалдық қызметін мысалдар арқылы дәлелдеп көріңіз.
4. Жобалау мен ғылыми зерттеудің өзара байланыстылығы.
5. Күрделі жүйелерді дамытуды жобалау қызметі негізінде ұйымдастырудың алғы шарттары
6. Әлеуметтік жүйелерді дамытудағы адами ресурстардың маңызы.
7. Жобалау неліктен «технологиялық универсум» ретінде жоғары бағаланады?
8. Г.Маркузенің «трансценденттік жобалау» тұжырымдамасының мәнін түсіндіріңіз?
9. Ұйымның эволюциялық дамуы мен оны жобалау арқылы дамытудың айырмашалығы неде?
10. А. М. Новиков ұсынған жобалау түрлерінің классификациясын талдаңыз.
11. Жобалау логикасына сай жобалық, технологиялық, рефлексиялық кезеңдерді ретімен пайдалана отырып, белгілі бір мақсаттағы жобаның нобайын жасаңыз.
12. Осы тарауда алған ақпараттарға сүйене отырып «жобалау» ұғымына өз анықтамаңызды беріп көріңіз және оны дәлелдеңіз.
13. Анықтамалар мен энциклопедияларды пайдалана отырып, «жобалау» ұғымына қатысты глоссарий құрастыруды бастаңыз, оған қандай терминдер ендіретініңізді белгілеңіз. (мысалы: универсум, трансценденттік, технология, рефлексия, т.б.)

2. Жобалаудың теориялық негіздері

Жобалаудың философия, мәдениеттану, әлеуметтану және психология ғылымдарының әдіснамасында орын ала бастауы оны гуманитарлық тұрғыдан қарастыруды қажет етеді. Бүгінгі ғылыми әдебиеттерде жобалау – алда болуы тиіс нәрсенің өте қысқаша және өте нақты сипаттамасын жасау қызметі деп түсіндіріледі, бұл жерде ең маңызды нәрсе

–бір нәрсенің болашақ сипаты туралы, оның қолжетімдігі туралы, мақсаттық-құндылықтық ұстанымның болуы. Басқаша айтқанда, адамның ойлау әрекетінің қалыпты шеңберінен шыға алуы – трансценденттенуі – *ойлау қызметінің дамытушылық функциясы* іске асырылады. Жобалаудың осы тұрғыдан алғанда төмендегі қызметтерін атап көрсетуге болады:

–*нәтижелік өнім ретінде* белгілі бір жобаны орындаудың мақсатына сай нәтижелік көрсеткішін бере алады;

– қоршаған ортаны не белгілі бір объектіні зерттеудің, немесе жаңартудың *ғылыми-тәжірибелік әдісі* бола алады;

–технологиялық мәдениетке тән *инновациялар тудырудың* бір түрі ретінде қолданылады;

– *басқару әрекетінде* ұйымды дамыту қызметін атқара алады.

Жобалаудағы жүйелік тұрғы жаратылыстану ғылымының танымдық парадигмасынан пайда болды. Әлеуметтік тұрғыдан қарастыру жобалаудың адам қызметінің қазіргі заманға тән қақтығыстары мен белгісіздік жағдайындағы ситуацияларды шешуді көздейтін жобалаудың жаңа тұжырымдамасын жасауға негіз болды. Сонымен қатар, қоғамдық санадағы әлеуметтік көзқарастың болуы, әлеуметтік жоспарлаудың, әлеуметтік құрастырудың, әлеуметтік басқарудың негізіне адам әрекеттері алынып, оның барлық әлеуметтік қызметтердің объектісі болуына ықпал етті.

Жобалау тарихы техникалық саладан бастау алатыны, басқа салаларға одан кейін көше бастағаны белгілі. В.М. Розин оның эмпирикалық сипатын анықтай отырып, жобалаудың «құрастыру» ісіне қатысты екенін, «бұйымды» алдын ала кескіндеу және оның нобайы мен детальдарын дәл есептеу арқылы жасалатынын атап өтеді. Ал құрастыру әрекетінің бірте-бірте жетілдірілуі мен дамуына орай, жоспарлау мен дәлдік есептеулерге қатысты семиотикалық және ойлау әрекеттері де күрделене бастады, бірақ алғашқы жобалау әрекеттерінің ерекшелігі олардың ішкі үрдістер сипатында болуы еді. Жобалаудың өз алдына бөлек салаға айналуы оның үлгісін құрастырушылар мен бұйымды

жасаушылардың әрекеттерінің бөлінуінен басталды. В.М.Розин құрастыруды өзара байланысты төмендегі бөліктерге:1) интеллектуалдық (семиотикалық) құрастыру (жобалаудың өзі), және 2) бұйымды жобаға сай жасау (жобаны жүзеге асыру) әрекеттеріне бөліп қарастырды. Мысалы, педагогикада жобалау қызметінің «идеядан–соңғы нәтижеге дейінгі» толық циклі жобаны таңдау, құрастыру ғана емес, идея берушілер мен жобаны құрастырушылардың жобаны тәжірибеге ендіруге де тікелей араласатын болғандықтан, педагогикадағы жобалау қызметінің құрылымы күрделірек болады. Оны инновациялық жобалау тәжірибесінен айқын көруге болады.

Жобалаудың ғылыми негізіне жоба, жобалау, жобалық, жобалаушылық сияқты ұғымнан туындайтын түсініктер алынады. Жобалау (орыс тілінде «проектирование», латынның *projektus*)–*алға қарай тастау, алға жүру* деген түсінікті береді. Оның мағынасы алдағы уақытта болатын құбылыстың бейнесін жасауға қатысты ғылыми және инженерлік әрекеттермен байланысты айқындалады. Адам еңбегіне қатысты өнімдердің барлығы да алдын ала жобалау арқылы жасалатын болғандықтан, осы тұрғыдан қарастыру *жобалауды жоба құру үрдісі*, яғни, белгілі бір объектінің *болашақтағы бейнесін алдын ала құрастыру үрдісі* дей аламыз.

Жобалау қызметінің алғашқы кезеңдерінде жобаны ғылыми негізделген, дәл есептелген күйінде жасалатын, үнемі технологияда пайдалана беруге болатын белгілі бір нәрсенің нобайы деп түсіндірілген болатын. Одан кейінгі кездерде жобалаудың кең таралуына байланысты, оның өнімнің арзандауын қамтамасыз ететін экономикалық тиімділігі, халықтың көп бөлігіне жеткілікті болатын әлеуметтік тиімділігі, өнім сапасы мен тұтынушылар мәдениетін көтеруді көздейтін мәдени тиімділігі күтілетін болды.

Осылайша, тәжірибенің өзгермелілігі бүгінгі қоғамның атрибутына айналып, оны басқару мен ұйымдастырудың өзгермелі жағдайларына сай жобалау қызметі қалыптаса бастады.

Жобалау ұғымын зерделеу үшін әлеуметтік жүйелердегі жобалау феноменіне терең назар аудару қажет. *Феномен* (гр.*φαινόμενον*) – таным мен тәжірибедегі ерекше құбылыс туралы философиялық ұғым. Әлеуметтік жүйелерде жобалау қызметінің кеңінен тарай басталғанына қарамастан, оның алатын орны ғылыми түрде бүгінгі күнге дейін жеткілікті дәрежеде негізделмеген деуге болады. Сонымен қатар, жобалау қызметіне қызығушылықтың өсуі оның баршаға түсініктілігінен немесе жеткілікті зерттелгендігінен емес, оның көпфункционалдық және көпқырлылық сипатынан дей аламыз.

Жобалау феноменіне қатысты дәстүрлі ғылыми көзқарас, қазіргі заманның қайта жаңғыртуларды батыл да жедел жүргізу талаптарына сәйкес жүргізіліп жатқан тәжірибеге тікелей ықпал ете алмады, сондықтан жобалау әрекеті таза ғылымдық емес, *тәжірибелік-бағдарлы ғылым* контекстіне енгізілді. Осылайша, жобалау ғылымдықтың жаңа түрінің негізгі әдісі ретінде ұсынылды, оны кейбір авторлар тәжірибелік - бағдарлы ғылым деп атаса, әдіснамалық бағдарды ұстанушылар бағдарламалық - жобалық ұғымын ендіру арқылы түсіндіреді.

Тәжірибелік–бағдарлы ғылым ұғымын білдіретін термин ретінде М.А.Данилов *бағдарламалық–жобалық тұрғыны* енгізіп, оның қарастыратын пәнін белгіленетін, сипатталатын, қайта жаңғыртылатын практикалық әрекеттер жүйесі деп, мақсатын-*белгілі бір жүйені және оның мазмұнын дамыту* деп көрсеткен болатын. Бұл жерде әлеуметтік–мәдени құбылыстарды зерттеуде классикалық түрлермен қатар қолданылатын ғылымдықтың жаңа тұрпаты қалыптасып келе жатқаны туралы айтуға болады. Дәстүрлі сипаттағы тарихилық, дамытушылық және тәжірибедегі жаңартушылық принциптерімен бірге *жобалау принципі* білім берудегі кешенді проблемаларды ғылыми тұрғыдан талдаудың басты әдіснамалық міндеттерінің бірі болып қалыптасып келеді.

Тәжірибелік–бағдарлы педагогикалық ғылым ендігі жерде жекелеген психологиялық–педагогикалық феномендердің өзін зерттеумен қанағаттанбауы сөзсіз, бұл зерттеулер енді кешенді түрде жүргізілуге тиіс. Осының өзі

жобалау қызметінде көптеген нақты зерттеулер мен білім беру саласындағы жобалауды, адамның өмір бойы алатын үздіксіз білімнің бағдарламалары мен технологияларын, бағалаудың эксперттік жүйесі мен оның тиімділігін бағалау құралдарын қамтитын бірнеше күрделі объектілердің синтезделуін талап етеді.

Ғылымилықтың дәстүрлі түрімен салыстырғандағы жаңа түрінің айырмашылығы—жобалауды ұйымдастыру мен одан әрі қарай жүзеге асыру барысындағы *ғалымдар мен практиктердің нақты білім беру алаңында жүргізетін бірлескен әрекетінде, сонымен қатар, осы қызметті қолға алуды бастаушылар—практик адамдар* екенінде болып отыр.

Тәжірибелік-бағдарлы ғылымның тағы бір ерекшелігі — көппәнділігінде (полидисциплинарность), ол білімдік және пәндік салалардың бірнеше түрлерінің өкілдерін бірлесе отырып, білім беру тәжірибесін интегративтік сипатта дамытуға қатысуын қажет етеді. Білім берудегі ғылымилықтың жаңа көппәнділік тұрпатын негізге ала отырып, зерттеушілер жобалаудың екі түрін атап көрсетеді. Олар: психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-педагогикалық.

Біріншісі, психологиялық—педагогикалық түрі—білім беру үрдісін жобалауға тән, яғни оқыту—әрекеттің тәсілдерін меңгеру, қалыптастыру—әрекеттің жасалған түрін меңгеру, тәрбиелеу—есею мен әлеуметтену. Екіншісі, әлеуметтік-педагогикалық түрінің объектілері ретінде білім беру институттары мен білім берудің түрлі орталары алынып, олардың әрқайсысында атқаратын қызметтеріне сәйкес үрдістер жүргізіліп отырады.

Егер таным бұған дейін өмір сүріп келген, зерттеушінің пікіріне тәуелсіз белгілі бір объект туралы шынайы білім алуға бағытталған болса, жобалау дүниеге бұдан бұрын болмаған жаңа объект әкеледі. Осы мағынада олардың айырмашылығы шығармашылық пен оның айнадағы бейнесіне ұқсас болады.

Өткен ғасырдың екінші жартысында көптеген зерттеушілер «жобалау» ұғымын кеңінен қолдана отырып, оның болашақты көздейтін мәніне көңіл аударғанымен, жобалау қызметінің өзіндік мәні мен құрылымдық

компоненттерін терең қарастырмайды. Солай бола тұра, сол кездерден бастап жобалық сана, жобалық тұрғыдан ойлау, жобалау онтологиясы, жобалау тұрғысы, жобалау технологиясы, жобалау әдістері, т.б. осы сияқты көптеген жаңа ұғымдардың енгізілуі арқылы адам танымында жаңа бір саланың жүйесі пайда болып келеді.

Жобалау феномені туралы қалыптасқан теория мен тәжірибелерді қарастыру барысында, оның төмендегі іргелі зерттеулер мен идеяларға негізделгені анықталды. Олар:

жобалау қызметін бүгінгі таңда өзекті болып отырған ұйымдастырушылық мәдениеттің жобалық-технологиялық жаңа түрі тұрғысынан қарастыру идеясы;

жобалауды ой - әрекет жүйесі әдіснамасы негізінде қалыптасатын басқару қызметі ретінде жүзеге асыру идеясы;

әлеуметтік салаларды дамыту мақсатына сай жобалауды ресурстарды тиімді ұйымдастыру қызметі ретінде пайдалану идеясы, т.б.;

Аталған идеялардың әрқайсысын бөлек қарастырайық. Индустриалдыктан кейінгі деп аталатын әлеуметтік қоғамның күшті ықпалымен *ұйымдастырушылық мәдениеттің жобалық-технологиялық* жаңа түрі пайда болуда. Оның негізінде ғылым мен өнер, адам психологиясы мен оның әлеуметтік ортамен, қоғаммен қарым-қатынасын жобалау тұрғысында қарастырылуы белең алып келеді. Сөйтіп, жобалау қазіргі заманға тән ойлаудың стильдік қасиетіне, бүгінгі күн мәдениетінде адамның шығармашылық әрекеттерінің барлық қырларын қамтитын басты типтік белгісіне айналып келеді.

Бүгінде әлеуметтік-қоғамдық ғылымдар саласында жобалау кеңінен зерттеле бастады. Ол негізінен *жобалау қызметінің әлеуметтік контекстінде* қаралып, әлеуметтік болжау мен жоспарлауға қарама-қарсы қойылуынан байқалады. Бұл жерде бір топқа әлеуметтік жобалауды болашақта жетуді көздейтін идеалдық түрдегі алдын ала жасалатын рескрептивтік модель деп есептейтіндер алынса, келесі топ өкілдері әлеуметтік жобалау-әлеуметтік объектінің болашақта қажет болатын бейнесі деп санайды. Үшінші топ өкілдері жоғарыда келтірген түсініктерді жинақтай отырып, *әлеуметтік жобалау әлеуметтік*

басымдық әрекеттер болуы тиіс, өйткені, ол белгілі бір әлеуметтік ортаны идеалдарға сәйкес қайта жаңғырту қызметін атқара алады деп түсіндіреді. Сонымен қатар, олар әлеуметтік-педагогикалық жобалаудың ғылыми контекстін жасаудың өзектілігін ұсынады.

Жобалауды ой-әрекет жүйесі әдіснамасы негізінде қалыптасатын басқару қызметі ретінде жүзеге асыру идеясы. Жобалау әуел бастан техникалық объектілердің құрылымдық қамтамасыз етілуіне қатысты қызметтер атқарды. 70-жылдардың басында жобалау теорияларының тенденцияларын зерттеу барысында ғалымдар әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық жүйелерде, соның ішінде білім беруде жобалауды қолдануға болатынын атап көрсетті. Осы кездері әрекет теориясының негізінде қоғамдық жүйелерді жаппай жобалаудың әдіснамалық негіздерін құрастыра бастады. Осылайша жүйелі ой - әрекеттері әдіснамасы негізінде әрекеттің күрделі жобаларын жасау құралдары пайда болды. Жобалаудың эпистемологиялық тәсілі ретінде 50-жылдары Москвадағы логикалық үйірмеде құрастырылған мазмұндық-генетикалық логика алынды.

Жүйелі ой-әрекеттері әдіснамасы негізінде жобаланған әрекетті имитациялық - ойын түрінде көрсетудің әдістемесі – *ұйымдасқан әрекеттік ойындар*—бүгінгі күні алдыңғы қатарлы ресейлік менеджмент тәжірибесінде кең қолданыста жүрген «ОДИ – организационно-деятельностные игры» – ұйымдастырушылық - әрекеттік ойындар атымен белгілі әдістеме жасалды. Аталған жүйелі ой-әрекеттері теориясына сай жобалау қызметінің дамытушылықты көздейтін идеясы тұжырымдамалық және технологиялық түрде дәлелденген. Осыған орай, жүйелі ой - әрекеттері әдіснамасы дамыту принциптерін табиғи немесе әлеуметтік ортада болып жатқан үрдістердің кейбір көріністері ретінде емес, қоршаған ортаны түсінуді ұйымдастыратын орта ретінде қарастырылуын ең алдымен талап етеді. Аталған принципке сәйкес дамытудың жалпы сипаттамасы *белгілі бір жүйенің осы кездегі жағдайымен салыстырғанда жобаланып отырған болашақ жағдайының басым тұрған құндылық екенін мойындауды білдіреді.* Бұл жерде жобалаушыға даму қадамдарын жүзеге

асырушы «белсенді агент» позициясы беріледі, оның санасында өзінің мақсаттық - құндылықтық ұстанымдары негізінде болашақтың бейнесі пайда болады және бекітіледі.

Осылайша, жобалаудың ең басты операциялдық ерекшелігі—оның қайта құрулар мен жаңғыртуларға бағытталғандығында. Жобалау белгілі бір объектіні жаңа түрге айналдырып, оны қайта жаңғырту қызметін атқарады. Осыған сәйкес, жобалаудың басқарудың ерекше қызметі ретінде дамытудың маңызы зор екені дәлелденуде.

Әлеуметтік жүйелерде қазіргі өркениеттік дағдарысқа рефлексия ретінде өндірістік қызмет салаларында (әкімшілік басқару, өндіріс технологиялары т.б.) және өндіріспен байланысы жоқ салаларда – театр, бейнелеу өнері, әдебиет, философия, жаратылыстану ғылымы және педагогикада жалпы ғылыми және арнайы сипаттағы әдіснамалық проблемаларға қызығушылық пайда болды. Жекелеген және бөлек-бөлек сипаттағы өзгерістерді көздейтін дәстүрлі әрекеттерге қарағанда жаңа әдістердің ерекшелігі пәнаралық байланыстарды және тұтастықты көздейді. Олар бір жағынан, дәстүрден тыс әдістер, екінші жағынан – адамның жеке тәжірибесіне бағытталған әдістер.

Осылайша, *басқарудың субъективтік факторларына сай* жаңа қоғамдағы қайта құрудың барлық күрделі құрылымдарында олардың жүйелік байланыстарын сақтап және жүйелік қасиеттеріне сүйене отырып, жобалаудың мүмкіндіктерін талдау, ұйымдастырушылық қызметінің мәнін ашу қажеттігі бар деп есептеледі.

Күрделі жүйелердегі жобалау стратегиялық бағдарға сай жүйе құрылымдарының өзгермелі жағдайларда дамуына мүмкіндік береді, атап айтқанда:

-жүйені белгілі бір қызметтері, қарым -қатынастары және қасиеттері деңгейінде жетілдіріп отырады;

-жүйенің жаңа қарым - қатынастарын, қасиеттерін және икемділігін қалыптастыратын қосымша қызметтерді дамытып отырады;

-тұтас құрылым құрамында пайда болатын жаңа жүйелердің қызметі мен орнын қарастырады;

-белгілі бір қызметтердің, қарым–қатынастардың және қасиеттерінің өзгерістерге түсуіне сәйкес жүйенің түрленіп отыруын қамтамасыз етеді;

Көрсетілген бірінші және екінші қызметтер арқылы жүйенің типтік ұқсастығы қамтамасыз етіледі. Жобалау нәтижелерінің алдын ала белгіленетіндігі де осыдан болады.

Жобалау қызметінің негізі болып табылатын «жоба» түсінігінің өзі де ғылымда түрліше қарастырылғанынан көруге болады. Философиялық тұрғыдан қарастырушылар оны рухани қайта жаңғыру әрекеттері нәтижесі десе, әрекеттік тұрғыдан қарастырушылар жоба–жобалаудың мақсаты мен нәтижесі деп түсіндіреді. Жалпылай келгенде, жоба–белгілі бір уақыт ішінде жүргізілетін, нәтиженің сапасына нақты талап қойылған, ұйымдастыруға қажетті құралдары мен қолжетімдік ресурстары айқындалған белгілі бір жүйені мақсатты түрде өзгерту деген пікірге сай дей аламыз өйткені, бұл жобаның мақсаты мен нәтижесін көрсетеді.

Трансформациялық үрдістің кездейсоқ сипатын болдырмау үшін басқарудағы жобалау қызметі жүйенің түрін өзгерту қызметін атқара алады. Бұл жердегі жобалаудың атқаратын рөлі–дәстүрлі тұтастық ішінен жаңа құрылымның қызметі мен орнын анықтау болып табылады. Сонымен қатар, жаңа құрылымның қолданылуына қажетті жағдайлар жасалмаса, онда ол іске де аспауы мүмкін. Жаңалықтың әкімшілік нұсқауларымен жүйеге ендірілуі нәтижелі болмайтыны тәжірибеде дәлелденіп жүргені белгілі.

Жүйе элементтерінің сандық көрсеткіштеріне белгілі бір мақсатпен ықпал ету олардың сапалық өзгерістеріне әкеледі, соған орай, біртіндеп қасиеттері өзгереді, одан кейін қарым -қатынастары, одан әрі жүйенің қызметтері өзгереді. Осы тұрғыдан қарастыру бірте-бірте жүйенің өзін-өзі ұйымдастыруын, ішкі және сыртқы байланыстары мен қарым - қатынастарын қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік салаларды дамыту мақсатына жобалаудың сай ресурстық ұйымдастыру тиімділігін пайдалану идеясы. Өзгермелі ортада құрамындағы элементтердің күрделі, әрі көпжақты өзара байланысы мен өзара әрекеттесулері жағдайында күрделі жүйелердің жоғары

деңгейдегі тиімді қызметін қамтамасыз ететін тетіктерді күні бұрын дәл анықтау мүмкін емес. Сонымен қатар, басқаруды қатаң тәртіпте ғана ұстау әдісі оның жұмысын баяулатып, өзіндік дамыту, жаңа жағдайларға бейімделу мүмкіндіктерін тежейді. Ал, алдын-ала белгіленген мақсатты нақты бағдар ретінде пайдалану күрделі жүйелердің икемділігін және өзіндік ұйымдастырылуын, оның барлық деңгейлердегі кіші жүйелерінің іс-әрекеттеріндегі дербестікті дамытудағы түрлі қатынастардың өзара үйлесімділігін қамтамасыз ететін құрал болып табылады.

Жүйелік тұрғыдан басқарудың ұйымдастырушылық құрылымын қалыптастырудың басты ерекшелігі— ондағы басты жауапкершілік қызметтік міндеттерді атқару емес, *қойылған мақсатқа жетуді көздейтін жобалау қызметін* реттеу болып табылады. Күрделі жүйелер құрамындағы кіші жүйелерде нақты мақсатқа жету жолдарының мазмұндық түрлілігіне байланысты басқару жүйесі компоненттерінің *мақсатты-бағдарлы* құрылуы қызметтік бағдарлылыққа қарағанда тиімді екені сөзсіз.

Жүйелерді басқарудағы мақсатқа бағдарлы ұйымдастырушылық құрылым қалыптастырудағы *жобалаудың* мәнісі әрбір *кіші жүйенің басқару құрылымы мен деңгейлеріне дербес мақсат пен міндеттер* қоюда болып табылады, ал бұл *мақсат-міндеттердің реттелген жиынтығы* үлкен жүйенің *мақсатын жүзеге асыруға* мүмкіндік береді. Сөйтіп, қазіргі замандағы күрделі әлеуметтік жүйелерді, соның ішінде білім беруді жаңғыртуға қатысты өзгерістердің қарқынды жүргізілуіне байланысты ендіріліп жатқан жобалау - әлі де теориялық зерделеу, оны білім саласында одан әрі пайдаланудың жолдарын айқындау қажеттігі бар жаңа қызмет.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жобалауға тән белгілер қандай?
2. Жобалау категориясын айқындайтын ұғымдар мен түсініктер.
3. Жобалау түсінігінің мәні.
4. Жобалауды теория мен тәжірибеде пайдалану идеялары.

5. Жобалаудың тәжірибелік–бағдарлы ғылым ретінде қарастырылуы.
6. Жобалауды ұйымдастырушылық мәдениеттің жаңа түрі ретінде қарастыруға мысал келтіріңіз.
7. Жобалауды жүйелі ой-әрекет әдіснамасы негізінде қалыптасатын басқару қызметі ретінде қарастыру мүмкіндігін мысал арқылы дәлелдеуге тырысыңыз.
8. Жобалауды әлеуметтік салаларды дамыту мақсатына сай ресурстарды тиімді ұйымдастыру қызметі ретінде қарастыру мақсатында белгілі бір мақсатты ала отырып, оның ресурстарын мақсатқа сай ұйымдастыруды жобалаңыз.
9. Жобалау қызметінің жүйені дамытуда тиімді механизм екенін өзіңіз білім алатын, не жұмыс істейтін білім беру ұйымын мысалға ала отырып дәлелдеп көріңіз.
10. Осы бөлім бойынша қандай ұғымдарды глоссарий құрамына енгізуге болатынын анықтап, анықтамалық сөздікті жалғастырыңыз.

3. Жобалаудың мәдени – инновациялық сипаты.

Өркениет дамуының әртүрлі тарихи кезеңдерінде ұйымдастырушылық әрекеттердің негізгі түрлері пайда болды, оны бүгінгі зерттеушілер *ұйымдастырушылық мәдениет* деп белгілеп отыр. Қазіргі әлеуметтік жүйелерде ұйымдастырушылық мәдениеттің жобалауға негізделген түрі пайда болуын ғалымдар түрліше түсіндіреді. Мысалы, ХХ ғасырда әлеуметтік–мәдени жүйелерді интеллектуалдық ұйымдастыру теориясымен қатар олардың жобалау бағдарламаларын құрастыру мен жүзеге асыру теориялары кеңінен тарай бастады. Сонымен қатар, оның негізіне тек теориялық білімдер емес, көбіне осы бағыттарда тәжірибелік талдау қызметтері алынғаны байқалады. Бұған дейінгі ұйымдастырушылық мәдениетте теориялық таңбалаудың жаңа түрлері – модельдер, алгоритмдер, ақпараттар қоры, т.б. жасалған болатын, кейін бұлардың барлығы да жаңа теориялар құрастыруға негіз болып отырды. Осылайша

таңбалар түрінде пайда болған жаңа теориялар мен технологиялар алынатын өнімді ғана емес, жалпы технологияларды, бағдарламаларды жобалау қызметін ұйымдастырудың басты түріне айналды.

В. А. Никитин *дәстүрлі* ұйымдастырушылық мәдениетті адамзат қоғамы дамуының ең алғашқы кезеңдері деп қарастырып, ондағы әрекет жолдары мен амалдарын сол қоғам тұрғысынан сипаттайды. *Корпоративтік - қолөнерге бағытталған* ұйымдастырушылық мәдениеті ортағасырлық діни иерархия құрылымы, қалалар мен университеттер жағдайларындағы білім мен дағдыларға үйрету әдістері түрінде қарастырылады. Одан кейінгі *кәсіби (ғылыми) ұйымдастырушылық* мәдениетті барлық бағыттардағы кәсіби орталарды біріктіретін әрекет ретінде ғылым алынады, кәсіби мәдениеттің негізіне ғылыми білім қойылып, барлық материалдық және рухани өндірістердің негізіне білім мен ғылым жатқызылды. Сөйтіп, бірнеше ғасыр бойына ұйымдастырушылық *мәдениеттің кәсіби түрі* жетекші рөл атқарып келді.

XX ғасырдың аяғына қарай ұйымдастырушылық мәдениеттің дамуында қайшылықтар пайда бола бастады, олар:

– ғылыми құрастырылған дүниенің біртұтас бейнесі мен ғылымның өзі туындатқан парадигмалар ауысуынан пайда болған ғылыми білімнің құрылысы арасындағы қайшылық;

– ғылыми білімнің қарыштап дамуы, оны өндірудің технологияландырылуы, дүниенің біртұтас бейнесінің өзгеруіне, соған сәйкес, кәсіби бағыттардың бірнеше мамандықтарға бөлшектеніп кетуі;

– қоғамның тегіс салалануымен қатар, көпмәдениеттіліктің дамуы, әр мәдениеттің өз тарихы мен өзін танытуға ұмтылуы бұрынғы «жаппай европалану» үрдісінен мүлдем бөлек қалыптасуда. Сонымен қатар, дәстүрлі ғылыми модельдер мүмкіндіктерінің шектеулі, әмбебап болмауы ұйымдастырушылық мәдениеттің технологиялық (жобалық -технологиялық) түрін қажет ете бастады.

Осы үдерістер өзімен бірге әлемдегі саяси, экономикалық, қоғамдық және мәдени ситуациялардың тұрақсыздануы мен өзгермелілігін алып келді, сөйтіп, бірінен соң бірі пайда болып жатқан жаңа жағдайлар тәжірибенің де үнемі өзгеріп отыруын қажет етіп отыратыны белгілі болды.

Жобалаудың инновациялықты дамытудағы рөлі. «Инновация» термині ғылымға ХІХ ғасырдан бері қоғам дамуын көрсететін қажетті көрсеткіштерінің бірі ретінде белгілі болды. Ең әуелі бұл ұғым антропология және этнография ғылымдарында пайдаланылып, мәдени өзгерістерді зерттеулер барысында «дәстүрлі» деген түсініктің қарама қарсы мәні ретінде қолданылды. ХХ ғасырдың басында «инновациялық жаңғыртулар» терминін экономика саласы кеңінен пайдаланып, шаруашылық субъектілерінің кәсіпкерлік табыстарын қамтамасыз ететін элементтер комбинациясы ретінде қарастыра бастады. 30-жылдардан бері бұл түсінік менеджерлер арасында белгілі бір «фирманың инновациялық саясаты» термині ретінде кеңінен тарап, инновация «дәстүрлі» ұғымына қарама қарсы қолданылатын болды.

Н.Г.Алексеев жобалауды жүзеге асырудағы екі кезеңді бөліп көрсетеді. Оның *бірінші кезеңі* қоғамдағы жалпы өзгерістермен тығыз байланысты болып, жобалау қызметінде еркіндіктерге ие болған кездермен сипатталады. Бұл кезеңде стихиялық жобалау тәжірибесі, әсіресе білім беру саласында, кеңінен қанат жайып, өз «жобаларын» құрастыру мен ұсыну жаңашыл мұғалімдерден бастап білім мекемелеріне дейін орын алды. Осы жағдайларды талдау қорытындылары жобалау тәжірибесі мен оның мәдениеті қалыптаспағандығын көрсетіп, жобалауға мәдени түр беру, оны мәдени тәжірибеге айналдыру міндетін алға қойған болатын. Сөйтіп, жобалаудың *екінші кезеңі* басталды, ресейлік және отандық ғалымдар осы кезеңнен бастап *жобалаудың педагогикадағы инновациялардың мәдени түрі* деп белгіленуіне негіз қалыптасты деп санайды.

Жобалаудың мәдени контекст алуы оны басқа ғылымдар тұрғысынан, соның ішінде, педагогикалық - психологиялық тұрғыдан, педагогика тарихында қалыптасқан үрдістерге сай зерделеуге мүмкіндік берді.


Инновациялық үрдістерді жобалау негізінде мәдени дамыту тәжірибесі екі түрлі бағытта қалыптасқандығын айта кету керек. Біріншісі, *эмпирикалық* деуге болады, ол– бәсекеге қабілетті жобаларды таңдау мақсатында тиімді жобаларды құрастыруға үлгі ретінде қолдануға болатын жобалаудың тиімді әдістері мен тәсілдерін іріктеп алу жолы. Екіншісі, үдерістерді дамытуды көздейтін жобалар үшін қажетті арнайы заңдар мен заңдылықтарды *теориялық зерделеу* болып табылады.

Даму барысында жобалау *басқару қызметі* контекстіне де, *тәжірибелік-бағдарлы ғылым* контекстіне және *инновациялардың мәдени түрі ретіндегі* контексте қарастырылады. Осы аталған үш контекст өз сипаттамаларына сай ортақ негізге ие бола тұра, теорияда да, тәжірибеде де бір-бірінен бөлек талданып келеді. Қазіргі замандағы қоғам мен әлеуметтік құрылымдар реформаларының, соның ішінде білім беруді жаңартуға қатысты өзгерістердің қарқынды жүргізілуіне байланысты берілген контекстерін синтездеу арқылы жобалауды негіздеуге болатыны айқындалады. Бұл жобалау қызметін басқарудағы инновациялардың мәдени түрі ретінде де, тәжірибелік-бағдарлы ғылым ретінде даму жолдарын айқындаудағы негізгі әдістер мен технологиялар ретінде де, басқарудың негізгі процедурасы ретінде де қарастыруға мүмкіндік береді.

Аталған синтезді жүйелі ой-әрекеттері теориясының әрекетті өзгерту және мәдениет тудыру схемасына сүйене отырып көрсетуге болады. Осы схема бойынша өзгерістердің түрлі әлеуметтік-мәдени ситуацияларда пайда болатын қайшылықтарын *жаңа инновациялық қызмет ендіру арқылы* реттеуге болатыны дәлелденген, бұл инновациялық қызмет *жобалау* болып табылады.

Төмендегі суретте (1-сурет) мәдениет түрлері мен (3) әлеуметтік-мәдени және ұйымдасқандық қабаттарына оларды түгел қамтитын (4) идеалдық (абстрактылық және ойлау негізіндегі ғана) құрылым мен (1) менталдық түрлер қабаттарын қосады. Ондағы жоғарыға бағытталған сызықшалар арқылы *көтерілу* үрдісі берілсе, төменге қарай

бағытталған сызықшалар *орындалу, жүзеге асырылу* үрдісін көрсетеді.




Сурет 1 – Жобалау арқылы жаңа мәдениет тудыру схемасы

Сурет қоғам ұйымдастырылуының бірнеше қабаттарға бөліну принциптерін көрсетеді және олар екі үдерістің – *көтерілу және орындалу немесе жүзеге асырылу–жүруі* мүмкін екенін білдіреді. Бірінші үрдіс әлеуметтік қабаттан мәденилікке, одан әрі идеалдыққа өтуді білдірсе, екіншісі, идеалдық, яғни, идея ретіндегі болмыстың мәдени және әлеуметтік түрлерін ұйымдастыру арқылы *менталитетте, салт пен дәстүрлерде бекітілуі* болып табылады. Н. Г. Алексеев атап көрсеткен білім берудегі инновациялық қозғалыстарды мәденилендіру жолдары осы *көтерілу* үдерісіне де, *жүзеге асырылу* үдерісіне де сәйкес келеді дей аламыз. Өйткені, жобалау қызметі үздік үлгілерін іріктеп алу *көтерілу* үдерісіне, ал жобалауды технологиялық құрастыру мен теориялық зерделеу *жүзеге асырылу* үдерісіне тән құбылыстар.

Жобалаудың жоғарыда аталған үш аспектісінің синтезі осы екі үдерісті қамтиды. Мысалы, білім беру ұйымын басқарудың мәдени–инновациялық сипатын алатын болсақ, оның технологиялық циклі білім берудегі тәжірибені қайта жаңғыртуға деген әлеуметтік сұраныс қабылдаудан басталып, инновациялық жобалау арқылы жүзеге асырылады. Тәжірибелік–бағытталған ғылыми контекстегі жобалау педагог – практиктердің қалыптасқан жағдайды

өзгертуге қажеттіктерінен пайда болады, яғни, ол да әлеуметтік–мәдени және ұйымдасқандық қабатынан шығады. Осы екі жағдайда да болашақтағы инновациялық қайта құрулардың мәдени түрі ретінде *жобалау* қызметі алынады. Бұл контекстердің негізгі айырмашылығы идеалдық құрылым қабатында дей аламыз, өйткені, осы жерде ғана жобаланып отырған нысан өзінің басымдық тұрпатына сай идеалдық құрылымына ие болады. Ол ерекшеліктер төменде 2-суретте берілген.



Сурет 2 – Жобалаудың білім беру мен ғылыми әрекеттердің мәдени- инновациялық түрі ретіндегі схемасы

Атап айтқанда, жобалаудың мәдени контексті философия арқылы қамтамасыз етіледі, басқару контекстіндегі жобалау қызметі әдіснамалық қамтамасыз етіледі, ал, ғылыми контекстегі жобалау әрекеттері білім саласына қызмет ететін педагогика, психология, әлеуметтану ғылымдарының идеалдық құрылымдарының сипатын алады.

Мысалы үшін, педагогикалық тәжірибенің даму барысында кем дегенде үш мәдени - инновациялық құрылым қалыптасты деп айта аламыз. *Біріншісі*, катехезистік, діни педагогика деуге болады, оның базалық мазмұны діни ритуалдар мен символдар аясындағы тәртіп пен әрекеттермен байланыстырамыз. XVI ғасырдың аяғында Ян Амос Коменский идеяларының ықпалымен *екіншісі*, эпистемологиялық педагогикалық құрылым қалыптасты. Оның негізгі мазмұны объектіге бағытталған оқыту болса, басты девизи «барлығына да барлық білімді беру» болып

танылды. Бұл құрылым осы күнге дейін оқытудың негізіне алынып келеді, яғни, мәдениет тасымалдау құралы ретінде теориялар мен модельдерді оқытуды, білім беруді ұйымдастырудың әлеуметтік-мәдени түрі ретінде сынып-сабақ жүйесін негізге алады. *Үшінші*, педагогикалық құрылымды инструменталдық немесе технологиялық атауға болады. XVIII ғасырдың аяғы - XIX ғасырдың басында пайда болған құрылым білім мазмұнына негізінен құралдар мен әдіс- тәсілдер ұсынған болатын.

Бүгінгі кезең педагогикада мүлдем жаңа құрылым қалыптасып келе жатқанын көрсетіп отыр, оның негізіне жоғарыда аталған құрылымдарға қарағанда білім, білік, дағдылар мен қажетті сапалар синтезі ретінде қалыптасып келе жатқаны белгілі.

Жобалауды дайындау және құрастыру кәсіби мәдениеттерде пайда болған таңбалар түрлері–теориялар, модельдер, түсініктер, ұғымдар, формулалар мен алгоритмдер негізінде жасалады. Бұлардың барлығын ұйымдастырудың ең жаңа және тиімді құрылымы барлық бұқаралық қарым–қатынас саласында, басқару мен экономика саласында, ақпараттық қызмет көрсету мен білім беру салаларында кеңінен қолданылып келе жатқан – *технологиялар* сипатында болады. Жеке–даралық жағдайда бірде–бір ғылым саласы, теория мен тәжірибе немесе бір мамандықтың ғана шеңберінде барлық технологиялық цикл қамтамасыз етілуі мүмкін емес, сонымен қатар, олардың әрқайсысының өміршеңдігі өз қызметінде сыртқы әрекеттерді қабылдай алушылық қабілеттілігіне тығыз байланысты. Осыдан келіп, қазіргі заманға тән технологиялық мәдениеттен алатын орнын анықтау *субъектінің* жобалауды немесе бағдарламалауды құрастыру мен жүзеге асырудағы *рөлін* белгілеуі болып есептеледі.

Субъектінің өз мүмкіндіктерін анықтау немесе жүзеге асыру үшін мәдени-техникалық деп шартты түрде аталатын циклдың төмендегі позицияларының бірін өзіне алуға қабілетті болуы тиіс. Олар осы циклды құрайтын мәдени түрлердің қорын *сақтаушы, таратушы, жүйелеуші, құрушы* және *ұйымдастырушы* рөлдерінің бірін атқарады. Ол қызметтер сипаты төмендегідей:

– *мәдени қорын сақтаушы*– мәдени үрдісті, дәстүрлі қалыпты ұстану, инновацияны қабылдамау;

– *таратушы*– сан түрлі жаңалықтардың бір ғана бағытын ұстану және оның мәдени және әлеуметтік маңызын көтере отырып, таратылуына белсенді ықпал ету;

– *жүйелеуші*–таратушының қызметіне қарама–қарсылық мақсатында мәдени жаңалықтарды жүйелеу, түрлерге бөлу, теориялар құрастыру;

– *құрушы*– бұл кейде өзінің сипатына сай жаңалықтар тудырушы деп аталады;

– *ұйымдастырушы*– жоғарыда аталған барлық позициядағы субъектілер қызметін келістіру, үйлестіру және ұйымдастыру қызметі.

Жоғарыда аталған позициялардың ішінен *мәдениет құрушы* тұрғысын қарастыратын болсақ, ол көбіне жобалаушының позициясына сәйкес келеді. Ол үшін мәдениет–өзінің айналаға көзқарасын білдірудің, өзіндік тәжірибесін жариялаудың, өз түсінігін көрсете отырып, оны дәлелдеудің орны болып табылады. Бұл жерде парадигмалық–құндылықтық негіздеме басты орын алады, ал соның негізінде ұжымдағы келісімге келудің принципі–коммуникативтік немесе әр адаммен тіл табысу арқылы келісім жасалынады. Коммуникативтік принциптің сипаттамалық белгілері ретінде кәсіби позициялардың мазмұнымен алмасу, тақырыпты жалпылау, талдау, талдау кезінде барлық қатысушылардың позициялары тең сақталуы, бір бірінің құндылықтық позицияларын түсіну және қабылдау сияқты адамдардың әлеуметтік болмысының ерекше түрі алынады. Осыған орай, адамның мәдениеті оның белгілі бір ортада өзін ұстай алуынан көрінбейді, бұл қасиеттер оның тәрбиелілігі мен дәстүрді сақтауына байланысты, адамның мәдениеті оның өзіне бейтаныс жағдайға немесе құбылысқа тап болған кезде оны басқа да құбылыстар қатарына қоя ма, әлде ерекше құбылыс деп есептей ме немесе жат құбылыс ретінде жойып жіберуге тырыса ма, әлде қажетсіз деп қабылдамай ма, содан білінеді–деген пікірлер де бар.

Ұйымдастырушы позициясы үшін мәдениет дәстүрлілік пен инновациялықтың күресі ретінде көрінеді. Жаңа мен

бұрынғының арасындағы қарым–қатынас дамуының төмендегі бағыттары белгілі болып отыр, олар: экспанция, ассимиляция, даму, шығармашылық, алмасу, қайталану, аннигиляция.

Жобалаудың *дамыту мақсатын* көздейтінін ескере отырып, оның мәдениет түрлері қабатындағы түсінігін анықтап алу қажет. Мәдениет контекстінде *дамыту* дәстүрлілік пен инновациялықтың өзара келісімі негізінде пайда болатын жаңа түзілім деп қарастырылады. Мәдениетті ұйымдастырушының назары ең алдымен жобалаудың құралдары мен механизміне, білім берудегі жобалардың жүзеге асырылуына аударылады. Сонымен қатар, жобалаушының өзі ұстанған және таңдаған жобалау әрекетін трансформациялау және нормаландыру тәсілдеріне де қатысты болады. Мысалы, оларды ретімен қарастырып көрейік:

– ұйымдастырушының басымдық позициясы *дәстүрлі мәдениет* түрінде болып, оған қатысушылармен қарым–қатынас жеке бас тұрғысынан жасалса, онда жобалау әрекеті формальды түрде орындалады;

– ұйымдастырушының *корпоративтік-қолөнершілікке* негізделген қатаң иерархиялық құрылымы бар мәдениет түрі жобалаудың үлгісі ретінде өміршеңдігі мен нәтижелілігін дәлелдеген жобаның нормаларын алып, оны дәлме–дәл сақтауға тырысады;

– ұйымдастырушының *кәсіби мәдениетке* негізделген түрі жобалау әрекетін нормалауда ізденістік зерттеулердің мәтіндік жазбалары мен теориялық зерделенуіне назар аударады;

– ұйымдастырушының бүгінгі заман талабына сай *технологиялық* мәдениетке негізделген түрінің басым назары жобалаудың жаңа технологиялық жолдары мен мәдениетін, атап айтқанда, жобалау әрекетінің технологиялық сызбаларын құрастыру мен беруге аударылады.

Жобалаудағы негізгі идеяны беруді нормаландыру тәсілдерінің бір–бірінен айырмашылығын салыстыратын болсақ, *кәсіби мәдениетке* негізделген түрде – мәтін ретінде, *корпоративтік–қолөнершілікке* негізделген түрде–қатаң үлгі ретінде, ал *технологиялық* мәдениетке негізделген түрде–

негізгі идея экрандық бейнеде немесе көрініс түрінде болып келеді. Бұл-жобалаудың басты белгілерінің бірі, өйткені, жобалау арқылы қайта жаңарту үдеріс берілген үлгіні қайталауға да, мәтіндік сипатты құрастыруға да ұқсамайтын үдеріс. Экрандық бейне немесе көрініс ретіндегі идеяның ерекшелігі семиотикалық таңбалау құралдары–схемалар, сызбалар арқылы әртүрлі тұрғыдағы идеялар мен ойларды бірыңғай көріністерге айналдыру мүмкіндігінде деп есептеледі.

Сөйтіп, мәдениет контекстінен, дәлірек айтқанда, технологиялық мәдениет тұрғысынан қарастырғанда, *жобалауды инновацияларды тасымалдаудың негізгі жолы* деуге болады. Сонымен қатар, оны орындаушылардың өзара коммуникативтік және тұлғалық құзыреттік қарым-қатынастарының болуы және жобалау барысында міндетті түрде технологиялық сызбалар мен идеяларды қарастыру көрініс ретінде пайдаланылуы тиіс.

Егер жобаны жүзеге асыру жүйенің белгілі бір бөлігіне өзгеріс әкелетін болса, бағдарламаларды жүзеге асыру жүйеге белгілі бір үдерісті, әрекеттерді алып келеді. Мысалы, жобалық бағдарламалар күрделі, кешенді жобаларды құрастырумен қатар оларды ұйымдастырушылық-технологиялық жүзеге асырады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Ұйымдастырушылық мәдениет» нені білдіреді және оның өзгерістерін немен түсіндіруге болады?
2. Ұйымдастырушылық мәдениеттің жобалауға негізделген түрі қалай пайда болды?
3. Ұйымдастырушылық мәдениеттің даму кезеңдеріне В.А.Никитиннің сипаттамасы.
4. XX ғасырда ұйымдастырушылық мәдениеттің дамуында қандай қайшылықтар анықталды?
5. Н.Г.Алексеев бойынша жобалауды жүзеге асыруда қандай кезеңдер болды?

6. Жобалау негізінде инновациялық үрдістерді мәдени дамыту тәжірибесінде қалыптасқан бағыттар.
7. Жобалаудың негізгі қарастырылатын контекстері мен оларды синтездеу үлгілерін сипаттаңыз.
8. Жобалау арқылы жаңа мәдениет тудыру және білім беру мен ғылыми әрекеттердің мәдени инновациялық түрі ретіндегі схемаларына талдау жасаңыз.
9. Педагогикалық тәжірибенің даму барысындағы үш мәдени-инновациялық құрылымға сипаттама беріңіз.
10. Жобаларды құрастыру мен жүзеге асырудағы субъектінің (ұйымдастырушының) жетекші рөлі.
11. Осы бөлім бойынша қандай ұғымдарды глоссарий құрамына енгізуге болатынын анықтап, анықтамалық сөздікті жалғастырыңыз.

4. Әлеуметтік жобалау

Бүгінде әлеуметтік басқару, әлеуметтік жоспарлау, әлеуметтік және ұйымдастырушылық үдерістер мен құрылымдарды құрастыру және жобалау, дизайнерлік және архитектуралық жобалаулар топтарының тәжірибелері қалыптасып, жедел дамуда. Олардың басты ерекшелігі-бір жағынан, ондағы объектілер әлеуметтік тұрғыдан сипатталғанымен, екінші жағынан, әрекеттердің орындалу стратегиялары жүйелік-техникалық, квазиинженерлік және жобалық сипатта орындалады.

Осындай ғылыми ізденістерде пайда болған жаңа бағыттарды *әлеуметтік құрастырулар* деп атау шартты түрде болады, өйткені, әлеуметтік зерттеулер көмегімен біз әлеуметтік объект туралы біле аламыз, әлеуметтік құрастыру (модельдеу) оның даму бағыттарын айқындап береді, ал *әлеуметтік жобалау* оны жүйелік тұрғыда тиімді түрде қайта құру жолдарын көрсетеді. Олар әлеуметтік құрастырудың бірнеше принциптерін белгілейді. Олар, жоғарыда айтылған-*алдын-ала талдау жасау, объектіге жүйелі сипаттама беру, мақсат қою және оған жету*

жолдарын анықтау, жүзеге асыру әрекеттері. Бұл жерде құрастыру идеясын көздейтін түйінді сөздер де анықталған - *әлеуметтік зерттеулер, болжау, тиімді түрде қайта құру, жүйелік тұрғы.* Осылайша, әлеуметтік инженерия саласын құрайтын жаңа әрекет негізделіп, ол жалпы түрде әлеуметтік жобалау деп көрсетіліп жүрсе де жаңа әрекеттің нақты атауы болған жоқ.

Жаңа атаудың қажеттігі сол кездегі қоғамдық санада пайда болған жаңа құбылысты – ұйымдастыру әрекетіндегі инженерлік парадигманың орнына келіп жатқан *жобалау парадигмасын-әлеуметтік құрастыру* терминімен түсіндірудің жеткіліксіз болуынан еді. Сөйтіп, 70 - 80–жылдары бұл әрекеттің жаңа атауы - *әлеуметтік жобалау* ретінде қалыптасты.

Әлеуметтік жобалау бір-біріне теориялық қағидалары бойынша тығыз байланысты екі бағытта дамуда. Бірі, философияға негізделсе, екіншісі, әлеуметтану ғылымына сүйенеді. Олардың екеуіне де ортақ болып отырған тұжырым - әлеуметтік жобалау, әлеуметтік инженерияның бір түрі ретінде өзекті әлеуметтік проблемаларды шешудің тиімді құралы ретінде қызмет етуі қажет деп есептелуі.

Осылайша қарастыру арқылы әлеуметтік жобалаудың мәнін өз қайшылықтары, проблемалары мен дағдарыстары бар қалыптасқан қоғамдық тәжірибе емес, алға мақсат қылып қойылған, таңдап алынған идеалды деп есептелетін тәжірибе деп түсіндіреді.

Т.М.Дридзенің айтуынша, *болжаулық немесе проблемалық-мақсаттық жобалау* әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарына сай болашақтағы әлеуметтік проблемаларды қолда бар ресурстарды ескере отырып шешу жолдарын жасауға бағытталған *әлеуметтік технологияға* жатады. Жобалаудың мақсаты-басқарушылық шешімді алдын ала ғылыми негіздеу. Автор сонымен қатар, аталған технологияның ғылым мен тәжірибеде сол кезде терең қарастырылмағанын үш бөліктен тұратын - болжау - жобалау – бағдарлама немесе жоспарлау басқару жүйесінде ортаңғы бөліктің, яғни әлеуметтік жобалау бөлігінің болмауынан-деп түсіндіреді, өйткені, дәл сол бөлікте әлеуметтік үдерістерді басқарудың тиімділігін арттыратын

ғылыми негіздемелердің үлкен резерві жатыр – дейді. Жобалаудың осы сипаттары әлеуметтік басқаруды ғылыми негіздеумен тығыз байланысты *әлеуметтік проблемалар мен міндеттерді шешуге бағытталған әлеуметтік жобалар құруға* мүмкіндік туғызады.

Жобалау қызметі мен әлеуметтік жобаларды басқару бағдарламалары алдын ала жасалатын болғандықтан жобалауды болжау мақсатында да пайдалануға болады, оны болжаулық жобалау деп те атайды. Жобалауды әлеуметтік ортада шағын топтарда қолдану әрекеті басқарушылық ықпал етудің бір түрі деп қарастырылады, бұл жерде жобалау басқарудың бөлігі деп есептеледі. Жобалау идеялары мен әлеуметтік жобаларды басқарудың жақындастырылуы әлеуметтік жобалаудың пайда болуына әкелуде, бұл көптеген әлеуметтік проблемаларды шешу жолдарының нақтылануға әсер етеді.

Жобалаудың тағы бір қызметі – *келісу, келісіп әрекет* жасауды қамтамасыз ету. Қалыптасқан үдеріс негізінде қызмет атқаратын кез келген сала, соның ішінде, әлеуметтік салалар бірнеше әрекет түрлерінен тұратын күрделі ұйымдастырылған жүйеден тұрады.

Әлеуметтік жүйелердің әрбір бөлігі үшін өз нормативтері мен заңдылықтары біртұтас әрі мызғымас сипатта болады. Бірақ жобаны басқарушы үшін жүйенің әрбір бөлігі тұтас жүйенің компоненттері болып есептеледі. Осы жағдайларды есепке ала отырып, жобаны басқарушы түпкілікті нәтижеге жету барысында немесе оған жеткен жағдайда жүйенің әрбір бөліктерінде болуы мүмкін өзгерістерді алдын ала ескеріп, өзара сәйкестендіру қызметтерін үнемі жүргізіп отыруға міндетті. Жобаны басқарушының іс – әрекеті бағдарламасы немесе әрекеттерді дамыту бағдарламалары құрастырылған соң жобалау қызметі басталады.

Әлеуметтік жобалаудың бірнеше механизмдері бар. Мысалы, жүйедегі негізгі үдерістің күрделендіруі оның барлық бөліктерінде де сол әрекеттердің белгілі бір деңгейде жүргізілуіне, әр бөліктің өзіндегі әрекеттердің нәтижесін қамтамасыз етуге әкеледі. Мысалы, педагогикалық жүйелерде бұл сипатты мектепке дейінгі, бастауыш

мектептегі, орта мектеп, одан әрі жоғары мектеп бөліктеріндегі оқыту әрекеттерімен қамтамасыз етілуінен көруге болады. Ал олардың біріктірілуі негізінде біртұтас талап пайда болатыны белгілі.

Басқарудың жоғарыдағы үдерістік қасиеттері жобалауға да тән, сонымен қатар, қазіргі жағдайда жеке адамдар шешімін ғана емес, ұжымдық қарым-қатынасты, бірнеше адамдар мен топтардың көзқарастарын ескеруді қажет етеді. Оның бүгінгі күн талаптарына сай сипаты–топтық, алқалық немесе клубтық басқару түрінің кеңінен қанат жаюынан көрінеді.

Әлеуметтік жүйелерде мемлекеттікке қарағанда қоғамдық фактор бағдарламалық тұрғысынан жетекші рөлге ие болса, онда басқарудың қоғамдық түрі мемлекеттікке бағынышты позицияда болса, мемлекеттік-қоғамдық басқару сипатына ие болады. Бұл жерде «қоғамдық» деген түсінік тұрғындардың тарихи, мәдени-ұлттық және тілдік қоғамдасуы ретінде қарастырылады, оны бүгінгі жағдайда әлі де дамыту қажеттігі белгілі. Сондықтан, қазіргі кезеңдегі басқарудың тек мемлекеттік түрінен гөрі, мемлекеттік-қоғамдық және қоғамдық-мемлекеттік түрлері болғаны жөн.

Осылайша, жобалау қызметінің басқаруға объект болатын басқарылушы әрекетті дамыту, қайта жаңғыртуды көздейтін негізгі қызметі ретіндегі үдерістік сипаттамасының әдіснамалық негіздері қалыптасуымен қатар, жобалау қызметі технологиялық жағынан да қамтамасыз етіледі.

Әлеуметтік жобалау даму барысында мәдениет пен ғылымға қатысты ерекше қатынастарымен сипатталады. Мысалы, О. И. Генисаретский мәдени үдерістерді тиімді басқаруда әлеуметтік жобалауға сүйену арқылы мәдениеттің әлеуметтік қызметін жетілдіру, рухани мәдениетті әлеуметтік-мәдени жүйенің дербес саласына айналдыру мүмкін болады дейді.

Осылайша, жобалау феномені мен оның дамуын тек басқару тұрғысынан ғана емес әлеуметтік-мәдени көзқарастар тұрғысынан қарастыру қажеттігіне назар аударылуда. Мысалы, жобалау барысында мәдени үдеріс бізге тәуелсіз күйінде емес, біз ықпал ете алатын объект

жағдайында қарастырылады, бірақ бұл жерде біздің әрекетіміз-жобалар мен бағдарламалар - сол объектінің табиғатына сай болуы міндетті - дейді. Бұлар жобалаудың бүгінгі педагогикалық парадигмасына сәйкес келеді және әлеуметтік дамудың абстарктілік болашағында емес, әрекеттің жақын даму аймағында орындауға толық мүмкіндігі бар қызмет деуге негіз болады.

Жобалаудың әлеуметтік-мәдени тәсілдеріне тән белгілері:

- әлеуметтік-мәдени тәсілдер конструктивті және нақты болуы тиіс;
- әлеуметтік-мәдени тәсілдер тұтас объектіге дербес бағытталып, жобалау амалдарының көп варианттылығы мен мүмкіндіктерін көбейтеді;
- әлеуметтік құбылыстар жай ғана қайта құру объектілері болып қарастырылмайды, сондықтан үдеріске тартылған әрбір адам ұжымдық әрекеттің белсенді қатысушысы болып табылады және әрбір субъектімен тығыз байланыста болады.
- әлеуметтік-мәдени тәсілдер өз объектілері мен субъектілері қатысатын үдерістерді өмір сүру ортасынан бөлек қарастырмайды, ол нақты қалыптасқан тарихи ортадағы әлеуметтік үдеріс пен құбылыс тұрғысынан зерттеледі.
- әлеуметтік-мәдени тәсілдер мен оған қатысты жобалау әрекеттері көп вариантты, өзгермелі болады, және үдеріс барысында да пайда болған жағдайларды есепке алу арқылы жаңа жобалық шешімдер қабылдануы, басқа нұсқаларды негізге алуды да жоққа шығармайды.
- әлеуметтік-мәдени тәсілдер әлеуметтік саясат, бағдарламалар, жобалаулар механизмдері негізінде жүзеге асырылады, олар өз кезегінде ұйымдастырушылық, басқарушылық, инновациялық бағдарламаларды қажет ете алады. Бұл жағдайда әрбір әлеуметтік-мәдени тәсілдің тиімді қызмет етуі соған сәйкес технологияны жүзеге асыруға байланысты болады.

- әлеуметтік-мәдени тәсілдер біртекті процедура емес, ол бағдарламалық әрекеттердің сценарийін құрастыруды қажет етеді. Мысалы, жүйені жаңарту қажет болса, оны түгелдей өзгерту ме әлде жартылай жаңарту ма немесе бұрынғы жүйе сипатына қайта оралу ма, нақтыланып алынады, сөйтіп, барлық әрекеттер мақсатқа сай құрылады.

Осы жерде жаңарту - модернизациялау түсінігін нақтылайтын болсақ, түгелдей жаңарту үшін - алдыңғы қатарлы мәдени үлгіге бағытталу, оны құрастыру және жүзеге асыру бағдарламасын жасау, ресурстарын айқындау, орындалуын қамтамасыз ету әрекеттері жасалады. Ескеретін нәрсе, түгелдей жаңарту бағдарламасы реформаны жақтаушы күштер мен қоғамды жаңартуға мүдделі элиталарға сүйенеді.

Жартылай жаңарту таңдалған жағдайда бірнеше факторларды назарға ала отырып, инновациялық ұсыныстарға түзетілулер жасалады. Ол факторлар қатарында: тарихи жағдайлар, дәстүрлер мен құндылықтар, түрлі топтар мүдделерін ескеру, ұжым дайындығы мен бейімділігін анықтау т.б. жатады. Бұл жерде назарға алынуы тиіс екі жағдай бар, олардың бірі - әлеуметтік амалдардың негізгі субъектілерінің белгілі бір деңгейдегі мәдениеті болуы, екіншісі, олардың жаңартуға бағытталған өзгерістердің қажеттігін түсінуі және қолдауы. Өтпелі кезең тұрғысынан алғанда жартылай жаңарту проблеманы шешудің дәстүрлі сипаттарымен де, түгел жаңартудың кейбір талаптарымен де мәмілеге келе алады, өйткені, ол бейімделу сипатын да көздейді.

Жобалау қызметін тиімді ұйымдастыруды қарастыратын болсақ, оны екі бағытта түсіндірушілер барын көруге болады. Біріншісі, нормативті болжау нақты әлеуметтік зерттеулерге сүйенетін болғандықтан, ол жобалау мен басқарудың тиімділігін қамтамасыз етеді десе, екінші бағыттағылар - жобалау барысында әлеуметтік ғылымға тым сүйенбеу керек деп есептейді.

Әлеуметтік жобалаудың негізгі бағыттары мен стратегияларын талдау, жобалау қызметінің түрлері туралы білімдерді нақтылайды. Жоғарыдағы екі бағыт та жобалау

онтологиясы туралы ортақ түсінікке келе алады. Мысалы, дизайнды жобалауды алсақ, ол заттар әлемін түсіндіреді, ұйымдастырудағы жобалауды алсақ, ол-шешім қабылдау, әрекеттер жүйесі, басқару процедуралары, ақпараттар желісі сияқты ұйымдастырушылық түсініктерді береді. Аталған екі түрлі жобалау әрекетінде де әлеуметтік проблемалар шешіледі, әлеуметтік үдерістер жүреді, бірақ, біріншісінде заттық әлемдегі жобалау, екіншісінде ұйымдастырушылық жобалау әрекеттері орындалады.

Осыдан келіп, педагогикалық жүйелерді басқарудағы жобалауды қарастырғанда да оның онтологиясына-әрекетке, өзара қатынасқа, педагогикалық жүйе мен талаптарға, педагогикалық ұйымдастыруға-басты назар аудару қажеттігі туындайды. Сөйтіп, жобалау әрекетінің әлеуметтігін оның жобалау онтологиясы болуы қажеттігімен түсіндіре аламыз.

Дәстүрлі және дәстүрден тыс жобалау әрекеттерін қарастыратын болсақ, әдіснамалық тұрғыдан қарағанда олар қарама-қарсы ұғымды береді. Дәстүрлі сипатта жобалау мен оны құрастыру, дайындау үдерістері бір-бірінен ажыратылады, жобалау объектісінің барлық қызметтері белгіленеді, олар морфологиялық құрылымына сәйкес жоспарланады, ең соңынан, жобаланған объектіге қажетті техникалық конструкциялар жасалады.

Ал, дәстүрден тыс жобалау әрекеттері үшін дәл осы амалдардың барлығы да орындалуы шарт емес, оның негізгі сипаттамасын былайша бере аламыз:

- жаңа объект не объектінің жаңа сапасының идея түрінде ойластырылуы;
- берілген идеяны талдау, синтездеу, құрастыру, үйлестіру, нақтылау процедуралары негізінде жоба құрастыру;
- жобаны жүзеге асыруға дайындық;
- жобалау онтологиясы (жобаның тәжірибедегі әрекеттермен байланысы, ғылыммен қарым-қатынасы, құндылықтарға қатынасы, т.б.)

Әлеуметтік жобалаудың әлеуметтік жоспарлаудан, әлеуметтік бағдарламалаудан, мақсаттық–бағдарламалық әдістен айырмашылықтары қандай десек, тәжірибеде олардың барлығы да араласып, тіпті өзара біріктіріліп те

келетіні белгілі. Шын мәнінде, басқару ғылымының онтологиясында жоспар жобаның бір түрі деп, ал мақсаттық – бағдарламалық әдісте жоспарлаудың бір түрі деп те қарала алады, өйткені, олардың барлығы да белгілі бір құрылымға негізделіп, жүзеге асыруды көздейді. Сөйте тұра, нақты ерекшеліктері де бар, өз онтологиясына сәйкес, жоба тұтас объектіні қарастырады, оның құрылымы мен қызметін сипаттайды. Жоспар өз объектісінің белгілі бір уақыт аралықтарында орындайтын қызметтерін белгілей отырып, оның келесі жағдайға өтуін көздейді, ал бағдарлама белгілі бір объектінің бір сападан екінші сапаға өтудегі алгоритмделген тапсырмаларды білдіреді. *Мақсаттық – бағдарламалық әдісті бағдарлама мен жоспардың өзгеше жүйелік – құрылымдық нұсқасы деуге* болады.

Әлде де нақтылай түсу үшін жобалаудың тағы бір сипатына тоқталу қажет, атап айтқанда, әсіресе дәстүрден тыс жобалау әрекеті барысында ғылыми-зерттеулер жүргізу, инженерлік есептеулер, жоспарлау мен бағдарламалау элементтері үнемі қолданылады. Осы сияқты бағдарламалау барысында да осындай әрекеттер жүргізіліп отыратыны белгілі. Бірақ, оны жобалаудың ғылыми зерттеушілікке, бағдарламаның жоспарлауға айналуы дей алмаймыз, өйткені, әрбір әрекет өз үдерісінің кезеңдері мен құралдары ретінде басқа сапалардың белгілерін пайдалана алады. Сондықтан, жобалауды жоспарлаумен немесе бағдарламамен ғана түсіндіруге болмайды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әлеуметтік жобалаудың қалыптасуы және дамуы.
2. Т. М. Дридзенің әлеуметтік жобалау технологиясына берген сипаттамасы.
3. Әлеуметтік жобалар және оларды басқару.
4. О. И. Генисаретскийдің мәдени үдерістерді тиімді басқарудағы әлеуметтік жобалаудың рөлі туралы анықтамасы.
5. Жобалаудың әлеуметтік-мәдени тәсілдеріне тән белгілерін атаңыз.

6. Жобалау барысында жаңарту, түгелдей жаңарту, жартылай жаңарту түсініктерінің нақтылануы.
7. Әлеуметтік жобалаудың негізгі бағыттары мен стратегиялары.
8. Дәстүрлі және дәстүрден тыс жобалау әрекеттеріне сипатама.
9. Әлеуметтік жобалаудың әлеуметтік жоспарлаудан, әлеуметтік бағдарламалаудан, мақсаттық-бағдарламалық әдістен айырмашылықтары.
10. Тақырып бойынша глоссарийді толықтырыңыз.

5. Жобалаудың адам ресурстарын дамытуда алатын орны

Адам ресурстарын дамыту мәселелері соңғы кездердегі зерттеулерде кеңінен қарастырылуда. Әлеуметтік жүйелерді зерттеумен айналысатын «Мак Кинзи» компаниясы адам ресурстарын дамытудың бүгінгі заман талабына сай жеті факторын ұсынып отыр, олар ағылшын тілінде «7S» моделі ретінде ұйымдар тәжірибесіне енгізілуде.

strategy – стратегия;

skills – құзыреттік, қабілеттілік;

shared values – ортақ құндылықтар;

structure – құрылым;

systems – жүйелілік;

staff – қызметкерлер;

style – басқару стилі.


Бұл модель Бенг Карлофф атап көрсеткендей, ұйымды дамытудың нақты жолдарын беруімен емес, қазіргі кездегі ұйымдарды дамытудың жүйелік моделін ұсынуымен құнды болып табылады.

Шетел компаниясының осы әдісіне сүйене отырып, ресей ғалымдары да адам ресурстарын тиімді басқарудың «5C» деп аталатын моделін құрастырған (сурет 3).

Оның мазмұнын төмендегі түсініктер құрайды:

Стратегия. Адам ресурстарын басқарудың стратегиясын жасау;

Жүйелілік (система). Адам ресурстарын басқарудың жүйесі: мақсаты, қызметі, құрылымы, тиімділігін бағалау;



Сурет 3 – Адам ресурстарын тиімді басқарудың «5 С» моделі

Қызметкерлер (сотрудники). Қызметкерлерді таңдау, бейімдеу, баға беру, дамыту, босату;

Ынталандыру (стимулирование). Басқарушылардың қызметкерлерді ынталандыру мен мотивациясын арттырудағы біліктіліктері;

Ортақ құндылықтар (совместные ценности). Ұйымда корпоративтік мәдениет пен ортақ құндылықтарды қалыптастыру және оны басқару.

Әлемдік менеджмент теориясы соңғы кездері басқарудағы адам ресурстары мәселесіне өте көп көңіл бөлуде, оны ХХ ғасырдың аяғына қарай қоғамның экономикалық, әлеуметтік және технологиялық дамуындағы өзгерістерге сай басқару тұжырымдамаларының жаңаруымен байланыстыра аламыз (кесте 1). Кестеден көрініп тұрғандай, 20- 40 жылдары кадрларды басқаруда адам тұлға ретінде емес, белгілі бір мақсатты орындауға жұмылдырылатын еңбек етуші күштер деп қарастырылды. Соған орай кадрларды басқаруда олардың есебін жүргізу мен

әкімшілік-бақылау ғана көзделді. Одан кейінгі 50-70 жылдары дами бастаған ғылыми-техникалық прогресс кезеңі өндірісті басқарудың жаңа технократиялық талаптарын туғызып, қызметкерлердің тиімді қызметін қамтамасыз етудегі, техникалық жаңалықтарды игерудегі біліктіліктерін арттыру қажеттігі пайда болды. Бұл кезде еңбек қатынастарының субъектісі, тұлға ретінде персоналды басқаруға негізделген жаңа тұжырымдамалық мазмұн қалыптасты.

Кесте 1 – ХХ ғасырдағы адам ресурстарына көзқарастың эволюциясы

Кезеңдер	Басқару тұжырымдамасы	Ұйымдардағы қызметкердің алатын орны
20- 40 жылдары	Кадрларды басқару	Еңбек етуші күш, «техника мен машиналарға көмекші»
50- 70 жылдары	Персоналды басқару	Еңбек қатынастарының субъектісі, тұлға
80- 90 жылдары	Адам ресурстарын басқару	Ұйымның басты стратегиялық ресурсы

Өткен ғасырдың 80- 90 жылдары дамыған елдердің жаңа экономикасына сай адам капиталын дамыту кез-келген ұйымның басты стратегиялық ресурсы ретінде қабылдай бастады.

Адам капиталы туралы теориялар алғаш рет Нобель сыйлықтарының лауреаты Г. Беккер, Т. Шульц, т.б. белгілі экономистердің зерттеулерінде қарастырылғаны белгілі. Мысалы, Гарри Беккер «Адам капиталы: теориялық және эмпирикалық талдау» еңбегінде адам капиталын *білім, біліктілік, денсаулық, т.б. сияқты туа біткен және жүре пайда болған, белгілі бір уақыт аралығында белгілі бір өнім жасауға қажет болатын қасиеттердің кешені* – деп анықтайды. Адам капиталы теориясында шығын-адамға, ұйымға, қоғамға жоғары нәтиже алуға мүмкіндік беретін капитал есебіндегі салым шығындары, бұл шығындар адам капиталын дамытуға арналған инвестиция – деп аталады. Жалпы, адам капиталы туралы теориялардың ортақ мәні

адам факторын дамытуға жасалған инвестиция мен сол арқылы алынған табыстың арасалмағын, байланысын зерттеу деп түсіндіріледі.

Зерттеушілер бұл мәселенің өзектілігін қазіргі *экономиканың түрінің өзгеруіне* байланысты туған заңдылық деп түсіндіреді. Атап айтқанда, ғасырлар бойы экономикалық даму жер байлығына, өндірістік факторлар ретіндегі еңбек пен капиталдың өсуіне байланысты болып келсе, өткен ғасырдың аяғына қарай экономикалық факторлар қатарында адам ресурстарының жоғары деңгейін талап ететін – *инновациялық экономика* ұғымы қалыптасуда.

Аталған мәселе бүгінде біздің елімізде де өзекті болып отыр. Білім мен ақпаратқа бет алған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Бүгінгі күні қазақстандық білім жүйесі өзінің фундаменталдық және сапалылық қасиеттерін сақтай отырып, нарық заңдылықтары негізінде пайда болып отырған өзгерістерге тиісті дәрежеде жауап бере алу қажеттігі туындап отыр. Соған орай, еліміздің білім беру жүйесін стратегиялық дамыту жоспарында төмендегі бағыттар белгіленіп отыр:

Қандай да бір ел өзінің адами ресурстарының әлеуетінен артық бола алмайды. Сондықтан Қазақстанның адами ресурстарының дамуы ұзақ мерзімді даму стратегиясының аса жоғары басымдығы болып айқындалады.

Сауатты адамдарсыз заманауи инфрақұрылымды дамыту, тиімді мемлекеттік аппаратты құру, қолайлы бизнес ортаны қамтамасыз ету мүмкін емес.

Білім беру жүйесін жетілдіру, ең алдымен оның сапасын арттыру – мемлекеттің таяу онжылдықтағы басты басымдықтарының бірі болып табылады.

Осы бағыттардағы нақты жұмыстар жүзеге асырылуда, атап айтқанда, орта мектептер интеллектуалды ұлтты қалыптастыруға арналған база деп анықталып, елімізде бірнеше интеллектуалдық мектептер ашылды. Болашақта оларда қалыптасқан инновациялық модель жалпы білім беретін мектептері желісіне тарайды деп күтілуде. Сонымен қатар, Астанадағы Назарбаев университеті - жоғары білім

берудегі негізгі серпінді жоба болып табылады, оның негізіне алынатын әлемдегі алдыңғы қатарлы елдер тәжірибелері зерделенуде. «Интеллектуалды ұлт» жобасының тағы бір бағыты ретінде ғылымды дамыту мен еліміздің ғылыми әлеуетін көтеру жұмыстары жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, білім беру жүйесінің ұсынысы мен оны бітірушілердің біліктілігіне деген жұмыс берушілердің сұранысы арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізу үшін адами капиталды дамыту жөніндегі ұлттық кеңес құру қажеттігі мәселесі қойылуда.

Аталған интеллектуалды ұлт пен білімдар экономиканы қалыптастыру бірқатар міндеттердің шешілуін қажет етеді, олар: педагогтардың мәртебесін көтеру; білім беру жүйесінің экономикалық тетіктерін жаңғырту; білім беруді басқаруды жетілдіру.

Н.Назарбаевтың: білім реформасының басты көрсеткіші - біздің еліміздің белгілі бір бағытта білім алған және біліктілікті меңгерген әрбір азаматының әлемнің кез келген елінде қажет маман ретінде танылатын деңгейге жетуі – деген талаптарын білім берудің нәтижелерін анықтауға тікелей қатысты деп айтуға болады. Сонымен қатар, аталған жолдауда еліміздің дамуын *«парасатты экономика»* негізінде жүзеге асыру идеясы ұсынылып, отандық білім беру жүйесінің алдына *«ол үшін, ең алдымен өзіміздің адами капиталымызды дамыту»* міндеті нақты қойылған болатын.

Осы міндеттерге сай, педагогикалық жүйедегі адам ресурстары- басқарушылар, педагогтар мен білім алушылардың құзыреттілік сапаларын қалыптастыру білім беру ұйымдары алдындағы өзекті мәселеге айналып отыр. Жүйедегі басқа ресурстардан оның ерекшелігі төмендегідей белгіленеді:

ең бастысы, бұл-тұлғалық және интеллектуалдық ресурс, сондықтан, оның өндірістік қызметі механикалық емес, *эмоциялық, саналылық және ойлылыққа* негізделеді;

екіншіден, адамның шын мәніндегі әлеуеті басқа ресурстардай емес, бірден ашылмауы мүмкін, сондықтан, әр адамның жалпы ұйымның табыстылығын арттыруға үлес қосатын *шығармашылық, кәсібилік қасиеттерінің мол* екені сөзсіз;

үшіншіден, бүгінгі даму жағдайларында адам ресурстарының да моральдық түрде үнемі жаңғыртып отыруды қажет ететіні белгілі. Сонымен қатар, олар өзіндік мотивациялары негізінде өзін дамытуды, өз біліктілігін көтеруді, жаңа құзыреттілік сапаларын қалыптастыруға назар аударып, өздері қызмет ететін ұйымдардың оған *жағдай туғызуын, кәсіби шеберлігін дамытуға қолдау* көрсетуін күтеді;

төртіншіден, адамдардың қабілеттері, кәсіби білімі мен біліктіліктері әртүрлі болатындықтан оларды үнемі *оқыту, үйрету, қайта даярлау* қажет болады;

бесіншіден, адам тұлға ретінде ішкі қажеттіктеріне қарай өздігінен шешім қабылдауымен қатар, қоршаған ортамен де санасып отырады. Сондықтан, басқарудың басты міндеттерінің бірі- *оның мотивациясын басқару* болып табылады;

Тағы бір назар аударарлық фактор-тек адам ресурстары ғана басқа ресурстардың барлығының өзара байланысын, тұрақты қызметін қамтамасыз етеді.

Осылайша, педагогикалық жүйенің алдындағы мақсаттарын орындауға өз үлесін қосатын ең құнды активтері-педагогикалық ұжымды дамыта отырып басқаруды жүйенің оң өзгерістеріне ықпал ететін фактор дей аламыз.

Білім берудің жаңа талаптары тұрғысынан қарастыру бүгінгі педагогикалық жүйелерді басқарудағы адам ресурстарын-педагогикалық ұжымды дамытуға шын мәнінде қалыптасқан стратегиялық көзқарас қажеттігін айқындап отыр. Өндірістік салаларда ұзақ уақыттар бойы стратегиялық бағдар ретінде өндіріс нәтижелері, қаржы мәселелері, инновацияларды ендіру, т.б. нысандар алынып келгені сияқты, білім беру саласын басқаруда да адам ресурстарын дамыту стратегиясы басты назарда болуы тиіс.

Ұжымды дамыту стратегиясын құрастыру күрделілігі жағынан кәсіпорындардың бизнес стратегиясын жобалаумен бірдей деуге болатын маңызды кезеңдерден тұрады. Олар:

1. Жүйенің, ұйымның мақсатына сәйкес даму стратегиясын нақтылау;
2. Жүйенің, ұйымның мықты және әлсіз, мүмкіндіктері мен «қауіпті» жақтарын анықтау

үшін ішкі-сыртқы жағдайларына талдау жасау (SWOT –талдау);

3. Педагогикалық ұжымды дамыту стратегиясын жасау;
4. Педагогикалық ұжымды дамыту стратегиясын мақсаттық-бағдарлы жобалар негізінде жүзеге асыру;
5. Бақылау, бағалау, қажет болған жағдайларда түзету енгізу.

Осылайша, білім беру ұйымдарын басқарушылардың адам ресурстарын дамыту құзыреттіліктерін педагогикалық ұжымды дамыту жолдарын анықтай білуі, қажетті әдіс-тәсілдер мен технологияларды меңгеруі деуге болады.

Ұжымда адам ресурстарын дамыту жолдары:

- адамдарды нәтижелі еңбек етуге мотивациялау;
- олардың кәсіби дамуына ықпал ету;
- ұжымда шығармашылық жұмыс жасауға қолайлы жағдай туғызу;
- ұжым мүшелерінің ынталары мен мүмкіндіктерін дұрыс бағалай білу;
- ұжымда адамдардың өзара қарым-қатынасын тиімді ұйымдастыру;
- ұжымдағы келіспеушіліктерді байқай алу және дұрыс шеше білу;
- адаммен қарым-қатынаста әркімнің ерекшеліктерін ескеру.

Жобалау мәселелеріне соңғы кездері отандық зерттеушілердің назары аударыла бастады. Шетел ғалымдарымен бірлесе отырып, «Project Management: Kazakhstan» атты халықаралық симпозиумдар өткізіліп, «Жобалау менеджменті академиясы» қоғамдық қоры қызмет істейді. Оны ұйымдастырушылар әлеуметтік-экономикалық жүйелерді басқаруда дәстүрлі әдістерінің жеткіліксіз екеніне тоқталып, басқарудағы жобалау қызметін қалыптастыру арқылы адам әрекеттерінің әлеуметтік және саяси жақтарын қамту қажеттігіне көпшілік назарын аударуда. Олар, Қазақстанда бүгінгі жаңа инновациялық экономикалық жағдайлардың қалыптасуына сәйкес қоғамдық және өндірістік салаларды басқару қазіргі заманға сай

әдіснамаларға негізделген болуы қажет. Соған байланысты жобалау немесе басқаруға жобалық-бағдарлық тұрғыдан келу мәселелері еліміздің 2015 жылға дейінгі индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы талаптарын орындауға мүмкіндік береді деп есептейді.

Жобалау-қазіргі заманғы ғылыми-техникалық, әлеуметтік-өндірістік және басқа да қызметтер саласының жетекші проблемасына айналып, оның өзектілігі өркениеттің постиндустриалдық қоғам дамуымен қатар жоғарылап отырған құбылыс. Бүгінгі өркениетке тән сипаттамалардың бірі-еліміздегі ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың қарыштап дамуы мен оның қоғамның барлық салаларының түбегейлі өзгеруіне ықпал етуі. Соңғы жылдары жобалау қызметін ендіруге, оны тиімді пайдалануға деген сұраныстың барлық жүйелік құрылымдарда да артып отыр. Сондықтан, бүгінде әлеуметтік және өндірістік салаларды стратегиялық дамыту мен жүйелік тұрғыдан басқарудағы жобалаудың ерекшеліктері мен тиімділігі туралы менеджерлерді арнайы даярлау қажеттігі бар.

Бүгінгі өркениеттің ерекшелігіне сай әлеуметтік мәдени дамудың қайнар көзі білімді игерушіде емес, білімді тудырушыда болып отыр. Ол білімділік пен біліктілікке, кәсібилік пен құзыреттілікке ие адам капиталын құрайды. Адам капиталының шын мәніндегі бағасын қалыптастыратын оның игерген білімі емес, оны тәжірибелік әрекетте пайдалана білуі деген түсінік білімнің іс-әрекетке негізделетінін анықтайды, осылайша *интеллектуалдық капитал теориясы* пайда болады. Білімді жүзеге асыру оны басқару технологиясына тікелей байланысты, атап айтқанда, білім алуды басқару арқылы білім ұйымдастырушылық жобалауға айналады. Ұйымдастырушылық жобалаудың мәні білімді пайдалана отырып жоба жасау, жоспарлық бағдар құру, ресурстарды тиімді белгілеу мен орналастыруда болып табылады. Бұл жерде адам білімнің өзін игеруге күш салмайды, оны пайдалану арқылы ресурстар көзін мақсатқа сай ұйымдастыру әрекетін басқарады. Басқаруда стратегиялық әрекеттерді алдын ала ойластыру және оны ретімен жүзеге асыру өте күрделі қызмет болғандықтан, оны

жобалауға негіз болатын тұжырымдамасын құрастыру, басқару жүйесін өзгермелі жағдайларға сай дамытып, өзгертіп отыруға мүмкіндік береді. Сондықтан, адамдарды басқару жүйелі тұрғыдан, әдіснамалық негізде жүзеге асырғанда ғана тиімді болары сөзсіз.

Осылайша, техникалық салада пайда болып, әлеуметтік жүйелерде дамытылған «жобалау» феномены дәстүрлі түрде гуманитарлық деп есептеліп келе жатқан салаларда, соның ішінде, әлеуметтік, мәдени, білім беруде кеңінен таратыла бастады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Мак Кинзи» компаниясы ұсынған адам ресурстарын дамытудың «7S» моделіне сай факторлары.
2. Ресейлік ғалымдар жасаған адам ресурстарын тиімді басқарудың «5C» моделі.
3. XX ғасырда қалыптасқан адам ресурстарына көзқарастың эволюциясына сипаттама беріңіз.
4. Адам капиталы туралы теориялардың авторларын атаңыз.
5. Гарри Беккердің адам капиталы туралы анықтамасы.
6. Қазақстанда адам капиталын дамытуға бағытталаған «Интеллектуалды ұлт» жобасын жүзеге асыру бағыттары.
7. Бүгінгі білім беру жүйесінде адам ресурстарын дамыту қажеттігі.
8. Ұжымда адам ресурстарын дамыту стратегиясының кезеңдері.
9. Ұжымда адам ресурстарын дамыту жолдары мен жобалары.
10. Глоссарийді толықтырыңыз.

Бірінші бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жобалаудың пайда болуы және эволюциясы.

2. Жобалаудың әлеуметтік– мәдени қызметі.
3. Жобалаудың универсалдық қызметін мысалдар арқылы дәлелдеп көріңіз.
4. Жобалау мен ғылыми зерттеудің өзара байланыстылығы.
5. Күрделі жүйелерді дамытуды жобалау қызметі негізінде ұйымдастырудың алғы шарттары.
6. Әлеуметтік жүйелерді дамытудағы адами ресурстардың маңызы.
7. Жобалау неліктен «технологиялық универсум» ретінде жоғары бағаланады?
8. Г.Маркузенің «трансцеденттік жобалау» тұжырымдамасының мәнін түсіндіріңіз?
9. Ұйымның эволюциялық дамуы мен оны жобалау арқылы дамытудың айырмашалығы неде?
10. А.М.Новиков ұсынған жобалау түрлерінің классификациясын талдаңыз.
11. Жобалау логикасына сай жобалық, технологиялық, рефлексиялық кезеңдерді ретімен пайдалана отырып белгілі бір мақсаттағы жобаның нобайын жасаңыз.
12. Осы тарауда алған ақпараттарға сүйене отырып «жобалау» ұғымына өз анықтамаңызды беріп көріңіз және оны дәлелдеңіз.
13. Жобалауға тән белгілер қандай?
14. Жобалау категориясын айқындайтын ұғымдар мен түсініктер.
15. «Жобалау» түсінігінің мәні.
16. Жобалауды теория мен тәжірибеде пайдалану идеялары.
17. Жобалаудың тәжірибелік–бағдарлы ғылым ретінде қарастырылуы.
18. Жобалауды ұйымдастырушылық мәдениеттің жаңа түрі ретінде қарастыруға мысал келтіріңіз.
19. Жобалауды жүйелі ой-әрекет әдіснамасы негізінде қалыптасатын басқару қызметі ретінде қарастыру мүмкідігін мысал арқылы дәлелдеуге тырысыңыз.
20. Жобалауды әлеуметтік салаларды дамыту мақсатына сай ресурстарды тиімді ұйымдастыру қызметі ретінде қарастыру мақсатында белгілі бір мақсатты ала отырып,

- оның ресурстарын мақсатқа сай ұйымдастыруды жобалаңыз.
21. Жобалау қызметінің жүйені дамытуда тиімді механизм екенін, өзіңіз білім алатын, не жұмыс істейтін білім беру ұйымын мысалға ала отырып, дәлелдеп көріңіз.
 22. «Ұйымдастырушылық мәдениет» нені білдіреді және оның өзгерістерін немен түсіндіруге болады?
 23. Ұйымдастырушылық мәдениеттің жобалауға негізделген түрі қалай пайда болды?
 24. Ұйымдастырушылық мәдениеттің даму кезеңдеріне В.А.Никитиннің сипаттамасы.
 25. ХХ ғасырда ұйымдастырушылық мәдениеттің дамуында қандай қайшылықтар анықталды?
 26. Н.Г.Алексеев бойынша жобалауды жүзеге асыруда қандай кезеңдер болды?
 27. Жобалау негізінде инновациялық үдерістерді мәдени дамыту тәжірибесінде қалыптасқан бағыттар.
 28. Жобалаудың негізгі қарастырылатын контекстері мен оларды синтездеу үлгілерін сипаттаңыз.
 29. Жобалау арқылы жаңа мәдениет тудыру және білім беру мен ғылыми әрекеттердің мәдени инновациялық түрі ретіндегі схемаларына талдау жасаңыз.
 30. Педагогикалық тәжірибенің даму барысындағы үш мәдени-инновациялық құрылымға сипаттама беріңіз.
 31. Жобаларды құрастыру мен жүзеге асырудағы субъектінің (ұйымдастырушының) жетекші рөлі.
 32. Әлеуметтік жобалаудың қалыптасуы және дамуы.
 33. Т.М.Дридзенің әлеуметтік жобалау технологиясына берген сипаттамасы.
 34. Әлеуметтік жобалар және оларды басқару.
 35. О. И. Генисаретскийдің мәдени үдерістерді тиімді басқарудағы әлеуметтік жобалаудың рөлі туралы анықтамасы.
 36. Жобалаудың әлеуметтік-мәдени тәсілдеріне тән белгілерін атаңыз.
 37. Жобалау барысында «жаңарту», «түгелдей жаңарту», «жартылай жаңарту» түсініктерінің нақтылануы.
 38. Әлеуметтік жобалаудың негізгі бағыттары мен стратегиялары.

39. Дәстүрлі және дәстүрден тыс жобалау әрекеттеріне сипаттама.
40. Әлеуметтік жобалаудың әлеуметтік жоспарлаудан, әлеуметтік бағдарламалаудан, мақсаттық – бағдарламалық әдістен айырмашылықтары.
41. Анықтамалар мен энциклопедияларды пайдалана отырып, «жобалау» ұғымына қатысты глоссарий құрастыруды бастаңыз, оған қандай терминдер ендіретінін белгілеңіз. (мысалы: универсум, трансценденттік, технология, рефлексия, т.б.)
42. «Мак Кинзи» компаниясы ұсынған адам ресурстарын дамытудың «7S» моделіне сай факторлары.
43. Ресейлік ғалымдар жасаған адам ресурстарын тиімді басқарудың «5C» моделі.
44. XX ғасырда қалыптасқан адам ресурстарына көзқарастың эволюциясына сипаттама беріңіз.
45. Адам капиталы туралы теориялардың авторларын атаңыз.
46. Гарри Беккердің адам капиталы туралы анықтамасы.
47. Қазақстанда адам капиталын дамытуға бағытталған «Интеллектуалды ұлт» жобасын жүзеге асыру бағыттары.
48. Бүгінгі білім беру жүйесінде адам ресурстарын дамыту қажетігі.
49. Ұжымда адам ресурстарын дамыту стратегиясының кезеңдері.
50. Ұжымда адам ресурстарын дамыту жолдары мен жобалары.

Бірінші бөлім бойынша негізгі әдебиеттер

1. Алексеев Н. Г. Методологические консультации, рефлексия, культура проектирования, стратегия психолого-педагогических разработок. –М., 2002.
2. Ахметова Г. К. Образование Казахстана в поисках идеала - Алматы, 2001. –№2;
3. Анисимов О. Е. Новое управленческое мышление и проектирование. –СПб., 1991. –С.33.

4. Генисаретский О. И. Социальное проектирование в сфере культуры: методологические проблемы. –М., 1986.
5. Громько Ю. В. Проектное сознание: Руководство по программированию и проектированию в образовании. –М.: Институт Paideia, 1997. -560 с.
6. Кульневич С. М. Педагогика личности: от концепции до технологий. – Ростов н/Д, 2001. – С.61-113.
7. Кун Т. Объективность, суждение и выбор теории //Современная философия науки: знание, рациональность, ценности в трудах мыслителей Запада: учебная хрестоматия. - М.: "Логос, 1996. - С.61-82.
8. Ляудис В. Я. Новая парадигма психологии и практика инновационного образования –1998. –№2. –С.88-97.
9. Маркузе Г. Эрос и цивилизация. - М.: Refl-book, 1994. - 250 с.
10. Мұханбетжанова Ә. М. Дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыру. – Алматы, 2001.
11. Новиков А. М. Методология образования. –М., 2006.
12. Нысанбаев Ә. Қазақстан демократия. Рухани жаңару.-Алматы: "Қазақ энциклопедиясы", 1999. –Б. 46.
13. Розин В. М. Образование как синергетическая система –М., 1997. –С.77-80.
14. Сериков В. В. Теория и практика проектирования образовательных систем. –М.: Логос,1999. –С.42-63.
15. Тоффлер, Э., Футурошок. – СПб.: Изд.Лань, 1997. –С.192-244.
16. Щедровицкий Г. П. Модели и моделирование в проектировании систем "человек-машина" (1980) // Вопросы методологии. - 1991. - № 4. - С.3-9.
17. Макарова И. К. Управление человеческими ресурсами. – М.: Дело, 2008.

18. Карлофф Б. Деловая стратегия. Концепция, содержание, символы. –М., Экономика, 1991.
19. Беккер Г. Человеческий капитал //США: экономика, политика, идеология. –1993. –№11.

II. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБАЛАУДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

1. Педагогикалық жобалаудың мәні

Педагогикалық жобалаудың пайда болуы. Зерттеушілікке бағытталған жобалау әрекеттері педагогикалық белсенділіктің қайнар көзі ретінде мәдениет тарихында ұзақ жылдар бойы қалыптасып келді. Педагогикалық теорияның негізін қалаушы Я.А.Коменский мұғалім әрекетінде зерттеушілік бағыттар болуы оқытудың табысты болуына ықпал ететіні туралы былай дейді: адамдарды оқытқанда олардың кітаби білімді алуына емес, олардың өздеріне аспан мен жерді, түрлі ағаштарды бақылап, заттарды зерттеу мен тануға үйреткен жөн, сонда олар біреулердің бақылағаны мен түсіндіргенін ғана есте сақтап отырмайды.

Осы идея кейін көптеген белгілі философтар мен педагогтардың еңбектерінде одан әрі жалғастырылды. Мысалы, француз философы Ж.Ж.Руссо баламен қарым – қатынаста оның шамасы жететін мәселелерді қойып, оны өз бетімен шеше білуге үйретудің маңызын айтады, ол туралы «бала үлкендердің айтуымен емес, өзі түсінуіне, білімді жаттап алу емес, өзі ойлап шығаруға» мүмкіндік жасалуын қолдайды.

Оқушының зерттеушілік ойлау әрекеттері арқылы айналадағы құбылыстарды танып білуінің маңыздылығын швейцар ғалымы И.Г.Песталлоци да атап өткен. Оның айтуынша, адамның ақыл-ойы әрекет барысында дамиды, өйткені, тәжірибеде қателіктер мен олқылықтар оңай байқалады деп, оқытудағы көрнекілік пен тәжірибенің рөлін негізгі талаптар ретінде қарастырған.

Педагогикалық идеялар мен тәжірибенің даму барысында Сократтың әңгімелесу әдісі мен Ф.Динтердің дамытушы катехизация әдісіне, одан А.Дистервегтің эвристикалық әдісіне қарай жүретін бағдарлар да болғаны белгілі.

Өткен ғасырдың екінші жартысында жобалау әрекетін әлеуметтік және білім саларында ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге ғылымның әртүрлі салалары

өкілдері үлес қосты. Олардың ішінде Дж. Дьюи, К. Поппер, Г. Саймон, В. Х. Килпатрик және т.б. бар. Атап айтқанда, Д. Дьюи еңбектерінде педагогикада «жобалау» әдіс түсінігінде қолданылса, В. Килпатрик «жоба» түсінігін әрекет нәтижесі ретінде қарастырған.

В. Килпатриктің айтуынша, кез келген әрекет, егер ол белгілі бір мүддені көздей отырып бірлескен және жоғары деңгейдегі өз бетіндік жұмыс ретінде орындалған білім алушылар тобының әрекеті болса, онда ол жоба болып есептеледі. Килпатрик жобаның үш негізгі компоненттерін бөліп көрсетті. Олар:

- оқушылардың табиғаты мен қызығушылығына құрылған оқу материалдары;
- мақсатқа бағытталған әрекет;
- оқытуды-өмірді үздіксіз жаңғырту және одан жоғары сатыларға көтеру құралы ретінде қарастыру.

Жобалау әрекеті оқушының нақты ситуацияларда жол таба білуіне бағытталған мақсатты іс-әрекеттерді ұйымдастырудан көрініс табады. Осыдан шығатын оқыту мақсаты-оқушыларды проблеманы шешудің, ізденіс-зерттеулердің әдіс-тәсілдерімен қаруландыру. В. Х. Килпатрик еңбектерінде жобаның төрт түрі көрсетілген:

- 1) өндірістік, немесе жасампаздық;
- 2) тұтынушылық;
- 3) интеллектуалдық немесе басқа да проблемаларды шешуге бағытталған;
- 4) жоба-жаттығулар.

Өткен ғасырдағы педагогикада гуманитарлық идеялардың дамуы жобалауды кәсіби әрекеттің ерекше түрі ретінде қабылдап, білім беруде жобалау мәдениетінің қалыптасып дамуына ықпал етті. Батыстық педагогикада (К. Роджерс, Э. Фромм) оқытудың жобалау мәдениеті тұрғысынан қарастырылуы білім алушының жобалау әрекеттеріне қатысуы арқылы тұлғалық өсуіне, жеке әлеуметтік тәжірибесінің дамуына, шығармашылық еркіндігін көтермелеуге бағытталған педагогикалық жағдайлар туғызылады деп қарастырылды.

Оқытудағы жобалау әдістерімен қатар, жобалаудың өзі педагогтар үшін жаңа міндеттер пайда болуына негіз болды. Мысалы, мектеп өмірінің демократиялануына байланысты жобалау оқушылар мен мұғалімдердің бірлескен өнімді әрекеті түріне айналды, өзара тең дәрежедегі жаңа қарым–қатынастар құруға мүмкіндіктер туғызды. С. И. Гессеннің айтуынша, педагогикалық ортада қоғамдық өмірдің сан алуан түрлеріндегі өзара әрекеттердің өркендеуіне, Килпатрик бойынша айтқанда, жобаға қатысушылардың белсенділіктері ағаш бұтақтарындай таралып өсуіне қатты ықпал етті. Сөйтіп, жобалау әрекетін алдыңғы қатарлы педагогтар жобалау үрдісіне тартылған әлеуметтік-білімдік кеңістіктегі *демократиялық қарым–қатынас құралы* ретінде пайдалана бастады.

Джон Дьюидің «Демократия және тәжірибе» атты еңбегінде оқытудың қоғамдық сипаты қарастырылуына байланысты, жобалау әрекеті қоршаған ортада, шынайы өмірде туған проблемаларды шешуге негізделген білім мазмұнын әлеуметтендіру амалы ретінде мақсатты түрде дамытыла бастады. Үнемі өзгеріп отыратын өмір шындығы әлеуметтік тәжірибені тұтас меңгеруге негізделген дағдыларды талап ететін болды, ол мектептердің де өзгеруіне ықпал ете бастады.

Посткеңестік елдерде, соның ішінде Ресейде және Қазақстанда жобалау әдістері негізінде оқыту шетел тәжірибесімен қатар жүрді деуге болады. Өткен ғасырдың басында-ақ С. Т. Шацкийдің жетекшілігімен оқыту барысында жобалаудың бірнеше түрлерін пайдалану жұмыстары ұйымдастырылды. Одан соң, В. А. Герд практикалық жұмыстағы жобалау әдістерін, А. П. Пинкевич жаратылыстану ғылымындағы сынақ-тәжірибелік жұмысында, Б. Е. Райков зерттеу жұмыстарында, К. П. Ягодовский зертханалық жұмыстарда жобалау әдістерін дамыта бастады. Оған осы кезде орыс тіліне аударылған Килпатрик еңбегінің ықпалы мол болды, соның негізінде оқу және әлеуметтік-педагогикалық жобалау педагогикалық әрекеттің ерекше түрі ретінде терең таратылды.

1931 жылы БКП (б) Орталық Комитетінің Қаулысымен жобалау әдістері үлкен сынға ұшырады,

өйткені, оқушыларға нақты пәндер аясында білім жүйесін игеруге мүмкіндік бермейді – деп көрсетілді. Соған орай, кеңестік елдерде жарты ғасырға жуық уақытта жеке әдіс ретінде қолданылмады. Шетелдер тәжірибесінде, атап айтқанда, АҚШ, Ұлыбритания, Бельгия, Израиль, Финляндия, Германия, т.б. көптеген елдер жобалау әдістері ең тиімді гуманитарлық әдіс ретінде кеңінен тарады.

Жобалау әрекеттерінің одан әрі дамуы мәдени құбылыстардың қалыптасу логикасы бойынша-жай репродукциядан-зерттеуге, зерттеуден-мақсатты қайта құруға әкелді. Дамытып және дамып отыратын жобалық түзілім: *танымға қызығушылық-таным әдістері-білім құрылымы* негізінде өзіне тән ерекшеліктері бар ойлаудың жобалық амалы, жолдары қалыптасты.

Кеңестік мектептерде жобалауды педагогикалық ойлау логикасы тұрғысынан А. С. Макаренко қолданды, ол нақты бір тәрбиеленушінің қабілеті мен қызығушылықтары негізінде тәрбиелеу мақсатындағы тұлғаның оқу-тәрбие әрекеттерін жобалау әрекеттерін қарастырды.

1970 жылдары Н. В. Кузьмина еңбектерінде жобалау компоненті педагог әрекеттерінің құрылымына енгізілді, қазіргі кезде терминологиялық аппараттан педагогикалық жобалау, мұғалімнің жобалау әрекеті, педагогикалық жобалау ұғымдары орын алды. Олардағы жобалау объектілері ретінде педагогикалық әрекеттің әдістері мен түрлері алынады.

Жобалауды одан әрі зерттеген В. В. Давыдов, Генисаретский, Н. Г. Алексеев, А. В. Петровский, И. В. Якиманская, И. А. Колесникова, В. И. Безруков, т.б. жобалауды білім беру жүйесін жанартуға бағытталған әрекеттер негізінде қарастырады.

Осылайша, кәсіби-педагогикалық ой-пікірдің даму барысында жобалау идеясы педагогикалық практикадан педагогикалық теорияға қарай ауыса бастады.

Жобалау әрекетінің негізі болып табылатын «жоба» түсінігінің өзі де ғылымда түрліше қарастырылғанын көруге болады. Философиялық тұрғыдан қарастырушылар (М. С. Каган) оны рухани қайта жаңғыру әрекеттері нәтижесі десе, әрекеттік тұрғыдан қарастыру (И. А. Колесникова) жоба–

жобалаудың мақсаты мен нәтижесі деп түсіндіреді. Жалпылай келгенде, жоба – белгілі бір уақыт ішінде жүргізілетін, нәтиженің сапасына нақты талап қойылған, ұйымдастыруға қажетті құралдары мен қолжетімдік ресурстары айқындалған белгілі бір жүйені мақсатты түрде өзгерту – деген (В. Н. Бурков, Д. А. Новиков) пікірге сай дей аламыз, өйткені, бұл жобаның мақсаты мен нәтижесін көрсетеді.

Жобаны құрастыру материалдары ретінде теориялар, модельдер, түсініктер, таңбалар мен формулалар, алгоритмдер мен парадигмаларды айта аламыз. Жобалаудың түрлі салалардағы инструменталдық жүйесі *ретінде әрекет теориясы* алынады.

Жобалау әрекетінің педагогикалық мәнін ашу үшін жобалауға негіз болатын танымның және қалыптасқан ортаны жаңартудың ерекше тәсілі туралы идеяларды қарастыруымыз қажет болады, олардың бастылары:

алдын–алу идеясы – алдағы әрекеттерді жобалауға бағытталған жобаға тән перспективалар;

әлеуеттердің айырмашылық идеясы – жобанысанының қалыптасқан жағдайы мен алдағы уақытта болуы тиіс сипаттарының айырмашылығы;

бір қадамнан–келесі қадамға–болашақтағы қажеттіктердің бірте–бірте, өз кезеңімен жақындай беруі (Н. А. Бернштейн);

бірлесу идеясы–жобалау барысындағы түрлі бағыттағы күштер мен ресурстарды біріктіре пайдалану жолдары;

көбейіп тарай беретін белсенді қатысушылар – (В. Х. Килпатрик) бірлескен әрекеттер барысында мақсатты орындауға деген қатысушылар белсенділігінің артуы.

Қазіргі кезде көптеген ғалымдар зерттеу жұмыстарының нәтижелері сапалы құрылған білім жобаларының ғылыми негіздемесі болуын, ал жобалардың нәтижесі жаңа ғылыми идеялар мен жаңа зерттеу бағыттарына негіз болуын дұрыс деп есептейді.

Дегенмен де, білім беруде жобалау әрекетінің идеядан–соңғы нәтижеге дейінгі толық циклі бойынша жобаны таңдау, құрастыру ғана емес, идея берушілер мен жобаны құрастырушылардың жобаны тәжірибеге ендіруге де

тікелей араласатын болғандықтан, білім берудегі жобалау әрекетінің құрылымы күрделірек болады. Оны инновациялық жобалау тәжірибесінен айқын көруге болады.

Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде *жоба*, *жобалау* ұғымдарынан тарайтын түрлі сөз тіркестері мен терминологиялық түсініктер көбеюде. Олар бір қарағанда мән-мақсат сияқты болғанымен әрқайсысының қолдану аясы бар, сондықтан, жобалау әрекеті барысында пайда болуы мүмкін қайшылықтарды болдырмау мақсатында нақтылауды қажет етеді. Оларды төмендегі сипаттары бойынша ажырата аламыз:

– *жобалық* – бұл сипат белгілі бір нәрсенің жоба аясында қолданылатынын түсіндіретін, жоба категориясына жататынын білдіретін ұғым, мысалы, жобалық шешім, жобалақ құжаттар, жобалық тұрғы, жобалық мәдениет, т.б.

– *жобалай алушылық*–бұл сипат адамның ой түріндегі объект бейнесінің тәжірибеде іске асырылу моделін көре алатын қабілеті. Ол белгілі бір әдістер мен процедуралар негізінде іске қосылатын тұлғалық сапасы ретінде көрінеді, мысалы, жобалай алатын ой-сана, жобалай алу әдістемесі, жобалай алуды тексеру, т.б.

– *жобалаушылық*–бұл сипат ерекше әрекет ретіндегі жобалауға жататын ұғымдарды білдіреді, мысалы, жобалаушылық кезең деп белгілі бір үдерістегі жобалау әрекетін пайдалануға мүмкіндігі бар кезеңді, жобалаушылық біліктілік–жобалау қызметін іске асыру мүмкіндігін білдіреді.

Жобалау түрлерін классикалық сипаттағы инженерлік - техникалық жобалау, әлеуметтік жобалау деп қарастырсақ, білім берудегі жобалау әлеуметтік жобалаудың бір түрі ретінде гуманитарлық жобалау деуге болады. Оны дәлірек түсіндіру үшін гуманитарлық жобалардың мәнісін айқындап алу керек. Атынан белгілі болып тұрғандай, гуманитарлық жобалаудың мән-мақсаты адам табиғаты мен адами қатынастардың ерекшеліктеріне сай жаңғыртулар жасау болып табылады. Ғалымдар білім берудегі жобалаудың екі стратегиялық түрін белгілейді, олардың бірі, *әлеуметтік ортаға және оның жағдайларына бейімделу*, басқаша айтқанда, педагогтардың білімнің әлеуметтік өзгерістерге

жауап беру түрлері деуге болады; екіншісі, өз құндылықтарына, мақсаты мен ұстанымдарына сәйкес жетілдіру немесе жаңарту, қайта құру.

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінің «Педагогика және психология» саласы бойынша жасалған сөздігінде жобалау туралы бірнеше түсініктер берілген, мысалы, педагогикалық жобалау–оқушы мен тәлімгердің алдағы іс-әрекетінің негізгі құрылымдарының жасалымы, бұл оқытушы әрекетінің тиімділігін арттырады делінсе, жобалау әдісі–оқушыны бірте-бірте күрделене түсетін практикалық тапсырмаларды жоспарлы түрде орындату арқылы оқыту жүйесі деп түсіндіріледі. Енді жоба ұғымына келсек, қазақ тілінде оны жасалуға, қайта құрылуға, қалпына келтірілуге тиісті нысандардың макеттері, есептеулері және ұстанымды дәлелдері көрсетілген техникалық құжаттар. Жоба болашақ жоспар негізінде жасалып, қабылданады.

Білім беру саласы қоғам дамуының деңгейін анықтайтын әлеуметтік және әлеуметтік мәдени технология және іргелі сала. Бұл тұрғыдан қарастыру арқылы жобалау мен ғылыми зерттеудің ортақ идеясын болатынын дәлелденеді. Оның мәні:

- объектінің құрылым ішінде пайда болуы;
- кейін оның зерттеу пәніне айналуы;
- оның кешенді және көп пәнді болуы;
- зерттеу элементтерімен қатар жобалау элементтерінің қамтуы;
- жобалық идеяның тиімділігінің бағалануы және оның салдарының талдануы;
- ғылыми зерттеу позициясымен қатар басқару субъектілерінің өзара байланысы.

Білім берудің тұтас саласы да жобалау пәні бола алады, мұнда тәжірибелік зерттеулер жүргізілуі, эксперименттердің жобалық бағдарламалық түрі пайда болуына алып келеді.

В. В. Давыдов пен Ю. В. Громыко ғылымилықтың жаңа жобалық–бағдарламалық түрін белгіледі. Оның негізіне ғылыми сипаттама беру (модельдеу), жаңа фрагменттер мен жүйелер құрастыру алынады. Жобалау пәні ретінде әлеуметтік–мәдени әрекеттер жүйесінің мәдени–

тарихи түрлері алынады, бағдарламалау пәні ретінде тәжірибенің даму үдерісі алынады. Аталған В. В. Давыдов пен Ю. В. Громыконың тұжырымдамасын білім берудегі жобалаудың мета-әдіснамасы деп есептей аламыз және ол дәстүрлі педагогикалық үдерістің тұтас адам құндылықтарына көшуін белгілейді. Оның жобалау негізінде қолданылу шарттары төмендегідей қарастырылады:

- 1) белгілі бір білім мекемесі деңгейінде тәжірибелік зерттеудің қажеттігін анықтау;
- 2) білім саласындағы дәстүрлі нормативтік қызметтермен қатар инновациялық тәжірибелік алаңдардың болуына жағдай жасау;
- 3) білім беру саласындағы тәжірибелік жаңғыртулардың құралы ретінде жобалық әрекеттерді алу.

Айта кететін жайт, білім берудегі жобалау инновациялық жобаларды барлық білім беру ұйымдарына міндеттеуге тиіс емес. Бұл жағдайда басқару манипулятивтік сипатта болып, білім беру ұйымдары бірдей сипат алуы мүмкін.

Білім беруді жаңарту білім беру жүйелерін жобалау әдіснамасына, әртүрлі білім мекемелері сипатын және олардың өзін-өзі дамыту әрекеттерін қолдайтын құндылықтар мен мақсаттарға негізделуі тиіс. Білім беруді дамытудың перспективалық бағыты ретіндегі жобалау идеяларын В. И. Слободчиков білім берудегі инновациялық әрекеттері тұрғысынан зерттейді. Ол инновациялық әрекеттерді:

- белгілі бір әлеуметтік тәжірибе кеңістігінде;
- дәстүрлі талаптардың жаңа әлеуметтік күтінімдерге сәйкес болмауынан пайда болған проблемаларды шешуге бағытталған әрекеттер ретінде;
- жаңа инновациялық тәжірибені, оның мәдени рәсімделуі мен берілу механизмін түсіну және қабылдау әрекеті ретінде;
- қалыптасқан тәжірибені жаңартуға бағытталған әрекет ретінде қарастырады.

Мысалы, зерттеу әрекеттері мақсат –құрал – нәтиже схемасы бойынша бар нәрсені зерттеу түрінде болатын болса, басқару әрекеттері бағдар–әрекет–бақылау түрінде, ал *жобалау әрекеттері логикасы идея–орындау–рефлексия* түрінде жүзеге асырылады. Жобалаудың өзіне тән ресурстары бар, олар:

- интеллектуалдық, ерік – жігерлік;
- адами позициялық;
- ұйымдастырушылық;
- басқару;
- кәсіби – әрекеттік;
- материалдық – қаржылық, т.б

Инновациялық жобалау төмендегі өзара байланысты қызметтерді қамтиды, олар:

- ғылыми–зерттеу әрекеттері немесе жаңа білім ашу, игеру;
- жобалау әрекеттері немесе жаңа білімді технологияда пайдалану арқылы тағы да жаңа білім құрастыру;
- білім беру әрекеттері немесе субъектілердің өз тәжірибесі негізінде өзіндік білімді игеруі;

Осылайша, жаңа әлеуметтік–мәдени жағдайлар ұлттық білімнің жаңа бейнесін қалыптастыра бастады, оның мәні мен белгілері–қоғамдық тәжірибенің өз бетіндік түрі, тарихи тәжірибенің универсалды түрде берілуі, адамдық мәннің қалыптасуы мен күшеюінің жалпы тарихи–мәдени түрі.

Білімнің аталған жаңа бейнесіне сәйкес оның құрылымы өзгереді, білім саласы құрылымының көрінісі үш қырынан байқалады, олар:

білім беру ортасы–білімнің әлеуметтік–мәдени мазмұны ретінде;

білім беру институттары–білім беру субъектілері әрекетінің ұйымдастырылған жүйесі ретінде;

білім беру үдерісі–білім беру субъектілері әрекетінің мазмұны мен нақты жолдары ретінде;

білім беру саясаты–білім беру қызметін басқа жүйелер арасында қамтамасыз ету;

білім беруді басқару—оның тұтас қызмет етуін ұйымдастырушылық қамтамасыз ету.

Жобалаудың философия, мәдениеттану, әлеуметтану және психология ғылымдарының әдіснамасында орын ала бастауы оны гуманитарлық тұрғыдан қарастыруды алып келді. Н. Г. Алексеев, Ю. В. Громыко, В. А. Никитин зерттеулерінде жобалау туралы білім берудегі инновациялардың мәдени түрі деген түсініктер де берілді.

Жобалау түрлерін классикалық сипаттағы инженерлік – техникалық жобалау, әлеуметтік жобалау деп қарастырсақ, білім берудегі жобалауды әлеуметтік жобалаудың бір түрі ретінде гуманитарлық жобалау деуге болады. Оны дәлірек түсіндіру үшін гуманитарлық жобалардың мәнісін айқындап алу керек. Атынан белгілі болып тұрғандай, гуманитарлық жобалаудың мән–мақсаты адам табиғаты мен адами қатынастардың ерекшеліктеріне сай жаңғыртулар жасау болып табылады. Г. П. Щедровицкий білім берудегі жобалаудың екі стратегиялық түрін белгілейді, олардың бірі, *әлеуметтік ортаға және оның жағдайларына бейімделу*, басқаша айтқанда, педагогтардың білімнің әлеуметтік өзгерістерге жауап беру түрлері деуге болады, екіншісі, өз құндылықтарына, мақсаты мен ұстанымдарына сәйкес жетілдіру немесе жаңарту, қайта құру.

Бүгінгі әдебиеттерде жобалау – алда болуы тиіс нәрсенің өте қысқаша және өте нақты сипаттамасын жасау әрекеті, бұл жерде ең маңызды нәрсе—бір нәрсенің болашақ сипаты туралы, оның қолжетімдігі туралы мақсаттық—құндылықтық ұстаным болуы. Басқаша айтқанда, адамның ойлау әрекетінің қалыпты өз шеңберінен шыға алуы—трансценденттенуі—ойлау қызметінің дамытушылық функциясы іске асырылады.

Жобалауға—педагогикалық жобаны жасау және жүзеге асыру үрдісі, тұлғаны дамытудың ерекше жолы, оқыту технологиясы—деген түсініктер берушілер де бар. Жобалау әдістерімен оқыту үдерісінің педагогикалық қоғам оқытудағы жобалауға немесе жобалау негізінде оқытуға, жобалау негізіндегі тәрбиелеуге (О. И. Газман), жобалау негізіндегі білім беруге (Г. Ильин) көшу жүзеге асырылуда. Бұл үдерісті жобалық ортаның білім беру ортасына айналуы

деп те айтуға болады, өйткені, типтік жоба құрастыру логикасы бүгінгі таңда оқытудың басты құралдарының бірі ретінде тәжірибеге белсенді түрде еніп келеді.

Білім беруді басқарудағы жобалау туралы зерттеушілер пікірлері төмендегідей болып келеді. Педагогикалық жобалау түсінігі В. Безруковтың анықтамасы бойынша, *гуманистік мазмұндағы білімді гуманистік әдістер мен тәсілдер арқылы игеру негізінде белгіленген білім өнімін алудағы оқушылардың білім нәтижелері мен мақсатына болжам жасау және оны модельдеу.*

И. А. Колесникова: жобалау–тәжірибеде бұрын болмаған білім беру мен педагогикалық әрекет түрлерін жаңадан құрастыру мақсатындағы тәжірибелік-бағдарлы әрекет;

А.П.Тряпыцина: жобалау–білім берудің дамытудың жаңа саласы, педагогикалық әрекетті түсіндірудің жаңа амалы;

Е. С. Заир-Бек: жобалау–қазіргі білім беру жүйелерін дамыту, жаңарту, жетілдіру және ондағы қайшылықтарды болдырмау міндеттерін орындауға бағытталған педагогикадағы және ұйымдастырылатын практикалық әрекеттердегі қолданбалы ғылыми бағыт;

Н. А. Масюкова: жобалау–педагогикалық және ғылыми–зерттеу әрекеттерінің берілуін реттеп отыру құралы;

Олардан басқа жобалауға педагогикалық жоба құру және жүзеге асыру үдерісі, тұлғаны дамытудың ерекше жолы, оқыту технологиясы деген түсініктер берушілер де бар. Бүгінгі күні жобалау әдістерімен оқыту үдерісінен оқытудағы жобалауға немесе жобалау негізінде оқытуға, жобалау негізіндегі тәрбиелеуге, жобалау негізіндегі білім беруге көшу жүзеге асырылуда. Бұл үдерісті жобалау ортасының білім беру ортасына айналуы деп те айтуға болады, өйткені, типтік жоба құрастыру логикасы бүгінгі таңда оқытудың басты құралдарының бірі ретінде тәжірибеге белсенді түрде еніп келеді.

И. А. Зимняя білім берудің жобалылығын білім тенденциясының болашағы ретінде қарастыра отырып, оны айқын байқалып келе жатқан пәндік–бағдарлы оқыту

жүйесінің тұлға әрекетіне бағытталған жобалық–құрастырушылық оқытуға ауыса бастауымен түсіндіреді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Педагогикалық жобалаудың пайда болу тарихы
2. Д. Дьюи мен В. Килпатрик еңбектерінде «жоба» түсінігінің қарастырылуы.
3. Жобалау–педагогикадағы демократиялық қатынас құралы ретінде.
4. Посткеңестік елдер педагогикасында жобалау әдістерінің таралуы.
5. Педагогикалық әрекеттері құрылымына жобалау компоненті ендірілуі
6. Жобалау әрекетінің педагогикалық мәні.
7. Жоба, жобалау ұғымдарының педагогикалық мәнінің анықталуы.
8. В. В. Давыдов пен Ю. В. Громько анықтаған жобалық–бағдарламалық үдерістің педагогикада қолданылу шарттары.
9. Педагогикалық жобалаудың логикасы мен ресурстары.
10. Педагогикадағы инновациялық жобалау әрекеттері.
11. Глоссариймен жұмыс.

2. Педагогикалық жобалаудың зерттелуі мен түрлері

Белгілі жүйетанушы О. Г. Прикоттың ғылыми зерттеулерінде педагогикалық жүйелер қазіргі білім берудегі *жобалаудың қолданбалы қызметінің әдістемелік базасы* бола алады және білім беру саласын дамытудағы ізденістерді қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды.

Педагогикалық жобалауды жүйелік тұрғыдан қарастыру тұжырымдамасы негізінде өткен ғасырдың 80-жылдары ене бастады. Олар Ю. К. Бабанский, В. С. Ильин, В. П. Беспалько, т.б. педагогикалық үдерістегі жүйе құраушы

идеялары негізінде пайда болды. Жаңашыл педагогтардың тәжірибесін қарастыру олардың педагогикалық әрекеттерді жобалауға жаңа көзқарастарын көрсетеді. Ондағы мақсат мұғалімнің жобалық әрекеттері оқушыны дамытуға бағытталғандығын байқатады. И. П. Волков өз еңбегінде болашақ педагогтың үш кәсіби сапасы – пәндік, педагогтық және жобалау кәсіптерін болуын құптайды. Жобалау білім саласындағы кәсіби әрекеттердің жетекші компоненті болып табылады, сонымен қатар ол білім беруді басқаруға да бағытталады. М. А. Данилов педагогикалық үдерістегі жобалаудың негізгі бағыттарын жасай отырып, П. Ф. Каптеревтің идеяларын қайта жаңғыртты. Оның мазмұны педагогикалық үдерістің ішкі жақын – педагогикалық үдеріс логикасын, педагогикалық зерттеу логикасын, педагогикалық перспектикалық ойлау логикасын болашаққа қатысты құрастыру болатын. Автордың ойынша болашаққа бағытталған педагогиканың басты шарты жаңа жаңарған педагогикалық сана болып табылады.

Жобалау өзгермелі кезеңдердегі даму тенденцияларының жан-жақтылығы жағдайында педагогикалық жүйенің стратегиялық бағдарларын үнемі қамтамасыз етіп отырады. Олар:

- жүйені белгілі бір қызметтері, қарым –қатынастары және қасиеттері деңгейінде жетілдіріп отырады;
- жүйенің жаңа қарым – қатынастарын, қасиеттерін және икемділігін қалыптастыратын компенсаторлық қызметтер дамытып отырады;
- тұтас құрылым құрамында пайда болатын жаңа жүйелердің қызметі мен орнын қарастырады;
- белгілі бір қызметтердің, қарым –қатынастардың және қасиеттерінің өзгерістерге түсуіне сәйкес жүйенің түрленіп отыруын қамтамасыз етеді;

Көрсетілген бірінші және екінші қызметтер арқылы жүйенің типтік ұқсастығы қамтамасыз етіледі, жобалау нәтижелерінің алдын ала белгіленетіндігі де, бірегейленетіні да осыдан. Бүгінгі таңда жобалау әрекеті педагогикалық жүйелерді жаңартатын, ондағы оқыту мен тәрбие үдерісін үшін жаңа жағдайлар жасай алатын көп функционалдық педагогикалық әрекет деп қарастырылуда.

Жобалаудың білім берудегі қызметін анықтауда В.П.Беспальконың пікірлеріне сүйене отырып, зерттеушілік, талдаушылық, жобалаушылық, жаңартушылық, нормалаушылық, құрастырушылық, т.б. көптеген сипаттағы мәндерін белгілей аламыз. Өзінің көпфункционалдық сипатына сай педагогикалық жобалауды төмендегі сапаларда қолдануға болады:

Білім беру құралы ретінде әлеуметтік–мәдени контексте пайдалану, мысалы, білім алушылардың корпоративтік мәдениетін, коммуникациялық дағдыларын қалыптастыруда қолдануға болады;

Оқыту/тәрбиелеу құралы ретінде–білім берудің дәстүрлі түрлерінен бөлек қосымша, сабақтан тыс түрлерінде, мысалы, дипломдық жұмыс, ғылыми жобалар жазуда пайдалану;

Процедуралар ретінде–мысалы, басқару үдерісінде пайдалану;

Дамыту түрі ретінде – инновациялық жолмен дамыту сипатында жүйелерді, құбылыстарды, үдерістерді дамытуда пайдалану. Дамыту–педагогикалық жүйенің әлеуметтік қызметін жоғары деңгейде жүзеге асырудағы немесе жаңа функцияны іске асырудағы білім беру жүйесіндегі (құрылымындағы, жүйеаралық байланыстардағы, әлеуетіндегі) сапалы өзгерістер.

В. И. Слободчиков педагогикалық жобалаудың екі түрін ажыратады, олар:

Біріншіден, оқытуды әрекеттердің тәсілдерін игеру ретінде қарастыра отырып, білім беру үдерісін педагогикалық – психологиялық жобалау;

Екіншіден, білім беру үдерістері жүргізілетін институционалдық құрылымдар мен білім беру ортасын әлеуметтік –педагогикалық жобалау;

В. П. Бедерханова да жобалаудың көптеген тәжірибелік нұсқаларын талдай отырып, жобалауды екі үлкен бағыттарға ажыратады.

Біріншісі, *интенсивтік сипаттағы жобалар жасау және жобалау* әрекеттері. Оларға ұйымдастырушылық–әрекеттік, инновациялық ойындар мен жобалау жиындары.

Екіншісі, жобалау әрекеттері негізінде ұжым мүшелерінің бірлесе отырып қадамнан–қадамға аяқ басуы арқылы білім беру мекемесіне гуманитарлық бағдар беру.

Педагогикалық жобалаудың жаңарту нысанына, мақсаттық бағыттарына және нәтижелеріне байланысты бүгінгі таңда негізгі үш түрі белсенді дамып келеді:

- әлеуметтік–педагогикалық жобалау, олар әлеуметтік ортаны өзгертуге немесе педагогикалық құралдар мен әдістер арқылы әлеуметтік проблемаларды шешуді бағытталады;
- психологиялық–педагогикалық жобалау, оның мақсаты адамдар мен олардың қарым–қатынастарын білім беру үдерісі барысында жаңарту;
- білім беруді жобалау, ол білім сапасы мен нәтижелерін, білім беру жүйесі мен оның институттарын инновациялық өзгертуді жобалау деп белгілей аламыз.

Білім берудегі жобалау және педагогикалық жобалау түсініктерінің өзіндік мәні жөнінен де, мағынасы жөнінен де бір бірінен айырмашылығы бар. *Білім берудегі жобалауды* менеджменттік, экономикалық және құқықтық, т.б. салаларда қолданылу мүмкіндігіне қарай оны педагогикалық шеңберден тыс қарастыруға болады. Сөйте тұра, гуманистік педагогика қағидаларына сай алатын болсақ, білім беру жүйесін жаңартуға бағытталған кез келген әрекет педагогикалық құндылықтармен, адамилық тұрғылармен сәйкес жүргізіледі. Сондықтан, білім берудегі жобалау әрекетінің педагогикалық қызметтерді де атқаратыны белгілі. Жобалау әрекетінің мүмкіндіктері ақпараттық–коммуникативтік технологияның дамуымен де кеңейді, сөйтіп, білім беру үдерісіне қатысушылардың жобалау кеңістігі қалыптасты деп айта аламыз.

Педагогикалық жобалау–педагогтар мен оқушылардың, педагогикалық қоғамның қарым–қатынасының жаңа түрін, білім берудің жаңа мазмұны мен жаңа технологияларын, педагогикалық әрекеттің жаңа амалдары мен түрлерін қалыптастыру үдерісі деп анықталады.

Педагогикалық жобалау бірнеше деңгейлерде жүзеге асырылады. Нақтырақ айтқанда, жобалау әрекеті негізінде пайда болатын өнімнің, нысанның нәтижесіне, қолданылуына байланысты қойылатын талаптарға орай білім беру жобалары тұжырымдамалық, мазмұндық, технологиялық және процессуалдық (үрдістік) деңгейлерде жүзеге асырылады.

Жобалаудың тұжырымдамалық деңгейі жобалау нысанының тұжырымдамасын немесе оның болжамдық нобайын, моделін құрастыруға бағытталады. Мысалы, білім стандартының моделі, бағдарлама тұжырымдамасы, оқу жоспары жобасы, т.б. бұл деңгейдегі жоба нәтижесі универсалдық сипатта болып, келесі деңгейлердегі осыған ұқсас өнімдерді құрастырудың әдіснамалық негізі бола алады.

Жобалаудың мазмұндық деңгейі нәтиженің өзін ғана алу емес, оны пайдалану диапазондарына, қызмет ету бағытына қарай нақты сапаларын да құрастыруды көздейді, мысалы, бастауыш білім стандартын жасау, лингвистикалық гимназияны дамыту бағдарламасы, әлеуметтік педагогтар мамандығының оқу бағдарламасы, т.б.

Жобалаудың технологиялық деңгейі берілген контексте қолданылатын тәсілдердің алгоритмдік сипаттамасын беруді көздейді, мысалы, тұлғалық–бағдарлы оқыту технологиясы бойынша сабақ жоспарын құру, топтық әрекеттер әдістемесінің алгоритмі, т.б.

Процессуалдық, үрдістік деңгей жобаның тәжірибеде қолдануға дайын түрін сипаттайды, мысалы, сабақтардың әдістемелік жоспары, шараларды өткізу сценарийлері, тәрбие жұмысының әдістемесі, т.б.

Егер жоба тұрақты күйдегі ұғымды білдірсе, онда жобаны жасау оны құрастыру қозғалыстары болып табылады, өйткені, ойлау әрекеттері ұйымдастырушының бірқатар ізденістік–зерттеу қызметтерін, ойлау операцияларын көздейді, олар – болжау, жобалау, модельдеу, құрастыру. Ал жобаны жүзеге асыру – ұйымдастырушының басқарушылық әрекеттеріне қатысты операцияларын–бағдарлама жасау, жоспарлау, бағалау, т.б. қажет етеді. Олай болса, болжам жасау, жобалау, модельдеу, құрастыру,

бағдарлама жасау, жоспарлау, бағалау әрекеттері жобалау қызметінің өз алдына жеке түрлері ретінде қарастырыла алады. Сонымен қатар, олардың әрқайсысының бойында аталған әрекеттер жүйесі көлемі жағынан шағындау деңгейде осы ретпен орындалып жатады. Мысалы, белгілі бір ауқымды мәселені болжау барысында төмендегі жобалау алгоритмі рет –ретімен орындалады:

- мәселені *нақтылау*;
- оның «болашағын» *болжау* – қазіргі жағдайдағы мәселелер, күні ертең шығуы айқын және алдағы уақытта пайда болуы мүмкін проблемалар;
- оларды ескере отырып, басқару әрекетін дамытудың тиімді жолдарын *жобалау*;
- қолайлы нәтижеге жету жолдарын *жоспарлау*;
- қабылдануы қажетті шешімдерге *баға беру*;

Осы әрекеттердің ішіндегі ең маңызды рөлді жобалау атқарады, өйткені, ол оған қатысты барлық әрекеттермен тығыз байланыста, сонымен қатар, аталған әрекеттердің барлығы да жобалау объектісі қызметін атқара алады.

Білім беруді дамыту стратегияларына жасаған талдаулар көрсеткендей, бүгінгі өзгерістер реформалау, жаңарту деген түсініктер шеңберінде жүргізілуде. Олардың мәні өзгерістердің нақты нәтижелік мақсаты болуын, нақты идеяға негізделген әрекеттер бағдарламасы болуын көздейді. Бұл жерде мынадай маңызды жағдайлар ескеріледі: олар – алға қойған мақсаттардың педагогикалық қалың көпшіліктің мүддесіне сәйкес келіп, олардан қолдау табуы және құрастырылған жоспарлар мен бағдарламалардың қолда бар мүмкіндіктерге сәйкес болуы. Шынына келгенде, білім жүйесіндегі өзгерістер жүйемен, бір қалыппен жүзеге асырылады деп айту қиын, жоспарланған негізгі бағыт та, белгіленген білім нәтижелері де дәл ойлағандай орындалмауы да мүмкін, өйткені, ол үнемі пайда болып отыратын трансформациялық әрекеттердің жаңа жағдайлардағы сипаты мен оларға ықпал ету амалдары мен құралдарының сол кездерде қолда болмауына да байланысты. Осы трансформациялық үдеріс күрделі және аз зерттелген түсінік деп айта аламыз, ол реформалау үдерісінен» өзгеше, реформа жағдайында кез келген жүйе

типологиялық ұқсастықты сақтап қалады. Оны жаңаруға өту деп те қарастыра алмаймыз, себебі, трансформациялық үдерістің негізіндегі қозғаушы күштері мен механизмдері сан алуандығымен ерекшеленеді. П. Друкер осы үдерістер жүретін қоғамдағы кезеңді заңдылықтары жоқ дәуір деп бағалайды.

Бүгінгі күні білім берудегі жобалау академиялық ғылым мен теориялық зерттеулерден педагогикалық тәжірибеге дейін қолданылуда. Педагогтар мен білім беру мекемелерінің инновациялық әрекеттерінің дамуы жобалаудың кеңінен қолданылуын нақты болашақпен байланыстырады. Бірақ, қазіргі жобалаудың ерекшелігі қалыптасқан әлеуметтік білім беру институттары тәжірибесінің шеңберіне сәйкес келмей оны өзгертуге дейін алып барады.

Білім берудегі психологиялық–педагогикалық жобалаудың мазмұны төмендегі үдерістерден тұрады:

- оқыту–әрекеттің тәсілдерін меңгеру үдерісі ретінде;
- қалыптастыру–жүзеге асырылған әрекетті меңгеру;
- тәрбиелеу –есею мен әлеуметтену ретінде.

Осылайша, жобалау білім берудің дамыту әрекеті болып табылады, оның аясында субъектінің қалыптасуы мен дамуы жүзеге асырылады.

В. И. Загвязинскийдің теориялық еңбектерінде педагогикалық жобалау мәселелері педагогикалық болжам жасауға, мұғалімнің жобалаудағы рөліне негізделген. Ол білім беру үдерісінің тұтастығын төмендегі феномендермен белгілейді: бірлескен әрекеттер, субъектілердің теңдік қатынасы, т.б. білім берудегі жобалау әрекетінің негіздемелері болып табылады.

Сонымен қатар, жаратылыстану ғылымындағы «адам» туралы ғылым қай жағынан қарастырылса да, қаншалықты күрделі синтездерден құрастырылса да адамның педагогикалық жобалауын алмастыра алмайды. Сондықтан, бұған дейін өмір сүрген немесе қазіргі күні өмір сүріп жатқан зерттеулерімен қатар педагогикалық жобалаудың арнайы әрекеттері қала бермек. Осы айтылған пікірден жобалаудың

қайта құрушылық сипаты – жобаның және жобалау арқылы жүргізілетін әрекеттердің болашақта қайта жаңғыртуға, жаңартуға бағытталған үдеріс екені көрінеді.

Жобалау әдіснамасын білім беру саласында қарастыруға ықпал еткен Ю. В. Громыко, В. И. Борзенков, О. Г. Прикот, В. И. Слободчиков, Н. А. Масюкова еңбектерін атауға болады. Педагогикалық ғылым саласында жобалау туралы толық әрі тұтас түсінік қалыптастырған, соның ішінде, оны педагогикалық жүйелерге қатысты қолданған В. П. Беспалько болып табылады. Ол А. С. Макаренко еңбектеріне сүйене отырып, ғылыми–педагогикалық контексте педагогикалық технология ұғымын ендірді. Педагогикалық жобалаудың базалық компоненті ретінде қарастыра отырып, тұжырымдама түсінігіне қосымша мазмұн берді, оқыту мен тәжірибе үдерісіне қатысты жобалау әрекетінің мәнін ашып көрсетті. Автор, сонымен қатар, жобалау қызметінің басты компоненті ретінде болашақ педагогикалық жүйенің мақсатын айқындау және қою, аралық мақсаттарды белгілей отырып, дидактикалық үдерісті жоспарлау, оқыту мен тәрбиенің мазмұны мен технологиясын таңдау, бақылау- бағалау әдістемесін жасау және оны жүзеге асырудың ұйымдастырушылық шарттарын белгілеу қажеттігіне назар аударды.

Бүгінгі педагогикалық жүйелерде жаңарту нысанына, мақсаттық бағыттарына және нәтижелеріне байланысты жобалаудың негізгі үш түрі белсенді дамып келеді, олар:

– *әлеуметтік-педагогикалық жобалау*, олар әлеуметтік ортаны өзгертуге немесе педагогикалық құралдар мен әдістер арқылы әлеуметтік проблемаларды шешуді бағытталады;

– *психологиялық-педагогикалық жобалау*, оның мақсаты адамдар мен олардың қарым –қатынастарын білім беру үдерісі барысында жаңарту;

– *білім беруді жобалау*, ол білім сапасы мен нәтижелерін, білім беру жүйесі мен оның институттарын инновациялық өзгертуді жобалау.

1. Әлеуметтік–педагогикалық жобалау:

– Әлеуметтік ортаны педагогикалық тәсілдермен өзгерту;

- Әлеуметтік проблемаларды педагогикалық құралдармен шешу.

2. Психологиялық–педагогикалық жобалау

- Оқыту мен тәрбие мақсатын жаңарту;
- Оқыту мен тәрбиенің әдістерін өзгерту;
- Педагогикалық әрекеттерді ұйымдастыру түрлерін жасау;
- Педагогикалық қатынас жүйесін жаңарту.

3. Білім берудегі жобалау:

- Білім беруге мемлекет пен қоғамның талаптарын қалыптастыру;
- Білім беру нәтижелерін жобалау;
- Білім беру мекемелерін институттарын құру;
- Білім стандарттарын жасау.

Педагогикадағы инновациялық бағыттарды зерттеген В. Я. Ляудис те *білім берудегі* жобалау туралы, *біріншіден*, бұл–мақсатқа бағытталған, жобаланған, саналы түрде ұйымдастырылған оқыту процесі, оны *басқару* ғылыми және мәдениеттанымдық білімдерді пайдалану негізінде іске асырылады. *Екіншіден*, бұл–мақсатқа бағытты ұйымдастырылған болашақтағы міндеттерді орындауға қабілетті тұлғаны әлеуметтік дамыту ситуациясы, сонымен қатар, осы жерде мақсат ретіндегі болашақтың *нәтижелік мәні* де, оны орындауға дайындық деңгейіне *жеткізетін үдеріс* те жобаланады» дейді.

Осылайша, қазіргі заманғы әдіснамалық, мәдениеттанымдық, ғылымтанымдық және психологиялық–педагогикалық–әлеуметтік ғылымдар қағидаларына сүйене отырып, жобалау – педагогикалық феномен дей аламыз және оның негізгі сипаттамаларын төмендегідей көрсетуге болады:

- 1) жобалаудың мақсаты мен соған сай педагогикалық іс -әрекеттер қайта жаңартуларды көздейді;
- 2) жобалау педагогикалық рефлексия арқылы қамтамасыз етілетін болашақтың нақты бейнесін жүзеге асырады;
- 3) педагогикалық жобалау жобалау нысанын ғана емес, оған қатысушы жобалау субъектілерін дамытуға бағытталады.

Жобалаудың мүмкіндіктері педагогикадағы ақпараттық - коммуникативтік технологияның дамуымен де кеңейеді, сөйтіп, білім беру үдерісіне қатысушылардың жобалау кеңістігі одан әрі дами түседі деп айта аламыз.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Педагогикалық жобалаудың бүгінгі қолданылу аясы.
2. Жобалауды педагогикалық жүйелер тұрғысынан қарастырудың мәні.
3. В. И. Слободчиков бойынша педагогикалық жобалаудың түрлері.
4. В. П. Бедерханова белгілеген педагогикалық жобалау бағыттары.
5. Педагогикалық жобалаудың нысанына, мақсаты мен нәтижелеріне байланысты түрлерін сипаттаңыз.
6. Білім берудегі жобалау және педагогикалық жобалау түсініктерінің айырмашылығы неде?
7. Педагогикалық жобалауды жүзеге асыру деңгейлерін атаңыз.
8. Педагогикалық проблеманы жобалау алгоритмі
9. В. И. Загвязинскийдің теориялық еңбектерінде педагогикалық жобалау мәселелері
10. Педагогикалық жобалаудың негізгі сипаттамалары.
11. Глоссариймен жұмыс.

3. Педагогикалық жобалау және педагогикалық мақсат қою

Педагогикалық жобалауда міндетті түрде мақсатты белгілеу қажет болады. *Мақсат қою дегеніміз* жобаланатын нысанды өзгерткеннен кейінгі нәтижесін көре білу және сонымен қатар, сол *нәтижеге жету барысын нақты үдеріс ретінде көре білу* деуге болады. Сөйтіп, *мақсат қою күтілетін нәтижеден және оған жету жолдарынан* тұрады. Бұл ойша жасалған құрылым жобалау барысындағы түрлі жағдайларға байланысты өзгерістерге де түсе алады.

Сондықтан, жобалау барысында стратегиялық мақсат та, оған жету жолдарын қадағалап отыратын аралық мақсаттар да жасалуы тиіс және олардың басты сипаты қорытындылары бойынша мақсаттың орындалғанын, берілген проблеманың шешілгенін өлшеуге, тексеруге келетін болуы қажет.

Мақсатқа ұмтылушылық жүйенің тиімді қызмет етуіне қажетті жалпыға ортақ және міндетті элемент деп есептеледі, сондықтан, педагогикалық жүйелердің құрамындағы әрбір кіші жүйе, әр элемент *тұтас жүйенің алдында тұрған басты мақсатқа қызмет етеді*. Олардың әрқайсысының қызметі салыстырмалы түрде дербес болып табылатын өзіндік мақсаттарын орындауға бағытталғанымен, түптеп келгенде барлығы да *жүйенің негізгі мақсатына тәуелді* болып табылады. Педагогикалық жүйелердегі мақсат қою оны анықтаумен ғана шектелмейді, сонымен қатар, белгіленген *мақсатты тарату (декомпозициялау)*, яғни, ондағы кіші жүйелер мен элементтердің қызметін, олардың арасындағы өзара байланыстарын ескере отырып, *әрқайсысының дербес мақсаттарын* анықтауды да қамтуы тиіс.

Мақсат қою барысында ескеретін маңызды мәселе – жобалық өзгерістердің мақсаты ретіндегі *жобаны жүзеге асырудағы нәтижелер* де, сонымен қатар, сол *нәтижелер арқылы қол жеткізілетін стратегиялық мақсаттар* да берілуі тиіс. Оны төмендегідей мысалдармен түсіндіре кетейік, бірінші мысал білім алушыларға қатысты: егер, педагогикалық жүйелерді ақпараттандыруды жобалауды алсақ, оның *мақсаты* білім алушылар үшін жеткілікті мөлшерде компьютерлердің қойылуын және сабақта оларды кеңінен пайдалануға жағдайлар тудырылуын көздейді, бұл *жобаны жүзеге асыру нәтижелері* болып табылады.

Бұл нәтижелер өз кезегінде белгілі бір *стратегиялық мақсатқа бағытталады*, яғни, оқытуды ақпараттандыру нәтижесінде білім берудің сапасын көтеру, білім алушылардың жаңа құзыреттіліктерін қалыптастыру, т.б. қамтамасыз етіледі. Келесі мысал: егер, жобалау педагогикалық ұйымдарды басқарушылардың құзыреттілігін дамыту мақсатында жүзеге асыратын болсақ, оның

нәтижесі – басқарушылардың белгілі бір құзыреттілік сапаларын қалыптастыру болады да, осы нәтижелер өз кезегінде *стратегиялық мақсатқа*–педагогикалық жүйелерді заман талаптарына сай дамытуға *бағытталады*. Сөйтіп, педагогикалық *жобалаудың* негізгі *нәтижелері жобалар және бағдарламалар болып табылады*.

Педагогикалық жобалау қызметінің тиімділігі субъектілерді дамыту тұрғысынан қарастырады. Өйткені, *біріншіден*, кез келген субъектінің бойында өзіндік дамытуды жүзеге асыратын барлық қасиеттері бар екені белгілі, *екіншіден*, педагогтардың құзыреттілігін дамыту жалпы білім беру ұйымының жаңа сапаға өтуінің факторы бола алады. *Үшіншіден*, педагогикалық әрекеттерді басқару субъектілерінің өз бетімен оқу әрекеттерін ұйымдастыру, өмірдегі өзгермелі жағдайларды қабылдай алу, оған даяр болуды қамтамасыз ететін басқарушылардың құзыреттіліктерін жобалау қызметі барысында жүзеге асыруға болады.

Жобалауды ұйымдастыру кез келген ұйымды дамытудың факторы ретінде соңғы кездері қарастырыла бастады. Өйткені, білім беру ұйымдарындағы қайта құрулар мен өзгерістер динамикасы жобалаудың өзектілігін арттыруда.

Педагогикалық жүйе компоненттерін мақсатты түрде дамытуды жүзеге асыру *мақсаттық - бағдарлы жобалар* жасалуын қажет етеді. Бұл жобалар, ең алдымен, ұйым мүшелері мен топтардың қарым-қатынасын, ішкі тәртіптері мен жұмыс нәтижелерін өзгертуге бағытталады. Басқаша айтқанда, жобалау қызметін ұйымдастыруды өзін-өзі дамытатын жүйе қалыптастыру әдісі деуге болады. Осындай педагогикалық жобалаудың ерекшеліктері:

- қоршаған ортаның динамикалық өзгерістеріне сәйкес жаңа мақсаттарға бейімделе алады;
- педагогтар мен басшылардың бірлескен қызметтері арқылы қоғамдағы өзгерістер талабына жауап бере алады;
- ұйым мүшелерін дамытуға және өздерін дамытуға қолайлы жағдайлар туғызылады, өзара сенімге құрылған қарым-қатынастың жоғары болуынан

туындаған қайшылықтар дер кезінде шешіліп отырады;

ұйымдағы мақсат қою және шешім қабылдау үдерістеріне әр адам міндетті түрде тартылады, өйткені, олар жүйедегі өзгерістерді жоспарлау мен оларды басқаруға өздерінің тікелей қатысы барын ұғынады.

Педагогтарды мақсатты бағдарлы *жобалау қызметіне тарту арқылы* педагогикалық немесе оқыту жүйесін дамытудың жобасы жасалады. Онда:

біріншіден, *нені жасау керек?* деген сұраққа сай, педагогикалық жүйенің шығудан көрінетін күтілетін нәтижелері құрастырылады. Олар жүйенің ішкі және сыртқы өзгерістеріне, ұйымның мүмкіндіктері мен ресурстарына сай жасалады;

екіншіден, *неге олай жасау керек?* сұраққа сай атқарылатын әрекеттердің мақсаты мен міндеттері анықталады. Олар сыртқы орта, үлкен жүйе талаптарына сай жасалған педагогикалық жүйе ретіндегі білім беру ұйымының жалпы мақсаты мен соған сәйкес жүйедегі әрбір құрылымның мақсаттары мен міндеттері үйлестіріледі. Ол жобалауға қатысушылардың мақсаттар жүйесіндегі өз міндеттерін ұғынуға мүмкіндік береді;

үшіншіден, *қалай жасау керек?* деген сұраққа сай, яғни, мақсат пен міндеттерді жүзеге асыруда қандай құндылықтардың басшылыққа алынатыны, қандай әдіс - тәсілдер мен құралдар пайдаланатыны белгіленеді.

Тәжірибе барысында бірнеше педагогикалық бағыттарды қатарынан жобалау негізінде жаңа педагогикалық *жүйенің «көрінісі» қалыптаса бастайды және осы жаңа «көрініс» педагогикалық жүйенің өзін-өзі қайта құру субъектісі ретінде жаңа қажеттіктерін тудырады.* Осыған сай, педагогикалық жүйенің жаңа құндылықтары мен жаңа қатынастары, қызметтік құрылымдары мен байланыстары, жаңа қызметтер бағыты пайда болып, тәжірибеде бекітіле береді. Бекіту үдерісі де маңызды болып табылады, өйткені, уақыт пен жаңа талаптар сынағынан өткен кейбір нәтижелері, *белгілі бір тұжырымдамалар, нормативтік құжаттар, бағдарламалар, нормативтік*

нұсқаулар ретінде қабылдауды, тәжірибеге енгізуді қажет етеді.

Педагогикалық әрекеттер теориясында білім беру әрекеттен тыс бола алмайды, *тұлға бойына өзгерістер ендіру оны белгілі бір мотивтер негізінде әрекеттерге тарту арқылы жүзеге асырылады.* Аталған пікірлер педагогикалық жүйе ретіндегі білім берудің басты қайшылығы білім алушы мен педагогтардың *мақсаттары арасындағы* қайшылықты көрсетеді.

Педагогикалық мақсат қою – бұл мақсатты құрастыру үдерісі, өте жауапты логикалық–құрастырушылық жұмыс. Ол келесі алгоритм бойынша орындалады: қалыптасқан жағдайды талдау – қажетті нормативтік құжаттарды ескеру – олардың негізінде қанағаттандырылуы тиіс мүдделер мен қажеттіктерді белгілеу–осы мүдделер мен қажеттіктерді қанағаттандыруға мүмкіндік беретін күштер, ресурстар мен мүмкіндіктерді анықтау–берілген ресурстар мен күштерді жұмсау арқылы қанағаттандырылатын ең тиімді мүдделер мен қажеттіктерді анықтау – мақсат құрастыру, яғни, мақсат қою.

ҚР Білім туралы Заңының 11-бабында «білім беру жүйесінің **мақсаты:** ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде *жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау*» деп көрсетілген.

Білімділік – тұлғаның игерілген әлеуметтік тәжірибесін пайдалана отырып, мәселелер класын, түрлерін өз бетімен шешуге қабілеттілігін көрсететін жалпы білім нәтижесі. Білімділік деңгейі тұлғаның өзі шешуге қабілеті жететін мәселелер класы, түрлері арқылы белгілінеді. Олар:

- сауаттылық–оқу әрекетіндегі проблемаларды шеше алу қабілеттілігімен сипатталатын білімділік деңгейі. Сонымен қатар, бұл деңгей өз әрекетін ұйымдастыра алу, өзге де білім үдерісіне қатысушылармен қарым–қатынас жасау проблемаларын шеше алуды да қамтиды;
- функционалдық сауаттылық– қоғамдық ортадағы әлеуметтік рөлдерді (оқушы, тұтынушы,

қызметкер, клиент, азамат, отбасындағы, жолдастар арасындағы, қызмет бабындағы рөлдер, т.б.) жүзеге асыру мәселелерін шешуге қабілеттілігімен сипатталатын білімділік деңгейі.

- құзыреттілік–өмірлік және кәсиби жолын таңдаудағы мәселелерді шеше алу қабілеттілігімен сипатталатын білімділік деңгейі. Оның негізгі компоненттері:

Білім беру сапасындағы өзгерістердің бағыттары:

1. Білім берудің жаңа нәтижелеріне жету–ол білім нәтижелерінің жаңа компоненттері тұлғалық, метапәндік және пәндік нәтижелерді меңгеру негізінде жүзеге асырылады;
2. Мектеп бітірушілердің білімділік деңгейінің өзгеруі–қарапайым сауаттылық, функционалдық сауаттылық, құзіреттіліктер;
3. Білім беру әрекеттеріндегі табысты болу масштабының өзгеруі, табысты болу аумағының ұлғаюы, табысты білім әрекеттерін игерген оқушылардың санының көбеюі, оқушылардың дербес жетістіктерінің көбеюі;
4. Қоғам дамуына сай оқушыларды жаңа мәселелерді шешуге дайындау
5. Қорыта айтқанда, білім беру нәтижесін өзгеруі оның деңгейіне ғана емес мазмұнына да байланысты.

Білім беру мақсатының өзгеру жағдайлары мен мүмкіндіктерін қарастырып көрейік. Біздің кеңестік тарихымызда мектепте білім беру мақсаты тұлғаның жан жақты және үйлесімді дамуы болып келді, бірақ ол декларативті түрдегі ұран күйінде қалып, шын мәнінде, негізгі мақсат пәндік білім нәтижелері болып әлі күнге дейін қалып отыр. Ал пәндік білім нәтижелерінің көрсеткіші ретінде әр пәннен алған білімдерінің жиынтығы, есептер шығара білуі, тарихи даталарды есте сақтауы алынады.

Білім жүйесін жаңғырту жағдайында негізгі мақсаттар ретінде *метапәндік, пәннен жоғары* жетістіктер – оқушылардың оқу тапсырмаларын орындаудағы және танымдық түріндегі ғана емес, өмірлік жағдаяттардағы сан-

алуан мәселелерді шеше білуге қабілеттіліктерін қалыптастыруға бағытталған ұмтылыстар жасалуда. Оларды талдап көрейік:

Біріншіден, білім беру мақсаты-оқушыларды өз әрекеттерін ұйымдастыруға үйрету, атап айтқанда, өз әрекетінің мақсатын қоя білу, жүзеге асыру құралдарын айқындай білу, шешім қабылдай білу, өзгелермен бірлесіп әрекет ете білу. Мұндағы тағы бір маңызды нәрсе-оқушыларда оқу біліктіліктері мен оқи білу дағдыларын қалыптастыру.

Екіншіден, білім беру мақсаты – оқушыларды айналадағы құбылыстардың мәнін түсіне, түсіндіре білуге үйрету. Бүгінгі таңда оқушылар құбылыстарды сипаттауға және ол туралы белгілі бір ғылыми тұжырымдарды жаттап алуға үйретілуде.

Үшіншіден, білім беру мақсаты – оқушыларды дүниетанымдық, адамгершілік және азаматтық ұстанымдарының қалыптасуына ықпал ететін құндылықтар әлемінде өз бағытын таңдай алуына, өз тұрғысынан баға беру білуге үйрету.

Төртіншіден, білім беру мақсаты – оқушылардың бойында күнделікті кездесетін әлеуметтік рөлдерді (оқушы, талапкер, тұтынушы, қарым-қатынас субъектісі т.б) дұрыс орындауға қажетті функционалдық біліктіліктерді қалыптастыру. Егер, мақсат осылай қойылатын болса, онда қазірге дейін басты мақсат болып келген «мектепте оқушыларды болашақ өмірге дайындау керек» ұраны өз күшін жойып, мектепте оқушылардың өз әлеуеттерін толықтай жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әрекеттер түрлерін игерудің нақты бағдарламасына көшуге болар еді. Бұл мақсатты орындау үшін оқу пәндерін және оның белгілі бөлімдерін игерудегі қалыптасқан мақсат қоюшылық бағыттардың өзгертілуі, пәндердің интеграциялануы қажет болады.

Бесіншіден, білім беру мақсаты- оқушылардың бойында түрлі саладағы түрлі әрекеттерді орындауға негіз болатын универсалдық түйінді дағдыларын қалыптастыруға бағытталады, бұлар қазіргі кезде *түйінді құзыреттіліктер* деп аталып жүр. Түйінді дағдыларды (әр жерде түрліше

атайды) қалыптастыру көптеген елдерде жүзеге асырылуда, оларда бұл дағдылар жиынтығы жұмыс берушілердің білім беру жүйесіне әлеуметтік сұранысын көрсетеді. Бұл дағдылар немесе құзыреттіліктер біздің түсінігіміздегі білім беру жүйесіне қойылатын талаптар ретінде емес, еңбек нарығындағы жағдайларды зерттеу және алдын ала болжау нәтижесінде жасалады және олар жастардың қай деңгейдегі білімі еңбек нарығында олардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете алатынын көрсетеді.


Алтыншыдан, білім берудің тағы бір мақсаты-оқушыларды кәсіби білім алуға даярлау. Оның мәні, әрине, бізге үйреншікті түсініктен мүлдем бөлек, ол тек қана Ұлттық біріңғай тестілеуге дайындау әрекеттері ғана емес. Кәсіби білім алуға даярлау бүгінгі еңбек нарығында да, білім беру қызметтерін көрсету нарығында да өз бағдарын нақты айқындап алу, өзінің білім алу траекториясын құрастыра білу, шешім қабылдауға бел байлай білу. Бұл мақсат бөлек пәндерді игеру аясында ғана жүзеге асырылуы мүмкін емес, оған пәнаралық тұрғыдан келу қажет болады.

Білім беру нәтижелеріне тікелей ықпал ететін факторларды былайша белгілеуге болады:

- білім беру мақсаты, бұл жерде білім беру мақсаты ретінде білім беру үдерісінің мақсатқа бағытталғандығы, білім беру үдерісіне қатысушылардың құндылықтық бағдары алынады;
- білім беру мазмұны немесе білім беру жүйесіндегі бекітілген стандарттар;
- білім беру үдерісінің ұйымдастырылуы, білім беру технологияларының қолданылуы.

Осыған қоса, біздің ойымызша, жоғарыда аталған барлық факторлардың басын біріктіретін - нақты білім беру жүйесінің ұйымдық мәдениеті, бұл фактор білім беру үдерісіне қатысушылардың қарым-қатынасымен, қалыптасқан құндылықтарымен анықталады.

Өзіндік білім алуға мүмкіндік беретін субъектілік компоненттері іс жүзінде толығымен пайдалану үшін, оның әр компонентінің мақсаттары жалпы жүйенің мақсатына сәйкес келтірілуі қажет.



Сурет 4 – Білім берудегі мақсаттар жүйесінің үлгілік құрылымы

Осыған сай, білім беру ұйымдарындағы білім беру үдерісін, оқыту жүйесін, барлық деңгейлердегі басқару жүйесінің мақсаттары бір арнаға тоғысып, субъектінің өзіндік дамуын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Оны жоғарыдағы 4 -суретте берілген мақсаттар жүйесі ретінде көрсетуге болады.

Қоғам дамуының қазіргі ақпараттық кезеңдегі жағдайлар, *адам проблемасын* тарихи, әлеуметтік, шығармашылық субъектісі ретінде алдыңғы орынға шығарып, осы өзгерістерге сай білім берудің рөлін тиісінше бағалау қажеттігі педагогиканы басты ғылымдар қатарына қойып отыр. Бүгінгі таңда педагогиканың нысанасы ретінде әртүрлі *оқу-тәрбие жүйелері* алынып, ал оның пәніне әлеуметтік белсенді, шығармашылық тұлғаның өздігінен өмір бойы білім алуы белгіленіп жүргені белгілі. Адамның өзіндік дамуын қамтамасыз ететін тұтас жүйе жасауға деген қажеттіктің бүгінгі таңда ерекше көкейтестілігі қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму талаптарынан туындап отыр. Сондықтан, педагогикалық жобалау жүйенің жалпы мақсатына бағытталып, ондағы мақсат иелері өздігінен білім алушы субъектілер болуы қажет.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Педагогикалық жобалаудағы мақсатты айқындаудың маңызы неде?
2. Стратегиялық мақсат қою мен жобалаудың байланысын мысал арқылы дәлелдеңіз.
3. Педагогикалық жобалаудың нәтижелері деп нені айта аламыз?
4. Педагогикалық жобалаудың субъектілерді дамытушылық ролі қалай айқындалған?
5. Мақсатты–бағдарлы педагогикалық жобалардың ерекшеліктері.
6. Педагогикалық (оқыту) жүйесі дамыту жобасын құрастыру реттері.
7. ҚР Білім беру Заңында білім беру мақсаты қалай анықталған?
8. Бүгінгі білім беруден күтілетін нәтижелер қандай және оларға сипаттама беріңіз.
9. Білім беру жүйесін жаңғырту жағдайындағы негізгі мақсаттар жүйесін атаңыз.
10. Білім беру нәтижелеріне тікелей ықпал ететін факторлар.
11. «Педагогикалық жобалаудың бүгінгі мақсаты – субъектінің өзіндік дамуын қамтамасыз ету» тұжырымын нақты тақырып бойынша жобалау тәжірибесі негізінде дәлелдеңіз.

4. Педагогикалық жобалау және басқару

Педагогикалық жобалау білім берудегі белгілі бір жүйенің (басқару, оқыту, тәрбиелеу, зерттеу, әдістемелік, т.б.) осы кездегі жағдайымен салыстырғанда жобаланып отырған болашақ жағдайының тиімділігін ұғыну, оны жоба ретінде ұйымдастыру және жүзеге асыруды көздейді. Бұл жерде жобалау қызметіне даму қадамдарын орындаушы «белсенді агент» позициясы беріледі және ол белгілі бір мақсаттық–құндылықтық ұстанымдары негізінде күтілетін

нәтижені орындаудың жолдарын белгілейді, басқарады, ұйымдастырады, бағалайды.

Педагогикалық жобалау нысандарын И. А. Колесникова *білім беру ұйымын басқарудағы жобалау, оқу-тәрбие жүйесін басқарудағы жобалау, қоғамдық басқаруды жобалау* деп анықтайды. Жобалау барысында пайда болатын өнімнің, нысанның нәтижесіне, қолданылуына байланысты білім беру жобалары тұжырымдамалық, мазмұндық, технологиялық және үдерістік деңгейлерде жүзеге асырылады.

Жүйе құрамындағы басқарушы және басқарылушы компоненттердің өзара қатынастары мен жүйенің өзін-өзі дамыту ресурстарын тиімді ұйымдастыру арқылы мақсатқа сәйкес күтілетін нәтижелерін қамтамасыз етудің тиімді механизмі – **басқарудағы жобалау** болып табылады.

Басқарудағы *жобалау* білім беру саласын жаңартатын, оқыту мен тәрбие үдерісі үшін жаңа жағдайлар жасай алатын көпфункционалдық педагогикалық үдерісті басқару қызметі ретінде қарастырылуда. Жобалаудың білім берудегі қызметін анықтауда жоғарыда келтірген зерттеушілер пікірлеріне сүйене отырып, *зерттеушілік, талдаушылық, жобалаушылық, жаңартушылық, нормалаушылық, құрастырушылық*, т.б. көптеген сипаттағы мәндерін белгілей аламыз.

Педагогикалық жүйелерді басқарудағы жобалау білім беру үдерісінің синергетикалық заңдылыққа сәйкес *өзін-өзі дамыту әрекеттерін қолдайтын құндылықтар мен мақсаттарға негізделуі* тиіс. Педагогикалық жүйелер жобалау қызметін қолдануға болатын әлеуметтік жүйелердің ішіндегі ықпал ету мүмкіндігі мол құрылым, өйткені, жобалау қызметі негізінде білім беру жүйесінің өзін дамытумен қатар, қоғамдық – саяси, мәдени, экономикалық салалардағы оң өзгерістерді жүзеге асыруға болады.

Білім беру ұйымын басқарудағы жобалау. Педагогикалық жүйелердің басқа да әлеуметтік жүйелер сияқты білім беру ұйымының нәтижелігі мен тиімділігі оның құрылымдық, ақпараттық әлеуеттерінің, ресурстарының тиісті деңгейде қамтамасыз етіліп отыруынан ғана емес, ең бастысы, ұйымды басқарудың ұтымды жүйесін

құрастырудан және оны үнемі жетілдіріп, әрі дамытып отырудан болады.

Қоғам дамуындағы қайта құрулар білім жүйесіндегі өзгерістердің, оны басқарудың жаңа сипаттарын қалыптастырудың алғы шарттары болады. Мысалы, Ф. Кумбс «білім беру жүйесі дағдарыс үстінде, оның әкімшілікке негізделген құрылымы одан шығу жолдарын ұсына алмайды, өйткені, бұл құрылым баяғы заманнан бері өзгерген жоқ. Сондықтан, оның жай дамуы бұдан бұрынғы білім мен сол кездегі қоғам туғызған қарапайым міндеттерге сай болғанымен, бүгінгі қоғамның жаңа талаптарын орындауға дайын еместігін көрсетеді. Ол-білім беруді жаңаша ұйымдастыру, оған сыни көзқараспен қарау және жаңалықтарды белсенді ендіруді жүзеге асыруға есептелмеген құрылым» деп атап көрсеткен.

Жүйелерді ұйымдастырушылық дамытудың логикасына сай педагогикалық жүйелер өз құрамындағы белгілі бір кіші жүйелерден тұратын болғаннан кейін оны дамыту мақсатты, мазмұнды және әдістерді өзгертуді көздейді. Сонымен қатар, басқару үдерісі барлық білім беру деңгейлерін қамтитын болғаннан кейін сол жүйелердің әрқайсысын дамытуды көздейтін басқару міндеттері қойылуы тиіс.

Ұйымдарды басқарудың жалпы теорияларына тоқталсақ, басқарудың ғылыми теориясын 1916 жылы жасаған А. Файоль өзінің алдында кез келген ұйымды табысқа жеткізетін басқарудың әмбебаптық принциптерін құрастыру мақсаты тұрды. Оның принциптері классикалық болып есептеліп, осы күнге басқару тәжірибесінде қолданылып, көптеген теориялардың негізіне алынуда. Бұлар басқарудың өзара тығыз байланыстағы маңызды әмбебаптық қызметтері: жоспарлау, ұйымдастыру, міндет бөлісу, үйлестіру, қадағалау, бақылау.

А. Файоль ұсынған құрылым бүгінгі күнге дейін басқарудың негізгі қызметтері болып келсе де, сынаушылар оны, *біріншіден,* қатаң орындаушылыққа негізделген, құрылымы өзгертуге келмейтін сипаттағы механизм деп есептейді. *Екіншіден,* бұл сипаттары оның қоғамдағы өзгерістер болмайтын, ішкі және сыртқы тұрақты

жағдайларда басқаруға қолайлылығын көрсетеді. *Үшіншіден*, оның ең басты кемшілігі адамның ұйымда өзін ұстауының психологиялық механизмдерін, ерекшеліктерін терең ескермейтін, оны қалыптастыратын түрлі қалыптан тыс факторларды елемейтін сипаттары.

Аталған классикалық көзқарасқа қарама-қарсы, ұйымдағы қарым-қатынастарға негіз болатын адам факторларын қолдайтын мүлдем жаңа көзқарас дами бастады, оның ең алғашқысы 1924 жылы Чикаго маңындағы Хоторн өнеркәсібіне қатысты Элтон Мэйо жасаған адамдық қатынастар теориясы болатын. Ол классикалық теорияны да, оның ықпалынан қалыптасқан адамның әлеуметтік жағдайын қарастырмайтын көзқарастарды да қатаң сынға алып, қызметтік құрылымына өздерінің адамдық қатынастар теориясын ұсынды. Оны қолдаушылардың айтуынша, құрылымы айқын білінбегенімен, адамдар көзқарасы топтық құндылықтық қатынастар қалыптасуына ықпал етеді, сондықтан, басқарушылар ұйымдағы адамдардың түрлі мотивтерін дамытуға, материалдық жағдайлар туғызуға, т.б. ынталандыруға назар аударуы тиіс.

Бұл зерттеулер жаңа қарым-қатынас түрлерін, адамдарды ұйым жағдайында мақсаттық тренингтер мен семинарлар арқылы мотивациялау, басқару стилінде қалыптасқан қатынастарды өзгерту, т.б. жаңа бағыт болып басқару теориясына қосылды.

Сонымен қатар, аталған көзқарас адам факторларын дамытуда маңызды болғанымен, классикалық құрылымның негізіне алынған көп мәселелерді назарынан тыс қалдырды. Бұл теориялардың әуел бастан кемшіліктері, -делінген М. Мескон, М. Альберт, Ф. Хедоури зерттеулерінде, олар: бір ғана басты элементін негізге ала отырып, басқару тиімділігінің бұдан басқа да көптеген факторлардан тұратын нәтижеге бағытталатынын қарастырмайды дейді. Аталған рационалдық және адам қатынастары туралы теориялардың мықты жақтарын зерделеу-басқарудың жүйелілік, ситуациялық және ұйымдастырушылық сипаттарын қамтитын синтездік түрін қарастыруға әкеледі.

Өткен ғасырдың аяғында жобалау негізінде басқару тұжырымдамасы пайда болды. Ұйымдардың нәтижелі

қызметін арттыру мақсатында менеджерлер жүйелі диагностика, жоспарлау, орындау мен өзгерістерді қолдаудың әдістері мен процедураларын басқарудың эволюциясы негізінде жасады. Жобалау негізінде басқарудың мәні ондағы адам әлеуетін тиімді пайдалануға жағдай туғызу, тұлғалық және тұлғааралық қатынастарды дамыту, олардың құндылықтық бағдарларына ықпал ету арқылы ұйымдардың нәтижелі қызмет етуіне мүмкіндік беру.

В. С. Лазарев қазіргі педагогикалық ұйымдарды басқару түрлерін оның сипаттарына қарай бірнеше түрге бөледі:

субъектілігіне қарай - әкімшілік басқару (басқаруға, шешім қабылдауға әкімшіліктің ғана қатысуы) және партисипативтік-қатысушылық (субектілердің басқаруға қатысуы) деп бөледі;

мазмұнына қарай- үдеріске бағытталған және нәтижеге бағытталған;

жаңалықтарды ендіру сипатына қарай – автономдық және интегративті басқару;

өзгерістерге жауап беруіне қарай-болуы тиіс өзгерістердің алдын ала басқару, және болған өзгерістерге реакциялық жауап бере басқару.

Бүгінгі күні басқару теорияларының эволюциясы төмендегідей дамуда:

– ұйымдардың басты ресурстары ретінде адам факторына, ұйымдастырушылық мәдениетті дамытуға көңіл бөлу;

– ұйымдардың нәтижелі қызметін арттыруда қаншалықты маңызды болса да бір ғана бағытты алмау, оларды синтездеу қажеттігі;

– ұйымның өзімен өзі болатын механикалық сипатынан сыртқы ортамен белсенді әрекеттесетін органикалық, ашықтық сипатына көшу;

– ұйымдарды дамыту мен ондағы өзгерістерге жағдай туғызу.

Басқарудың көптеген түрлері ішінде *жүйелі басқару* және оны дамыту тереңірек тоқталуды қажет ететін мәселе. Жүйелі басқарудың басты ерекшелігі *ұйымды белгілі бөлек компоненттердің қарапайым жиынтығы ретінде емес, ал*

интеграцияланған сапалардың тұтас жүйесі ретінде қарастыруы тән.

Жүйелік тұрғыдан басқару идеялары менеджмент теорияларының дамуына сай негізінен батыс елдер тәжірибесінде кең тарады. Оның идеялары жалпы басқарушылық ой-пікір мен көзқарастардың өзгеруіне, олардың жаңа сапаға ие болуына үлкен әсер етті. Оның мәні, әсіресе өндірістік жүйелерді, үлкен корпорациялардың стратегиялық дамытудағы жетістіктерін қамтамасыз етумен қатар, әлеуметтік жүйелерді басқарудың жоғары деңгейлеріндегі стратегиялық шешімдерді қабылдауда маңызды екені анықталды.

Мақсатқа бағытталғандық–ішкі себептерге сай белгіленетін болашақ бейнесінен мақсатты айқындау. Әлеуметтік жүйенің осы аталған сапалары ондағы басқару қызметінің орындалуы арқылы қамтамасыз етіледі. Жалпы ұйымды басқарудағы мәселе шын мәнінде не бар және дұрысында не болу керек, яғни, нелер талап етіледі деген сұрақтардың арасындағы сәйкессіздіктен туындайды. Мұндай сәйкессіздіктің болуы басқарудағы мәселе бар екенінің белгісі болып табылады. Егер басқарушылар пайда болған сәйкессіздікті қалай жоюды білсе, онда мәселелер пайда болмайды, стандартты қалыптасқан жолмен шешіледі. Мәселенің пайда болуы:

– біріншіден, *шын мәнінде бар нәрсе мен не талап етілетіні* арасындағы сәйкессіздік;

– екіншіден, басқарушы бұл сәйкессіздікті саналы түсінеді;

– үшіншіден, *мәселе пайда болған кезде оны қалай жоюды білмейді.*

Сөйтіп, *мәселе дегеніміз* - объективті қажеттіліктер және оны қанағаттандырудағы субъектінің мүмкіндіктері арасындағы сәйкессіздік. Педагогикалық мәселелер екі түрлі жағдайда пайда болады, *біріншісі*, шын мәнінде бар нәрсе өзгеріп, оның талаптарға сәйкес болмаған жағдайы. Мысалы, білім алушылар үлгерімнің төмендеп кетуі немесе педагогтың басқа жерге ауысып, оның орнына адам табылмауы. *Екіншісі*, қойылатын талаптардың өзгеруі және бұрын қанағаттандырып келген нәрселер енді

қанағаттандырмайды. Мысалы, егер білім беру нәтижесіне қойылатын талаптар өзгерсе, онда бұрын қанағаттандырып келген нәтижелер енді қанағаттандырмайды, т.б.

Келесі түсінік «мәселені шешу», яғни, іс жүзіндегі жүйені күтілетін жүйеге сәйкестендіру. Оның кезеңдері:


бірінші кезең, іс жүзіндегі жүйенің белгілі бір қызметін өзгертіп, оны күтілетін жүйе деңгейіне жеткізетін жаңа сипатты жүйе құрастыру;

екінші кезең, іс жүзіндегі жүйеден күтілетін жүйеге өту процесін жоспарлау, яғни, осы үдерісті жүзеге асыратын жүйе құрастыру;

үшінші кезең, шешімдерді жүзеге асыру.

Мәселені шешу – күтілетін және іс жүзіндегі жүйелердің арасындағы кеңістікті толтыру. Мәселені шешудің моделі мен мәселені іс жүзінде шешу – екі түрлі нәрселер.

Мәселені шешу моделі күтілетін жүйені мақсат ретінде алып, оны орындаудың толық жоспары, сонымен қатар, мақсатқа жету үшін іс жүзіндегі жүйеде нені, қашан және қалай өзгерту керектігін көрсетеді (сурет 5).



Сурет 5 – Жүйелік проблеманы шешу моделі

Мәселені іс жүзінде шешу – іс жүзіндегі жүйені күтілетін жүйеге айналдыру мақсатында өзгертудің нақты үдерісі. Іс жүзіндегі шешімнің кейбір кезеңдерде мәселені шешудің моделіне сәйкес келмеуі де мүмкін, бұдан жаңа мәселелер туындайды.

Педагогикалық жүйелерді басқару мәселелерін шешудің жолдары:

– мәселені анықтау;

- мәселенің өзектілігін бағалау;
- шектеулер түрлерін белгілеу;
- мәселені шешудегі күтілетін деңгейге жету дәрежесін анықтайтын критерийлерін айқындау;
- жүйенің мәселені шешудегі мүмкіндіктерін талдау;
- мәселені шешу жолдарының бірнеше нұсқасын жасау;
- нұсқаларға баға беру, тиімдісін таңдау;
- шешімді жүзеге асыру;
- шешімнің орындалу нәтижесін бағалау.

Өзгеріс объектілеріне жүйелердің мақсаттары, шарттары, мазмұны, құралдары, әдістері, оқыту, тәрбиелеу, басқару, т.б. үдерістер түрлері жатады.

Қазіргі инновациялық жаңғыртуларды ендіру барлық деңгейдегі, мемлекеттік мекемелер, жеке фирмалар, ірі корпорациялар болса да, белгілі бір ұйымның өмір сүруі мен дамуының басты элементі болып отыр. Жүйелілік тұрғысынан қарастыратын болсақ, инновациялар жүйені өзгертетін, оның дамуын келесі деңгейге көтеретін басты факторға айналды. Педагогикалық жүйелер қазіргі қоғамның басты салаларының бірі ретінде осы инновациялық өзгерістерді бастан кешіру үстінде.

Бүгінгі білім беру тәжірибесіндегі өзгерістерге байланысты басқару қызметі технологияларын жүзеге асырудағы басым бағыттар да өзгеруде, олар соңғы кездері стратегиялық көзқарасқа, дамытушылық сипатқа қарай ауыса бастады (кесте 2).

Кесте 2 – Жобалау басқару қызметі ретінде

Басқару түрі	Жүйенің жобалау объектісі ретіндегі жағдайы	Жобалау қызметі	Жобалау жиілігі	Жобалау әрекеті стратегиясы
Әкімшілік басқару	Жүйенің қанағаттанарлық жағдайы	Жүйені белгілі бір нормаға сай жетілдіру	Жоспарлау логикасы мен аясына сай	Жобалау объектісі ретіндегі типтік ұқсастықты сақтау
Оңтайлылық басқару	Кейбір бөліктері мен компоненттерінің қанағаттанарлық сыздығы	Жаңа қасиеттерін, байланыстар мен қызметтерін дамыту	Бағдарла – малау мен құрастыру логикасы мен аясына сай	
Инновациялық басқару	Қанағаттанарлықсыз, жүйенің жаңа	Тұтастық ішінен жаңа	Болжау мен модельдеу	Жобалау объектісі

	қызметтерін қажет етеді	құрылымның қызметі мен орнын анықтау	логикасы мен аясына сай	ретіндегі жүйелі трансформациялану
Дамыта басқару	Қанағаттанарлықсыз, жүйенің жаңа түрлерін Қажет етеді	Жүйенің түрін өзгерту	Жобалаудың өзінің логикасы мен аясына сай	

Егер «жоба» тұрақты күйдегі ұғымды білдірсе, онда жобаны жасау оны құрастыру – қозғалыстағы күйі, өйткені, ойлау әрекеттері ұйымдастырушының бірқатар ізденістік–зерттеу қызметтерін, ойлау операцияларын көздейді, олар: *болжау, жобалау, модельдеу, құрастыру*, т.б.. Ал жобаны жүзеге асыру – ұйымдастырушының басқарушылық әрекеттеріне қатысты операцияларын – *бағдарлама жасау, жоспарлау, бағалау, түзету* әрекеттерін қажет етеді.

Олай болса, болжам жасау, жобалау, модельдеу, құрастыру, бағдарлама жасау, жоспарлау, бағалау әрекеттері жобалау қызметінің өз алдына жеке түрлері ретінде қарастырыла алады. Сонымен қатар, олардың әрқайсысының бойында аталған әрекеттер жүйесі кіші деңгейде осы ретпен орындалып жатады. Мысалы, белгілі бір ауқымды мәселені болжау барысында жоба жетекшісі төмендегідей жобалау әрекеттерін ретімен орындайды:

- мәселені *нақтылау*;
- оның «болашағын» *болжау* – қазіргі жағдайдағы мәселелер, күні ертең шығуы айқын және алдағы уақытта пайда болуы мүмкін мәселелер;
- оларды ескере отырып, басқару әрекетін дамытудың тиімді жолдарын *жобалау*;
- қолайлы нәтижеге жету жолдарын *жоспарлау*;
- қабылдануы қажетті шешімдерге *баға беру*;

Осы әрекеттердің ішіндегі ең маңызды рөлді жобалау атқарады, өйткені, ол оған қатысты барлық әрекеттермен тығыз байланыста, сонымен қатар, аталған әрекеттердің барлығы да жобалау объектісі қызметін атқара алады. Кейіннен инновациялық қозғалыстың кеңінен тарауына байланысты бұл ұғымның өзі де нақтылана басталды, кейбір зерттеушілердің пікірінше, инновацияға тән қасиеттер ретінде мыналарды алуға болады:

- жаңа қажеттіктерді қанағаттандыру;

- жоғары дәрежедегі тәуекелге бару мен алатын нәтиженің белгісіздігі;
- қарама - қайшылықтар мен конфликтілердің шиеленісуі;
- өзгерістер түрлерінің икемділігі;
- күтпеген нәтижелердің пайда болу ықтималдығы;
- жүйенің дамудың жаңа деңгейіне өтуі;

Бүгінгі қоғам дамуына тән жедел өзгерістер жағдайында басты мәселе үнемі туындап отыратын проблемалық ситуацияларды шешудің әдіс амалдарын табу болғандықтан, инновациялар үнемі өзгеріп отыратын жағдайға жауап беріп отырудың тиімді түрі болып табылады.

Педагогикалық жүйелерде туып отырған қазіргі *проблемалық ситуация* - қазіргі экономикалық қатынастарға еніп кетуге мүмкіндік беретін оқу нәтижелерін күтетін білім алушылар талабы мен осы талаптар мүддесінен көбінесе шыға алмай жүрген білім беру үдерісін басқару қызметі арасындағы қайшылық. Білім сапасын көтеру, оның мазмұнындағы прагматикалық компоненттерді күшейту бағытында өзгерту талаптары осыдан туындап отырған мәселелер.

Басқарудағы жобалау қызметінің *алгоритмі жобалау үдерісінің үздіксіз циклін* құрайды. Оның басталуы педагогикалық жүйелердегі әлеуметтік -мәдени ситуациялар талаптарына сәйкессіздіктері анықталған әрекет талаптарын өзгерту, қайта жаңғырту мақсатын көздейтін өзіндік сұраныстан немесе сыртқы *сұранысты* қабылдаудан басталады. Сұраныстың қабылдануы немесе түсіндірілуі үшін басқарушының басқару әрекетін ұйымдастыру негізінде жетуді көздейтін *түпкілікті нәтиже* туралы нақты түсінігі болуы қажет. Сөйтіп, болашақ әрекеттің ең қарапайым және міндетті талабы – әрекеттің *мақсаты* анықталады. Әрекет мақсаты басқарушы айқындаған *тұрғысы мен принциптеріне* негізделеді. Одан соң әрекеттің берілген үлгісінен белгіленіп отырған күтілетін нәтижесіне жеткенге дейінгі барлық жолдары анықталады, ол кезеңдерге жүйелі түрде бөлініп көрсетілген әрекеттің талаптары *жоспар* болып табылады. Осылайша, барлық процедуралар мен оны орындауға қажетті *құралдарды*,

орындалу *мерзімін*, алынатын аралық өнімдерін нақтылай отырып, басқарушы әрбір кезеңнің *технологиялық сипаттамасын* жасайды. Бұл талаптың маңызы зор, өйткені, осы сипаттамаларды белгілеу барысында *қажетті ресурстар* анықталады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. И. А. Колесникова бойынша педагогикалық жобалау нысандарын атаңыз.
2. Басқарудағы жобалаудың «белсенді агент» позициясын түсіндіріңіз.
3. Білім беруді басқарудағы жобалаудың синергетикалық заңдылыққа негізделу мәнін түсіндіріңіз.
4. Ф. Кумбстың не себептен «білім беру жүйесі дағдарыс үстінде» дегенін дәлелдеңіз.
5. А. Файоль ұсынған басқару құрылымының жетістігі мен кемшілігін талдаңыз.
6. Э. Мэйо жасаған «адамдық қатынастар теориясының» мәні неде?
7. Басқарудың бүгінгі рационалдық бағыттарының өкілдері кімдер, олардың ерекшелігі неде?
8. В. С. Лазаревтың басқару түрлеріне сипаттама.
9. Басқарудағы жобалау негізінде мәселені шешу моделі.
10. Басқарудағы жобалау қызметінің алгоритмі.
11. Глоссарийді жалғастырыңыз.

5. Жобалаудың білім берудің жаңа нәтижелерін қалыптастырудағы рөлі

Бүгінде посткеңестік кеңістікте ғана емес, батыстың алдыңғы қатарлы дамыған елдерінде де білім беру жүйесін жаңғырту өзекті мәселеге айналып отырғаны белгілі. Зерттеушілердің айтуынша, экономикалық дамудың жаңа факторы ретінде инновациялық үдеріспен бірге өрлеп келе

жатқан білімділікке сұраныс қалыптасуда, бұл экономика әлемде *білімділік экономикасы* деп аталуда. Европалық экономикалық бірлесу және даму ұйымының (ОЭСР) көптеген елдерде жүргізген зерттеулері қорытындысында білім саласы білім индустриясына айналуы тиіс дей отырып, білім беру жүйесінің өзі де білім алуы, одан әрі дамуы керек, өйткені, білім нәтижелерін жақсарту үшін жүйелердің өздері тиімді болуы қажеттігі атап айтылған. Еуропаның табысты болуының кілті – білімдар экономикаға тікелей байланыстылығы көптеген талдаулар арқылы дәлелденген.

Халықаралық ұйымдар, соның ішінде, Европалық білім қауымдастықтары да жаңа білім парадигмасының білім беру нәтижесіне бағдарлылық мазмұнын алға қоюда. Мысалы, біздің еліміз толық мүшесі болып қабылданған Болон процесі барлық деңгейлердегі білім беру ұйымындағы оқытудың қалыптасқан нәтижелері – білім, білік, дағдыға – қоса күзiреттiлiк сапаларының қарастырылуын жаңа парадигма туғызып отырған жаңа қажеттік деп бағалайды.

Білім алушының білім, білік, дағдыларымен қатар, күзiреттiлiк сапаларының болуын қажет ететін тенденциялар қазіргі заманның *білім алу заманына* айналып келе жатқанын көрсетеді. Соған сай білім үдерісінде білім беруден – білім алуға, оқытудан – оқуға көшу парадигмасы білім беру жүйесі ресурстарын қайта қарау талаптарын қойып отыр. Олар: білім беру мақсатын, күтілетін нәтижелерін нақтылау, білім беру үдерісін басқару әдістері мен технологияларын жаңарту, білім мазмұны мен білім беру үдерісін ұйымдастырушылық – ресурстық тұрғыдан қамтамасыз ету.

Біздің еліміздің білім беру саясатын айқындайтын, Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы және басқа да құжаттарындағы білім беру жүйесін дамыту талаптары интеллектуалды ұлтты қалыптастыру туралы нақты міндеттерінен туындап отыр. Олар төмендегі бағыттарды қамтиды: біріншіден, интеллектуалды еңбектің мәртебесін көтеріп, жастардың білімділікке, парасаттылыққа, Отан мен халыққа қызмет етуге деген қарым-қатынасын өзгерту, екіншіден, ұлттық интеллектінің дiңгегiн құру, ол үшін халықаралық деңгейде бәсекеге түсе алатын білімді,

жаңаша ойлайтын, қабілеті мол азаматтар қалыптастыру, үшіншіден, білім, ғылым және инновациядағы серпілісті қамтамасыз ету. Бұлардың барлығы да жаһандық әлемдегі білім беруді дамытудың негізгі факторы адами капитал рөлін арттыру, адами ресурстарға деген жаһандық бәсекелестіктің өсуі және жаңа технологиялық толқын талаптарына жауап беруді қамтамасыз ету мақсаттарын көздейді. Соған сай, білім беруді жаңғырту, оны қаржыландыруды тұрақты түрде арттыру арқылы 2020 жылдарға қарай білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз ететін жаңа жүйені қалыптастыру міндеттері нақтыланды.

Осы міндеттер бүгінгі таңда еліміздің білім беру мазмұны мен нәтижелерін жаңартуды қажет етеді. Адам капиталын дамытуды көздейтін жаңа экономикалық қатынастардың нығаюы мен әлемдік өркениетке ықпалдасу білім берудің құндылықтарын жаңғыртуға ықпал етуде. Білім саласындағы жаңа құндылықтар ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының барлық буындарына арналған мазмұнында айқындалған. Ондағы негізгі өзгерістер білім берудің жаңа нәтижелері ретінде білім алушылардың *құзыреттіктерін қалыптастыру* белгіленуінде. Мысалы, 2008-2009 жылдары талдауға ұсынылған Жалпы орта білім беру стандартының 5 бөлімінде орта білім беру мақсаты – білім алушылардың түйінді және пәндік құзыреттерін қалыптастыру арқылы олардың танымдық қабылеттерін, алған білімдерін оқу және өмірлік жағдаяттарда шығармашылықпен пайдалана алуын, өзін-өзі дамыту мен өзіндік басқаруын қамтамасыз ету деп сипатталған. Аталған құжаттың 5.5 бөлімдегі базалық білім мазмұны және әр білім саласы бойынша *түйінді және пәндік құзыреттерді* кіріктіру арқылы күтілетін нәтижелерді анықтауға бағдар болып табылады, түйінді құзыреттер әр білім саласының алатын орнына сәйкес пәнаралық сипаттағы қабілеттер ретінде алдымен оқу пәндері арқылы қалыптасып, дамиды. Түйінді құзыреттерге: *ақпараттық құзырет; коммуникативтік құзырет, проблемалардың шешімін табу құзыреттері* жатады деген жолдар еліміздегі білім нәтижелерінің жаңа сапасын қамтамасыз етудің нақты қадамдарын көрсетеді.

Сонымен қатар, стандарттардың Білім беру үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктері» туралы бөлімінде білім беруді ұйымдастыруға қойылатын жаңа талаптар белгіленген. Мысалы, 9.4 бөлімде: білім алушылардың *жеке және топпен өз бетінше іс-әрекетін жүзеге асыру* үшін білім беру білім, білік және құзыреттердің кіріктірілуін қамтамасыз етуі тиіс. Білім беруді ұйымдастыруда білім алушылардың жетекші іс-әрекеті ретінде олардың өзбетінше зерттеу *жүргізулері* негізінде субъективті жаңалық ашуларын жүзеге асыратын *тақырыптық және пәнаралық жобалар* басымдық танытады делінген. Ал, 9.5 бөлімдегі мұғалім мен оқушы арасындағы серіктестік қатынаста құрылған оқу ортасы білім беру үдерісіне қатысушылардың іс-әрекеттерінің өнімділігін қамтамасыз етеді. Бұл жерде мұғалім ұйымдастырушы ретінде сыныптағы оқушылардың жеке білім беру траекториясын іске асыруды қамтамасыз етеді, олардың сыныптан тыс оқу-іс-әрекеттерде бағдарлануына көмектеседі, *өз бетінше білім алу дағдыларын* дамытуға жағдай жасайды, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді деген міндеттер педагогикалық жүйелердегі білім беру үдерісін басқарушы педагогтардың жаңа әдістерді меңгеру ғана емес, алдымен осы бағытта қалыптасқан ой - пікірлерінің, жалпы педагогикалық біліктіліктері мен құзыреттіліктеріндегі жаңа сапалық өзгерістерді қажет етеді.

Осылайша, жалпы қоғамдағы үдерістердің инновациялық сипат алуы және өзгерістердің басты ресурстары ретінде адам капиталы белгіленуі білім беру жүйелеріндегі барлық салаларды *жаңаша ұйымдастыру* талаптарын қояды. Қазіргі таңда білім беруді дамыту бағыттарын көрсететін бірнеше маңызды факторларды атауға болады. Олар:

1. Жаңа білімді туындату немесе жаңа білім түзілімдерін құрастыруға (бұрын тек мұғалім ғана жаңа білім көзі бола алатын) көптеген адамдардың, ұжымдардың қатысуына байланысты *педагогтардың рөлінің, сонымен қатар, білім беру мазмұнының өзгеруі;*

2. Педагогтардың бойында өз әрекетін интеллектуалдық тұрғыдан қамтамасыз ететін *жаңа құзыреттіліктерін дамыту қажеттігі*;
3. Қазіргі заманда өмір сүру барысында кез келген *адамның құзыреттік сапаларын бірнеше рет жаңартып отыру* қажеттігін түсіну;
4. Бүгінгі білім берудің *жекеленуге бағытталуы*, яғни, әрбір білім алушы педагогтар мен тьюторлардың көмегімен, өзіндік білім алу траекториясын құрастыра алуы талап етілуі;
5. Педагогикалық жүйелерді басқарушылардың қатарында жаңа мәселелерді шеше алатын, ойлау мен *инновациялық әрекет етудің жаңаша үлгілерін жасай алатын адамдар* болуын қажет етуі.
6. Ғылыми білімнің мектептегі сабақ–сыныптық, университеттердегі дәрістік–семинарлық формада *жаттанды түрде берілуін өзгерту* қажеттігі.

«Мак Кинзи» компаниясының кеңесшісі, ағылшын зерттеушісі М. Барбер білім беру нәтижесін түбегейлі өзгертудің басты үш факторы бар, олар: педагогтық қызметке соған лайық адамдардың келуін қадағалау, оларды оқытушылық қызметін тиімді жүргізуге қажетті деңгейде даярлау және әрбір білім алушыға сапалы білім беруге қолайлы жағдай туғызу. Кез келген білім беру ұйымындағы білім сапасы онда жұмыс істейтін оқытушылар сапасынан жоғары болуы мүмкін емес деген. Ол сонымен қатар, өзінің көптеген елдерде жасалған зерттеулеріне сүйене отырып, «әлемдегі нәтижесі жоғары білім беру ұйымдарын басқарудағы бәріне ортақ қасиет-ұйым жұмысындағы сапалы өзгерістерге қол жеткізудің бірден бір факторы педагогтарды дамытуға қажетті жағдайлардың жасалуы» дейді.

Бүгінде түрлі деңгейлердегі педагогикалық жүйелерде көптеген инновациялық бағыттар пайда болып, жеке педагогтар тарапынан жаңа білім беру мазмұнын көздейтін оқулықтар мен бағдарламалар, оқытудағы ақпараттық - коммуникативтік, интерактивтік технологиялар ретінде ендірілуде. Дегенмен де, заман талабынан туындап отырған білім берудің жаңа құзыреттілік нәтижелерін қалыптастыру

педагогикалық ұжымның түгелдей теориялық дайындығын, әдістемелік және технологиялық тұрғыларын терең меңгеруін қажет етеді.

Білім берудің барлық деңгейлерінде жаңа білім нәтижелерін қалыптастыруды педагогикалық ұжымдардағы өзгерістердің өзегі деп қарастырсақ, ұйымның оны қамтамасыз ететін инфраструктурасы, ресурстары болуы тиіс. Өйткені, жаңа нәтижелеріне бағытталған өзгерістер мазмұны білім беру ұйымын басқарушылардың қалыптасқан көзқарасын, ойлау әрекеттерін өзгертуді, жаңа құзыреттіліктерін дамытуды талап етеді. Сонымен қатар, педагогтардың ойлау мен іс-әрекеттік дағдыларын, мотивациялары мен ұстанымдарын, басқару стилі мен әдістері өзгертуі тиіс.

Педагогикалық ұжымды дамытуға қажетті өзгерістер. Кез-келген ұйым, соның ішінде білім беру ұйымы институционалдық сипатта болғандықтан, сондықтан оған қажет болатын өзгерістер деңгейі ұжымда қалыптасқан қарым - қатынастарға байланысты жасалады. Педагогикалық ұжымға қатысты қарастырсақ, ондағы ұйымдастырушылық өзгерістерді білдіретін, біріншіден, ұжымның өзіндік ерекшеліктері, білім беруді ұйымдастыру тәжірибесі, педагогикалық дәстүрлері, әлеуметтік-психологиялық жағдайлары, т.б., екіншіден, ұжымның ішкі ұйымдастырылу тәртібі, педагогтардың кәсібилігі және жалпы деңгейі, ұжымның құрылымы, ондағы қарым - қатынастар, т.б.

Қалыптасқан ұжымдық құндылықтар ұйымның мүшелеріне белгілі бір дәрежеде еркіндік пен сенімділік береді. Білім беру ұйымдарын дамыту өзгерістері қалыптасқан құндылықтардың өзгеруіне әкелетіндіктен, оларды енгізу ұйым мүшелерінің мақұлдауын қажет етеді. Сондықтан, ұйымдастырушылық өзгерістердің табысты жүзеге асырылуы оны ең әуелі сол ұжымдағы адамдардың дайындығын қамтамасыз еткен жағдайда ғана мүмкін болады.

Педагогикалық ұжымның жаңа талаптарға сай өзгерістерін қамтамасыз ету, ұйымдастырудың *жобалауға негізделген жаңа моделін жасауды* қажет етеді. Өйткені, педагогтарды бірлескен шығармашылық жұмыстарға тарту,

олардың мүмкіндіктерін анықтай білу және пайдалану, өзгелермен қарым – қатынас жасау, мәселелерді талдау мен шеше білу жолдарын меңгеруде жобалау әрекеттерін ұйымдастыру тиімді болады.

Педагогикалық ұжымда жүзеге асырылатын жобалау әрекеті ең алдымен, педагогтардың құзыреттілігін дамытуға бағытталса, олар оқыту барысында білім алушылармен жаңа субъектаралық қарым-қатынастар орнату арқылы білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етеді деп күтіледі.

Білім беру ұйымдарын дамытуда *жобалауды жүзеге асыру* тәжірибеде әлі де аз кездеседі, бүгінде бұл жұмыс педагогтарды дамыту қызметі негізінен әдістемелік семинарлар арқылы жүргізіліп отыр. Соған байланысты, педагогтарды жобалау қызметіне тарту олардың нақты іс - әрекетін жобалау арқылы өз тәжірибелері негізінде жүргізілуі тиіс.

Осылайша, педагогикалық ұжымдарда жаңа құзыреттілік нәтижелеріне сай мақсаттық-бағдарлы өзгерістерді жүзеге асыру үшін педагогтармен *жобалау қызметін ұйымдастыру қажеттілігі және осы мақсатта ұжым мүшелерінің арнайы құзыреттіліктерін қалыптастыру міндеттері* отыр.

Педагогикалық ұжымды жобалау әрекетіне тікелей қатыстыру арқылы оқытудың негіздемелері:

- жобалау барысында негізгі міндеттер қатысушылардың ойлау және іс - әрекеттерінің нәтижесі ретіндегі *жобалар* арқылы жүзеге асырылады;
- жобалауға қатысушылардың ойлау әрекеттері мен тәсілдерін өзгертуге мүмкіндік беріп, өзара тиімді қарым–қатынастар қалыптастыруға ықпал етеді, ал өзара түсіністік жағдайында ұжымды *жаңарту жұмыстары нәтижелі* болады;
- жобалау ұжымның әрбір мүшесі үшін құндылықтары мен *қабілеттерінің, дағдылары мен ішкі сенімдерінің өзгеруіне* ықпал етеді;
- жобалау педагогтарға жаңа іс - әрекет түрлеріне қатысуға, *оларды игеруге мүмкіндік береді*, сонда -

ғана олардың бойында өзгерістер жасауға қабілеттілік пайда болады;

Сөйтіп, қазіргі заман талаптарына сай болу үшін білім беру жүйелеріне қажет іс-әрекеттер: оқытудың жаңа идеялары, әдістері мен технологиялары, білім беру инфраструктурасының жаңартылуы, т.б. жобалауды игеру нәтижесінде мүмкін болатын өзгерістер.

Педагогикалық ұжымдағы адам ресурстарының жаңа сапасын қалыптастыру мақсатындағы өзгерістер ең әуелі, педагогтардың инновациялық мүмкіндіктерін дамытуға бағытталса, оның нәтижесі білім берушілермен қарым - қатынастың өзгеруіне әкеледі.

Осылайша, педагогикалық ұжымды арнайы дайындау арқылы олардың педагогикалық қызметін жаңаша ұйымдастыруына қажетті құзыреттілік сапалары қалыптасады деуге болады.

Жобалау әрекетін жүзеге асыру оны ұйымдастыратын адамдардың құзыреттілігінің жоғары болуын талап етеді, өйткені, ұйымдағы педагогтардың жобалауды өз тәжірибелеріне ендіруі үшін қолайлы жағдай қалыптастыру қажет.

Педагогтардың құзыреттілігін дамыту олардың оқытудағы жобалаудың мазмұны мен әдістерін, оның тиімділігін, бағалау көрсеткіштері мен өлшемдерін жасай білуді меңгеруімен тығыз байланысты.

Ол үшін, алдымен, педагогтардың жоба жетекшілері ретіндегі арнайы құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған бағдарламасының мазмұнын, соған орай, күтілетін нәтижесін құрастыру керек. Олар төмендегі құзыреттіліктер болып анықталады:

- жаңа нәтижелерге бағытталған оқыту үдерісін жобалай білу және оны жүзеге асыру жолдарын жасай білуі;
- оқушылардың жобалау қызметін ұйымдастыра білу;
- жобалардың тиімділігін бағалай білуі;

Одан кейін, бағдарлама бойынша жоспарланған оқыту мен тәжірибені ұштастыру барысында жобалау әдістерін игерген педагогтардың аталған құзыреттіліктерінің

қалыптасу деңгейі олардың жұмыс өнімдері немесе, күтілетін нәтижелері - *жасалған* жобаларға сараптама беріледі. Сараптама бірнеше деңгейлерде ұйымдастырыла алады: берілген өлшемдерге сәйкес өзіндік сараптама, жобалау қызметін ұйымдастырушы сараптамасы немесе, басқа ұйымнан шақырылған тәуелсіз сараптамашы маман бағасы.

Жобаларды бағалаудың бүгінгі күні бірнеше өлшемдері мен көрсеткіштері қалыптасып отыр, олардың ең көп пайдаланылатыны төмендегі бағалау картасы:

Өзектілігін бағалау. Жобалау оқытуда белгілі бір қиындықтар туғызып отырған мәселелерді анықтап, оны тиімді шешуге бағытталған болуы тиіс. Осындай мәселелік бағыттарды айқындау, талдау жасау арқылы негіздеу және шешу жолдарын ұсыну, жобалау маңызды мәселеге бағытталғанын көрсетеді.

Өлшемдері болуын бағалау. Жобалау нәтижесі қалыптасқан жағдайды өзгертетін, не жетілдіретін болуы керек. Ол үшін алдын ала анықтау алуды қажет ететін сұрақтар: 1) жобаның қандай көрсеткіштері нәтижелер деп есептеледі; 2) оларды қандай параметрлер арқылы өлшеуге болады және олар немен өлшенеді?

Қолжетімдігін бағалау. Жобалаудың қолжетімдік стратегиясын жүзеге асыру оның күтілетін нәтижелерінің алдын ала анықталуы және оны орындау жолдары мен механизмдерінің нақты кезеңдері мен алгоритмінің жасалуынан белгілі болады.

Шынайылығын бағалау. Жобалауды іске асыратын лайықты адамдар тобының белгіленуі, жобалаудың мазмұны мен технологиясы, қажетті ресурстарының анықталуы. Осы әрекеттердің болуы жобалаудың шын мәнінде жүзеге асырылуына мүмкіндік жасайды.

Уақыт шектеулерінің белгіленуін бағалау. Бұл жобалау қызметінің басталу және аяқталу мерзімдерін, орындау барысындағы аралық кезеңдерді және әрбір аралық кезеңнің мақсаты мен күтілетін нәтижелерінің нақты белгіленуінен көрінеді.

Болуы мүмкін күтілетін кедергілермен тәуекелелдік дәрежесінің анықталуы. Жобалау барысында осыған ұқсас

тәжірибелерді зерттеу және талдау арқылы алдын ала болжау әрекеттеріне сүйене отырып, болуы мүмкін кедергілер мен қиындықтардың, одан шығатын жолдардың алдын ала белгіленуі.

Жобаның өміршеңдігін бағалау. Оның мәнісі жоба жетекшілерінің алдына қойылған міндеттерді орындап, жобаны жасағаннан кейінгі жағдайын анықтау болып табылады. Бұл жоба әрі қарай жалғасуы мүмкін бе, ол үшін қандай ресурстар бар, қандай ресурстар қажет? Міне, осы талдаулардың болуы жобаның өміршеңдігін көрсетеді.

Берілген талаптарға сай педагогикалық ұжымның дамуын қамтамасыз ететін *мақсаттық-бағдарлы жобаларды* ұйымдастыру және оның тиімділігін аталған көрсеткіштер арқылы бағалау жобалаудың тиімділігін қамтамасыз етеді.

Қорыта келе, жаңа білім беру нәтижелері мазмұны жағынан білім, білік, дағдыларға бағытталған дәстүрлі білім беру шеңберінен шығып, адамның тұлғалық сапаларын әрекеттік тұрғыдан қалыптастыруды көздейтін жаңа талаптар білім беру ұйымдарының өзгерістерін қажет ететіні белгілі болды. Сондықтан, педагогикалық ұжымдарда болашақ өзгерістерге алдын ала дайындық жүргізілуі тиіс. Өзгерістерге алдын ала дайындық дегеніміз-қол жеткен нәтижелерді талдау барысында болашақ жағдайды ілгері көре білу, соған сай жүйенің дамуын қамтамасыз ететін ресурстарды алдын – ала даярлай білу дегенді білдіреді.

Алдын ала даярлық педагогикалық ұжымның тұрақты дамуына мүмкіндік береді, өйткені, бұл жағдайда төмендегі қызметтер жүзеге асырылады: педагогикалық ұжымды дамытудағы нақты жаңа өзгерістер алдын ала белгіленеді; ұжым мүшелерінің бірлескен әрекеттері барысында аталған өзгерістерді қамтамасыз етуге қажетті құзыреттіліктер анықталады; педагогтар бойында жүзеге асыруға қажетті кәсіби құзыреттіліктерін арттыратын жобалау арқылы оқыту бағдарламасы құрастырылады және жүзеге асырылады. Сөйтіп, жобалау негізінде педагогтар құзыреттіліктерін қалыптастыру олардың өзгерістер жағдайында нәтижелі жұмыс жасауына қажетті инновациялық мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Білім берудің нәтижелеріне қойылатын жаңа талаптардың әлемдік деңгейде қарастырылуы.
2. Қазақстанда білім берудің жаңа нәтижелерінің айқындалуы.
3. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарындағы білім берудің жаңа нәтижелері.
4. Жаңа білім нәтижелерін қамтамасыз етуде педагогтарға қойылатын жаңа талаптар.
5. Педагогикалық ұжымды білім берудің жаңа міндеттерін жүзеге асыруға теориялық, әдістемелік және технологиялық дайындау жолдары.
6. Педагогикалық жобалау негізінде педагогтардың арнайы құзыреттіліктері және оларды дамыту.
7. Педагогикалық жобалаудың жаңа білім нәтижелерін қалыптастырудағы рөлі.
8. Педагогикалық ұжымдағы жобалау нәтижелерін бағалау.
9. Глоссариймен жұмыс.

6. Педагогикалық жобалаудың заңдылықтары мен ұстанымдары

Мақсатты әрекет ретіндегі жобалаудың мәні өзгерістерді басқару идеясымен тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда жалпы жобалау қызметінің де, нақты жобалардың да ауқымы жобалау қызметін жүзеге асыру нәтижесінде болатын өзгерістер деңгейіне қатысты өлшенеді. Сондықтан, нәтижесінде *нақты жобалар* құрастырылатын (басқарушыларды оқыту бағдарламасы, тренингтер, семинарлар, жаңа оқулықтар, белгілі бір педагогикалық зерттеу нәтижесі ретіндегі өнім, т.б.) *жобалау* мен сол нәтижелердің педагогтар мен білім алушыларды, басқарушыларды, ұйымды немесе *жалпы*

жүйені дамытуға жасайтын ықпалын айыра білу және оны пайдалана білудің маңызы зор.

Жобалауды педагогикалық инновация тұрғысынан қарастырсақ, оның өзі шын мәніндегі инновация болып табылады. Өйткені, жобалау негізінде жүзеге асырылатын қайта құрулар ұйымның дамуы мен ондағы өзгерістердің инновациялық механизмін жасайды. Сөйтіп, жобалауды ұйымдастыру, жобалардың ішкі мазмұнын, жоба құрастыру жолдарын және жобалау нәтижесінде берілген жүйенің дамуына ықпал ету жолдарын қамтиды.

Соған орай, ұйымдастырушылар назарында үнемі екі топтағы мәселелер тұруы тиіс, олар: 1) жобалау қызметін ұйымдастыру – *орындалатын жобаның мазмұны мен оған қажетті ресурстары* және 2) күтілетін нәтижелер – *жүйенің өзін дамытуы.*

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, жобалау әрекетін ұйымдастыру бірнеше деңгейден: жобалау тұжырымдамасын жасау, оның мазмұндық және үдерістік қызметтерін құрастыру және орындаудан тұрады.

Жобалаудың бастапқы кезеңінде оның түпкілікті нәтижесі нақтыланады. Оның барысында жүйені дамытудағы күтілетін нәтиженің мәні нені қалыптастыру қажет, ол – *жаңа қатынастар* деңгейі ме, әлде *құзыреттілік* пен *кәсібиліктің* жаңа деңгейі ме, оқыту мен тәрбиедегі жаңа дәстүрлер бола ма нақты анықталады.

Жобаланатын педагогикалық құрылымның компоненттік бөліктерінің әртүрлі құрастырыла алатын қасиеттеріне сай жобалау қызметі де түрлі бағыттарда жүргізіле алады. Сөйтіп, жобалау әрекеті жүйені жан-жақты дамытуға, яғни, оның ішкі қызметтік - құрылымдық байланыстары мен адам ресурстарын дамытуға бағытталады.

Бірақ, қай жағдайда да жүйенің құрылымын жобалауда жүйе құрылымдарының изоморфтығы (*gr.isos* және *morphe* - *ұқсас құрылымдар арасындағы сәйкестік қасиеті ұғымы*) туралы ережеге сүйену қажет болады. Құрылымдық компоненттерінің артықтығы да немесе жетіспеушілігі де жүйенің дамуына кері әсер ететіні есте болуы қажет. И. А. Колесникова, оны тірі организмдер жүйесімен ұқсастырады:

табиғат тірі организм бойында ұқсас қызметтер атқаратын немесе бәсекелес органдар болмайтыны тәрізді, педагогикалық жүйелердің ішінде де артық, бірін–бірі қайталаушы қызметтер атқаратын құрылымдар болуы тиіс емес. Әйтпесе, педагогикалық қызметке жатпайтын, бөлекше, қолайсыз қатынастар қалыптасуға негіз қаланады.

Педагогикалық жүйелердің компоненттік құрамы белгілі бір мақсатты көздейтін жобалау қызметінің жүргізілу логикасын қамтамасыз етуге *қажетті және жеткілікті* болуы тиіс. Компоненттер құрамына енгізілетін өзгерістер міндетті түрде негізделеді, оның себептері мен нәтижелері алдын ала нақтыланады. Соған сай, педагогикалық жүйелерді басқарудағы жобалау қызметі жүйенің *құрылымдық толықтығын* өзгертпей, оған жаңа компонент қосылмайтындықтан қажетті және жеткілікті құрылымдық логикасын бұзбайды.

Жобалау – бұл, ең алдымен – ойлау қызметі, өйткені, оның барысында оймен болжам жасау, ойша құрастыру жүзеге асырылады. Жобалау «алға қойылған» деген ұғыммен түсіндірілетіндіктен, оны шешім қабылдау үшін алға қойылған *ойлау қызметі* деуге болады. Мысалы: адамның өзінің әрекеттерін басқаруда алға қойылған ойлау қызметі; бірлескен әрекеттерді орындауда өзге адамдарды тарту үшін олардың алдына қойылған ойлау қызметі, мәселенің шешілуіне ықпал ете алатын адамдардың алдына қойылған, ойлау қызметі ресурстық қамтамасыз ете алатын адамдардың алдына қойылған, ойлау қызметі жобалау нәтижелі болуына мүдделі адамдардың алдына қойылған ойлау қызметі, т.б.

Бұлардың барлығы да жобалаудың ойлау қызметімен байланысты екенін көрсететіндіктен, басқа адамдарға түсінікті құжат болуын талап етеді. Оның *негізгі белгілері*:

- мәселенің нақты және кешенді қойылуы;
- күнделікті атқаратын қызметтен бөлек шектелуі;
- айқын мақсаты болуы;
- ресурстардың нақты жоспарлануы;
- уақыттың (жобаның басталуы мен аяқталуы) дәл көрсетілуі;
- ішкі ұйымдастырылу түрінің белгіленуі;
- кімге арналғанының белгіленуі;

– нәтижелердің тиімділігін нақты тексеру өлшемдерінің болуы.

Педагогикалық жобалаудың заңдылықтарын қарастыруда *оның жүйелілік, синергетикалық қасиеттерін, жүйенің өмір сүру және дамуы жағдайлары туралы түсініктерді ұғыну қажет. Сондықтан, жобалаудың өзіне тән заңдылықтары мен принциптерінің анықталуы және сақталуы тиіс. Мысалы, Ю. А. Конаржевский ұсынған басқарудағы демократиялық пен ізгіліктік заңдылықтарын орындау* түрлі деңгейдегі жүйелерді басқарушылардың, педагогтар мен білім алушылардың, ата-аналардың белсенділіктерін жобалауда пайдалануға ықпал етеді. Бұл шешім қабылдауда, қатысушыларды таңдауда, қажетті ақпараттарды алуда, педагогтардың ұйымдағы мәселелерден хабардар болуында аса маңызды.

Жобалау қызметіндегі ізгіліктік көзқарас – адамдардың бірлескен әрекеттерін ұйымдастыру, олардың өзін - өзі басқаруға жағдай туғызуы болып табылады. Ізгіліктік құндылықтарына сүйене отырып, басқару әр адамның өзіндік құндылығын, адами көзқарастарын дамытуды көздейді. Сөйтіп, барлық деңгейлерде субъектаралық қарым-қатынастың орнығуына негіз болады.

Жобалау ұстанымдарын шетелдік және ресейлік ғалымдар түрліше анықтайды, мысалы: Дж. К. Джонстың зерттеулерінде олар: дәстүрлілік пен жаңашылдықтың байланысы мен тепе-теңдігін сақтау; ұйымның «жақын даму аймағын» жобалау; күтілетін нәтижелердің жобалаушы адамдарға қатыстылығы; алынған нәтижелердің ұйымда институциялануы, бекітілуі; белгілі бір әлеуметтік топтар мәселесін шешу мақсатына бағдарлылығы болса, М. М. Поташник оларды жаңалықтық ұстанымы (мақсат міндеттеріндегі, мазмұнындағы, ұйымдастыру тәсіліндегі, басқарудағы, т.б.), мақсатқа бағыттылық ұстанымы (белгілі бір нәтижені нақты жүзеге асыруға бағытталғандығы), жүйелілік принципі, сабақтастық ұстанымы, ғылымилық ұстанымы, технологиялылық ұстанымы, нақтылық ұстанымы, ресурстық қамтылу ұстанымы, оңтайлылық ұстанымы, қатысушылық ұстанымы деп қарастырады.

Бұл пікірлер жобалау әрекетінде негізге алынатын ұстанымдарды құрайды. Біздің зерттеуіміз бойынша, педагогикалық жобалауды жүзеге асыруда *жүйелілік пен тұтастық, синергетикалық, мақсаттық-бағдарлылық, технологиялық, құзыреттілік, нәтижелілік, кері байланыстық* ұстанымдар жүйесі анықталды.

Жүйелілік пен тұтастық ұстанымы. Педагогикалық үдерістің жүйелілік табиғатын басшылыққа алу оны тиімді ұйымдастырудың алғышарттарын құрауға негіз болады. Бұл педагогикалық үдерісті тұтас жүйе ретінде қарастырып, оның негізгі қасиеттеріне сүйенуге мүмкіндік береді. Жүйенің интегративті сапасы ескеріліп, бір компоненттегі өзгерістер басқа компонент, не тұтас жүйенің өзіне өзгеріс енгізе алады. Сөйтіп, жүйенің басқарудағы біртұтастығы жүйенің барлық компоненттерінің дамуына, тұрақтануына, нығаюына ықпалы болады.

Синергетикалық ұстаным. Бұл тұрғыдан алғанда, адамдар, әлеуметтік ұйымдар ашық және өзгертін, сыртқы ортамен қарым-қатынас арқылы өзін-өзі дамытуға өзіндік мүмкіндігі бар жүйе. Осындай сапаларын атай отырып, педагогикалық жүйенің барлық деңгейлерінің де синергиялық қасиетін көруге болады. Жобалау әрекеті өзінің мүмкіндіктері, ресурстары арқылы білім алушылар мен педагогтардың өзіндік дамуы мен өзіндік білім алуын ұйымдастыратын синергиялыққа негізделеді. Сөйтіп, жобалауда синергетикалық принциптің сақталуы педагогтардың, білім алушылардың, шығармашылық топтардың, сыныптың, білім беру ұйымының, т.б. өзін-өзі басқару негізінде дамуын қамтамасыз етеді.

Мақсаттық-бағдарлылық ұстаным жобалаудың белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталуын, сонымен қатар жүйенің барлық компоненттеріндегі өзгерістер жалпы жүйе мақсатына сәйкес ұйымдастырылуын қамтамасыз етуді қажет етеді. Бұл принцип сонымен қатар, мақсат қою барысындағы ізденушілік пен зерттеушілік әрекеттер негізінде жобалау талдау қызметін де қамтиды.

Технологиялық ұстаным жүйенің алдына қойылған міндеттерді орындаудың технологиялық реті құрастырылып, қажетті ресурстардың алдын ала анықталуын қамтамасыз

етеді. Технология талаптарына сай, қатысушылардың қызметтерін бөлісу және оларды үйлестіріп отыру, ұйымның мақсатына қарай жылжуын қамтамасыз етеді. Бұл принцип жобалауға қатысушы адамдардың мақсаты мен жүйенің даму мақсатын сәйкестендіріп отыруға мүмкіндік береді;

Құзыреттілік ұстанымы жобалауға қатысушылардың мақсатты орындауға мүмкіндік беретін құзыреттіліктері болуын қажет етеді. Жобалау – ақпараттық, коммуникативтік, рефлексиялық әрекеттер арқылы жүзеге асырылады өйткені, жобалау барысында қамтылатын педагогикалық талдаулар мен шешімдер, болжау мен жоспарлау қызметтері негізінен оған қатысушылардың құзыреттіліктеріне байланысты. Бұл құзыреттіліктер адамдарға өз тәжірибесінен байыптай, зерттей отырып, мәселелерді талдау, бағалау, арқылы нәтижелі қызмет жасауға мүмкіндік береді.

Кері байланыс ұстанымы. Жобалауды ұйымдастыруда мақсат-міндеттермен қатар күтілетін нәтижелер белгіленеді. Педагогикалық үдерісте нәтиженің орындалу барысы, жолдары мен тәсілдері талданып, объективті баға беріледі. Кез келген педагогикалық жүйе ашық әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретінде әлеуметтік ортамен, ата-аналармен, түрлі қоғамдық ұйымдармен, сонымен қатар ұйым ішіндегі адамдармен диалогтық қатынас ұйымдастыра алады. Өзіндік түзету, коррекциялау, өз әрекетіне өзгеріс енгізу арқылы нәтижелердің тиімділігін қамтамасыз етеді.

Нәтижелілік ұстанымы жобалау нәтижесінде орындалуы тиіс күтілетін нәтижелердің алдын ала нақты сипатталуы мен оған қол жеткізуге бағытталған технологиялар мен тиімді әдіс - тәсілдердің, ресурстардың таңдалуымен қамтамасыз етіледі, сонымен қатар, нәтижелердің мақсатқа сәйкестілігі сараптамалар арқылы анықталады.

Сонымен қатар, Педагогикалық жүйелер қызметтерінің нәтижелері жүйе ішіндегі өзара тығыз байланыста болып келетін көптеген факторларға – *ресурстар мүмкіндігіне, ұйымдастырушылық ерекшеліктеріне,*

педагогтар құндылықтарына, сыртқы ортамен байланысына т.б. тәуелді екені ескеріледі.

Педагогикалық жүйенің жалпы мақсаты мен барлық құрылымдардың мақсаттарын сәйкестендіру және қызметтік құрылым мен адам ресурстары құрылымын нәтижеге жетуде тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін *мақсаттық - бағдарлы жобалар* болып табылады.

Мақсаттық - бағдарлы жобалар тиімді дамыту құралы болып табылады өйткені, оны қолдану жағдайлары (белгілі бір құрылымдық жүйеге өзгерістер ендіру, туындаған мәселені кешенді тұрғыдан шешу қажеттігі, әлеуметтік даму тенденцияларына сәйкес өзгерістер, т.б.) өтпелі кезеңнің ерекшелігіне толық жауап береді сонымен қатар, бұл бағдарлама әлеуметтік-экономикалық жағдайларға сай мемлекеттік, аймақтық, аудандық қана емес, белгілі бір жүйе немесе ірі мекеме, ұйым деңгейлерінде де сапалы өзгерістерді жүзеге асырудың негізгі жолы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Жобалау негізінде шығармашылық топтар, шағын топтар, белсенді топтар құрылуы мен олардың өзара байланыстарын көлденең, немесе желілік сипатта нығайту қажеттігі, мәселелердің негізінен пәнаралық және интегративтік сипатта болуы қалыптасқан құрылымға өзгерістер қажеттігін тудырып, дәстүрлі қызметтер *матрицалық құрылым* арқылы үйлестіріле қолданылады. Бұл иерархиялық түрдегі жоғарыдан төмен қарай басқарудың орнына, басқарылатын кіші жүйелердің немесе элементтердің әрқайсысының мақсатын орындауды көздейтін жүйеаралық көлденең байланыстардың болуына негізделеді.

Матрицалық құрылым өзара байланыстардың жаңа түрі болып табылады. Оның басты ерекшелігі-басқарудағы дәстүрлі қызметтік және жүйе элементтері мен басқарушы органдар арасындағы міндеттер мен өкілеттіктері, жауапкершіліктерді мақсатқа сай үйлестіруге сүйене отырып, мақсаттық бағдарлы іс-әрекеттердің ерекше қызметін ұйымдастыра алуында.

Осылайша, жобалау қызметі барысында жаңа бөлімшелер құру, өз тиімсіздігін көрсетіп отырған


құрылымдық бөлімдерді жабу немесе қайта құру, ішкі кадрлық өзгерістер, т.б. жаңарту жұмыстары жүргізіледі.

Мақсаттық - бағдарлы жобалардың алдымен дәстүрлі басқару циклдік айналымына—жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, есептеу, реттеу, талдау негізделетінін ескеру қажет. Мысалы *бірінші кезеңде*, жобалық бағдарлама құрастыру, кіру және шығу мәліметтерін дайындау, нәтижелерді бақылау, бағалау өлшемдерін даярлау, жобаны талдау және оны түзету жолдарын жасау, талдау нәтижелерін ескеру және жобаны өзгерту жолдарын белгілеу.

Екінші кезеңде, тиісті қызметтік сала басшылары мен бөлімшелердің, мамандардың арнайы міндеттері мен қызметтерін бекітіп беру қажет, олар берілген мақсат ауқымына сай әртүрлі болуы мүмкін.

Жүйені мақсаттық-бағдарлы жобалау қызметі негізінде дамытудың үлгілік матрицалық құрылымы мақсатты түрде күтілетін нәтижелерге бағытталауын көздейді. Мақсаттық - бағдарлы жобалар тұрақты сипатта да, уақытша сипатта да бола алады. Әрбір жобалық бағдарламаны басқарушы тағайындалып, салалық орынбасарлардың немесе кіші жүйе басшыларының қызметтері белгіленген мақсаттарға сай арнайы ұйымдастырылады.

Төмендегі 6-суретте мақсаттық-бағдарлы жобалау қызметін ұйымдастырудың матрицалық құрылым үлгісі ұсынылып отыр.



Сурет 6 – Мақсаттық –бағдарлы жобалаудың үлгілік матрицалық құрылымы

Матрицалық құрылымның басты элементтері–*мақсаттық - бағдарлы жобалар* (суретте шеңберлер ретінде берілген), олар салалық басшылар мен ондағы қызметкерлердің мақсатты бағдарламаны орындау барысындағы қайталанып отыратын қызметтерін көрсетеді.

Суреттегі тік сызықтар–басқару қызметтерімен және көлденең сызықтар–мақсаттық-бағдарлы жобалармен байланыста болатынын бейнелейді. Педагогикалық жүйелердің бүгінгі таңда бір уақытта бірнеше мақсаттарын орындау қажеттігі туындап отырады, ол үшін жүйені басқарушылардың тікелей ұйымдастыруын талап ететін бірнеше бағыттар қамтылуы қажет.

Оларды жүзеге асыру, бір жағынан, жүйенің тұрақты жұмысын қалыпты жағдайда басқару, екінші жағынан, жаңадан туындап отырған мақсаттарды нәтижелі орындауға байланысты күрделенетіні белгілі. Мысалы, соңғы жылдары

білім беру жүйесін 12-жылдық білім беруге көшуге даярлау, оның нәтижелері ретінде білім алушылардың құзыреттілік сапаларын қалыптастыру міндеттері қойылып отыр. Бұл міндеттер педагогикалық жүйелер ретіндегі білім беру ұйымдарын басқарушылар алдына да, білім беру үдерісін басқарушы педагогтар алдына да жаңа талаптар қоюда.

Педагогикалық жүйелердің синергетикалық табиғатындағы *өздігінен ұйымдасу мүмкіндіктерінің болуы* мен оның тәжірибеде жүзеге асырылмауы мына мәселелерді айқындайды: *біріншіден*, педагогикалық жүйелер ретіндегі білім беру ұйымдарын басқарудағы жүйенің түрлі деңгейлеріндегі барлық компоненттерін жалпы жүйенің алдына қойылған жүйе құраушы мақсатқа сай тиімді ұйымдастыру қажеттігі, *екіншіден*, педагогикалық жүйелерде субъектінің өзіндік дамуын ұйымдастыруға қажетті басқарушылардың құзыреттіліктерін дамыту қажеттігі.

Осылайша, жобалау мақсаттары нақты орындалу уақыты мен кеңістігіне «орналастырылғаннан» кейін (қайда және қашан, қалай орындалады, оның нәтижесі не болып есептеледі, немен өлшенеді, т.б.) міндеттері, мақсатқа жетудің қандай жолдарымен қандай міндеттерді орындау арқылы мүмкін болатыны белгіленеді.

Жобалау негізіндегі қайта құрулардың мазмұны мен түрлерін анықтау кезеңі–ненің өзгеретінін, ненің құрылатынын белгілеу кезеңі. Жобалау құжаттарында (2–кесте) өзгерістерді қамтамасыз етуге бағытталған нақты іс–

Кесте 2– Жобалау құжаттарын қолдану үлгісі

Іс – әрекет бағыттары	Іс – әрекет мазмұны	Орындау базасы	Орындаушылар	Жүзеге асыру мерзімі
1	2	3	4	5

әрекеттер мен технологиялық әрекеттер, жаңа «өнімді» (мысалы, оқу әдістемелік құралдар, технологиялық кешендер, құралдар мен әдістемелер) тудыратын қызметтер,

институциялық құрылымдар, т.б. сипатталады. Оларды қолдануға қолайлы болу үшін белгілі бір форматтар, кестелер жасалады.

Кез келген жобаның құрал ретіндегі тиімділігін бағалау (авторлық немесе сыртқы бағалау) үшін оның құжаттарына көңіл аударуды қажет етеді. *Жобалау құжаттары* мақсаттарына сай түрлі деңгейлерде жасалынады, мысалы, белгілі бір ұйым үшін маңызды мәселені шешуді жобалау, белгілі бір қаржылық ұсыныстарға жобалар даярлау, авторлық жобалар, т.б.

Жобалау қызметі туралы құжаттар құрастыруды аяқтау үшін оның шын мәнінде орындауға болатынын тексеру жолдарын белгілеу керек. Жобалаудың құжат ретінде *аяқталғаны, толықтығы* жүзеге асырылып жатқан үдерістердің дұрыстығын, аралық нәтижелері мен қорытындыларын тексеру, бағалау өлшемдері берілген бөлімінің болуынан көрінеді.

Жобалаудың жақсы жасалғандығының тағы бір белгісі – оның *аяқталуының рәсімделуі*. Оның нәтижесінің қандай болғанына қарамастан, аяқталуы барысында талдаулар жасалуы мен объективті бағалануы басқа ұйымдар мен адамдар үшін маңызды болып есептеледі. Рәсімделіп аяқталуына көңіл аудару, жобалауға қатысушылар үшін де қажетті шара өйткені олар белгілі бір деңгейдегі жұмысты қорытындылап, таратады.

Педагогикалық жобалауды ұйымдастырудың өзіндік талаптары бар, олар:

1. Жүйелік көзқарастарға сәйкес, жүйенің белгілі бір бөлігін немесе оның бір компонентін жобалау көзделмейді, олар *біртұтас құрылым* ретінде алына отырып, барлық кіші жүйелердің өзара әрекеттесуін басқару жобаланады. Бұл жүйенің жалпы мақсаты мен оған сәйкес барлық құрылымдардың тұтастығы негізінде күтілетін нәтижені нақтылау, оның мазмұнын, құралдарын, әдіс - тәсілдерін қамтитын мақсаттық-бағдарлы жобалау қызметі түрінде болады.

2. Педагогикалық жүйелерді басқарудағы инвариант ретінде қызметтік құрылымы сақталып, олар басқарудың дәстүрлі қызметтерін атқару арқылы жүйенің тұрақтылығын, қызметтік тәртіптердің орындалуын жүзеге асырады. Оның қосымша міндеттері жобалау қызметін: талдауды, ұйымдастыруды, жағдайлар туғызуды, тапсырманың орындалу мерзімі мен деңгейін белгілеуді, қадағалауды қамтамасыз ету.
3. Мақсаттық-бағдарлы жобалау қызметі жүйедегі *адам ресурстарын* өзінің ықпал ететін объекті, немесе нәтижеге қол жеткізуге қажет құрал ретінде қарастырмайды, оны дамыту нәтижесінде жалпы жүйенің дамуын қамтамасыз ете алатын жобалау субъектісі ретінде алады. Жобалау қызметін жүзеге асыру барлық деңгейлердегі жүйелерді басқарушылардың педагогтардың жаңа құзіреттіліктерін қажет етеді. Соған орай, жобалау қызметімен қатар, міндетті түрде жүйені басқарушылардың, педагогтардың құзіреттілігін дамыту сол ұйым ішінде оқу мен тәжірибені ұштастыру арқылы жүргізілуі тиіс.
4. Жобалауға қатысушы педагогтарды ынталандыру, олардың жаңашылдықтары мен шығармашылығын қолдау, табысты болуға, өз бетімен шешім қабылдауына қолдау көрсету, кәсіби өсуіне, жоғары стандарттар деңгейінде жұмыс жасау жобалау қызметінің басты құндылықтары. Жобалау қызметі жаңа идеялар мен ұсыныстар тудыратын және ұжымның басқа мүшелеріне түрткі болатын жүйенің ішіндегі *белсенді топтар құруды* қажет етеді және олар уақытша жұмыс топтары ретінде болады.
5. Жобалауға қатысушылардың–басқарушылардың, педагогтардың, білім алушылардың *өзіндік білім алу мақсатын қоя алатын, өзінің мүмкіндіктерін дамытатын* құзіреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік туғызылады.

6. Педагогикалық жүйені басқарудағы жобалау қызметі қатаң құрылымданбаған матрицалық немесе желілік – матрицалық болуын қажет етеді.

Сонымен қатар, мақсаттық-бағдарлы жобаларды ұйымдастырудың нарықтық жағдайдағы материалдық және қаржылық тиімділігін төмендегі белгілері арқылы көрсетуге болады:

– *жобалардың индикативтік сипаты* - әрбір жобаның орындалу мерзімі мен көрсеткіштерінің жобалардың қажетті материалдық және қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілуіне тікелей тәуелді болуы;

– бірнеше салалар мен түрлі деңгейлердегі жүйелерді қамтитын күрделі және кешенді мәселелерді шешудегі *негізгі мақсаттар мен міндеттердің жүйелі қойылуы*;

– түрлі деңгейлердегі жүйелерді дамыту мәселелерін шешуде *әдіснамалық және әдістемелік тұрғылардың бірлігі* қамтамасыз етілуі;

– аз мөлшерде бөлінетін материалдық және қаржылық ресурстарды ең *басты мақсатқа шоғырландыру* (білім берудің құзыреттілік нәтижелерін қамтамасыз ететін түрлі деңгейлердегі педагогикалық жүйелерді дамыту мәселелерін шешу, мысалы, басқарушылар мен педагогтарды дайындау, ата-аналар мен қоғамдық ұйымдарды серіктестікке тарту, т.б.) мүмкіндігі;

– мақсаттық-бағдарлы жобаларға бюджеттік қаржылармен қатар түрліше *қосымша қаржы көздерін тарту* жағдайлары болуы, кейде мақсаттық жобалардың перспективалық мазмұны жоғары бағалануы нәтижесінде жүйені дамытуға қосымша қаржылық мүмкіндіктер (гранттар, қолайлы кредиттер) пайда болуы;

– педагогикалық жүйелерді дамытудың мақсаты мен міндеттерінің нақты құрылуын тексеру, оларды жүзеге асыруда қаржы көздерінің жұмсалуды бақылау үшін *қоғамдық сараптамалар* жасалуы.

Жобалау әдіснамасын құрастырушылардың бірі Джон Кристофер Джонстың айтуынша, жобалауды мәселені шешу ретінде қарастыру оның белгілі бір *status quo*–ны

өзгертетінін ғана емес, өзіміздің жаңа мүмкіндіктерімізді білу мен оған көзқарастарымызды өзгертуге бағытталғанын түсіну.

Бұл өте маңызды тұжырым, өйткені, жобалау қызметі қалыптасқан тәжірибені өзгертіп қана қоймайды, сонымен қатар, *жаңа құралдар, технологиялар, жаңа құрылымдар жасауға* негіз болады. Ал, жаңаны құрастыру қоршаған ортаны ғана емес, адамның өзін, оның айналаға көзқарасын, өз ортасын өзгертуге мүмкіндік береді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жобалау әрекетін ұйымдастыру деңгейлері.
2. Жобалау және жүйе құрамындағы қажеттілік және жеткіліктілік түсінігі.
3. Жобалаудың ойлау әрекетімен байланыстылық белгілері.
4. Педагогикалық жобалаудың заңдылықтары.
5. Жобалау ұстанымдарын шетелдік және ресейлік ғалымдар анықтауын сипаттаңыз.
6. Педагогикалық жобалауға тән ұстанымдарды атаңыз.
7. Мақсатты-бағдарлы жобалардың ерекшеліктері мен белгілері.
8. Жобалауды жүзеге асырудағы ұйымдастырудың матрицалық құрылымы.
9. Педагогикалық жобалауды ұйымдастыруға қойылатын талаптары.
10. Мақсатты-бағдарлы жоба үшін тақырып ұсынып, нобайын жасаңыз.
11. Глоссарийді жалғастырыңыз.

Екінші бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар.

1. Педагогикалық жобалаудың пайда болу тарихы.
2. Д. Дьюи мен В. Килпатрик еңбектерінде жоба түсінігінің қарастырылуы.
3. Жобалау–педагогикадағы демократиялық қатынас құралы ретінде.
4. Посткеңестік елдер педагогикасында жобалау әдістерінің таралуы.
5. Педагогикалық әрекеттері құрылымына жобалау компонентінің ендірілуі.
6. Жобалау әрекетінің педагогикалық мәні.
7. «Жоба», «жобалау» ұғымдарының педагогикалық мәні анықталуы.
8. В. В. Давыдов пен Ю. В. Громыко анықтаған жобалық – бағдарламалық үдерістің педагогикада қолданылу шарттары.
9. Педагогикалық жобалаудың логикасы мен ресурстары.
10. Педагогикадағы инновациялық жобалау әрекеттері.
11. Педагогикалық жобалаудың бүгінгі қолданылу аясы.
12. Жобалауды педагогикалық жүйелер тұрғысынан қарастырудың мәні.
13. В. И. Слободчиков бойынша педагогикалық жобалаудың түрлері.
14. В. П. Бедерханова белгілеген педагогикалық жобалау бағыттары.
15. Педагогикалық жобалаудың нысанына, мақсаты мен нәтижелеріне байланысты түрлерін сипаттаңыз.
16. Білім берудегі жобалау және педагогикалық жобалау түсініктерінің айырмашылығы неде?
17. Педагогикалық жобалауды жүзеге асыру деңгейлерін атаңыз.
18. Педагогикалық проблеманы жобалау алгоритмі.
19. В. И. Загвязинскийдің теориялық еңбектерінде педагогикалық жобалау мәселелері.
20. Педагогикалық жобалаудың негізгі сипаттамалары.
21. Педагогикалық жобалаудағы мақсатты айқындаудың маңызы.

22. Стратегиялық мақсат қою мен жобалаудың байланысы неде?
23. Педагогикалық жобалаудың нәтижелері деп нені айта аламыз?
24. Педагогикалық жобалаудың субъектілерді дамытушылық рөлі.
25. Мақсатты –бағдарлы педагогикалық жобалардың ерекшеліктері.
26. Педагогикалық оқыту жүйесі дамыту жобасын жасау реттері.
27. ҚР «Білім беру заңында» білім беру мақсаты қалай анықталған?
28. Бүгінгі білім берудің күтілетін нәтижелері және сипаттамасы.
29. Білім беру жүйесін жаңғырту жағдайындағы негізгі мақсаттар.
30. Білім беру нәтижелеріне тікелей ықпал ететін факторлар.
31. «Педагогикалық жобалаудың бүгінгі мақсаты– субъектінің өзіндік дамуын қамтамасыз ету» тұжырымын нақты тақырып бойынша жобалау тәжірибесі негізінде дәлелдеңіз.
32. И. А. Колесникова бойынша педагогикалық жобалау нысандарын атаңыз.
33. Басқарудағы жобалаудың «белсенді агент» позициясын түсіндіріңіз.
34. Білім беруді басқарудағы жобалаудың синергетикалық заңдылыққа негізделу мәнін түсіндіріңіз.
35. Ф. Кумбстың не себептен білім беру жүйесі дағдарыс үстінде дегенін дәлелдеңіз.
36. А. Файоль ұсынған басқару құрылымының жетістігі мен кемшілігін талдаңыз.
37. Э. Мэйо жасаған адамдық қатынастар теориясының мәні неде?
38. Басқарудың бүгінгі рационалдық бағыттарының өкілдері кімдер, олардың ерекшелігі неде?
39. В. С. Лазаревтың басқару түрлеріне сипаттама.

40. Басқарудағы жобалау негізінде мәселені шешу моделі.
41. Басқарудағы жобалау қызметінің алгоритмі.
42. Білім берудің нәтижелеріне қойылатын жаңа талаптардың әлемдік деңгейде қарастырылуы.
43. Қазақстанда білім берудің жаңа нәтижелері айқындалуы.
44. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарындағы білім берудің жаңа нәтижелері.
45. Жаңа білім нәтижелерін қамтамасыз етуде педагогтарға қойылатын жаңа талаптар.
46. Педагогикалық ұжымды білім берудің жаңа міндеттерін жүзеге асыруға теориялық, әдістемелік және технологиялық дайындау жолдары.
47. Педагогикалық жобалау негізінде педагогтардың арнайы құзыреттіліктері және оларды дамыту.
48. Педагогикалық жобалаудың жаңа білім нәтижелерін қалыптастырудағы рөлі.
49. Педагогикалық ұжымдағы жобалау нәтижелерін бағалау.
50. Жобалау әрекетін ұйымдастыру деңгейлері.
51. Жобалау және жүйе құрамындағы қажеттілік және жеткіліктілік түсінігі.
52. Жобалаудың ойлау әрекетімен байланыстылық белгілері.
53. Педагогикалық жобалаудың заңдылықтары.
54. Жобалау ұстанымдарын шетелдік және ресейлік ғалымдар анықтауын сипаттаңыз.
55. Педагогикалық жобалауға тән ұстанымдарды атаңыз.
56. Мақсатты-бағдарлы жобалардың ерекшеліктері мен белгілері.
57. Жобалауды жүзеге асырудағы ұйымдастырудың матрицалық құрылымы.
58. Педагогикалық жобалауды ұйымдастыруға қойылатын талаптар.
59. Мақсатты бағдарлы жоба үшін тақырып ұсынып, нобайын жасаңыз.

Екінші бөлім бойынша негізгі әдебиеттер

1. Монахов В. Проектирование и внедрение новых технологий обучения // Сов. педагогика. – 1990. – №7.
2. Сластенин В. А., Подымова Л. С. Педагогика: Инновационная деятельность. - М., 1997. – с.342
3. Таубаева Ш. Г. Исследовательская культура учителя. Методология, теории и практика. -Алматы:Алем, 2000. -381с.
4. Бейсенбаева А. А. Теория и практика гуманизации школьного образования: Монография. -Алматы: Ғылым, 1998.-225 с.
5. Ковалев А. П. Педагогические системы: оценка текущего состояния и управление. - Харьков: ХГУ, 1990. - 153 с.
6. Хмель Н. Д. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. /аударған Қ. С.Оспанов. – Алматы: Ғылым, 2002. – б.170
7. Краевский В. В. Методология педагогического исследования: - Самара:Изд-во СамГПИ, 1994. – 165с
8. Поташник М. М. Управление развитием школы. –М.,1995. – с.464
9. Прикот О. С. Методологические основания педагогической системологии. - СПб., 1997. - 303 с.
10. Кузьмина Н. В. Методы системного педагогического исследования.-Л., ЛГУ, 1980. -171 с.
11. Галиев Т. Т. Системный подход к интенсификации учебного процесса. – Алматы: Ғылым, 1998. –С.308.
12. Воробьева В. А. Основы управление образовательными системами. –М.: 2007. – с.208
13. Конаржевский Ю. А. Внутришкольный менеджмент. – М., 1993. – с.240
14. «ҚР Білім туралы Заңы», 2007. – Астана
15. Заир–Бек Е. С. Теоретические основы обучения педагогическому проектированию., СПб.,1995. – с.164
16. Масюкова Н. А. Проектирование в образовании. – Минск, 2005. – 36 с.

17. Шамова Г. И. Давыденко Т. М. Управление образовательным процессом в адаптивной школе. –М.: Центр "Педагогический поиск", 2002.
18. Файоль Общее промышленное управление. – 1929. – 31 б.
19. Кумбс Ф. Кризис в системе образования. –1996.
20. Мэйо Элтон, Хоторн: Теория человеческих отношений. – М., 2003. – с.65
21. Мескон М., Альберт М., Хедоури Ф. Основы менеджмента. –М., 1993. – С.538.
22. Шамова Т. И., Тюлю Г. М. Педагогическая инноватика. – М., 2001.
23. Бахишева С.М. Қазіргі мектепті басқарудың менеджменті. –Орал, 2007.

III. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБАЛАУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

1. Педагогикалық жобалауды ұйымдастыру мазмұны мен құрылымы

Бүгінгі білім беру жүйесінің қоғамдағы орны мен рөлі, құндылықтық бағдарының өзгеруіне байланысты, түрлі деңгейлерде педагогикалық жобалау нысандары ретінде, жаңа білім беру нәтижелерін қалыптастыруды, білім беру үдерісін жаңартуды, тәрбиелік шараларды ұйымдастыруды алуға болады.

Жобалауды ұйымдастырушыларға көптеген жаңа бағыттардың ішінен болашақта нәтижелі өзгерістерді қамтамасыз ететін инновациялық (инвестициялық, дамытушылық, зерттеушілік) жобаларды таңдай білу, оның өзектілігі мен қажеттігін негіздей білу, жобаланатын өзгерістерді шын мәнінде тәжірибеде жүзеге асырылатынын болжау және бар мүмкіндіктерді бағалай білу керек. Сонымен қатар, оның сипаттамасын, рәсімдеуін, тиісті құжаттарын дайындау жолдары мен төмендегі алгоритмін терең меңгеру аса қажет.

Педагогикалық жобалауды білім беру ұйымының мақсатты–бағдарлы дамуын қамтамасыз ететін бағдарлама және жоба ретінде ұйымдастырудың құрылымы төмендегі жобалау компоненттерінен тұрады (сурет 7):



Сурет 7 – Жобалау құрылымы мен компоненттері

Берілген құрылымға сай білім беру ұйымдарының өзгерістерін қамтамасыз ететін инновациялық бағыттар

таңдау үшін идеялар жинақталып, түпкі ниет (мақсат-міндеттер, күтілетін нәтижелер) айқындалды. Одан кейін, нақты жоба таңдалып, оны жобаны жүзеге асыру (жолдары, құралдары) белгіленеді, жоба жүзеге асырылғаннан кейін алынған нәтижелердің алдын ала белгіленген күтілетін нәтижелерге сәйкестігі бағаланады.

Педагогикалық жобалау–инновациялық үдеріс. Ол өзгеріске қажеттілікті анықтаудан өзгерістерді жүзеге асыруға дейінгі нақты кезеңдерден өтеді. (сурет 8):



Сурет 8– Дамыту жобасының мазмұндық құрылымы

Жобаның мазмұндық құрылымын төмендегі бөліктер құрады:

1. Қалыптасқан жағдайға сипаттама беру, бұл – жоба алды талдау;

2. Болашақта күтілетін нәтижеге сипаттама беру, бұл – *жобаның тұжырымдамасы*;
3. Қалыптасқан жағдайдан күтілетін жағдайға өтудің стратегиясы мен тактикасы, бұл – *инновациялық үдерістің моделі, ресурстары, құралдары*.

Жобалау құрылымы жаңалықтарды қалыптастыру, тарату және қолдану сияқты кезеңдерден тұрады, соған байланысты білім беру ұйымдарында төмендегі жұмыстар жүргізілді: әрбір ұжымдағы өзгерістерге қажеттіктерін анықтау; ұжымның өз ортасында алатын орны, білім беру сапасы, педагогтар деңгейі, ұжымның жетістіктері туралы мәліметтер жинақтау және қалыптасқан жағдайды талдау; мәселелерді алдын ала талдау, өзгерістерді қажет ететін бағыттарды таңдау; инновациялық өзгерістер ендіру туралы шешімді қабылдау; жаңалықты сыннан өткізу және ендіру; қажетіне қарай тәжірибеде бекіту, институализациялау (лат. – орнықтыру) немесе жаңалықты үнемі қолдану, нәтижесінде ол күнделікті тәжірибенің элементіне айналады.

Жүйе құрамындағы қызметтік және субъектілік компоненттердің өзара қатынастары мен жүйенің өзіндік дамыту ресурстарын *мақсаттық-бағдарлы жобалар* арқылы педагогикалық жүйені дамытудың күтілетін нәтижелер қамтамасыз етіледі.

Инновациялық үдерістерді жобалау білім беру жүйесіндегі жаңа бағыттарды, институционалдық өзгерістерді ендіруде теориялық және практикалық жағынан құндылық болып табылады.

Жобалау негізінде педагогикалық ұжымның төмендегі өзгерістері қамтамасыз етіледі:

1. Педагогикалық ұжымның инновациялық мүмкіндігін дамытылып, нәтижелі білім беруге жағдайлар жасалады.
2. Педагогикалық қарым–қатынастар қайта құрылып, субъектілердің мүмкіндіктерін дамыту және субъектаралық қатынастар жүзеге асырылады.
3. Педагогикалық ұжымды дамыту бағдарламасы жасалып, әр құрылымның жаңа міндеттері нақтыланады;

4. Педагогикалық ортаның дәстүрлі құндылықтарының тиімділерін сақтай отырып, қоғам талабына сай өзгерген жаңа сапасы қалыптастырылады;

Инновациялық өзгерістерді жобалауда төмендегі талаптар ескерілу қажет, олар:

- Жобаның күтілетін нәтижелері алдын ала белгіленеді;
- Жобаның тиімділігі мен оны жүзеге асыруға жұмсалатын ресурстар алдын ала сәйкестендіріледі;
- Жобалау барысындағы тәуекел жағдайлар алдын ала ескеріледі;
- Ұжымда жаңа құрылымдар жасалу мүмкіндігі қарастырылады.

Жобалауды ұйымдастыру барысында ұжымдық жұмыстардың дәстүрден тыс әдістері қажет болуы мүмкін, олар: желілік басқару дағдыларын меңгеру; шығармашылық белсенділікті қолдау; командалық бірлестіктер құру, т.б.

Мақсатты жобаларға тән белгілер:

- жобаның матрицалық құрылымы;
- жұмыс барысының уақытшалық сипаты;
- шешуін қажет ететін мәселелердің негізінен интегративтік болуы;
- ұжымды дамытудың синергиялық, желілік түрде ұйымдастырылуы;
- мәселелердің негізінен стандарттық қалыптан өзгеше болуы.

Педагогикалық мәселелердің негізінен стандарттық қалыптан өзгеше деңгейде шешілуі жобаның инновациялық деңгейін көрсетеді. Жобаның неғұрлым инновациялық деңгейде болуы, оны орындаушылардың құрамы басқа ұйымдардан бөлек, тәуелсіз команда болуын, көздеген нәтижеге жету үшін олардың жауапкершіліктерінің де жоғары болуын, сонымен қатар, оған жауап беретін жетекшінің де жоба шеңберінде билік ету құзіреттіліктерінің де жоғары болуын талап етеді.

Жобалау жаңа педагогикалық қарым қатынастарды, оқытудың жаңа мазмұны мен технологияларын, ойлау және қызмет етудегі жаңа әрекеттерді тудырады. Жобалау негізіне

білім беру үдерісіндегі субъектілердің жаңа қарым –қатынас түрлері, білімнің жаңа мазмұны, жаңа білім беру технологиялары, т.б. алынады. Жобалау барысындағы өзгерістерге қажеттіліктің туындауы мен ендірілген жаңалықтың институализациялауға дейінгі кезеңдердің жиынтығы бір жобалық циклды қалыптастырады.

Жоба жетекшілері мен құрастырушылар жобалауды алдында төмендегі құрылым бойынша даярлық жұмыстарын жүргізулері (жобалаушы тарапынан) қажет:

Жобалау қандай ниетпен, не үшін жүзеге асырылуы тиіс?

Күтілетін нәтиже кім үшін және қаншалықты маңызды?

Қай жерде, қайда жүзеге асырылады?

Кім оны жүзеге асырады?

Жүзеге асыру жолдары қандай?

Қандай мерзімде жүзеге асырылады?

Қандай ресурстар мен қаржы қажет болады?

Егер жобалық ұсыныс белгілі бір ниетпен қаржы бөлуді қолға алған инвестор немесе грант беруші үшін дайындалып жатса, онда қаржының қалай жұмсалатыны мен күтілетін нәтиже нақты көрсетіледі. Сонымен қатар, жобалық ұсыныс даярлау арқылы басқарушылар мен ұйымдастырушылар қаржылық және басқа да ресурстардың мүмкіндігін дәл бағалауға, соған сәйкес ұйымды дамыту бағыттары мен жолдарын анықтай алады.

Жобаның негізгі бөлімдері:

Аталуы;

Түйіндемесі;

Кіріспе бөлімі (жағдайды талдау, проблема қою);

Жобаны жүзеге асырудың күнтізбелік жоспары мен кезеңдері;

Жобаны жүзеге асыру барысының мониторингі, әр кезеңнің нәтижелері мен тиімділігін бағалап отыру;

Жобаның жалпы нәтижесі мен өміршеңдігін бағалау;

Жоспарланған бюджеті.

Аталуы. Жобаның аты оның мазмұнын, мақсаты мен ниетін, негізгі идеясын барынша айқын білдіретіндей болғаны жөн. Жобаның аталуынан оны кім, нені және қалай

жүзеге асыратыны көрініп тұруы тиіс. Сонымен қатар, жобаның атында ешқандай артық сөз де болмағаны орынды. Жобаның аталуына көңіл аудару аса маңызды, өйткені оның нақты болуы және мақсатқа сай болуы жобаға қажетті адамдардың назарын аудара алады.

Түйіндемесі. Бұл жобалар үшін де немесе жобалық ұсыныстар үшін де міндетті бөлім, өйткені, онда жобаның атауы нақтыланады, мәні түсіндіріледі. Түйіндеме қысқа, айқын және нақты болуы тиіс, ол әдетте жазбаша мәтіннің мұқабасы сипатында беріледі. Онда авторлар туралы мәлімет, жобаның мақсат-міндеттері, қажет болса, қаржылану көздері беріледі.

Кіріспе бөлімі: жағдайды талдау, мәселе қою. Бұл бөлімде жобалау нысаны туралы жалпы баяндаудан бастап, жұмыстың орындалатын әрбір нақты қадамдары төмендегі ретпен көрсетіледі:

Алғашқы қадам. Жағдайды талдау негізінде мәселе нақтыланып, оны шешудің қажеттігі негізделеді. Ұйым үшін *өзекті болып табылатын* мәселені *айқындау* арқылы оны шешудің нақты жолдары көрсетіледі, сонымен қатар, олар қоғамдық-тарихи, ұлттық, жергілікті ерекшеліктер мен талаптарға сәйкес болуы міндетті.

Екінші қадам. Жағдайды талдау мен мәселе қою арқылы *жобаның мақсат–міндеттері* нақтыланады, ресурстарға баға беріледі. Оларға әдетте, адам ресурстары, қаржылық, материалдық, әкімшілік, қоғамдық, т.б. жатқызылады.

Үшінші қадам. Бұл қалыптасқан жағдайға сай мәселені шешу жолдарын, мақсат–міндеттерін, ресурстарын талдау негізінде жасалатын жобаны мазмұндық – құрылымдық сипаттау кезеңінен тұрады.

Жобалау идеяларын ұсынудың бірнеше әдістері бар, олардың ең қарапайымы *ойға шабуыл*. Бұл әдіс өзгеріс жасау бағыты анықталып, нақты іс-әрекеттерін белгілеу қажет болғанда пайдаланылады, яғни, осы өзгерістерді жүзеге асыру үшін не жасау керек деген сияқты сұрақтарға жауап ойға шабуыл жасау арқылы беріледі. Білім беруде бірнеше әлеуметтік топтар мүдделері тоғысатындықтан осы әдіспен

жүргізілетін кездесулерде жобалаушыларға сан алуан құнды идеялар алу мүмкіндігі бар.

Қазіргі кездегі талдаулар жасау тәжірибесінде кең таратыла бастаған және тиімділігі дәлелденген құралдар қатарында SWOT-талдау және PEST- талдауды жобалау алды зерттеу кезеңінде пайдалануға болады. Басында маркетингтік зерттеулерде пайда болып, қолданысқа енген бұл құралдарды білім берудің әлеуметтік рөлін бағалауда да орынды және пайдалы құралдар деп танылуда. Мысалы, әлеуметтік маңызды немесе ұзақ мерзімдік жобалауда ресурстарды *SWOT - әдісі (Strengths – мықты жақтары, Weaknesses - әлсіз жақтары, Opportunities – мүмкіндіктері және Threats – қауіпті жақтары)* арқылы бағалауға болады. Бұл жердегі мықты және әлсіз жақтары ұйым ішілік қажетті ресурстар мен олардың жеткілікті–жеткіліксіздігін бағалайды. Мүмкіндіктері және қауіпті жақтары жобаның орындалуына мүмкіндік беретін немесе кері ықпал етуі мүмкін тұстарына баға береді. Осылайша, сапалы жасалған жоба алдындағы талдау жобаның мақсатын жүзеге асыруда *жеткіліктілік* (ресурстардың жобаның мақсатына сай күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін жеткіліктілігі) және *қажеттілік* (ресурстардың жобаның барлық кезеңдері үшін қажеттілікке қарай бөлінуі, бірін - бірі толықтырып отыруы) принциптерін сақтауға мүмкіндік береді.

SWOT- талдаудың нәтижелі болуы төмендегі ережелердің сақталуына тығыз байланысты:

1. Әрбір SWOT- талдау шектеулі, берілген нысанға ғана қатысты жүргізілуі тиіс, сонда ғана талдау дәл жасалады.
2. SWOT- тың элементерін нақты ажырату қажет, өйткені, оның мықты және әлсіз жақтары ұйымның ішкі сапалары, яғни, оны қадағалауға, реттеуге болады. Ал мүмкіндіктері және қауіпті жақтары сыртқы ортаға қатысты болғандықтан оған ықпал етуге болмайды, сондықтан оны ескеру қажет.

Мықты және әлсіз жақтары салыстырмалы көрсеткіштерге жатады және олардың түрі өте көп болуы мүмкін. Соған орай, жобалау мақсатына, нәтижелік

өлшемдеріне қатысты сапалар маңыздылығы бойынша іріктелгені жөн(кесте 3).

Талдауға қатысты ақпараттар шынайы және арнайы зерттеу қорытындыларына сүйеніп қана жасалуы керек, сонда ғана жобалау нәтижелі болады.

Кесте 3 – SWOT - әдісімен талдау

Ішкі Жобалау нысанына тікелей қатысты элементтерді сипаттау	Мықты жақтары	Әлсіз жақтары
Сыртқы Ортаға қатысты мысалы, құқықтық, қоғамдық - саяси, ресурстық, т.б. факторларды сипаттау	Мүмкіндіктері	Қауіпті жақтары

SWOT - әдісі өзінің тұжырымдалық тұрғыдан арнайы дайындықты қажет етпейтін қарапайымдылығынан оны қолдану тиімділігімен қатар, негізгі түсініктері дұрыс анықталмаса, теріс ақпараттар қолданылса пайдасыз құралға айнала да алады.

Жобалау білім саласының көлемді бөлігін талдау негізінде үлкен институционалдық өзгерістерді көздесе, PEST- талдаулар жасалады. Ол төрт құрамдас элементтен тұрады: P – саясатқа қатынасты талдаулар, E – экономикалық жағдайына қатысты талдаулар, S – қоғам дамуына және адам ресурстарының жағдайларына қатысты талдаулар және T– нақты нысанға қойылатын технологиялық өлшемдерге сәйкестігін талдау.

PEST-талдаудың принциптері:

- Жүйелілік–әрбір элемент басқаларымен тығыз байланыста қарастырылады, өйткені, бір фактордағы өзгерістер міндетті түрде келесі фактордың өзгеруіне әкеледі.
- Шынайылық–жобалау нысанының сыртқы орта талаптарына сәйкестігі.
- Мәселені белгілеу және мақсат қою. Талдаулар негізінде қайшылықтар анықталса, соған сай

өзгерістерді жүзеге асыру мақсатын қоюға кірісу қажет.

Сөйтіп, бастапқы кезеңде атқарылатын жұмыстар: жобалау объектісінің қазіргі жағдайын талдау; диагностикалау, бағалау; орын алып отырған қайшылықтар мен кемшіліктерді анықтау; осы бағыттағы ғылыми – зерттеулерді талдау; мәселені теориялық негіздеу; жобаны ресурстармен қамтамасыз ету (кесте 4). Бұл кезеңнің нәтижесі – жобалаудың қажеттігін анықтау, оны ақпараттық –материалдық ресурстармен қамтамасыз ету, тиісті жағдайлар туғызу.

Кесте 4 – Жобалаудың логикалық құрылымы

Жобаның компоненттері	Объективті көрсеткіштер, негіздемелер	Сыртқы жағдайлары, алғы шарттары
Мәселені анықтау: Жобаны орындауға қажеттік неліктен пайда болды? Неліктен бұл мәселені шешу маңызды болып отыр?	Мәселенің шын мәнінде бар екенін, оны шешуге болатынын қандай қосымша ақпарат көздері көрсете алады?	
Мақсат қою: Жобалаудағы іс әрекеттер қандай мақсатты орындауға бағытталған? Ол берілген мәселені шешуге қаншалықты байланысты? Мақсатқа қол жеткізген жағдайда кімдер ұтады? Жобалауда орындалатын әрекеттер қалыптасқан жағдайды қалай өзгертеді?	Мақсаттың орындалғанын қандай құралдармен тексеруге болады? Тексерушілер жобаның мақсатын орындаудың маңызын неден көре алады? Жобаның мақсатқа бағытталғанын өлшеуге болатын мәліметтер жинау қарастырылған ба?	
Міндеттер: Жобаны орындау барысында қандай нақты нәтиже алынуы тиіс? Жоба аяқталған соң педагогикалық жүйеде қандай оң өзгерістер болады деп күтіледі? Белгіленген міндеттердің орындалуы мақсатқа жетуді қалай қамтамасыз етеді?	Жобаның алдына қойылған міндеттердің орындалғанын қандай мәліметтер мен көрсеткіштер анықтайды? Жобалау негізінде орындалған жұмыс нәтижелері деңгейін өлшеуге және бағалауға мүмкіндік беретін қандай нақты сандық әдістер қолдануға болады?	Жобалау нысанынан тыс қандай жағдайлар мен шешімдер төмендегілер үшін қажет болады: Берілген міндеттердің мақсатты орындауға ықпал етуіне; Алынған нәтижелердің стратегиялық міндеттерді орындауға мүмкіндік беруіне;

Берілген міндеттерді орындау үшін қандай нәтижелер (олардың сандық және сапалық сипаттамасы) алынуы тиіс?	Жобалау барысында оның жүзеге асырылуын бақылап және түзетіп отыруға мүмкіндік беретін мәліметтер жинақтала ма?	Белгіленген шаралардың күтілетін нәтижелерді қамтамасыз етуіне; Белгіленген ресурстардың шараларды орындауға мүмкіндік беруіне;
Қолданылатын әдістер (жобалау барысында жүргізілетін шаралар): Жобалуды орындаушылар күтілетін нәтижелерге қол жеткізуде қандай шаралар орындалуы тиіс?		
Ресурстар: Қандай ресурстар: адамдар, материалдық құралдар, қызметтер – қажет болады? Бұл ресурстар қандай көздерден түседі	Моральдық және материалдық ынталандыру негіздері, құралдар мен жабдықтар құны, басқа да шығындар деңгейі қалай жоспарланады? Жұмсалатын шығындардың тиімділігі қандай көрсеткіштермен бағаланады?	Келтірілген шаралардың орындалуына қандай кедергілер болуы мүмкін ?

Осылайша, келесі кезеңде атқарылатын жұмыстар: жобалау мақсатын айқындау; мақсатқа қол жеткізетін жолдарды болжау; жобаның шектелу аясын белгілеу; жобалау идеясын тұжырымдау; жобаның тұтас бағдарламасын, жоспарын жасау; бақылау түрлерін анықтау.

Бұл кезеңнің нәтижесі – объектінің құжаттық жобасын жасау. Олар: тұжырымдамасы, моделі, бағдарламасы, жоспары.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Педагогикалық жобалауды ұйымдастыру нысандары.
2. Жобалауды ұйымдастыру құрылымы мен компоненттері.
3. Дамыту жобасының мазмұндық құрылымы.
4. Жобалау негізіндегі педагогикалық ұжымның өзгерістері.

5. Инновациялық жобалауға қойылатын талаптар.
6. Мақсатты жобаларға тән белгілер.
7. Жобалау алды даярлық жұмыстарының құрылымы.
8. Жобаның негізгі бөлімдеріне талдау жасаңыз.
9. SWOT-талдаудың мәні мен мазмұны.
10. PEST- талдаудың ерекшелігі.
11. Жобалаудың логикалық құрылымына сүйене отырып, өзіңіз оқитын не жұмыс істейтін педагогикалық жүйені өзгерту жобасының құрылымын жасаңыз.
12. Глоссарийді жалғастырыңыз.

2.Педагогикалық жобалауды ұйымдастырудың шарттары

Жобалау бүгінгі еліміздегі және шет елдер тәжірибесіндегі инновациялық өзгерістерді қолдауда, маңызды ғылыми–зерттеу салаларын дамытуда, ұйымның даму бағдарламасын құрастыруда кеңінен қолданыла бастаған тиімді қызметке айналып отыр. Сонымен қатар, оның білім беруді ұйымдастыру тәжірибесіне әлі де кеңінен тарай қоймаған, басқарушылар мен педагогтар үшін жаңа технология болғандықтан оны ұйымдастырудың өзіндік шарттарын анықтау қажет.

Өйткені, түрлі деңгейлердегі педагогикалық жүйелерді дамытуды көздейтін жобалауды тиімді ұйымдастыру белгілі бір шарттарының қатаң орындалуына тығыз байланысты.

Бірінші шарты, педагогикалық жүйелер ретіндегі білім беру ұйымдарын, педагогикалық үдеріс, оқыту мен тәрбие беру, әдістемелік жұмыс, т.б. дамыту үшін, ең әуелі, жүйенің стратегиялық мақсатқа сай күтілетін нәтижелерін анықтап алып, мақсатты – бағдарлы жобалау қызметі арқылы оны қайта жаңарту міндеті қойылады.

Екінші шарт, жобалау әрекетін ұйымдастыру үшін жоба жетекшілерінің (басшылардың, педагогтардың, білім алушылардың) *құзыреттіліктерін дамытуға ұйым ішінде*

оқу мен тәжірибені ұштастыру арқылы мүмкіндіктер жасалуы керек. Бұлар арнайы ұйымдастырылып, тұрақты түрде қызмет істейтін *семинарлар* немесе *оқу-тәжірибелік алаңдар мен зертханаларды* ұйымдастыру арқылы мүмкін болады.

Үшінші шарт, кез келген деңгейдегі жобалау әрекеттерін ұйымдастыру жаңа идеялар тудыратын және ұжымның басқа мүшелеріне түрткі болатын *белсенді топтар құруды* қажет етеді және олар уақытша жұмыс топтары ретінде ұйымдастырылып, белгілі бір жоба аяқталғанда таратылуы тиіс.

Төртінші шарты, педагогикалық жүйені басқаруды жобалау қызметі қатаң құрылымданбаған *матрицалық, немесе иерархиялық–матрицалық* болуын талап етеді, өйткені, мақсатты-бағдарлы жобалау технологиясы құрылымы *иерархиялыққа бағытталмайды*, тұтастық пен жүйелікке негізделеді және *қозғалмалы болады*, яғни, әртүрлі деңгейлердегі жобалар уақытша басқару құрылымдары арқылы жүргізілу мүмкін.

Аталған шарттардың орындалуы педагогикалық жүйенің жаңа сапасын, бірлесіп үйрену мен бірлесіп білім алуға бағытталған қарым – қатынастар мен құрылымдарды дамытатын, қатысушылардың субъектілік позицияларын қалыптастыратын, мақсат қою және оны жүзеге асырудағы жаңа әрекеттерді тудыратын тиімді басқару тетігі–*жобалаудың* тиімді ұйымдастырылуына негіз болады.

Жобаны жүзеге асыру кезеңдері(жұмыс жоспары). Кіріспе бөліміндегі нақтыланған міндеттерді орындау белгілі бір іс-әрекеттерді логикалық сабақтастықпен, белгілі бір мерзімде жүзеге асыруды, қажетті ресурстарды әр кезеңге бөлуді, әрбір кезеңнен күтілетін нәтижесін белгілеуді, адамдар арасында жауапкершілікті бөлісуді талап етеді. Жобаның әр кезеңіндегі іс-әрекеттер нақты жоспарланады, қатаң қадағаланады. Сөйтіп, бұл кезеңде жобаны жүзеге асыру жолдары, оны байқаудан өткізу орындалады. Нәтижесі –білім беру жүйесінің жаңа сапаға өткендігін назарға алу.

Жобаны жүзеге асыру барысының мониторингі, әр кезеңнің нәтижелері мен тиімділігін бағалап отыру. Мониторинг екі түрлі мақсатты көздейді. Біріншіден,

қойылған мақсат–міндеттердің қаншалықты тиімді орындалып жатқанын бақылау, екіншіден, жобаны жүзеге асыру барысында қажеттілікке сай өзгерістер мен түзетулер енгізу үшін ақпараттар жинақтау, яғни, жобаның тиімділігіне баға беріп, уақытында түзетулер ендіріп отыру. Бұл жерде бағалануы мүмкін параметрлер:

- Жұмыстың ұйымға, әлеуметтік ортаға, адамдарға ықпалын анықтау (мысалы, жоба болмаса қалай болар еді);
- Ресурстардың тиімділігін анықтау (олардың қол жеткен нәтижелерге сәйкестігі);
- Өткізілген шаралардың тиімділігін анықтау? Олар мақсатына жетті ме, жасалған еңбек пен шыққан шығын күтілетін нәтижені берді ме?

Жобаның жалпы нәтижесі мен өміршеңдігін бағалау.

Жобаны қаржыландырушылар үшін де, жоба авторлары үшін де жобаның қаншалықты өміршең болатыны, яғни, одан әрі тиімділігінің сақталуы, өзекті болуы, өздігінен инвестиция тарта алатындығы - маңызды мәселелердің бірі. Жобаның өміршеңдігі әрі қарай өзін қаржыландыра алатын, мемлекет тарапынан, басқа да гранттар мен бизнес қорларынан қаржыландырыла алатын дәрежеде маңызды болуымен өлшенеді.

Жоспарланған бюджеті. Жоба бюджетінің құрылымы түрлі жағдайларға байланысты жасалады, олар: нәтижені орындауға бағытталған тікелей қаржыландыру, қосымша қаржыландыру, т.б. Мысалы, жобаның қаржысы 70-80 % тікелей қаржыландырудан тұратын болса, ал қалғаны қосымша қаржы көздерінен құралса, бұл өте қолайлы жоба болып есептеледі.

Қорытынды кезеңде атқарылатын жұмыстар:

- жобаны және оны эксперименттік байқаудың сапалық нәтижелерін бағалау;
- жобаның тиімділігін тәуелсіз эксперттердің бағалауы;
- пайда болған мәселелерге сыни рефлексия жасау;
- жобаны коррекциялау, түзетулер енгізу.

Бұл кезеңнің нәтижесінде жобаның жаңғыртылған түрі құрастырылады.

Жобалау құжаттары мақсаттарына сай түрлі деңгейлерде жасалынады, мысалы, белгілі бір ұйым үшін маңызды мәселені шешуді жобалау, белгілі бір қаржылық ұсыныстарға жобалар даярлау, авторлық жобалар, т.б.

Жобалау қызметі туралы құжаттар құрастыруды аяқтау үшін оның шын мәнінде орындауға болатынын тексеру жолдарын белгілеу керек. Жобалаудың құжат ретінде *аяқталғаны, толықтығы* - онда жүзеге асырылып жатқан үдерістердің дұрыстығын, аралық нәтижелері мен қорытындыларын тексеру, бағалау өлшемдері берілген бөлімінің болуынан көрінеді. Бұл бөлім жобаларды бағалауға арналған эксперттердің сараптамалық тәжірибелеріне сай жасалады. Бүгінгі тәжірибеде екі түрлі сараптама қалыптасып отыр, олар:

Квалиметриялық сараптама—бұл тексерілетін мәліметтердің белгіленген сапалық нормалары негізінде қатаң процедуралармен тексеру. Квалиметрия жүргізуші нақты технологиялар мен әдістемелерге сай стандарттық көрсеткіштермен сараптама жасауы тиіс.

Статустық сараптама—жобаны бағалауға тартылатын эксперттердің мәртебесі мен кәсіби беделіне, танымал тәжірибесіне қатысты сараптама. Мұнда белгілі бір өлшемдерге сүйенген сараптамашының пікірі негізге алынады, бұл жағдайларда тәуелсіз сараптамашылар бірнеше адамнан тұруы мүмкін.

Жобалаудың жақсы жасалғандығының тағы бір белгісі – оның *аяқталуының рәсімделуі*. Оның нәтижесінің қандай болғанына қарамастан, аяқталуы барысында талдаулар жасалуы мен объективті бағалануы басқа ұйымдар мен адамдар үшін маңызды болып есептеледі.

Рәсімделіп, аяқталуына көңіл аудару жобалауға қатысушылар үшін де қажетті шара, өйткені олар белгілі бір деңгейдегі жұмысты қорытындылап, таратады. Сондықтан, бұл кезеңде төмендегі мәселелер команда мүшелері тұрғысынан қорытылып, олар құжатқа енгізілуі қажет:

- 1) Жобаны жүзеге асыру барысында қандай нәтижелерге қол жеткізілді? Алдын ала белгіленген өзгерістердің барлығы да орындалды ма?

- 2) Жобалау негізіндегі өзгерістерді мүдделі топтар не ұтты және оны қалай қабылдады?
- 3) Белгіленген бюджет жеткілікті болды ма?
- 4) Жобалық өзгерістердің болашағы бар ма?
- 5) Команда не нәрселерге қол жеткізді?
- 6) Команданың әрбір мүшесі не ұтты?
- 7) Жобалауға қатысушылар нені үйренді?
- 8) Жобаға қатысу арқылы адамдардың жеке перспективаларында не өзгерістер пайда болды?

Жүйеде бір уақытта бірнеше жобалар жүзеге асырылуы мүмкін. Біреулері бір-бірінен тәуелсіз жүзеге асырылу мүмкін, ал біреулері – өзара тығыз байланыста болуы немесе жекелеген жаңа ендірілімдер мен олардың арасындағы байланыстардан тұратын күрделі құрылымды құрауы мүмкін.

Жобаны жүзеге асыру оның басқалардан тәуелсіздігіне, команданың жауапкершілігінің жоғары болуына, оған жауап беретін жетекшінің де жоба шеңберінде билік ету құзіреттіліктері мол болуына байланысты. Сондықтан жобаны орындауға кіріспес бұрын, ең әуелі, қажетті команда құрамын белгілеп алу маңызды. Стандарттық ситуацияларда қызметкерлерден жаңашылдық пен бастамашылдық талап етілмейтін болса, қалыптан тыс жағдайлар жобаны орындаушылардың ерекше қасиеттерін қажет етеді. Мысалы, олардың қатарына төмендегі құзіреттіліктерді жатқызуға болады:

- қалыптан тыс ойлау дағдылары;
- тәуекел жағдайларда, шешімі белгісіз мәселелермен жұмыс жасай алу қабілеттері;
- командада жұмыс жасай білетін;
- өзгерістерге бейімділігі бар.

Жоба жетекшісі де осыған сәйкес қасиеттерге ие болуы шарт, олардың қатарына:

- лидерлік және харизматикалық қасиеттер;
- команданы іске жұмылдыра алатын, олардың қабілеттерін дамыта алатын, адамдардың өзіне және бір-біріне өзара сенімділік жағдайын тудыра алатын;

- маман ретіндегі күзіреттілігі ғана емес, коммуникативтік қабілеттері де жоғары болуы жатады.

Басқару үдерісінің тағы бір маңызды кезеңі – жоспарлау да қатаң сипатта емес, индикаторлық сипатта орындалады. Индикаторлық сипат үш деңгейлі сценарий бойынша жасалады, олар: жоғары деңгейде, орташа деңгейде, мүмкін деңгей немесе өте төмен деңгейде осылардың әрқайсысының нәтиже, уақыт, шығын көрсеткіштері белгіленеді. Осындай жағдайда жасалатын жоспар мақсатты – бағдарлы жобалар үшін икемді болып келеді.

Төменде жобалау үдерісінің үздіксіз циклін құрайтын алгоритмі беріліп отыр:

- 1) Жобалаудың басталуы педагогикалық жүйелердегі әлеуметтік–мәдени ситуациялар талаптарына сәйкессіздіктері анықталған әрекет талаптарын өзгерту, қайта жаңғырту мақсатын көздейтін ұйымның өзіндік сұранысынан немесе сыртқы *сұранысты* қабылдаудан басталады.
- 2) Сұраныстың қабылдануы немесе түсіндірілуі үшін басқарушының басқару әрекетін ұйымдастыру негізінде жетуді көздейтін *түпкілікті нәтиже* белгіленеді;
- 3) Одан соң, болашақ әрекеттің ең қарапайым және міндетті талабы–іс–әрекеттің *мақсаты* анықталады;
- 4) Іс–әрекет мақсаты басқарушы айқындаған жобалау *ұстанымдарына* негізделеді;
- 5) Одан соң, берілген әрекет үлгісінен–күтілетін нәтижесіне жеткенге дейінгі барлық жолдары анықталады, ол кезеңдерге жүйелі түрде бөлініп, көрсетілген әрекеттің талабы *жоспар* болып табылады.
- 6) Одан соң, барлық ұйымдастырушылық қызметтер мен оны орындауға қажетті *құралдар* анықталады;
- 7) Жобаның орындалу *мерзімі*, аралық кезеңдер мен әр кезеңде алынатын аралық өнімдерін нақтыланады;

- 8) Әрбір кезеңнің *технологиялық сипаттамасы* жасалады, оған *қажетті ресурстар* анықталады.
- 9) Жоба жүзеге асырылған соң нәтижесі бағаланады, ол алынған нәтиженің күтілетін нәтижеге сәйкестігімен өлшенеді.

Осылайша, *жобалау әрекеті* жаңа педагогикалық жүйелер құруға немесе оның компоненттерін жетілдіру арқылы жүйенің жаңа сапаға өтуіне мүмкіндік береді. Бұл жағдайларда, жобалау объектісі болып тұтас жүйенің өзі немесе оның бөлек компоненттері (қызметтік, құрылымдық, т.б.), сапалары (ашықтық, гуманитарлық, демократиялық), жүйелік қасиеттері (тұтастығы, инегративтігі) алына алады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, жобалау қызметі бірнеше деңгейден–жобалау тұжырымдамасын жасау, жүйе қызметінің мазмұндық және үдерістік қызметтерін құрастыру, орындаудан – тұрады.

Педагогикалық жүйені басқарудағы жобалау қызметі ұйым мүшелерінің үнемі алға жылжып отыруына, мәселені тану мен ұғынуға, оны шешудің түрлі жолдарын талдауға мүмкіндік береді.

Жобалау қызметі тиімді ұйымдастырылған жағдайда басқарушылардың әкімшілік стилі өзгеріп, негізінен педагогтардың белсенділігіне, шығармашылығын дамытуға және қолдауға, олардың топтық құрылымдардағы қызметі мен желілік ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағыттала бастайды. Ұйым қызметкерлерінің кәсіби сапасын үнемі жетілдіріп отыру, олардың өздерінің *қызмет ететін орнында шағын топтарда оқытуды ұйымдастыру* арқылы мүмкін болады.

Педагогикалық ұжымда жобалауды жүзеге асыру төмендегі міндеттерді көздейді:

- педагогикадағы дәстүрлі құндылықтардың тиімділерін сақтай отырып, қоғам талабына сай жаңа *педагогикалық ұжымның жаңа сапасын* қалыптастыру;
- педагогикалық жүйе ретіндегі білім беру ұйымының тұжырымдамасын, миссиясы мен стратегиялық дамуын құрастыруды көздейтін *стратегиялық қызметтерді басқару мазмұнына* енгізу,

– жүйеде болып жатқан үдерістерді реттеп отыру, *ұжымдық құрылымға қажет өзгерістерді уақытылы жасап отыру*, өзгерістерді байқай және бағалай білу;

– педагогикалық жүйелерде функционалдық қарым - қатынастарды қайта құруға бағытталған, иерархиялық тәуелділік емес, өзара тәуелділік пен байланыстылықты нығайтатын *матрицалық ұйымдастырушылық өзгерістер* жасау, оған міндеттерді қайта бөлісу, әр бөлімше деңгейіндегі жауапкершілік пен құзіреттіліктің міндеттелуі, т.б. матрицалық, желілік байланыстарды жатқызуға болады;

– Педагогтарды дамытуға бағытталған жобаларды ұйымдастыруда *мотивациялар мен ынталандыру жүйесін* қалыптастыру.

Осылайша, басқарудағы жобалау қызметі білім беру ұйымының кіші басқару жүйелері мен оның барлық деңгейлеріндегі құрылымдық бөлімдерінің әрекеттерін үйлестіру механизмі қызметін атқарады.

Бұл жағдайда басқару жүйесінің *иерархиялық - матрицалық және матрицалық* құрылымдары негізге алынады. Иерархиялық құрылым тұтас педагогикалық жүйені басқару өкілеттігі берілген басқарушының жеке өзі басқаруын білдірсе, *иерархиялық-матрицалық* құрылым жүйенің күнделікті қызметін тігінен басқарумен қатар, белгілі бір маңызды мәселерді шешу мақсатында құрастырылатын топтар мен жобалық құрылымдарды көлденең басқару қажеттігінен туындайды. Ал, жоғарыдағы екі құрылымды біріктіретін ерекше құрылымдар матрицалық түрде болады. Олар ұйым алдына қойылған белгілі бір мақсатты орындауға жүйенің барлық компоненттерін біріктіретін интеграциялық қызмет атқарады.

Матрицалық құрылым басқарудың инновациялық қызметі–жүйенің өзгерістерін *мақсаттық-бағдарлы жобалау қызметін* ендірудің шарты болып табылады. Бұл жаңа құрылымның басқарудағы нақты мәселелерді шешу барысында педагогтардың ізденістік - шығармашылық белсенділігін арттыруда, білім беру ұйымының пайдаланылмай жүрген түрлі ресурстар көзін анықтауда маңыздылығы өте зор.

Бұл құрылым күнделікті жұмысты қадағалап отыратын басшылардың, орынбасарлардың, сала басшылары мен ғылыми - әдістемелік қызметтер, сонымен қатар, белгілі бір маңызды мәселерді шешу мақсатында құрастырылатын топтар мен қызметтік жобалардың орындалуын тігінен және көлденең басқарудың матрицалық түрінде берілген. Дәстүрлі құрылымнан өзгешелігі, онда ақпараттық - талдау орталығы, жобалау қызметінің жетекшісі, мақсаттық - бағдарлы жобалар мен олардың жетекшілері, оқу-тәжірибе алаңы, оқу-жобалау қызметтерінің орын алады, сонымен қатар, ұйымдағы күнделікті қызметтің орындалуын оның иерархиялық мазмұны қамтамасыз етеді.

Ақпараттық-талдау орталығында білім беру ұйымының мәселелері талданып, нақты мақсаттар айқындалады, оны шешуді жүзеге асыратын жобалау қызметі белгіленеді, одан әрі мақсаттық-бағдарлы жобалар құрастырылып, оған педагогтар мен сала басшылары қатысуы қамтамасыз етіледі, олар ғылыми әдістемелік қызметпен де өзара байланыста болады.

Мақсаттық-бағдарлы жобалар көбіне жаңа бағыттарды, мысалы, ұйымның даму стратегиясын анықтау, адам ресурстарын дамыту, білім берудің жаңа технологияларын игеру, т.б. инновацияларды жүзеге асыратын болғандықтан, жобалау бастапқы кезеңде оқу-тәжірибе алаңы, оқу-жобалау қызметтері түрінде ұйымдастырылады.

Адам ресурстарын ұйым жағдайында дамыту туралы зерттеулер көрсеткендей, білім алушыларды, педагогтар мен басшыларды дамытудың нәтижелілігі олардың іс-әрекеттерінде шығармашылық жағдайлар туғызып және оны үнемі қолдап отыруына байланысты. Соған орай, ұсынылып отырған педагогтар мен түрлі деңгейдегі басқарушыларды *жоба жетекшілері ретінде арнайы дайындау* оған қосымша ақпараттар беру, сабақ беру немесе білім жетілдіру курстарына қатысу мағынасында емес, оның осы бағыттағы қабілеттіліктері мен құзыреттіліктерін жобалау қызметіне қатысу барысында кеңейтілуі. Өз тәжірибесі арқылы оқып – үйрену, өзін - өзі дамыту – адамның өмір бойы оқуы болып табылады.

Педагогикалық жүйелердің жобалау негізіне *субъектіні өзіндік дамыту жүйесі* алынады. Осыған сай жүргізілген талдаулар білім берудің түрлі деңгейлердегі жүйелердің – сынып жүйесін, сыныптық-оқыту жүйесін, мектепке дейінгі білім беру жүйесін, бастауыш, негізгі, жалпы орта білім беру, кәсіптік, қосымша, жоғары білім беру жүйелерін, педагогикалық жүйелер ретіндегі білім беру ұйымдары, мекемелері, т.б. жүйелерді басқару құрылымы мен қызметін өзгертіп, оларды субъектінің *өзіндік дамуын ұйымдастыратын мазмұнда* ұйымдастыруды қажет ететінін көрсетеді.

Педагогикалық жобалауды субъектілердің өзара қарым-қатынас үдерісін тұтас, ішкі дифференцияланған, өзін-өзі дамыта алатын жүйе деп қарастыру қажет. Жобалау процесінде субъектілердің бірін-бірі дамытуы жүзеге асырылады, сөйтіп, білім беру *технологиясының өзгеруі педагогикалық ұжымның өзін дамытуды*, заман талаптарына сай қайта жаңартуды қамтамасыз етеді.

Жобалау әрекетін ұйымдастыруда педагогикалық ұжымның құндылықтық көзқарастары да қалыптасады, өйткені, жүйені жобалау негізінде дамыту, ондағы адамдар мен олардың қатынастарын жаңа сапалардың қалыптаса бастауы жаңа деңгейдегі педагогикалық үдерістерге негіз болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1) Жобалаудың ұйымдастыру шарттарын анықтау қажеттігі неде?
- 2) Жобалауды ұйымдастыру шарттарын атап, сипаттама беріңіз.
- 3) Жобаны жүзеге асыру кезеңдері мен мониторингі.
- 4) Жобалау құжаттары мен эксперттердің сараптамалары.
- 5) Жобаның аяқталуын рәсімдеу талаптары.
- 6) Жоба жетекшілеріне қойылатын талаптар.
- 7) Жобалау үдерісінің үздіксіз циклін құрайтын алгоритмі.

- 8) Педагогикалық ұжымда жобалауды жүзеге асырудағы міндеттер.
- 9) Педагогикалық жүйелердің жобалау негізіне неліктен субъектінің өзіндік дамыту жүйесі ретінде алынатынын мысалдар арқылы дәлелдеңіз.
- 10) Глоссариймен жұмысты жалғастыру.

3.Педагогикалық жобалауды жүзеге асыру логикасы

XX ғасырдың аяғына қарай ғалымдар білім беру жүйесіндегі мәселелерді анықтап, олардың пайда болуы мен шығу жолдарын қарастыра бастады.

Педагогикалық ұйымдарды дамытуда синергетикалық заңдылыққа сай факторлардың бірі – оның өзін - өзі басқара алушылығы, яғни, педагогикалық жүйенің өзінде оның тұтастығын, қызмет етуін, жетілдірілуі мен дамуын қамтамасыз ететін тетіктер мен басқару факторларының болуы. Жоғарыда айтылғандай, жүйе құрамындағы қызметтік және субъектілік компоненттердің өзара қатынастары мен жүйенің өзін - өзі дамыту ресурстарын тиімді ұйымдастырудың тиімді механизмі жобалау болып табылады.

Жобалаудың басты ерекшелігі – оның объектіні дамытуға бағытталуы, *жобалау белгілі бір объектіні жаңа түрге айналдырып, оны қайта жаңғырту қызметін атқарады.*

Педагогикалық жүйелер жобалау қызметін қолдануға болатын әлеуметтік жүйелердің ішіндегі ықпал ету мүмкіндігі мол құрылым, өйткені, жобалау қызметі негізінде білім беру жүйесінің өзін дамытумен қатар, қоғамдық - саяси, мәдени, экономикалық салалардағы оң өзгерістерді жүзеге асыруға болады. Педагогика тарихында орын алған сан алуан жобалар білім берудің мазмұнын ғана емес, оның институционалдық, технологиялық, ресурстық жақтарын, сондай-ақ, педагогтарды дамытуды да қамтығаны белгілі. Педагогикалық жобалаудың қайта жаңғыртушылық деңгейлерін төмендегідей көрсетуге болады:

Стратегиялық деңгей, бұл мемлекет деңгейіндегі білім беру жүйесінің өзгерістерін қамтиды, оның нәтижелерінің тиімділігін тарихи уақыт өлшемімен ғана бағалауға болады.

Институционалдық деңгей, белгілі бір білім беру ұйымдары, басқару құрылымдары немесе белгілі бір білім беру жүйесіндегі салалық өзгерістерді қарастырады. Оның тиімділігі институционалдық деңгейде көзделген мақсаттың орындалуынан көрінеді.

Технологиялық деңгей, оның нысандары болып білім беру үдерісіне ықпал ететін әдістер мен тәсілдер алынады. Олардың тиімділігі белгілі бір нақты іс-әрекеттер жүзеге асырылысымен - ақ көрінуі мүмкін.

Жобалау деген ұғымның өзі оның басқару қызметіне тән екендігін анықтайды, оның алға қарай қозғалыс бағытын білдіретін мәні, сонымен қатар, мақсатқа сай жүріп өтуге тиіс аралықты анықтайтын, алдын ала болжай алу қызметі. Жобалаудың басқа басқару амалдарынан ерекшелігі – әрекеттің нәтижелілігі мен тиімділігі мақсатты алға қоймастан бұрын белгіленетіні. Сондықтан, *жобалау – қайта құру туралы ойға алынған ниет пен оны құрастыруды, орындауды, нәтижелері мен салдарларын біртұтас етіп біріктіру қызметі.*

Педагогикалық жүйелер әлеуметтік жүйелердің ішіндегі болашақпен тығыз байланысты маңызды құрылым болғандықтан, оның қызметі мен мазмұны әлеуметтік үдерістердегі *өзгерістерді басқаруға* ықпал етеді. Соған орай, педагогикалық жүйелерді институцияландыру, технологияландыру, жаңаша ұйымдастыру ең әуелі қоғамдық дамуды жүзеге асырудың басты *бір жолы ретінде жобалау түрінде орындалуы* тиіс. Басқару әрекеттерін ұйымдастыруда жобалаудың инструменталдық қызметі айқын көрінеді. Жобалаудың басқа да басқару құралдарынан айырмашылығын анықтау үшін оның білім беру саласында қолданылатын терминдеріне тоқталамыз:

Жоспарлау. Ол әрекеттің перспективасын белгілейтіндіктен, бір жағынан, жобалауға ұқсайды, жоспарда іс әрекеттер уақытқа қатысты құрылымданады, жауапты орындаушылары, есеп беру түрлері көрсетіледі. Педагогикалық жүйе ретіндегі білім беру ұйымдарының

жоспары жобаның құрамдас бөлігі немесе басқару қызметінің өз алдына бөлек құралы ретінде де бола алады. Ал, стратегиялық жоспарлар уақытпен шектеліп қоймай, онда болашақта қол жеткізілетін нәтижелер мен оның белгілі бір сипаттамалары беріледі.

Бағдарлама. Оның негізгі белгілері жобалауға ұқсайды, мысалы, әрекеттің мақсаты мен принциптерін, нәтижеге жету үшін іс - әрекеттің белгілі бір алгоритммен орындалуы, ресурстары белгіленуі. Тәжірибе барысында белгілі болғандай, белгілі бір бағдарлама жобалау барысында іске асырыла алады немесе белгілі бір бағдарлама шағын жобалау қызметін қамтуы да мүмкін. Бірақ, бағдарламада маңызды болып табылатын алгоритмдеу жобалау үшін міндетті емес өйткені, онда түрлі тәуекелдердің болу мүмкіндігі ескеріледі.

Педагогикалық жобалаудың міндеттері:

– жағдайды талдау: түрліше диагностикалау арқылы мәселенің пайда болуы мен сипаттамасын жасау;

– мәселені шешудің түрлі жолдарын қажетті ресурстары және жүзеге асыру мүмкіндіктерін бағалау тұрғысынан іздестіру;

– мақсатқа сай нәтиже беретін тиімді жолды таңдау және оны жобалық рәсімдеу;

– жобалауды тәжірибеде ұйымдастырудың тәсілдері мен оны жүзеге асырудың материалдық-техникалық, қаржылық, құқықтық-нормативтік шарттарын белгілеу;

Мәселені айқындау дегеннің өзі осы мақсатты көздейтін бұрыннан бар амалдардың белгілі бір себептермен нәтиже бермейтінін белгілеу немесе жаңа ситуация пайда болғанын мойындау. Жаңа ситуацияға сай өзгерістерді жүзеге асырудың *мақсаты мен міндеттерін анықтау* арқылы жобалаушы келесі кезеңге өтеді. Бұл кезеңде төмендегі жұмыстар орындалады: *жағдайды талдау*, шектеуліктерін белгілеу; талдау арқылы *қалыптасқан жағдай мен күтілетін жағдай арасындағы қайшылықты белгілеу*;

Жағдайды талдау үшін ең алдымен берілген жағдайды қарастыру аясын шектеп алу қажет, ол үшін мәселеге қатысы бар субъектілерді, қалыптасқан жағдай кімдер үшін қиындық тудырып отырғанын белгілеу, қиындықтың мәнісі неде

екенін, оның пайда болуы мен тәжірибеден орын алу себептерін анықтау қажет. Талдау пәніне қарастырылатын педагогикалық жүйенің, ішкі сипаттамалары: құрылымы, қызметі, байланыстары, ішкі және сыртқы ортаға қатысты сипаттамалары жатады. Бұл жұмыстардың барлығы *жобалау алды зерттеу кезеңін* құрайды.

Жобалау барысында зерттеу әрекеттерінің жүргізілуі міндетті, өйткені, проблеманы айқындау және оны шешу жолдарын ұсыну үшін *педагогикалық жүйеге қатысты ішкі және сыртқы орта жағдайларын, әлеуметтік топтар мүддесін, т.б. ескеру, жүйенің болашақ бейнесін тұтастық тұрғысынан қарастыру* қажет.

Жобалауда түпкілікті нәтиженің параметрлері, жаңа сапалық белгілері әуелі оймен құрастырылып, бастапқы жағдайдағы мәселені белгілеу, оны шешу әдістерін айқындау мақсаты қойылады. Мәселені белгілеу барысында жоба мазмұнына қатысты оны бөліктерге бөліп те, тұтастық ретінде жинақтап та қарастыруға болады (Кесте 5). Жобаны құрастырудың жалпы логикасын төмендегідей көрсетуге болады:

Кесте 5 – Жоба құрастырудың жалпы логикасы

Проблеманы анықтау	Мақсат қою		Шешу жолдары мен құралдарын таңдау		
	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Проблема	Мақсаты	Міндеттері	Әдістері (іс–әрекеттер мазмұны, іс–шаралар)	Ұйымдастыру түрлері мен қатысушылар	Ресурстар құралдар
Проблема	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Орындалатын іс – әрекеттер жүйесі					

Осылайша, педагогикалық жүйені дамытудағы мәселені анықтау, мақсат қою, шешу жолдары мен құралдарын таңдау, жобалауды мазмұндық қамтамасыз ету шараларының жиынтығы жобалау қызметінің құрылымы мен

алгоритмін қалыптастырады. Орындалатын іс-әрекеттер жүйесі жоғарыда берілген бөлікте жобалау қызметін жүзеге асырудың логикалық жүйесін көрсетеді. Жобалау және жобаны жүзеге асыру ойлау әрекетінің екі бағытын көрсетеді, бірақ, оны басқарушы жобалау қызметінің тікелей орындалатын алгоритмін ғана емес, оны жүзеге асырудың логикасын ойша түрде кері қарай құрастыру арқылы түпкілікті нәтижені модельдеу, ол үшін жоспарланып отырған әдіс - тәсілдердің тиімділігін, ресурстарының жеткіліктілігін есептей алуы қажет.

Жобалауға қажетті ресурстардың анықталуы оның орындалу мүмкіндігін көрсетеді. Ресурс (*франц. ressource – қосымша құрал*), қаржылар, құндылықтар, мүмкіндіктер және бюджеттің кіріс бөлігі. Ресурстар экономикалық (материалдық, қаржылық); әкімшілік (құқықтық, биліктік); психологиялық (интеллектуалдық, эмоционалдық, тұлғалық); табиғат (климаттық) және басқалар болып бөлінеді. Белгілі бір әрекетті орындауда пайдалануға болатын нәрселердің барлығы да ресурстарға жатқызылады.


Педагогикалық жүйелерді басқарудағы жобалауға қажетті ресурстары қатарында білімдік, ақпараттық, материалдық-техникалық, қаржылық және адам ресурстары жатқызылады. Осыған сәйкес кез-келген деңгейдегі педагогикалық жүйе аталған ресурстардың біріне жауап беретін, басқаратын белгілі бір бөлімшелер немесе бөлімдерден құралады.

Қалыптасқан тәжірибеде жоғары оқу орнының проректорлары оқу және әдістеме жұмыстары, ғылыми - зерттеу жұмыстары, тәрбие беру және жастар ісі бағыттарындағы салалардың қызметі үшін, кадр бөлімі профессорлық - оқытушылық құрамдағы, басқару - әкімшілік қызметкерлерден тұратын адам ресурстары үшін, есеп бөлімі қаржылық-экономикалық ресурстар үшін, шаруашылық бөлімі материалдық-техникалық ресурстар үшін жауап береді. Осыған ұқсас тәртіп мектептер мен орта кәсіби оқу орындарында да қалыптасып, мектеп директордың орынбасарларының, бөлім басшыларының әрқайсысы жауап беретін салалары белгіленген. Олардың әрқайсысының құзырлығы өз саласы үшін

жауапкершілікпен ғана шектеледі, олар өз жоспарларына сәйкес өз ресурстарын дамыта отырып, бір-бірімен қатар, көлденең түрдегі қарым қатынаста қызмет етеді.

Бұл жағдайда жүйе басшысының (ректор, директор, т.б.) міндеті—барлық бөлімдердің өз бағытында қызмет етуіне қолайлы жағдайлар жасау. Сонымен қатар, ол ортақ мақсатты орындау қажет болғанда барлық құрылымдық бөлімдердің қызметін бір - бірімен байланыстыру арқылы ұйымдастырады.

Педагогикалық жүйелерді басқарудың осы *классикалық сипатында* берілген ортақ мақсатты орындауға қажетті барлық ресурстарды жүйені басқарушы тікелей өзі ұйымдастырып, сала басшыларының атқаратын міндеттерін бөліп береді, ресурстардың жұмсалуды өзі қадағалайды. Төмендегі 9-суретте осы жағдайдың көрінісі бейнеленген.




Сурет 9 – Педагогикалық жүйелерді басқарудың классикалық сипаты

Енді осы мәселеге басқарудағы жобалау қызметін ұйымдастыру тұрғысынан келетін болсақ, бұл құрылым өзінің мәні жағынан дәстүрді басқарудың құрылымдық–қызметтік иерархиясына қарама– қарсы тұрғанын көруге болады.

Төмендегі 10-суреттен көрініп тұрғандай, ресурстар легі жүйені басқарушының айналасына емес, нақты мақсатқа қарай бағыттталып, сол нүктеге шоғырландырылған. Бұдан жобалау қызметінің барлық ресурстар легі мен олардың қозғалыс бағыты күтілетін нәтиже – мақсатқа қатысты анықталатын *басқарудың ерекше қызметі* екенін анықтауға болады.

Осы өзгеріп отыратын мақсаттар нүктесі белгіленген мақсатты жүзеге асыруға барлық ресурстарды жоспарлы түрде белгілі бір тәртіппен жұмылдырылады. Жүйені басқарушының міндеті–мақсаттарды ұйым мүшелерімен бірге нақтылай отырып, оны жүзеге асыруға жүйенің барлық компоненттерін жұмылдыру, оларды ресурстармен жеткіліктілік және қажеттілік принциптері негізінде қамтамасыз ету.



Сурет 10 – Педагогикалық жүйелерді басқарудағы жобалау қызметі

Айта кету керек, басқару теориясы туралы еңбектердің көпшілігі классикалық басқару жағдайында түрлі ресурстармен қызмет ететін бөлімдердің өзара қатынасы мәселесіне арналған, солай бола тұра, бүгінгі күні осы түрлі міндеттер атқаратын бөлімдердің қызметін, өзара

байланысын тиімді ұйымдастыру мәселесін шешу жолдары көптеген зерттеушілер үшін өзекті мәселе болып қалуда. Біздің ойымызша, аталған мәселені шешу жолдарының бірі – осы жобалау қызметін ұйымдастыру.

Жобалау арқылы педагогикалық жүйелерді дамыту іс -әрекеттері белгіленгеннен кейінгі мәселе–*жобалау ресурстары мен оны ұйымдастыру*. Оған жататындар:

– жобалау кезеңдерін анықтау (дайындық кезеңі, жүзеге асыруды бастау, жұмыс барысын бекіту, келісімдер жасау кезеңі, жобалау барысының кезеңдерін бақылау, қорытындылау, т.б.);

- жалпы кететін уақытты бағалау;
- адамдарды жұмыспен қамтамасыз ету;
- жұмыс кестелерін жасау;
- тәуекелді жоспарлау мен резервтерін даярлау.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, материалдық және қаржылық ресурстар қаншалықты маңызды болғанымен, *ең басты ресурстар адамдар және оларды ұйымдастыру* болады. Жобалау қызметін ұйымдастыру, оны жүзеге асыру адамдар тобын, шағын топтарды–командаларды құру арқылы ғана орындалады. К. Фоппель «Команда. Кеңес беру және ұйымдардағы тренингтер» еңбегінде команда туралы «ортақ міндеттерді шешетін және өзара бірін бірі толықтыратын сапалар мен қасиеттерге ие пікірлес адамдардың шағын тобы. Олар өздері жауап беретін жұмыстарының мақсаты мен стратегияларын өздері бірлесіп құрастырады» деп анықтаған.

Командалардың өзге адамдар тобынан айырмашылығын төмендегідей көрсетуге болады:

- олар келісіп істеуді және басқаруды қажет ететін нақты мақсатты шешу үшін құрылады;
- олар қажет жағдайда жеңіске жету үшін құрылады;
- команда мүшелерінің қызметі өзара алдын ала бөлінеді;
- шағын топтар құрамы негізінен уақытша сипатта болады;
- қандай басқару стилі болса да шағын топтар иерархиялық құрылымда болады.

Осылайша, бір жағынан, *жобалау қызметі* басқарудың құралы болады, келесі жағынан, жобалаудың өзі басқаруды қажет етеді. Осы тұрғыда жобалаудағы ұйымдастырушылар немесе басқарушылардың құзыреттілігі туралы мәселе пайда болады.

Білім берудің жаңа нәтижелерін қамтамасыз ететін педагогикалық жүйелерді басқарудың аталған мәселелерін шешу оның құрылымдары мен компоненттерін қамтитын ұйымдастырушылық өзгерістер жүргізуді қажет етеді. Бұл өзгерістер мәні белгілі бір жүйені күтілетін жүйеге сәйкестендіру үшін: 1) іс жүзіндегі жүйенің белгілі бір қызметін өзгерту; 2) оны күтілетін жүйе деңгейіне жеткізетін жаңа сипатты жүйе құрастыру; 3) іс жүзіндегі жүйеден күтілетін жүйеге өту үдерісін жоспарлау; 4) шешімді жүзеге асыру - логикасында жүзеге асырылады.

Жаңа қоғамда адамның өз әрекетін ұйымдастыра алуы оның табысты өмір сүруіне қажетті өзіндік ресурсы болып саналады, ол дамыған сайын адамның тәжірибесіне еніп, өзін - өзі сарқылмас капиталға айналдыратын өмірдің басты мазмұнына айналады. Сондықтан, субъектінің өзіндік әрекетін ұйымдастыра білу, оның өздігінен білім алуына мүмкіндік туғызу жобалаушылық құзыреттіліктерді дамытуды қажет етеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Педагогикалық жобалаудың қайта жаңғыртушылық деңгейлеріне сипаттама беріңіз.
2. Жобалаудың басқа басқару амалдарынан ерекшелігі неде?
3. Педагогикалық жобалаудың міндеттері.
4. Жоба құрастырудың жалпы логикасы.
5. Педагогикалық жүйелерді классикалық сипатта басқарудың мәні.
6. Педагогикалық жүйелерді басқаруда жобалауды ұйымдастырудың мәні мен ерекшеліктері.
7. Жобалау ресурстары мен оны ұйымдастыру.

8. Жобаны жүзеге асыратын топтар не командаларға қойылатын талаптар.
9. Жобалау негізіндегі ұйымдастыршылық өзгерістер мәні.
10. Глоссарийді жалғастыр.

4. Педагогикалық жобалаудың нәтижелері және бағалау

Педагогикалық жобалаудың нәтижелері педагогикалық жүйелерді дамыту мақсаты арқылы анықталады, олар, сонымен қатар, мақсатты орындауды көздейтін сан түрлі әдістердің болуын қажет етеді. Педагогикалық жүйелерді дамыту сыртқы–қоғамның әлеуметтік талап - сұраныстары және ішкі – әлеуметтік - педагогикалық жағдайларына тікелей байланысты. Сонымен қатар, білім беру ұйымдары басқа да педагогикалық жүйелер сияқты қол жеткізген нәтижелердің деңгейіне қатысты сипатталады.

Кез келген деңгейдегі мақсат-мазмұндық толықтыққа ие болуы тиіс, оның мәні–алынатын нәтиженің барлық сапаларының қажеттіктер мен талаптарға сәйкес белгіленуінде. Сонымен қатар, мақсатқа сай күтілетін нәтижелерді анықтау барысында оларды диагностикалауға, бақылауға келетін параметрлері белгіленуі тиіс. Яғни, мақсатты анықтау дегеніміз–күтілетін нәтижелердің сипаттамасын тексеруге, өлшеуге болатындай етіп көрсету. Мақсат толықтай диагностикалауға келетін болуы тиіс, сондықтан, оны осы талаптарға сай дәл қоя білу қазіргі басқарушылардың құзыреттілігінің, басқарушылық ой–әрекеттері деңгейінің басты көрсеткіштері болып табылады.

Жобалауға тән негізгі белгілерінің бірі – *олардың белгілі бір мақсатқа жету үшін құрылатыны, саналы түрде қойылған мақсат бұдан кейін оны жүзеге асыру барысында қалыптасатын белгілі бір түпкілікті нәтижеге* айналады. Сөйтіп, педагогикалық жобалардың *мақсатқа сәйкес* іс-әрекеттердің орындалуына байланысты оның мақсаттылық, мақсатқа ұмтылушылық қасиеті белгіленеді.

Мысалы, педагогикалық жүйе ретіндегі дәстүрлі сабақ үдерісін алатын болсақ, оның білімдік, дамытушылық және тәрбиелікке негізделген мақсаты сабақтың құрылымдық бөліктеріне (тапсырманы тексеру, қайталау, жаңа тақырыпты меңгеру, бекіту, қорыту) қатысты таратылады, яғни сабақты әр бөлігінің мақсаты айқындалады.

Педагогикалық жүйе ретіндегі еліміздің жалпы білім беру жүйесі алынатын болса, оның мақсаты жоғары білім беру жүйесі, техникалық-кәсіби білім беру жүйесі, жалпы орта білім беру жүйесі, мектепке дейінгі білім беру жүйесі, педагогтардың кәсіби біліктілігі арттыру жүйесі, т.б. мақсаттарына қатысты декомпозицияланады.

Одан кейінгі кіші жүйелердің әрқайсысының өзіндік мақсаттарына сай алынатын түпкілікті өнімді білдіретін *күтілетін нәтиже* белгіленеді. Мақсаттар жүйесінің деңгейлері жүйенің күрделілігіне қарай тағы да одан да кіші элементтерді қамтып, одан әрі сатылануы мүмкін. Сондықтан, шартты түрде аяқталған *құрылымдық мақсаттар* жүйесінің таралымы (декомпозициясы) одан әрі - *төртінші деңгейде* – кіші жүйелердегі іс-әрекеттердің мақсаттарымен жалғасады. Оларды құрастыру үшін ең кіші жүйелердегі басқару қызметінің кіруден бастап, шығуға дейін қамтитын іс-әрекеттерді қарастырылады.

Іс-әрекеттердің таралымы (декомпозициясы) басқару қызметінің типтік моделіне негізделіп, жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру мен реттеу, ынталандыру, бақылау, талдау элементтерінен тұрады.



Сурет 11 – Мақсаттық- бағдарлы жобаларды ұйымдастыру кезеңдері

Соңғы, *бесінші деңгейдегі* қызметтік мақсаттарды декомпозициялау төмендегі *мақсаттық- бағдарлы жобалау қызметінің кезеңдері* негізінде жүргізіледі:

Мақсаттық-бағдарлы жобалау қызметін ұйымдастыру кезеңдері жоғарыда көрсетілген бағыттар ретімен жүргізіледі, суреттегі шартты белгілердің мәні:

МА-мәселені *анықтау*;

МҚ-мәселе анықталғаннан кейін оны мақсатты - бағдарлы жобалау қызметі арқылы шешу *мақсатын қою*;

ЖҚ-жобалар *құрастыру*: оның тиімділік көрсеткіштерін белгілеу, варианттарын қарастыру арқылы тиімді жобаны бекіту;

ЖА-қабылданған шешімді *жүзеге асыру*, орындау;

ББ-жобаны жүзеге асыру барысын *бақылау*, орындалу нәтижесін *бағалау* (сурет 11).

Жүйелік тұрғыдан басқару категорияларына сай, педагогикалық жүйені басқаруда орын алып отырған мәселені *шешу жолы*—нақты мақсат қою, басқару қызметін жүйелі ұйымдастыру, ондағы адам ресурстарының сапасын жетілдіріп отыруға жағдай туғызу арқылы негізгі үдерістерді дамыту. Мәселені шешу *мақсаттық - бағдарлы жобалар құрастыру*, қалыптасқан жүйенің бір негізгі компонентін өзгертіп, іс жүзіндегі нәтижеден күтілетін *нәтижеге өту үдерісін жоспарлау* және шешімді *жүзеге асыру* кезеңдерінен тұрады.

Бүгінгі инновациялық үдерістер білім берудің құзыреттілік нәтижелерін қалыптастыру үдерісін жобалау қызметі арқылы мазмұндық және технологиялық қамтамасыз етуді қарастыруда. Бұлар білім беру ұйымдарындағы нақты өзгерістерді қажет ететіндіктен, педагогикалық жүйелерді басқару *болашақ өзгерістердің алдын – ала отырып жүргізілуі тиіс*.

Атап айтқанда, басқарудағы жобалау қызметі негізінде белгілі бір жүйені дамытудағы нақты жаңа өзгерістерді қамтамасыз етуге қажетті құзыреттіліктерді анықтап алу; басқару субъектілерінің өзгерістерді жүзеге асыруға қажетті құзыреттіліктерін жобалау бағдарламасы негізінде қалыптастыру. Осылайша, жүйені дамытудағы алдын ала белгіленген жаңа өзгерістерін мақсатты бағдарлы жобалар арқылы жүзеге асыру орындалады.

Жобалау қызметі негізінде педагогикалық жүйенің жалпы мақсаты мен оған сәйкес барлық құрылымдардың

белгілі бір мәселені шешудегі мақсаттарын біріктіріп, күтілетін нәтижені мазмұндық, әдіс-тәсілдік, ресурстық тұрғыдан қамтамасыз ететін *мақсаттық - бағдарлы дамыту жобалары* жасалады.

Аталған жобалар жүйенің *құрылымдық компонентіндегі адам ресурстарын* өзіндік дамыту арқылы жүйенің тұтас дамуын қамтамасыз ете алатын жобалау субъектісі ретінде алады.

Жобалау қызметі негізінде педагогикалық жүйенің жалпы мақсаты мен оған сәйкес барлық құрылымдардың белгілі бір мәселені шешудегі мақсаттарын біріктіріп, күтілетін нәтижені мазмұндық, әдіс-тәсілдік, ресурстық тұрғыдан қамтамасыз ететін *мақсаттық – бағдарлы дамыту жобалары* жасалады. *Біздің зерттеуімізде бұл жобалар жүйенің тұтас дамуын қамтамасыз ете алатын басты қызмет ретінде алынып отыр.*

Жобалау қызметін ұйымдастыру педагогикалық жүйенің барлық деңгейлердегі *басқарушылардың жоба жетекшілері ретіндегі арнайы құзыреттілігін дамытуды* қажет ететін болғандықтан, оларды ұйым ішінде оқыту мен тәжірибені ұштастыру арқылы жүргізілуі тиіс. Ол үшін мақсаттық – бағдарлы жобалар ретінде оқу-тәжірибелік алаңдар мен зертханалар ұйымдастырылады. Субъектаралық және іс-әрекет барысында жүзеге асырылатын оқыту жобалары нәтижесінде оған қатысушылар – әр деңгейдегі жүйе басшылары, педагогтар, білім алушылар өзіндік білім алу мақсатын қоя алатын, өзінің мүмкіндіктерін дамытуды көздейтін деңгейге жете алады.


Мақсаттық - бағдарлы дамыту жобаларының күтілетін нәтижесі *түрлі деңгейлердегі басқарушылардың, педагогтардың құзыреттілігін дамыту* болуы жалпы жүйе дамуының стратегиялық мақсаты–*білім алушылардың күтілетін нәтижелерін* қамтамасыз ету мақсатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық жүйелерді дамыту үдерісінің *құрылымдық толықтығын қамтамасыз ету* өзгерілетін компоненттің процедураларын реттеп отыруды қажет етеді.

Мақсаттық - бағдарлы жобалау барысындағы аралық нәтижелерді бағалаудың көрсеткіштерін құрастыру аса маңызды, өйткені, бұл параметрлерді жасау әр кезеңнен нақты не күтілетінін анықтауға, оның мақсатқа сәйкестігін бағалауға, түзетіп отыруға, сөйтіп, күтілетін өзгерістерді тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Педагогикалық жүйедегі ұйымдастырушылық, сапалық өзгерістер жасалуына мүмкіндік беретін маңызды факторлар—оларды басқарушылардың құзыреттіліктерінің дамуы болып табылады.

Жоба жетекшілері ретінде басқарушылар құзыреттіктерін арнайы дамыту, өз кезегінде, жүйенің қызметтік және құрылымдық компоненттеріне белгілі бір өзгерістер ендіріп, оның мазмұндық, құрылымдық, стратегиялық дамуындағы жаңа сапалық өзгерістерді қамтамасыз ететіні анықталды. Төмендегі суретте өзгерістердің жүзеге асырылу кезеңдері берілген.



Сурет 12 – Өзгерістердің жүзеге асырылу кезеңдері

Бірінші кезеңде, жобалау нәтижесінде жүйені басқарушылардың құзыреттілік сапаларын дамыту деңгейі. Онда жүйенің түрлі деңгейлеріндегі басқарушылар мен педагогтардың жоба жетекшілері ретіндегі құзыреттіліктері қалыптасып, одан әрі дамытыла бастайды. Бұл кезеңде олардың жобалау барысындағы әлеуметтік–педагогикалық,

тұлғааралық қарым-қатынастар негізінде өз әрекетінің мақсатын айқындай алушылық, құндылықтық, өзін-өзі дамытушылық көзқарастары өзгеріп, жаңа сапалары қалыптаса бастайды. Жаңа құзыреттілік сапалары өзара қарым – қатынастың жаңа түрлерін қалыптастырып, нәтижесінде жүйедегі педагогтардың өз әрекеттерін ұйымдастырудағы құндылықтық мақсаттары өзгере бастайды.

Екінші кезең, білім беру үдерісінде, педагогикалық жүйе ретіндегі білім беру ұйымдарында қалыптасқан іс–әрекеттерді, қарым-қатынастарды өзгере бастауы, дамуы. Онда түрлі деңгейлердегі жүйелерде басқарушылық іс–әрекеттер мазмұнында, өзара қарым - қатынаста өзгерістер пайда болды. Бұл алдыңғыға қарағанда күрделірек, өйткені, мұндағы әрекеттер бір адамға емес, адамдар тобына немесе басқарылушы субъектілерге қатысты. Іс-әрекеттерді, қарым-қатынастар мен әдіс - тәсілдерді өзгерту тәжірибеде нормаға айналып кеткенше қадағалау мен қалыптастыруды қажет етеді және жаңа стандарттық жағдайлар тудырады. Бұл жағдайда негізінен қалыптасқан әрекет түрлерін өзгерту жүзеге асырылып, топтар мен адамдар көзқарастары түбегейлі болмағанымен ішінара өзгере бастайды.

Үшінші кезеңде, ұйымдағы басқару субъектілері (педагогтар, білім алушылар, ата - аналар бірлестіктері, т.б.) ұжымды басқаруға қатыстырылып, түрлі деңгейлердегі жүйелерде ұйымдастырушылық - құрылымдық өзгерістер пайда болады, педагогикалық әрекеттердің мазмұны мен әдістері жаңарып, педагогтар тарапынан білім беру үдерісінде, сабақтардың құрылымына өзгерістер енгізіле бастайды. Бұл күрделі міндет, өйткені ол қосымша құрылымдар енгізу емес, қалыптасқан құрылым мазмұнына өзгеріс енгізуге байланысты. Соған орай, өкілеттіктерді, міндеттер мен жауапкершіліктерді, құрылымдық бағыныштылықты қайта бөлісу, оны талқылау мен реттеп отыру нәтижесіндегі өзгерістер ұйым мүшелерінің, жалпы ұжымның, білім алушылар мен педагогтардың іс–әрекеттік тәртіптері мен көзқарастарының, өзара қарым-қатынастарының жаңа сапасын әкеледі.

Төртінші кезеңде, білім беру үдерісінде, педагогикалық жүйе ретіндегі білім беру ұйымдарында қалыптасқан басқару қызметтері – мақсат қою, міндеттер мен күтілетін нәтижелерді жаңаша нақтылау жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда түрлі деңгейлердегі жүйелерді басқарудың стратегиялық мақсатына бағдарлы өзгерістері, яғни, жүйені әрбір компоненті нәтижелерінің жалпы жүйе мақсатына, күтілетін нәтижелеріне сәйкестігі қамтамасыз етілді. Осылайша, басқарушылар мен педагогтардың өзіндік мақсаттарын анықтау арқылы құндылықтық бағыттарының қалыптасуына, өзін-өзі дамытушылық көзқарастары ғана емес, жалпы білім беру ұйымының, білім беру үдерісін ұйымдастыру мақсатына сай ұйымның даму стратегиясын өзгертуге ықпал етуге мүдделі болуы қамтамасыз етіледі.

Бесінші кезеңде, жүйенің ұйымдастырушылық өзгерістері, жаңа сапаға өтуі–педагогикалық жүйенің мақсатқа сәйкес даму өзгерістері жүзеге асырылады. Осы деңгейде педагогикалық жүйе ретіндегі білім беру ұйымдарында, білім беру үдерісін басқаруда жаңа бағыттар, тұжырымдамалық өзгерістер пайда болады. Мұндай түбегейлі өзгерістер біртіндеп дамытуды қажет ететіндіктен, әрқайсысының орындалуы өзінің алдындағы деңгейдің орындалуына тікелей байланысты болып келеді. Сондықтан, жаңа стратегиялық міндеттерді орындау қалыптасқан басқару құрылым жағдайында мүмкін емес.

Педагогикалық жүйені мақсат қою арқылы өзгерту, дамыту әдетте белгілі бір деңгейде ықпал ету әрекеттерін қажет етеді. Мысалы, педагогикалық жүйелерде бірінші және екінші деңгейдегі өзгерістер үнемі жүргізіліп отыратын үдерістер, тіпті стратегиялық өзгерістер де жоспарланып жатады. Бірақ өзгерістерді дәл жоспарлау мүмкін емес. Стратегиялық өзгерістер мен дамуды дәл жоспарлау, есептеу арқылы басқару мүмкін емес. Өйткені, өзгерістер жоспардың жақсы болуынан емес, ұйымдағы күрделі қарым қатынастардың тиімді, қолайлылығы нәтижесінде пайда болады. Сөйтіп, педагогикалық жүйені даму логикасында қарастыру басқарудағы жобалау қызметінің жаңа мүмкіндіктерін айқындап отыр.

Педагогикалық жүйенің өзгерістерін жобалау арқылы қамтамасыз ету педагогтар мен білім беру ұйымдары басшыларының құзыреттіліктерін арнайы дамытумен қатар, ұйымды дамытуға сыртқы ықпалдар нәтижесінде байланысты ішкі ресурстарды тиімді пайдалану нәтижесінде мүмкін болады.

Жобалау негізінде ұжымның өзгерістерін қамтамасыз ете алатын ресурстар және оны пайдалану мүмкіндіктерін төмендегідей белгілейміз:

- педагогикалық ұжымның құзыреттілігін дамыту, оның ұйым ішілік түрлерін жаңарту, педагогтардың шығармашылық белсенділігін арттыру ресурстары *немесе педагогтарды негізгі адам ресурстары ретінде басқару ресурсы;*
- білім беру мекемелері жүйесін пайдалана отырып жеке білім алу бағдарламаларын құрастыру және жүзеге асыру ресурстары *немесе ұйымдастырушылық–педагогикалық ресурстар;*
- білім беру мақсаттары мен педагогтар сұраныстарына сай келетін білім беру технологияларыны игеру, пайдалану ресурстары *немесе ғылыми–әдістемелік ресурстар;*
- педагогикалық жетістіктер мониторингін жасау және пайдалану негізінде білім беру үдерісін жетілдіру ресурстары *немесе ақпараттық ресурстар;*
- әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін ескере отырып, ұйымның білім беру бағдарламасын жетілдіру *немесе әлеуметтік–педагогикалық ресурстар;*

Бұл басқарудағы жобалау қызметін жүйені даму логикасында қарастыру арқылы жаңа мүмкіндіктерін айқындайды.

Осыған сай, басқарудағы жобалау қызметі құрылымдық және мазмұндық өзгерістер механизмі ретінде педагогикалық жүйелердің барлық бөліктері мен құрылымдарындағы мақсат қою мен оны орындау жолдарын талаптарға сай жаңарта алады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Педагогикалық жобалаудың нәтижелері неге байланысты анықталады?
2. Педагогикалық жүйе ретіндегі білім беру ұйымдарының мақсаттар жүйесі қалай анықталады?
3. Педагогикалық мақсаттық- бағдарлы жобаларды ұйымдастыру кезеңдері.
4. Жобалау негізінде білім берудің құзыреттілік нәтижелерін қалыптастырудың мазмұны және технологиясын сипаттаңыз.
5. Мақсаттық-бағдарлы жобалау барысындағы аралық нәтижелерді бағалау кезеңдері мен көрсеткіштері.
6. Белгілі бір педагогикалық жүйені негізге ала отырып, берілген кезеңдерге сай ұжымды дамытудың жобасын жасаңыз және алынатын нәтижелерді бағалау көрсеткіштерін белгілеңіз.
7. Жобалау негізінде ұжымның өзгерістерін қамтамасыз ететін ресурстар.
8. Глоссарийді жалғастыру.

5. Педагогикалық әрекеттерді жобалау технологиясы

Педагогикалық жүйелердің инновациялық өзгерістері *мақсаттық жобалау* арқылы жүзеге асырылады. Бұл жаңа қызметтің өзіне тән орындалу алгоритмі мен технологиялық циклі, өзіндік ерекшеліктері болғандықтан, оны ұйымдастыру барысында белгілі бір тәртіп пен ережелер қатаң сақталуы тиіс. Соған орай, технология түсінігінің мәні жобалау әрекетін тұтастықпен және бірізділікпен орындаудағы ережелер мен нормалардың жиынтығы және олардың сабақтастығы деп қарастырылады.

Жобалаудың басталуынан аяқталғанға дейінгі біртұтас технологиясы төмендегі кезеңдер мен іс– шараларды қамтиды:

Бастапқы кезең. Бұл кезеңде атқарылатын жұмыстар: жобалау объектісінің қазіргі жағдайын талдау, диагностикалау, бағалау, орын алып отырған қайшылықтар мен кемшіліктерді анықтау, осы бағыттағы ғылыми–зерттеулерді талдау, мәселені теориялық негіздеу; жобаны ресурстармен қамтамасыз ету. Бұл кезеңнің нәтижесі–жобалаудың қажеттігін анықтау, оны ақпараттық–материалдық ресурстармен қамтамасыз ету, тиісті жағдайлар туғызу.

Негізгі кезең. Бұл кезеңде атқарылатын жұмыстар: жобалау мақсатын айқындау, мақсатқа қол жеткізетін жолдарды болжау, жобаның шектелу аясын белгілеу, жобалау идеясын тұжырымдау немесе тұжырымдамасы, жобаның тұтас бағдарламасын, жоспарын жасау, бақылау түрлерін анықтау. Екінші кезеңнің нәтижесі–объектінің құжаттық жобасын жасау, олар: тұжырымдамасы, моделі, бағдарламасы, жоспары.

Жүзеге асыру кезеңі. Бұл кезеңде жобаны жүзеге асыру жолдары, оны байқаудан өткізу орындалады. Нәтижесі–жүйенің жаңа сапаға өткендігін назарға алу.

Қорытынды кезең. Бұл кезеңде атқарылатын жұмыстар: жобаны және оны эксперименттік байқаудың сапалық нәтижелерін бағалау, жобаның тиімділігін тәуелсіз эксперттердің бағалауы, пайда болған мәселерге сыни рефлексия жасау, жобаның нәтижелерін қорытындылау, түзетулер енгізу. Бұл кезеңнің нәтижесінде жобаға қажетті өзгерістер ендіріледі.

Жобалау технологиясы *желілік түрде* ұйымдастыруды қажет етеді. Өйткені, педагогикалық мақсат қою, мотивациялар мен құндылықтық ұстанымдарында қалыптасқан түсініктерді өзгерту қатысушылардың іс–әрекет дағдыларын өзгертуден басталады. Ол үшін барлық дербес және ұжыммен орындалатын қызметтердегі әркімнің өзіндік дамуы мен ұжым дамуындағы ортақ мүдделерді айқындап, тиімді әрекеттерге жетелейтін жағдайды қалыптастыру қажет болды.

Жобалау әр адамның ұжымдағы рөлі мен жауапкершілігін арттыруды көздейтін болғандықтан, иерархиялық–жоғарыдан төмен қарай басқару жүйесінің

орнына жобалық командаларға негізделген өзара желілік байланыста болатын шағын топтар құрылды. Соған орай, бұрынғы құрылымдағы басқарудың негізгі құралы – қатаң бақылаудың орнына педагогикалық қызметкерлердің өзіндік тәртіпке, тапсырылған істі орындауға деген мотивациялық - стимулдық орта тудырылды. Қатаң бақылау мен әкімшілік әрекеттер қолдау көрсету, бірлесе орындау, нәтижені өзіндік бағалау әрекеттерімен ауыстырылады.

Жобалау технологиясы ұйымдастыру әрекеттерінің жаңа түрін қалыптастырады, оларға тән ерекшеліктер:

- жаңа қажеттіктерді қанағаттандырады;
- мәселелердің шешімін табу жолдарында дәстүрлі тұрғыға қарағанда елеулі айырмашылықтар болады;
- дамытушылыққа бағытталады.

Инновациялық өзгерістер жағдайында білім беру ұйымында жүзеге асырылатын жобалау технологиясына төмендегідей талаптар қойылады:

- 1) Жобаның икемділігі;
- 2) Жобаның күтілетін нәтижесі инновациялық өзгерістерге әкелуі;
- 3) Өзгерістің тиімділігі мен оны орындауға кеткен шығындардың сәйкестендірілуі;
- 4) Жоба барысында болуы мүмкін қолайсыздықтарды есепке алу;
- 5) Жобалау барысында ұжымда құрылымдық өзгерістер жасау мүмкіндігін қарастыру.

Бұдан көрініп тұрғандай, басқарудағы жобалау әдістерінің қалыптасқан ұйымдастыру мен басқарудан өзгешелігі аз емес. Атап айтқанда, дәстүрден тыс әдістер:

- желілік ойлау дағдыларын қалыптастыру;
- шығармашылық белсенділікті көтермелеу;
- жобаны жүзеге асырудың топтық (командалық) бірлестіктер.

Олардың қажеттігі келесі факторлармен айқындалады: жобаның матрицалық құрылымы, жұмыс барысының уақытшалық сипаты; шешуін қажет ететін мәселелердің

негізінен пәнаралық және интегративтік сипатта болуы; педагогтарды мен білім алушылардың шығармашылық әлеуетін желілік сипатында нығайту қажеттігі тууы; шешілуі қажет мәселелердің негізінен стандарттық қалыптан өзгеше болуы.

Басқарушыларды жоба жетекшілері ретінде арнайы дайындағаннан кейін, олардың алдына өздері қызмет істейтін ұйымды дамытудағы өзекті мәселелерді анықтау, оны шешуге арналған мақсатты жобалар құрастыру, жүзеге асыру, нәтижесін талдау және бағалау міндеті қойылады. Ол үшін, ең алдымен, сан алуан инновациялардың ішінен *педагогикалық жүйелердің түбегейлі өзгерістерін қамтамасыз ете алатын* ең негізгі бағытты тандай білу, жүйені мақсаттық–бағдарлы дамытудың *жүйеқұраушы элементі* болып табылатын *инновациялық жобаны* анықтай білудің маңызды екені түсіндіріледі.

Мақсаттың айқын болуы кез келген әрекеттің ең басты тетіктерін анықтап, соған күш салуға мүмкіндік береді. Тәжірибеде жиі кездесетін оқыту мен тәрбиелеу, білім беру ұйымдарын басқару қызметтеріндегі қиындықтар мен кемшіліктер негізінен педагогикалық әрекеттерді басқарушылардың іс–әрекеттің мақсатын нақты түсіне алмауынан және мақсаттың дәл анықталмауынан болатыны белгілі. Соған орай, мақсаттық–бағдарлы жобалардың негізгі міндеті–жүйенің барлық компоненттерінің қызметтерін күтілетін нәтижеге сәйкес ұйымдастыру болып табылады.

Педагогикалық жүйелердің барлық деңгейлерін мақсатты дамыту мен оның бағдарламаларын жасау басқарудың инновациялық технологияларын тиімді қолдануды қажет етеді. Бұл қызметтерді жобалау технологиясы арқылы жүзеге асыру жаңа адами ресурстарды сырттан тарту емес, қолда бар ресурстардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалануды көздейді. Жобалау әрекеті басқару құрылымына белгілі бір деңгейде өзгерістер ендіруді қажет етеді, оны ұйымдастыруда жаңа өзгерістерге түсетін объектілер қатарына басқару құрылымы мен басқару әрекеттерінің бағдарлық жүйесі жатады.

Жобалау әрекетін ұйымдастыру арқылы білім беру ұйымдарындағы даму өзгерістері жүзеге асырылады.

Жобалау технологиясын нақты мәселелерді шешуде жүзеге асыру арқылы педагогтардың ізденістік-шығармашылық белсенділігін арттыруда, білім беру ұйымының пайдаланылмай жүрген түрлі ресурстар көзін анықтауда маңыздылығын анықтауға болады. Сондай-ақ, ұйымдастырушылық жұмыстар барысында басқарудың қалыптасып қалған иерархиялық моделі өзгертіліп, жаңа бөлімшелер құрылады, тиімсіздігі анықталып отырған қызметтік, құрылымдық салаларды қайта құру, ішкі өзгерістер, т.б. жаңарту жұмыстары жүргізіледі.

Осылайша, педагогикалық жобалауға дайындық барысында:

- 1) Жағдайды талдау: түрліше диагностикалау арқылы мәселенің пайда болуы мен сипаттамасы жасалады;
- 2) Мәселені шешудің түрлі жолдары қажетті ресурстар және жүзеге асыру мүмкіндіктерін бағалау тұрғысынан қаралады;
- 3) Мақсатқа сай нәтиже беретін тиімді жолдар жоба ретінде таңдалады;
- 4) Жобалауды тәжірибеде ұйымдастырудың тәсілдері мен оны жүзеге асырудың материалдық-техникалық, қаржылық, құқықтық-нормативтік шарттары мен ресурстары анықталады.

Жағдайды талдау үшін ең алдымен берілген жағдайды қарастыру аясы шектелуі керек, ол үшін мәселеге қатысы бар субъектілерді, қалыптасқан жағдай кімдер үшін қиындық тудырып отырғанын белгілеу, қиындықтың мәнісі неде екенін, оның пайда болуы мен тәжірибеден орын алу себептерін анықтау қажет.

Талдау пәнінде қарастырылатын педагогикалық жүйенің, ішкі сипаттамалары: құрылымы, қызметі, байланыстары, ішкі және сыртқы ортаға қатысты сипаттамалары жатады. Бұл жұмыстардың барлығы *жобалау алды зерттеу кезеңін* құрайды.

Бұнда *бастапқы кезең* талаптарына сай жобалау жұмысы кіші жүйе құрылымының өкілдерінен құрылған

шығармашылық топтар құрудан басталып, педагогикалық ұжымды инновациялық дамытуды жобалау алды зерттеулер мен қалыптасқан жағдайды талдау негізінде жұмыстың қажеттігін анықтап, жобаның тұжырымдамасын құрастырды.

Нақты жобадан мысал. Тақырыбы: Педагогикалық ұжымның инновациялық мүмкіндіктерін дамытуды жобалау. Қысқаша тұжырымдамасы: Қазіргі педагогикалық жүйелерді дамыту ондағы педагогтардың инновациялық өзгерістерді қабылдауға, жүзеге асыруға, нәтижелерін талдай, бағалай білуіне байланысты. Сондықтан, педагогикалық жүйелерді дамытудың маңызды факторының бірі—ондағы адам ресурстары ретіндегі педагогтардың инновациялық мүмкіндігінің жеткілікті деңгейде болуы. Педагогикалық ұжымның инновациялық деңгейі оның жаңа идеялар мен жобаларды, инновациялық технологияларды жүзеге асыру мүмкіндігінен көрінеді. Осыған сай, білім беру ұйымдарының жүйелі өзгерістерін жүзеге асыру үшін ондағы педагогтардың инновациялық мүмкіндерін арнайы дамыту қажет.

Тәжірибеде орын алған түрлі жаңа бағыттардың ішінен *педагогикалық жүйелердің жаңа өзгерістерін қамтамасыз ете алатын* негізгі бағыт, жүйенің адам ресурстарын дамыту болып табылады. Соған орай, педагогтарды инновациялық дамыту жүйенің жаңа өзгерістерін қамтамасыз ететін *жүйеқұраушы элементі* бола алады және осы бағыттағы *инновациялық жобаны* жүзеге асыру ұжымның одан кейінгі даму сатыларында өтуге мүмкіндік береді».

Одан әрі ұсынылған мәселені *шешуде* бұрыннан бар амалдардың белгілі бір себептермен нәтиже бермейтіні негізделеді немесе жаңа жағдайлар туындағаны нақтыланады. Осыдан соң, жаңа жағдайларға сай өзгерістерді жүзеге асырудың *мақсаты мен міндеттерін анықталып*, жобалау технологиясының келесі кезеңіне өтеді.

Осылайша, *педагогикалық ұжымның инновациялық мүмкіндіктерін дамыту* жобасын жүзеге асыру жолдары белгіленеді.

Педагогикалық ұжымның бұл бағыттағы мәселелері мен оны шешу жолдарын, мақсаттары мен күтілетін

нәтижелерін айқындау нәтижесінде жобалау болжамы белгіленді.

Болжам бойынша, егер, педагогикалық ұжымды инновациялық дамыту жұмыстарының мазмұны, әдістері мен түрлері оның әрбір кезеңінің мақсатына сай педагогтардың жаңалықтарға көзқарасын дамыту, оларды қабылдай алуы мен жаңалықтарды меңгеруін ұйымдастыру; ұйымдағы педагогтардың жаңашылдық деңгейі мен педагогтардың шығармашылық белсенділігін арттыру; өзара қарым қатынастарын дамыту педагогикалық-психологиялық, ұйымдастырушылық ресурстық тұрғыдан қамтамасыз етілсе, онда педагогикалық ұжымның инновациялық мүмкіндіктерін дамыту тиімді жүзеге асырылады.

Осы болжамға сай, ұжымның инновациялық өзгерістерге даярлық көрсеткіштері төмендегі сапалардан тұрады деп белгіленді:

- 1) Педагогтардың жаңалықтарға көзқарасы, оларды қабылдай алуы;
- 2) Жаңалықтарды меңгеруге және қолдануға даярлығы;
- 3) Ұйымдағы педагогтардың жаңашылдық деңгейі;
- 4) Педагогтардың шығармашылық белсенділігі;
- 5) Өзара қарым қатынастарының деңгейі.

Оны тәжірибеде жүзеге асыру кезеңдері анықталып, күтілетін нәтижелері төмендегідей белгіленді:

Дайындау кезеңінде—педагогикалық ұжымның инновациялық өзгерістерге мотивациялық даярлығы;

Ұйымдастыру кезеңінде – теориялық даярлығы;

Жүзеге асыру кезеңінде – тәжірибелік даярлығы;

Бақылау бағалау кезеңінде – күтілетін деңгей мен қалыптасқан деңгейлердің сәйкестігін анықтау, сәйкестендіру.

Одан соң, шығармашылық топ әрбір кіші жүйе құрылымында талқыланған педагогикалық ұжымды инновациялық дамыту жобасын ұйымдастыру бағдарламасын педагогикалық кеңеске ұсынып, бекітілген соң жүзеге асыру жұмысы басталды.

Жобалауды жүзеге асыру оны кезеңдерге бөліп, және әр кезеңнің нәтижесін белгілеуді, соған сәйкес бақылап,

бағалап отыруды қажет етеді. Осыған орай, барлық кезеңдерде дәстүрлі басқаруға тән емес өзгеше жұмыс түрлері пайдаланылады.

Жобалау арқылы *педагогикалық ұжымның инновациялық мүмкіндіктерін дамыту үшін, ұйым ішінде* оқу мен тәжірибені ұштастыруға жағдайлар туғызылды. Олар ұжым жағдайында тұрақты түрде қызмет істейтін арнайы *семинарлар* мен практикалық жұмыстың *тәжірибелік алаңдары ретінде* ұйымдастырылды.

I. Дайындық кезеңі.

Мақсаты: педагогикалық ұжымды инновациялық өзгерістерге мотивациялық даярлығын қамтамасыз ету.

Мазмұны:

1. Педагогикалық ұжымның инновациялық өзгерістерге мотивациялық даярлық деңгейі диагностикалау.

2. Ақпараттық база төмендегіше құрастырылады:

- білім беру саласындағы жаңалықтар базасы жасалады;
- тақырыптық семинарлар жүргізіледі, әдебиеттермен, жаңа әдістемелермен қамтамасыз етіледі;
- педагогтарды өз мәселелері бойынша қалалық семинарларға, ашық сабақтарға, облыстық институттың курстары мен теориялық семинарларына жүйелі қатысуы ұйымдастырылады.

3. Университеттен таңдалған ғылыми жетекшілермен және кеңесшілермен байланыс жасалып, оларды семинарларға тарту, инновациялар туралы ғылыми ақпараттармен танысу жүзеге асырылады.

4. Инновациялық жаңалықтар мен технология түрлері педагогтардың қажеттіктері бойынша таңдалады.

5. Педагогтар, сонымен қатар, өз пәндері бойынша білім алушылардың қажеттіктері бойынша ізденістік инновацияларды таңдауға да жағдай туғызылады.

6. Жобаны жүзеге асыруда болуы мүмкін кедергілерді, сәйкессіздіктер мен кері нәтижелеріне болжау жасалады.

7. Білім алушыларды, ата-аналарды жоба жұмысымен таныстырып, жұмысқа белсенді қатысуға мотивациялау жүргізіледі.

II. Ұйымдастырушылық кезең

Мақсаты: педагогикалық ұжымның инновациялық мүмкіндіктерін дамытуды теориялық қамтамасыз етуге даярлық жұмысын жүргізу.

Мазмұны:

- 1) Иерархиялық түрдегі әдістемелік қызмет құрылымына өзгерістер енгізу: матрицалық шығармашылық зертханалар, тәжірибе алаңдарын, филиалдар, ғылыми–кеңесшілік топтар құрылады;
- 2) Педагогтардың ғылыми-әдістемелік, инновациялық білімдерін толықтыру үшін тақырыптық семинарлар мен тренингтер жүргізіледі;
- 3) Педагогтардың зерттеушілік сапаларын дамыту, зерттеу тақырыптары бойынша іс-тәжірибелерін жүргізуге жағдай туғызылады;
- 4) Ғалымдармен байланыстар нығайтылып, жеке және топтық кеңес беру, семинарлар өткізу үшін филиалдық жұмыстар басталады;
- 5) Педагогтарды ынталандыру ережелерін құрастырылды;
- 6) Өзара шараларға, сабақтарға қатысу, дөңгелек үстел, жобаларын қорғау, шығармашылық есептер тыңдау, презентациялар жоспар бойынша орындалады.

III. Жүзеге асыру кезеңі

Мақсаты: педагогикалық ұжымның инновациялық өзгерістерге жүзеге асыруын қамтамасыз ету.

Бұл кезеңнің мазмұны:

- 1) Педагогикалық ұжымның инновациялық мүмкіндіктерін дайындық кезеңі бойынша аралық диагностикалау;
- 2) Бағдарлама бойынша теориялық білімді Д. Колб әдісімен тақырыптық семинарлар, іскерлік ойындар, практикумдар, тренингтер түрінде жүргізу, оны келесі семинарға дейінгі аралықта

тәжірибеде бекіту, талдау, әріптестерімен талқылау;

Бағдарлама бойынша практикалық, ғылыми-әдістемелік жұмыстарды төмендегі бағыттарда жүргізу: сабақтарға қатысу, талдау сияқты дәстүрлі әдістемелік қызметтер, сонымен қатар, матрицалық түрдегі шығармашылық зертханалар, тәжірибе алаңдары, филиалдар, ғылыми – кеңесшілік топ; оқу зертханаларында тәжірибелік жұмыстарды шыңдау.

Ұжымдағы іс әрекеттердің мазмұндық өзгерістері: сыныпшілік, сыныпаралық, ұжымдық жобалар жасалуы; білім беру жобаларымен қатар, тәрбиелік, әлеуметтік мәнді жобалар жасалуы; білім алушылар мен педагогтар және ата-аналардың қатысатын бірлескен жобалар пайда болуына жағдайлар туғызу;

Басқару құрылымының өзгеруі, матрицалық құрылымдар пайда болуы, педагогтар ұжымының, білім алушылардың, ата-аналардың түрлі тақырыптардағы инновациялық жобаларға белсенді қатысуы.

IV. Бақылау -бағалау кезеңі

Мақсаты: Педагогикалық ұжымның инновациялық дамытудағы күтілетін деңгей мен қалыптасқан деңгейлердегі сәйкессіздіктерді анықтау.

Мазмұны:

1. Педагогикалық ұжымның инновациялық дамытудың қорытындыларын бағалау көрсеткіштері:

- Педагогтардың жаңалықтарға көзқарасы, оларды қабылдай алуы;
- Жаңалықтарды меңгеруге даярлығы;
- Ұйымдағы педагогтардың жаңашылдық деңгейі;
- Педагогтардың шығармашылық белсенділігі;
- Өзара қарым қатынастарының деңгейі.

2. Педагогикалық ұжымның инновациялық дамытудан күтілетін деңгей мен қалыптасқан деңгейлердегі сәйкессіздіктердің себептерін анықтау

3. Педагогикалық ұжымның инновациялық дамытуды одан әрі жалғастыру бағдарламасын жасау.

Берілген параметрлер мен өлшемдер бойынша педагогикалық ұжымның жобалау қызметі нәтижесіндегі

көрсеткіштерді салыстыру арқылы күтілетін деңгей мен қалыптасқан деңгейлердегі сәйкессіздіктерді анықтауға болады. Ол үшін педагогикалық ұжымда жүргізілген сауалнамалар мен құрастырылған жобалардың нәтижелері жинақталады. Сонымен қатар, олардың өлшемдері түрліше болғанымен, нәтижесін есептеудің коэффициенті зерттеу қорытындыларын жүйелеу үшін өзара сәйкестендірілді.

Нәтижелік көрсеткіштер төмендегі бағалар бойынша анықталады: Мысалы, толық сәйкес – 3 балл, ішінара сәйкес – 2 балл, сәйкес емес – 1 балл. Жобаның сәйкестік формуласы: $K = K_f : K_m$. Аталған нәтижелерді бағалауда төмендегі коэффициенттік көрсеткіштер пайдаланылады: өте төмен – $K < 0,45$; төмен – $0,45 < K < 0,65$; жеткілікті – $0,65 < K < 0,85$; қажетті – $K > 0,85$.

Осы коэффициенттердің әр ұжым бойынша мақсаттық-бағдарлы жобалардан бұрынғы және одан кейінгі көрсеткіштері тәжірибелік эксперимент барысында эксперименттік және бақылау топтарында анықталып, салыстырылады.

Жобаны ұйымдастыру және жүзеге асыру ұжымның басқа мүшелеріне түрткі болатын *белсенді топтар құруды* қажет етеді және олар уақытша жұмыс топтары ретінде ұйымдастырылып, белгілі бір жобалау қызметі аяқталғанда таратылуы тиіс деген тұжырымы дәлелденді. Ол жобаның тиімділігі оның өлшемдері арқылы, педагогикалық ұжымның белгілі бір жетістіктерінің көрсеткіштері негізінде дәлелденіп, оның ұйым тәжірибесіне ендіру аяқталған соң, шығармашылық топ таратылды.

Жобалауды ұйымдастыру барысында педагогикалық жүйені басқару *матрицалық немесе иерархиялық–матрицалық* түрде ұйымдастырылуы, көптеген шығармашылық және зертханалық топтар мен филиалдардың көлденең басқарылуы қажет болды. Сөйтіп, аталған түрлі қызметтер уақытша басқару құрылымдары арқылы жүргізілді. Оның басты ерекшелігі–басқарудағы дәстүрлі және жүйелік элементтер мен басқарушы органдар арасындағы міндеттер мен жауапкершіліктерді мақсатқа сай үйлестіре отырып, мақсаттық-бағдарлы іс-әрекеттерді ұйымдастыруы.

Жобалау технологиясын жүзеге асыру жоба жетекшілері ретіндегі басқарушылардың үйреншікті іс-әрекеттері мен қажеттіктеріне өзгерістер ендіреді. Басқарушылардың арнайы дайындықтан өтуі кез келген деңгейдегі семинарлар мен тренингтерде берілген жобалау технологиясын пайдалана отырып, мәселелерді анықтауда, шешімін табуда ұжымдық әрекеттерді ұйымдастыра алуына мүмкіндік береді.

Өйткені, олар енді тек әрекетті жоспарлау, бақылау, бағалау ғана емес, педагогтардың шығармашылық белсенділіктерін көтеру, жүйелі және желілі ойлауға үйрету қызметтерін атқаруы тиіс болады. Осы мақсатта дәстүрлі басқарудағыдай әкімшілік жиналыстары орнына семинарлар мен тренингтер жүргізіледі. Семинарларда жобалау тұжырымдамасы мен жоспарлары, жоба барысында пайда болған мәселелерді талдау, шешім қабылдау, жобалардың жүргізілуін бақылау, бағалау жүзеге асырылады.

Бұл өзгерістер иерархиялық түрдегі жоғарыдан төмен қарай басқарудың орнына, басқарылатын кіші жүйелердің немесе элементтердің әрқайсысының мақсатын орындауды көздейтін жүйеаралық көлденең байланыстардың болуына негізделеді.

Әкімшілік жиналыстан семинар мен тренингтердің негізгі ерекшелігі—оларды басқарушы ғана талдап, қорытынды жасамайды, талдау мен шешім қабылдау ұжымның барлық мүшелерінің қатысуымен орындалады. Сондықтан, педагогтардың шығармашылық белсенділіктерін көтеру, жүйелі және желілі ойлауға үйрету рефлексиялық іскер ойындар арқылы да жүзеге асырылады.

Бірлескен ұжымдық әрекеттер негізінде жобалардың іске асырылуы жариялылық пен белсенділік жағдайында орындалып, олар өз кезегінде ұжым мүшелерінің нәтижелі қызмет атқаруға, ортақ мүддені іске асыруға қызығушылықтарын арттыратыны сөзсіз.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Педагогикалық әрекеттерді жобалау технологиясының кезеңдеріне сипаттама беріңіз.
2. Инновациялық үдерістерді жобалау технологиясына қойылатын талаптар.
3. Педагогикалық жобалауға дайындық мазмұны.
4. Педагогикалық ұжымның инновациялық мүмкіндіктерін дамыту жобасы негізінде оның барлық кезеңдерін қамти отырып, берілген үлгімен өзіңіз үшін өзекті тақырыптағы жоба құрастырыңыз және оны топпен талқылыңыз.
5. Жобаны бағалау көрсеткіштерін жасап, өз жобаңызды бағалаңыз.
6. Жобалаудың дәстүрлі әдістемелік шаралардан айырмашылығын мысалдар арқылы ажыратыңыз.

6. Педагогикалық ұжымның даму бағдармаласын жобалау технологиясы

Жобалау әрекетінің нәтижесі мақсаттық-бағдарлы жобалармен қатар *ұйымның даму бағдарламалары* түрінде де жасалады. Оның құрылымы негізінен жобалардың құрылымына өте ұқсас келеді, бірақ мазмұны мен түрі жағынан айырмашылықтары бар.

Аталған бағдарламаны жүйелілік тұрғыдан құрастыру *жоспарланған нәтиже мен оған жету жолдарының арасындағы өзара байланыстың* болуын көздейді. Даму бағдарламалары төмендегі мазмұнда құрастырылды:

- Бағдарлама мақсаты мен құрылымдық логикасын анықтау;
- Білім беру ұйымының, педагогикалық үдерістің мәселелерін диагностикалау жолдарын анықтау;
- Білім беру ұйымының, педагогикалық үдерістің күтілетін жаңа сапасын белгілеу;
- Оған жету жолдарын анықтау;
- Білім беру ұйымының, педагогикалық үдерістің дамуын басқарудағы мақсатты нақтылау;

- Оны орындаудың нақты іс-әрекеттер жоспарын жасау;
- Бағдарлама құрастырушылар тобын анықтау;
- Бағдарламаны жүзеге асыру және басқаруды жоспарлау;
- Бағдарламаның орындалуын көрсететін индикаторларды белгілеу.

Бағдарлама құрастыру жұмысының нәтижесі – құжат ретіндегі даму бағдарламасын мәтіні. Оны құрастырудың өзіндік талаптары болады: құжатты оқитын, пайдаланатын, оның орындалуы мен реттелуін қадағалайтын адамдарды анықтау, сол арқылы құжаттың жазылу стилі, құрылымы, саны, сақталатын орны анықталады; құжаттың бекітілу деңгейін анықтау, мысалы, педагогикалық кеңес, басқару кеңесі, жалпы жиналыс, білім басқармасы т.б., бағдарлама негізіне жасалатын құжаттарды белгілеу, мысалы, жылдық жоспарлар, құрылымдар жоспарлары, кейбір нормативтік құжаттар.

Бағдарламаның құрылымы оның идеясын, мақсатын, таңдаған даму бағдарын көрсетеді, сонымен қатар, төмендегі міндеттерді орындайды:

- бағдарламаның кімге арналғаны анықталады;
- білім беру ұйымының даму тұжырымдамасы нақтыланады;
- білім беру ұйымының жетістіктері талданып, мәселелері айқындалады;
- білім беру ұйымы дамуының ішкі ресурстарына баға беріледі;
- бағдарламаның теориялық негіздері қарастырылады;
- білім беру ұйымы қызметінің басым мақсаттары мен даму жолдары анықталады;
- даму міндеттеріне сәйкес жобалар құрастырылады;
- бағдарламаны орындау кестесі жасалады;
- бағдарлама жобасы сараптаудан өткізіледі.

Сонымен қатар, жобалардағыдай, даму бағдарламасында төмендегідей мағлұматтар берілуі талап етілді: педагогикалық ұжымның сол кезеңде қол жеткен

нәтижелері туралы; одан жоғары нәтижелерге жетудің мүмкіндіктері туралы; жоғары нәтижелерге жетудегі кедергілерді анықтау және оны болдырмауға қажет ресурстар туралы.

Бағдарламаны жүзеге асыру бірнеше жылдарды қамтитын болғандықтан, оның аралық орындалу кезеңдері белгіленді, әдетте оқу жылдарын кезең ретінде алып отыру қолайлы деп есептеледі. Бұл жағдайда жобалар сияқты, әр кезеңнің мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелері, орындалу әдістері мен нәтижені бағалау көрсеткіштері, оны өлшеу құралдары айқындалды.

Бағдарлама мазмұнына сай өзгерістердің бірнеше кезеңдері белгіленді:

Қазіргі жағдайды талдау *немесе жобалау алдындағы зерттеу жұмысы*—калыптасқан мақсат, міндеттер жүйесіне, оны жүзеге асыру құралдарына, білім беру әрекеттерінің жағдайына, нәтижелері мен бағалау жүйесіне сипаттама беру;

Жобаны құрастыру – білім беру үдерісіне ендірілетін өзгерістерді және оның нәтижелерін *жобалау*;

Басқарушы және педагогтарды педагогикалық үдеріске ендірілетін өзгерістерге теориялық, әдістемелік және психологиялық даярлау, жобаланған өзгерістерді қоғам тарапынан қолдау ісін ұйымдастыру *немесе жоба туралы келісімге келу*;

Жобаны нормативтік, ұйымдастырушылық, материалдық және қаржылық қамтамасыз ету;

Білім беру үдерісіне шағын өзгерістер ендіру (білім жүйесінің белгілі сатыларына ғана, немесе, жеке пәндерді оқыту көлемінде, т.б.)

Білім беру үдерісіне жүйелі өзгерістер ендіруге көшу, немесе *жобаны жүзеге асыру*;

Белгілі кезеңдерде қол жеткен нәтижелерді талдау, басқару және әдістемелік шараларға түзетулер мен толықтырулар ендіру, педагогикалық үдерістің сапасын өзгертудегі перспективалық бағыттарды анықтау *немесе жобаны қорыту*.

Бұл кезеңдер де өзгертіле алады, әр кезеңнің ұзақтығы да әр түрлі болу мүмкін, сонымен қатар әрекеттер түрлі болатыны сөзсіз.

Даму бағдарламасын құрастыруда төмендегі талаптардың орындалуы қамтамасыз етілді:

біріншіден, педагогтардың, ата-аналардың, білім алушылардың оны *құрастыруға қатысуы* аталған бағдарламаның шын мәнінде білім беру ұйымын дамыту құралына айналуына мүмкіндік береді;

екіншіден, бағдарламаның *жүйелілігін* қамтамасыз ету, оның мақсат міндеттері мен жүзеге асырылу құралдарының өзара байланыста болуы оның тиімділігіне негіз болады;

үшіншіден, бағдарламаның орындалу барысы туралы ұжымды, ата-аналарды және білім алушыларды, сыртқы ортаны *хабардар етіп отыру* міндетті болып табылады. Оның формасы ретінде білім беру мекемелерінің көпшілікке ұсынылатын есеп ретіндегі баяндамасын алуға болады.

Бағдарламалардың нұсқаларын екі негізгі топқа біріктіруге болады. Олар: *жаңа талаптар мен іс-әрекеттерді орындауға бағытталған бағдарламалар; педагогтардың инновациялық әрекеттерін қолдауға бағытталған бағдарламалар*. Сонымен қатар, тәжірибеде осы нұсқалардың араласқан түрін білім беру нәтижелерін көтеру үдерісін басқаруда кездестіруге болады.

Бағдарламаның білім беру үдерісін жаңаша құрудағы негізгі бағыттары белгіленіп, олар бөлімдер ретінде ұсынылды:

- *Жаңа білім беру стандарттарына көшуді ұйымдастыру:*
- Оқу жоспарының варианттарын таңдау.
- Пәнаралық нәтижелерге бағытталған жұмыс жоспарларын құрастыру.
- Оқу үдерісін жоспарлау.
- Оқу тәртібін белгілеу.
- Сабақ кестесін жасау.
- Білім беру технологияларына өзгерістер енгізу.
- Оқулықтардың пәндік-әдістемелік түрлерін таңдау.
- Бейіндік оқытуды ендіру.
- Желілік қарым–қатынасты орнату.

- Элективтік таңдау және факультативтік курстарды таңдау және мазмұнын құрастыру.

Білім беру үдерісін жаңаша ұйымдастыру:

- Білім алушылардың қорытынды және аралық бақылау жүйелеріне өзгерістер енгізу.
- Ұлттық бірыңғай тестілеуге даярлау.
- Пәндік және метапәндік нәтижелерді бағалау.
- Функционалдық сауаттылық пен түйінді құзыреттіліктерді бағалау.

Білім беру үдерісінің мектепішілік сапалық көрсеткіштерін анықтау.

Мектептің жаңаша ұйымдастырылу сапасы:

Жаңа қарым-қатынас талаптары.

Білім берудің әртүрлі жүйелерінің орынды пайдаланылуы (өз бетімен білім алу, қосымша білім беру, шығармашылық тәжірибелер, т.б.).

Өзін - өзі басқару ұйымдары.

Педагогикалық үдеріске қатысушылардың құқықтары мен міндеттерінің үйлесімді сақталуы.

Педагогикалық және әлеуметтік бастамаларды қолдау. Әлеуметтік жобалау.

Білім берудің нәтижелеріне қоғамдық сараптама жасалуы және мектептің қоғамдық аттестациялаудан өтуі.

Мектептегі білім беру ортасы

Басқа мекемелерімен - мектепке дейінгі білім беру, қосымша білім беру, кәсіптік білім беру мекемелерімен, мәдениет және спорттық ұйымдармен өзара байланысы.

Ата-аналармен педагогикалық серіктестік тұрғысындағы қарым-қатынасы.

Қоғамды ұйымдармен қарым-қатынасы.

Мемлекеттік мекемелермен және түрлі меншік иелеріндегі өнеркәсіптермен, мекемелермен қарым-қатынасы.

5. Педагогтарды инновациялық міндеттерін орындауға даярлау

Педагогикалық мақсат қою жүйесін басқару.

Кәсіби жетілдірудің түрлері мен әдістері.

Педагогтардың құзыреттілігін дамыту бағдарламасы.

Педагогтарды құзыреттілігін дамытуға ынталандыру.

Педагогикалық ұйым мүшелерінің өзара қарым-қатынастары.

Даму бағдарламасын құрастыру бірнеше кезеңдерден тұрады:

Бірінші кезең: білім беру нәтижелерін бағалау кезеңі. Басқарудың теориялық моделі білім беруді жаңартуды қол жеткен білім беру нәтижелеріне талдау жасаудан, оларды білім берудің жаңа нәтижелеріне жету үшін қойылған мақсатпен салыстырудан бастау тұрғысынан қарастырады. Бұндай баға беруді педагогтар мен білім алушылар, ата-аналар арасында жүргізілген сауалнамалар қорытындаларын, қоғамдық сараптама мен қоғамдық аттестациялау қорытындыларын жинақтау негізінде ұйымдастыруға болады. Білім беру нәтижелерін бағалау бір жолғы жүргізілетін үрдіс болмауы да мүмкін, оның ұзағырақ мерзімді қамтуы, оның ішінде білім беру үдерісі субъектілерінің мақсат қоюшылық технологиясын дамыту, білім беру мақсатын қайта қарастыру кезеңдері ретінде жүргізілуі мүмкін.

Білім беру нәтижелерін бағалауды тақырыптық семинарлар, тренингтер, конференциялар, педагогикалық кеңестер, әдістемелік кеңестер түрінде өткізіп, оларда нәтижелердің алуан түрлері талдауға болады. Бұл шаралардың алдында міндетті түрде ақпараттарды талдау әдістері, оларды жинақтау мен талдау жұмыстары жүргізілуі тиіс.

Екінші кезең: жобалау кезеңі

Бұл кезеңде білім беру бағдарламаларыны нұсқаларын таңдау жүзеге асырылады. Нұсқаларды таңдау еліміздегі білім беру сапасын арттыруды көздейтін нормативтік құжаттарға, білім беру үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктеріне, ұйымдастырылу мәдениетіне, педагогтар кәсібилігіне қатысты жүргізіледі. Онда білім беру нәтижелерін көтерудің түрлі жолдары мен әдістері, түрлі білім мекемелерінде жүргізілген тәжірибелік, инновациялық жұмыстар қорытындылары, ғылыми және әдістемелік әдебиеттердегі теориялық және практикалық зерттеулер туралы ақпараттар мен мәліметтер жинақтау және талдау жасалады. Аталған бірінші және екінші кезеңдердегі

бағдарлама мазмұны орындалу мерзімі бойынша аралас келуі де, ұжымның аналитикалық – талдау түрінде жүзеге асырылатын кәсіби деңгейін көтеруге бағытталған бағдарлама ретінде де қарастырыла алады.

Бұл жұмыстардың қорытындалары ретінде білім беру нәтижелерін көтерудің түрлі жолдары мен әдістері туралы *мәліметтер жинақтары* жасалады.

Келесі қадам болуы мүмкін өзгерістердің жобалық матрицаларын құрастыру. Бұндай матрицаларды өзгерістер жасалатын әрекеттің әрбір бағыты үшін жасаған дұрыс болады. Нұсқаларды таңдаудың критерийлері ретінде қол жеткен нәтижелерді бағалау, білім беру жүйесінің әлеуеті, басқару стратегиясының моделі (дәстүрлі, инновациялық, эксперименттік). Осылардың қорытындысы бойынша бірнеше бағыттарды матрицалар құрастыруға болады. Олар: білім беру үдерісі, мектептің ұйымдастырылу мәдениеті, білім беру ортасы, педагогтардың әлеуетіне қатысты.

Матрицаларды құрастыру үдерістер сипатында болып, ұжымды білім беруді жаңарту бағдарламасын орындауға даярлау кезеңінен тұрады, ол үшін инновациялық бағыттарды ендіру үшін арнайы даярланған топ құрылады.

Үшінші кезең: модельдеу кезеңі

Бұл кезеңде мектептің білім беру жүйесіндегі өзгерістердің бөлек–бөлек матрицаларын өзара келісімге келтіру нақты жобалар құрып, олардың орындалу кезеңдері анықталады.

Осы кезеңге дейін мектептің білім беру жүйесінде болатын барлық өзгерістердің негізгі бағыттары анықталады, ұжымның білім беру нәтижелерін көтеру бағдарламасын орындауға даярлығы қамтамасыз етіледі. Даярлықтың шарты ұжымның стратегиялық әрекеттерінің нақтылануы, мектептің перспективалық даму бағдарламасының құрастырылуы болып табылады. Бұндай бағдарламаны орындаудағы жетекші элемент ретінде жобалау тобын қалыптастыру және жеке бағыттарды орындауға жауапты адамдарды тағайындау есептеледі. Бағдарламаны орындау алдында оны басқарудың жағдайлары жасалады. Олар, білім беру жүйесінің барлық элементтеріндегі өзгерістерді құқықтық қолдауды қамтамасыз ететін жекелеген

нормативтік актілерді жасаудан тұрады. Бағдарламаның басталуы алдында оның орындалуының бақылау түрлері белгіленеді және оның білім беру үдерісі субъектілеріне таныстыру технологиялары анықталады.

Ұйымның даму бағдарламасын жасаудың негізгі мәнісі білім беру ұйымының жалпы әлеуетіне баға беру, сонымен қатар, оны көтеру мүмкіндіктерін анықтау және жүзеге асыру шараларын белгілеу болып табылады. Соған сай, оның әлеуеті өзі жете алатын, жетуге болатын білім нәтижелерімен және қолда бар ресурстарымен айқындалады. Ресурстармен қамтамасыз етілу деңгейі білім саласындағы жалпы саясатқа, білім беру ұйымының орналасқан жеріне (ауыл, аудан, қала), сонымен қатар, білім беру ұйымының өзіне, оның қажет ресурстарды тарта білу қабілетіне де байланысты болып келеді.

Бағдарлама білім беру ұйымының өзінде бар мүмкіндіктерге сай даму бағытында өзгерістерді енгізудің, ресурспен қамтамасыз етілудегі өзгерістердің, қолда бар ресурстарды пайдаланудағы өзгерістердің жоспарлануын қамтамасыз етеді.

Педагогикалық жүйені дамытуды жобалар көбінесе даму бағдарламасының бір бөлігі ретінде де немесе өз алдына дербес те жүзеге асырыла алады. Бұлардың қайсысын алсақ та, педагогикалық жүйенің мәселелерін анықтау, оның құрылымдары мен компоненттерін мақсатты түрде дамытуды, ондағы негізгі үдерістерге өзгерістер енгізуді көздейді. Бұл өзгерістер қалыптасқан жүйені күтілетін жүйеге сәйкестендіру үшін іс жүзіндегі жүйенің белгілі бір қызметін өзгертіп, оны күтілетін жүйе деңгейіне жеткізетін жаңа сипатты жүйе құрастыру, іс жүзіндегі жүйеден күтілетін жүйеге өту процесін жоспарлау және шешімді жүзеге асыру логикасында жүзеге асырылады.

Қорыта келе, басқарудағы мақсаттық-бағдарлы жобалау технологиясы жүйенің өзіндік ұйымдастырушылық қабілеті оның құрамындағы субъектілік компоненттердің өз бетімен білім алуы мен өзін-өзі дамыту сапаларын педагогикалық жүйелерді дамытуға жұмылдыра алады, сонымен қатар, аталған сапалар жүйе қызметінің басты мақсаты болып табылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ұйымның даму бағдарламасы - жобалау әрекетінің нәтижесі ретінде.
2. Даму бағдарламаларын жобалау мазмұны.
3. Бағдарламаның құрылымы мен міндеттері.
4. Бағдарлама мазмұнына сай жасалатын өзгерістер кезеңдері.
5. Даму бағдарламасын құрастыруға қойылатын талаптар.
6. Бағдарламаның білім беру үдерісін жаңартудағы негізгі бағыттары.
7. Даму бағдарламасын құрастыру кезеңдері.
8. Ұйымның даму бағдарламасын жасаудың негізгі мәні.
9. Өзіңіз оқитын немесе жұмыс істейтін білім беру ұйымының даму бағдарламасына талдау жасап, оны өзгерту немесе мақұлдау үшін сараптама жасаңыз.

Үшінші бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар

1. Педагогикалық жобалауды ұйымдастыру нысандары.
2. Жобалауды ұйымдастыру құрылымы мен компоненттері.
3. Дамыту жобасының мазмұндық құрылымы.
4. Жобалау негізіндегі педагогикалық ұжымның өзгерістері.
5. Инновациялық жобалауға қойылатын талаптар.
6. Мақсатты жобаларға тән белгілер.
7. Жобалау алды даярлық жұмыстарының құрылымы.
8. Жобаның негізгі бөлімдеріне талдау жасаңыз.
9. SWOT-талдаудың мәні мен мазмұны.
10. PEST- талдаудың ерекшелігі.
11. Жобалаудың логикалық құрылымына сүйене отырып өзіңіз оқитын не жұмыс істейтін педагогикалық жүйені өзгерту жобасының құрылымын жасаңыз.
12. Жобалауды ұйымдастыру шарттарын анықтау қажеттігі неде?

13. Жобалауды ұйымдастыру шарттарын атап, сипаттама беріңіз.
14. Жобаны жүзеге асыру кезеңдері.
15. Жобаны жүзеге асыру барысының мониторингі.
16. Жобалау құжаттары мен эксперттердің сараптамалары.
17. Жобаның аяқталуын рәсімдеу талаптары.
18. Жоба жетекшілеріне қойылатын талаптар.
19. Жобалау үдерісінің үздіксіз циклін құрайтын алгоритмі.
20. Педагогикалық ұжымда жобалауды жүзеге асырудағы міндеттер.
21. Педагогикалық жүйелердің жобалау негізіне нәліктен субъектінің өзіндік дамыту жүйесі ретінде алынатыны мысалдар арқылы дәлелдеңіз.
22. Педагогикалық жобалаудың қайта жаңғыртушылық деңгейлеріне сипаттама беріңіз.
23. Жобалаудың басқа басқару амалдарынан ерекшелігі неде?
24. Педагогикалық жобалаудың міндеттері.
25. Жоба құрастырудың жалпы логикасы.
26. Педагогикалық жүйелерді классикалық сипатта басқарудың мәні.
27. Педагогикалық жүйелерді басқаруда жобалауды ұйымдастырудың мәні мен ерекшеліктері.
28. Жобалау ресурстары мен оны ұйымдастыру.
29. Жобаны жүзеге асыратын топтар мен командаларға қойылатын талаптар.
30. Жобалау негізіндегі ұйымдастырушылық өзгерістер мәні.
31. Педагогикалық жобалаудың нәтижелері неге байланысты анықталады?
32. Педагогикалық жүйе ретіндегі білім беру ұйымдарының мақсаттар жүйесі қалай анықталады?
33. Педагогикалық мақсаттық-бағдарлы жобаларды ұйымдастыру кезеңдері.
34. Жобалау негізінде білім берудің құзыреттілік нәтижелерін қалыптастырудың мазмұны және технологиясын сипаттаңыз.

35. Мақсаттық - бағдарлы жобалау барысындағы аралық нәтижелерді бағалау кезеңдері мен көрсеткіштері.
36. Белгілі бір педагогикалық жүйені негізге ала отырып, берілген кезеңдерге сай ұжымды дамытудың жобасын жасаңыз және алынатын нәтижелерді бағалау көрсеткіштерін белгілеңіз.
37. Жобалау негізінде ұжымның өзгерістерін қамтамасыз ететін ресурстар.
38. Педагогикалық әрекеттерді жобалау технологиясының кезеңдеріне сипаттама беріңіз.
39. Инновациялық үдерістердің жобалау технологиясына қойылатын талаптар.
40. Педагогикалық жобалауға дайындық мазмұны.
41. Педагогикалық ұжымның инновациялық мүмкіндіктерін дамыту жобасы негізінде оның барлық кезеңдерін қамти отырып, берілген үлгімен өзіңіз үшін өзекті тақырыптағы жоба құрастырыңыз және оны топпен талқылыңыз.
42. Жобаны бағалау көрсеткіштерін жасап, өз жобаңызды бағалаңыз.
43. Жобалаудың дәстүрлі әдістемелік шаралардан айырмашылығын мысалдар арқылы ажыратыңыз.
44. Ұйымның даму бағдарламасы-жобалау әрекетінің нәтижесі ретінде.
45. Даму бағдарламаларын жобалау мазмұны.
46. Бағдарламаның құрылымы мен міндеттері.
47. Бағдарлама мазмұнына сай жасалатын өзгерістер кезеңдері.
48. Даму бағдарламасын құрастыруға қойылатын талаптар.
49. Бағдарламаның білім беру үдерісін жаңартудағы негізгі бағыттары.
50. Даму бағдарламасын құрастыру кезеңдері.
51. Ұйымның даму бағдарламасын жасаудың негізгі мәні.
52. Өзіңіз оқитын немесе жұмыс істейтін білім беру ұйымының даму бағдарламасына талдау жасап, оны өзгерту немесе мақұлдау үшін сараптама жасаңыз.

Үшінші бөлім бойынша негізгі әдебиеттер

1. Шапиро В. Д. и др. Управление проектами. - СПб.: «Два ТРИ», 1996.
2. Зуев С. Э. Управление изменениями. Социальное проектирование. Учебно-методический комплект по курсу, МВШСН. - М., 2003. -С.72.
3. Безруков В. С. Проектирование педагогических систем. - Самара, 2007. - с.315
4. Тряпыцина А. П., Радионов В.Е. Теоретические основы педагогического проектирования. - СПб., 1996. - с.196
5. Дункан В. У. Путеводитель в мир управления проектами. - Екатеринбург, 1998. -С.45-142.
6. Колесникова И. А. Горчакова-Сибирская М. П. Педагогическое проектирование. - М., 2005. - с.288
7. Ляхов И. И. Проектная деятельность (социально-философский аспект). -М., 1996. -356 с.
8. Ушаков К. М. Ресурсы управления школьной организацией. -М.: Изд. Сентябрь, 2000.
9. Бахишева С. М. Педагогикалық жүйелерді басқарудағы жобалау және оның ғылыми-теориялық негіздері, монография. - Алматы, 2009.
10. Senge, P. «The Fifth Discipline: The Art and Practice of the Learning Organization» Сенге П.«Пятая дисциплина: искусство и практика самообучающейся организации» /пер. с англ.-ЗАО «Олимп-бизнес», 2003. -408
11. Масюкова Н. А. Теория и практика проектной деятельности в системе ПК работников образования: дисс. ... д.п.н. - Минск, 1999. -340 с.
12. Взятыхшев В. Ф. Методология проектирования в инновационном образовании — М., 1995.

13. Гаспарский В. Праксеологический анализ проектно-конструкторских разработок. — М., 1978.
14. Джонс Дж. К. Методы проектирования / Пер. с англ. — 2-е изд., - М., 1986.
15. Хилл П. Наука и искусство проектирования: методы проектирования, научное обоснование решений. — М., 1973.
16. Анисимов О. С. Основы методологического мышления. — М., 1989.
17. Бедерханова В. П. Становление личностно ориентированной позиции педагога. — Краснодар, 2001.

IV. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛАУ ӘРЕКЕТТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Оқытудағы жобалау және оқушылардың жобалау әрекеттері

Оқытудағы жобалау. Әлеуметтік–мәдени контексте алғанда жобалауды оқыту әрекетін басқарудың түрі деп қарастыру және оның ерекшеліктерін ескере отырып, жобалау арқылы оқушыны дамыту міндеттерін орындау мүмкіндігі белгілі. Бірақ бұл жағдайда жобалау әрекетін ұйымдастыру әлеуметтік жобаларды жүзеге асырумен бірдей деуге болмайды.

Жобалау әрекеті мектеп жасындағы оқушының барлығына да бірдей жүргізілмейді, ол әр сатыдағы (бастауыш, негізгі, жоғары сыныптар) оқушылар үшін түрлі қызмет атқарады, түрлі мақсаттар қойылады және түрліше орындалады.

Мектепте ұйымдастырылатын жобалаудың мақсаты өнім алу ғана емес. *Оқушы үшін жобалау әрекетіне қатысу оның өз бетімен жұмыс істеуге ұмтылуына ықпал етсе, мұғалім үшін ол педагогикалық міндеттерді орындау құралы* болып табылады. Сондай-ақ, жобалау әрекеті оқу әрекетін түгелдей алмастыра алмайды және ол мектепте жүргізілетін жұмыстардың жалғыз ғана тиімді түрі деп те есептелмейді.

Жобалау–оқушылардың өз бетіндік оқу әрекеттерін ұйымдастыруда олардың белсенділігін арттыруға бағытталған құралдардың (технологиялардың) бір түрі.

Оқушылардың жобалау әрекеттерінің басты ерекшелігі –оның білім берумен тығыз байланыстылығында. Жалпы білім берудің өзін әлеуметтік жобалауға жатқызуға болады, бұл жағдайда жобалау субъектісі – қоғам болып табылады.

Нақтылап айтсақ, оқыту үдеріс–алдын ала белгіленген нәтиже, яғни белгілі бір сапаларға ие мектеп бітіруші тұлғасын қалыптастыру мақсатында арнайы ұйымдастырылатын үдеріс десек, білім берудің өзі жобалау әрекеті бола алады. Оны төмендегі қасиеттерге қарап айтуға болады:

- мақсаты анықталынып алған (мектеп бітіруші моделі)

- құралдары, белгіленген (білім мазмұны, түрлері, әдістері, ұйымдастыру ресурстары)
- нәтижелік өнімнің болуы (мектеп бітірушінің белгілі бір сапалары)

Білім берудің осы сипатына қатысты алатын болсақ, *педагог – жоба ретінде* жүзеге асырылатын білім берудің мақсатын жүзеге асыратын агент. Өйткені, ол педагогикалық әрекеттерді ұйымдастыру арқылы күтілетін нәтижелерге сәйкес оқушының дамуын бағыттап отырады. Оның басты құралдары оқыту мен тәрбиелеу.

Педагогты жай орындаушы деп қарай алмаймыз, себебі орындаушы белгіленген операцияларды рет–ретімен, бір тәртіппен орындайтын адам. Оқыту үдерісінде балалардың барлығы білім беру әрекеттеріне бірдей деңгейде араласа алмайды, сондықтан, педагог әрбір нақты оқушының ерекшеліктеріне қарай өз әрекеттерін ұйымдастырушы, яғни субъект рөлін атқарады. Осыған байланысты *педагог – білім беру үдерісінің субъектісі* деп айта аламыз. Өйткені, педагог субъект ретінде мақсат қояды, оған сай құралдарды анықтайды, нәтижені алуға күш жұмсайды, түрлі жағдайларды ескере отырып, өзінің ұйымдастырушының амалдарын орындайды, өзгертеді, түзетеді, бағалайды.

Енді, осы жағдайда *оқушы – білім беру үдерісінің субъектісі* бола ала ма? Соңғы кездері бұл өте кеңінен қолданылып жүрген мәселе. Оқушыларға жекелеген білім беру, тұлғалық–бағдарлы оқыту, субъект–субъектілік тұрғы деген түсініктердің ендірілуіне байланысты бұл мәселе кеңінен талқылануда, оқушының субъектілігі кеңінен қарастырылуда.

Білім берудің әлеуметтік мақсатын қарастырсақ, оқушыға мақсат сырттан беріледі, бұл – оқушының мақсаты емес, әлеуметті құндылық. Ал оқушы оны өзі үшін құндылық деп қарастырмауы мүмкін. Бірақ оқушы өзін-өзі дамытуды өз міндетіне алса, онда білім алу оның мақсатына айналады.

Айта кету керек, оқушыларды дәстүрлі оқытуды жүзеге асыруды педагогтың жобасы деуге де болады. Педагог оқыту барысындағы әрбір педагогикалық әрекеттің неліктен қажет екендігін, жаңа тақырыпты түсіндірудің мақсатын, бақылау жұмысын жаздырудың неліктен қажет екенін нақты біледі.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде педагогтың әрбір қадамы берілген әдістемеден ауытқымайды, өзінің не айтатыны, оқушының қалай жауап беру тиістігі алдын ала белгіленеді және дәл солай орындалуы талап етіледі.

Жобалау әрекетін ұйымдастыруда да педагог оқушылардың жұмысын жоба түрінде құрады. Педагог білім беру мақсатын анықтайды, оған жетудің белгілі бір жолдарын ұсынады және қорытынды нәтиженің қалай болуы тиістігін алдын ала белгілейді. Осылайша, педагог әрекетінің өзі жобалық әрекет. Дәстүрлі оқытумен салыстырғанда, жобалау әрекеті барысында педагогтың өз жауапкершілігі мен өзіндік іс-әрекеттері көбейеді, өйткені, ол оқушылардың жұмыстарын жоба жасауға бағыттайды, жоба жасау арқылы олардың түрлі қабілеттерін анықтайды, одан әрі дамытады. Ол өзінің оқыту жобасының нәтижесіне ғана емес, оқушылардың жобасы арқылы өнімінің нәтижесіне де жауап береді.

Педагогтың білім беру жобасы оқушылардың жобалары арқылы жүзеге асырылады, егер педагог оқушылардың жобаларын тиімді ұйымдастырып, олар өнімді және нәтижелі болған жағдайда педагогтың білім беру (оқыту) жобасы өз мақсатын орындайды.

Бұл жерде оқушылар жобасының өнімі - шартты ұғым, ол оқушының белгілі бір *білімдік, дағдылық, құзіреттілік, құндылықтық*, т.б сапалары болып табылады. Оқушылардың жобасын ұйымдастыруда педагог осы сапалардың белгілі бір сипатын мақсат ретінде алады.

Оқушылардың жобалау әрекеті қатаң реттелмейтін, көбіне олардың еркіндігін дамытуға бағытталғандықтан педагогтың жобалау іс-әрекеттеріне де еркіндік, өзгермелілік тән болады. Түрлі жағдайларға байланысты (топтағы болуы мүмкін түсінбестіктер, кейбір жобалардың сәтсіздігі, оқушының келмей қалуы, т.б) педагог көптеген өзгерістер ендіруі, ситуациялардан шығудың тиімді жолдарын анықтауы қажет болып отырады. Олардың барлығы да оқушылар жобасының, сонымен қатар, педагогикалық жобаның табыспен жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Қорыта келе, жобалау барысындағы педагогтың іс-әрекеттерін *жобалау әрекеті және басқару әрекеті* деп екіге бөлуге болады:

- білім берудің жаңа нәтижелерін (оқушылардың жаңа сападағы қабілеттерін дамытуды) жобалайды;
- оқушылардың жобалау әрекетін басқарады;

Сондай-ақ, бұл екі әрекет бір-бірімен бірге, айтылмай жүргізіледі. Айта кету керек, оқушылардың жобалау әрекеті жобалау түсінігінің қалыптасқан тәртіптеріне түгел жауап бермейтінін бүгінгі ғалымдар сөз етіп келеді. Оны квазижобалау деп атау керек деген ұсыныстар да бар. Оның себебі, жобалаушы жобаны белгілегенде өз мақсатын қойып, алатын өнімін белгілейді. Ал, оқушылар өз мақсаты емес, педагогтың немесе педагогикалық мақсат пен міндеттерді орындайды. Солай бола тұра, оқушылардың жобалау әрекеті педагог тарапынан «сауатты», тиімді ұйымдастырылса жоғарыдағы педагогикалық мақсатты емес, оқушылардың жобасының мақсатын олармен бірге анықтауға және орындауға әбден болады.

Оқушылар жоба жасаудағы өз әрекеттерін еркін тыңдап, өз бетімен оның мақсаты мен міндетін, әдіс – құралдарын күтілетін нәтижеге сай анықтауға мүмкіндік жасалса–жобалау олардың өз әрекеттеріне айналады. Демек, олардың жауапкершілігі мен өз бетіндік әрекеттері дамытылады.

Педагогикалық психологияда өзі үшін құнды мақсат қою және әрекеттерді өзі белгілеуі, нәтижеге жетуге ұмтылуы–оның субъектілігін білдіреді, яғни, бұл жобалаудағы субъектіліктің көрінісі болып табылады. Сонымен, оқушылардың жобалау әрекетін ұйымдастырудың бір-бірімен ажыратуға болмайтын екі түрі бар – *білім берудегі жобалау және оқушылардың жобалау әрекеттері*. Олардың қалыптасқан түсініктегі жобалау әрекетіне жатқызуға болатын төмендегі жобаға тән белгілері бар:

- мақсат – міндеттері еркін қойылады;
- орындау жолдары еркін таңдалады және іске асырылады;
- күтілетін нәтиже алдын-ала анықталады;

Жобалау кеңістігіне қарасты алатын болсақ: педагогтың білім беруді жобалауы-әлеуметтік білім беру жобасы кеңістігінде орындалып, сол деңгейде қадағаланатын болса, оқушылардың жобалау әрекеттері – педагогтың білім беру кеңістігінде орындалып, сол деңгейде қадағаланады, басқарылады.

Бұл жағдай жобалау әрекетін қарастыру барысында оның шеңбері мен аясын белгілеу үшін маңызды болады.

Жобалау әрекетінің құрылымы. Жобалау әрекетінің белгілерін төмендегідей анықтауға болады:

- нақты нәтиже алуға бағытталуы;
- алынатын нәтиженің, өнімнің алдын ала сипатталуы;
- эскиз түрінде тұтас және бөлігінің нақтылануы
- нәтиженің орындалу мерзімдерінің қатаң белгіленуі;
- нәтижеге қол жеткізу үшін қажетті шаралардың алдын ала жоспарлануы;
- жобаның түпкілікті нәтижесін қамтамасыз ететін жеке жұмыстардың нәтижелерімен олардың орындалу мерзімдері көрсетілген жоспарлы бағдарлама болуы;
- әрбір әрекеттің барысын қадағалау мониторингі мен түзетіліп отыратын жағдай болуы;
- жобалау әрекетінің нәтижесі ретінде алынған өнімнің алдын ала белгіленген нәтижеге сәйкестігі тексерілуі, талдануы және одан арғы жұмыстың жоспарлануы;

Жобалау әрекеті барысында аталған жұмыстар бірінен кейін бірі кезекпен орындалады деп түсінуге болмайды. Жобаны жүзеге асыруда бірнеше әрекеттер бір мезгілде жасалып, олар бір–бірімен үйлестіріліп отырады. Бірақ олардың ішінде негізгі әрекеттер мен қосымша әрекеттер болатыны, әрқайсысының жобадағы орны қатысушыларға түсінікті болуы тиіс.

Жобаның ең маңызды ерекшелігі–жобалау алдындағы нақты жағдайдың талдану қажеттігі. Атап айтқанда, жобалау арқылы жүзеге асырылатын жұмыста сол кезге дейін қалыптасқан жағдайды талдау оны өзгертуге,

орындауға деген қажеттіктің нақтылануына мүмкіндік береді.

Жобалаудың түпкі идеясы қалыптасқан жағдайды өзгертуге және түйінді мәселелерді шешуге бағытталады. Сондықтан жобалау алды талдау өзгеріс енгізілетін нысанды жан-жақты зерделеуді қажет етеді. Олай болмаған жағдайда жобалау арқылы алынған нәтиже жобаның мақсатына сай болмайды.

Жобалаудың түпкілікті нақты нәтижеге бағытталу ерекшелігі оның модельдеумен ұқсастығын көрсетеді. Қалыптасқан жағдайды өзгерту немесе белгілі бір құбылыстарға ықпал ету үшін, ең алдымен, оларды көз алдына елестету қажет. Осылайша, болашақ нәтиженің (жоба өнімінің) сұлбасы пайда болады. Берілген сұлбаны (бейнені) нақтырақ көрсету үшін оның мақсаты, орындау жолдары, т.б анықталады. Бұл – модельдеу үдерісі. Белгілі бір жағдайды модельдеу үшін оны толық білу, яғни ақпарат жинақтау қажет болады. Ақпараттың жеткіліксіз болу модельдің толық бейнесін құрастыруға мүмкіндік бермейді, осы себепті жобалау мақсаты орындалмайды.

Жобалау және ғылыми зерттеу. Ғылыми зерттеу туралы шешім белгілі бір сұраққа жауап іздеу немесе бір логикалық байланыстың кем болуы немесе ғылымда бар тәсілдер және түсініктердің қоршаған орта тануға жеткіліксіз болуы жағдайында пайда болады.

Зерттеу идеясының өзінде оның пайда болуынан бастап–ақ түпкілікті нәтижесінің қандай да бір көрінісі, оған жету амалдары, бақылау және түзету жолдары орын алуы мүмкін.

Бірақ зерттеу нәтижесі сол ғылымның түсініктік аясына (понятийный ландшафт) ене отырып, оның дамуына, өзгерістеріне ықпал етеді. Ғылыми зерттеудің осы салалары оны жобаның қасиеттеріне жақын екенін білдіреді.

Солай бола тұра, жоба мен зерттеудің елеулі айырмашылықтары да бар. Оның ең негізгісі - әрқайсысының жүзеге асырылатын кеңістіктерінің біздей еместігі. Ғылыми зерттеуде *түсініктік кеңістігі сол ғылымның теориясы* болып табылады да, зерттеу нәтижесінде алынған жаңа ұғымдар теориялық кеңістікке өзгеріс енгізіледі.

Ал жобалауда–практикалық әрекеттер жүзеге асырылып, тәжірибе өзгеріп отырады. В. В. Давыдовтың айтуынша, оқу әрекеті *квазизерттеу* ретінде орындалады, сондықтан, оқу әрекеті барысында қалыптасқан ғылыми теория, түсініктік кеңістік өзгермейді, яғни оқушылар ғылыми теорияны дамытуға араласпайды.

Солай бола тұра, субъектілік түсініктік кеңістік өзгереді, оқушыларда жаңа түсініктер пайда болады және олардың қоршаған ортаны тану амалдары мен жолдары өзгереді, яғни оқушының өз теориялары, өз көзқарастары пайда болады, дамиды.

Ғылыми зерттеу жобаға немесе оның құрамдас бөлігіне айнала алады. Бұл адамның жаңа білімі оның өзін ғана емес, оның өз ортасын, әлеуметтік ортасын да өзгерте алатын жағдайда пайда болады. Сондай–ақ, жаңа білім тәжірибеде жүзеге асырылғанда ғана жобаға айнала алады.

Жаңа білім құралға, практикалық әрекеттің құралына (средство) айналуы арқылы жобаның бөлігі болып қызмет етеді.

Ғылыми зерттеулер мен жобалардың көптеген ортақ жерлері бар, бір – біріне айнала алатын тұстары да бар. Зерттеулер жобаның бөлігіне айналып, оған еніп те кетуі мүмкін. Іргелі ғылыми зерттеулер жобаның бірнеше сериясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені, зерттеу нәтижелері белгілі болмай кейбір жобаларды орындау мүмкін емес. Керісінше, кейбір жобаларда өз алдына құндылықтары бар зерттеулер пайда болады.

Жобалау және жобалауға қабілеттілік. Жобалау мәселесінің тағы бір аспектісі бар, ол жобалаушы адамның қандай қабілеттері болуы қажет. Жоба нәтиже ретіндегі белгілі бір өнім алуға, жасауға байланысты қолданылатын ұғым, ол өнім материалдық немесе идеалдық тұрғыларда қарастырылады және ол белгілі бір мәселені шешу үшін қажет болады.

Психология ғылымында Өнімді ойлау (продуктивное мышление) деген ұғым бар, ол шығармашылық ойлау деген ұғымның синонимі ретінде адамның жаңа тұрғыдағы, жаңа деңгейдегі интеллектуалдық

міндеттерді шеше білуімен байланыстырылады. Өнімді ойлаудың негізгі кезеңдері төмендегідей белгіленеді:

- 1) тақырыптың пайда болу кезеңі (жұмысты бастауға қажеттік), қалыптасқан жағдайды талдау;
- 2) мәселені анықтау кезеңі: тақырыпқа сәйкес идеялық–тұжырымдамалық немесе бейнелік–символикалық модель құрылуы, модель ішінде мәселе туғызатын қайшылықтарды айқындау арқылы мәселе нақты көрінеді;
- 3) мәселені шешу кезеңі: бұл кезеңде болжау жасалып қана қоймай, ол тексеріледі, дұрыс болған жағдайда мәселені шешу жолдары белгіленеді;
- 4) мәселені шешудің оны объект ретінде қарастырудың, жүзеге асырудың техникалық, орындаушылық кезеңі;

Бұл әрекеттер негізінен мәселені шешу жолдарын ойша іздеудің сипатталуы екені көрініп тұр. Өнімді ойлауды сипаттау барысында ең маңызды әрекет – ойлау актісі, өйткені, онда ойлану арқылы болжам құрылады, тексеріледі.

Өнімді ойлаудың екінші кезеңінде мәселені анықтау, оны бейнелік, тұжырымдық немесе символдық тілде құрастырып, қайта қарау. Бұл – модельдеу кезеңі, оны түрліше құруға болады. Жобалаушыға қажетті Өнімді ойлау қабілетінен басқа – креативтік ойлау әрекетін жүзеге асыра алу – аса маңызды. Креативтілік мәселені шешуде белгілі әрекеттерді орындауға бағытталған формальды түрдегі интеллектке жатпайды, ол – жаңа идеяларға бейімділік. Креативтілік деңгейін диагностикалау да адамның «дұрыс» жауапты таңдай білуі емес, мәселені анықтай алуынан бастап, оны шешудің бірнеше тың жолдарын күтпеген, бұрын қарастырылмаған жағынан ұсына білуі бағаланады.

Креативтіліктің тағы бір ерекшелігі–қарама–қайшылықтарын көре білуі және одан туындайтын мәселені, болжамын жасай білу арқылы шешу жолдарын анықтап, нәтижесіне дейін жеткізе білуі.

Кесте 6 - Өнімді ойлауға және жобалауға тән түсініктер

<i>«Өнімді ойлауға» тән түсініктер</i>		<i>«Жобалауға» тән түсініктер</i>	
-	Өнімді ойлау	-	қалыптасқан жағдайды талдау
-	Креативтілік	-	қайшылықтарды көре білу
-	Проблеманы шеше білу	-	болжам жасау, тексеру, қадағалау
-	Шешім қабылдау	-	нәтижеге қол жеткізу

Жоғарыдағы б-кестеге көңіл аударсақ, түсініктік, ұғымдық ақпараттары әр түрлі болғанымен психологияның әрекет ретіндегі өнімді ойлаудың бойында ұйымдастырушылық әрекет түрі ретіндегі жобалаудың барлық аспектілері бар екені, олардың логикалық және бірізділік сапалары ұқсас екені көрінеді.

Психологтардың пікірінше, ойлаудың түрлері туралы теориялар бірін–бірі толықтырып отырады деуге болмайды. Өйткені, олар интеллекттің формальдық теориясы сияқты бір–біріне тәуелсіз түрде пайда болады және дамиды. Дәстүрлі білімдік парадигма ХХ ғасырдың аяғына қарай қажет бола бастаған жаңа индивидтік қасиеттерді түсіндіру, сипаттау үшін жеткіліксіздігі белгілі болды. Соған орай, көптеген теорияларда индивидтің туындаған мәселеге қатысты талдау жасау, ситуацияны модельдеу, шешім қабылдау әрекеті және ол үшін өз жауапкершілігін мойындау сияқты сапалары басым көрсетіле бастады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жобалау–оқушылардың өз бетіндік оқу белсенділігін арттыру технологиясы ретінде.
2. Оқушылардың жобалау әрекетін ұйымдастырудағы педагогтың рөлі.
3. Оқушылар–жобалау әрекетінің субъектісі ретінде.
4. Жобалау барысындағы педагогтың іс – әрекеттері.
5. Оқушылардың жобалау әрекетінің түрлері.

6. Оқушылардың жобалау әрекетінің құрылымы.
7. Жобалау және ғылыми зерттеу.
8. Жобалау және жобалауға қабілеттілік.
9. Оқушылардың жобалау әрекеттерін ұйымдастыру тақырыбы ұсынып, негізгі кезеңдерін анықтаңыз.
10. Глоссарийді толықтырыңыз.

2. Жобалау – оқу әрекетінің ерекше түрі ретінде

Бүгінгі таңда білім беру нәтижелері бүгінде жаңаша қарастырылуда, олар: өз бетімен білу алуға, әлеуметтік ортада өмір сүруге қабілеттілігі, шешім қабылдауға, мәселені шешуге қабілеттілігі, ақпараттық, қарым–қатынастық (коммуникативтік) күзiреттілігі, жауапкершілігі мен белсенділігі, т.б.

Бұл нәтижелер оқушылардың жобалау әрекеті негізінде қалыптасатын нәтижелер, соған орай, *жобалау мектептің барлық сатыларындағы оқыту барысын түгел қамтитын әрекет* деп айтуға әбден болады.

Жобалау әрекетінің жасөспірімдер үшін маңыздылығы зор. Бұл жобалаудың басқа жастағы балалар үшін қажеттігі болмайды дегенді білдірмейді. Жасөспірім шақтағы жобалау осы кезеңдегі бала дамуының психологиялық және әлеуметтік міндеттеріне сай келеді. Ал, білім беру міндеттеріне келетін болсақ, жобалау әрекетін білім беру нәтижелеріне қол жеткізу құралы ретінде қарастыру қажет.

Бастауыш мектепте оқушыларға қысқаша ғана тапсырмалар немесе шығармашылық тапсырмаға ұқсайтын *микро – жобалар* беріледі. Шығармашылық деп аталу себебі – жоба барысында оқушы қалыптасқан әдіспен орындауын қажет етпейтін, дәстүрден тыс, ой–қиялын қозғайтын жағдай туғызады. Бұл тапсырмалар жеке оқушыға, не шағын топтарға да берілуі мүмкін. Әрине микрожобалар оқу әрекетінде түгелдей өз бетіндік жұмысты әзірше қамтамасыз етпейді, бірақ оның пайда болуына, дамуына ықпал ете бастайтыны сөзсіз. Солай бола тұрса да, бұл жағдайда дәстүрлі оқытудағыдай оқушының жекелік ерекшелігі, ой – қиялы шектелмейді, бірін–бірі тыңдауға, бірлесіп оқуға, шешім қабылдауға мүмкіндік жасалады. Бастауыш мектепте

қалыптасқан өзара қарым–қатынас, бірін–бірі тыңдау, бірлесіп оқу, үйрену мәдениеті қалыптасуы, кейін негізгі мектепте жобалау әрекетін жүргізудің басты құралдары бола алады.

Микрожобаларды ұйымдастыру оқыту ситуациясындағы жекелік тұрғыны жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық әдебиеттерде жиі кездесетін тапсырманы таңдау, жұмыс түрін, топ мүшелерін таңдау аз қолданылатыны белгілі. Ал, кішкене ғана, қысқаша және аз уақытта орындалатын тапсырмалар балалардың өзіндік ерекшеліктерін, өз бетімен жұмыс істеу қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді.

Бастауыш мектепте жобалау әрекеттерін пайдалану бала бойында жана сапаларды дамытып қана қоймай, осы жаста ойын үстінде дамитын еркін ойлау, ой белсенділігі, елестету – қиялдау қабілеттерінің сақталуына оң әсер етеді. Сондай–ақ, микрожоба барысында олардың мінез–кұлқында пайда болатын өз әрекетін ұйымдастыру, өзін - өзі басқара білу, өзгелермен санасу сияқты дағдылары да қалыптасатыны сөзсіз.

Жоғарғы сыныптарда жобалау әрекеті оқу барысында өзінің мінез–кұлқын реттеу, өзіндік әрекетін басқару құралына айналады. Оқушылар жобалау әрекеті арқылы жоғары сыныпта өзінің білім алу траекториясын таңдауға жауапкершілікпен, саналы түрде келуіне жағдай жасайды және өзінің оқу әрекеттері мен әлеуметтік қызметтерін басқаруға қабілеттілігіне айналады.

Жоғары сынып оқушылары үшін жобалау әрекеті қызметтік рөл де атқарады, яғни, оқушылар жобаны жүзеге асыруда қалыптасқан тәжірибелері мен қабілеттерін оқу әрекетінде, қарым–қатынаста, ақпаратпен жұмыс жасауда, мәселені шешуде, шешім қабылдауда пайдалана алады. Бірақ бұлар негізінен оқу үдерісінде ғана қолданылады.

Жобалау субъектісі және объектісі ұғымдары. Субъект ұғымына келсек, мысалы, біреуді субъект атанды, субъект болады деуге болмайды. Субъектілік–адамның сипаттамасы емес, ол оның іс-әрекетінің, өз әрекеті иесі екендігінің сипаттамасы. Егер адам өз бетімен, еркін әрекеттер орындау үстінде болса, осы жерде ол субъектілік

әрекет иесі. Осыған орай, субъектіліктің орнын, субъектілік жағдайын белгілеуге болады.

Жобалау әрекетіндегі субъект ұғымы әрекет теориясы негізінде қарастырылуы тиіс. Оны кеңінен талдамастан, тақырып шеңберінде төмендегідей қысқаша түсіндіруге болады.

Біріншіден, әрекет субъектісі өзгеріп отырады. Оқытудағы жобалаудың бастамасында ондағы әрекеттердің субъектісі – педагог қана. Әрекет оқушыларға әлі берілген жоқ, өйткені, оқушы оны әзірше өзі құрастыра алмайды.

Жобалауды ұйымдастырудың алғашқы кезеңінде оқушы өз бетіндік әрекеттерді өзі ұйымдастыру деңгейін әлі игермегендіктен бұл педагогтың субъектілігін талап етеді.

Жобалау объектісі де өзгеріп отырады. Әрекет басында ол нақты белгіленеді, яғни мұғалім оқушыларға не істеу керек (мақсат), нені өзгерту, жасау (объект) екенін анықтап береді. Одан әрі бұл элементтер нақтыланады, оқушылар сол объектіге қатысты мәліметтерді талдау, жағдайды бағалау арқылы күтілетін нәтижелерді одан әрі нақтылайды. Жоба субъектілігі де өзгере алады, бұл жерде екі жоба және екі субъект болатынын атап айту қажет болады. Біреуі-оқушылар жобасы, оның бастамасында балалар тек қатысушы ретінде болғанымен, одан әрі нақты әрекеттер орындау барысында жобалау субъектісі бола алады. Әр оқушыға жеке тапсырмалар беріліп, оның орындалуы оқушының өз тарапынан жүзеге асырылса, бұл – нақты оқушы субъектілігінің көрінісі. Ол тапсырма орындалмаса субъектілік жүзеге асырылмауы да мүмкін.

Субъектілік жағдайды кеңейтуге, дамытуға да болады, ол жобаны жеке немесе топпен орындаудағы өз бетіндік әрекеттердің нығаюы, қалыптасуы жүзеге асырылады. Жобалау әрекетін топпен орындаудың маңызы зор, өйткені, топтың субъектілігі жоғары болады. Өйткені, жобаны орындауда жобаның субъектілігі ретінде топтың қолдауы ерекше рөл атқарады.

Келесісі – педагогикалық (білім беру) жоба. Оның жобалау субъектісі әуел бастан педагог: педагог субъектілік болатын жағдайды жобалайды, педагог өз жобасын–оқушылардың жобалау әрекетін ұйымдастыруды жүзеге

асырады, оқушылардың дамуын қамтамасыз ететін оқу жағдайын тудырады, басқарады. Жоғарыда кеңінен берілген екі жобаның объектілері де екі түрлі болады.

Оқушы жобасында бұл–пәндік ситуация, сол ситуацияға байланысты жобалау мақсаты, әрекеттері, идеясы жүзеге асырылады.

Ал, педагогикалық жобалаудың объектісі– оқушылардың жобасы. Педагог бұл жағдайда ұйымдастырушылық қызмет атқарады. Айта кету керек, оқушылар жобасының көлеміне қарай педагогикалық басқару бір педагог шеңберінен шығып, мектепшілік қолдауды қажет етуі мүмкін. Мысалы, сабақ кестесін өзгерту, аудиториялар мен класс кеңістіктерін бөлу, ақпараттық ресурстардың қолжетімділігін ұйымдастыру т.б. Ол жағдайда жобаның субъектілері–тұтас команда, педагогикалық ұжым да бола алады.

Жобалау әрекеті және оқыту мазмұны. Жобалау әрекетін оқыту мазмұнына сәйкестендіре жүргізу–мектеп әдістемесіндегі жаңа тұрғы. Өйткені, білім беру мазмұны өз заңдылығы бойынша жылдар бойында қалыптасқан тұтас білім беру жүйесінің маңызды бір компоненті. Мазмұндық компоненті ретінде ол оқыту әдістемесі, білім беруді ұйымдастыру кеңістігі мен уақыты, оқулықтар мен бағдарламалар, басқару мен қадағалау сияқты басқа да элементтермен үйлестіріліп, реттеліп отыратын тұтас құрылым немесе жүйеге қызмет етеді.

Сондықтан, білім беру мазмұнына өзгеріс ендіру білім беру жүйесінің барлық компоненттерін өзгертуді қажет етеді. Бұған қоса білім беруді басқару жүйесі, педагогтарды даярлау және қайта даярлау жүйесі құрылымдары да бұл жағдайда бұрынғы күйінде қала алмайды.

Бүгінгі білім беруге қойылатын жаңа талаптар оның мазмұнына өзгерістер ендіру қажеттігін тудырып отырғаны белгілі.

Барлығымызға белгілі, қазіргі білім пәндік принциппен құрылған, атап айтқанда, белгілі бір пәннің ғылыми–теориясы негізге алынып, ол мектеп бағдарламасына енгізілген. Оқушылар мектептен әр пәннің

ғылыми негізін игеріп, өз таңдаулары бойынша одан әрі тереңірек, кеңірек білуге мүмкіндік алады.

Оқушының игеретін білімі оқулықтарда негізінен теориялық, білімдік тұрғыдан құрылып, алған білімдерін пайдаға асыру жолдарына берілетін уақыт шектеулі болып келеді. Мысалы, физика сабағынан ток өткізгіштік теориялары мен формулаларын өте жақсы игерген оқушы сол білімі негізінде радиоқабылдағыштарды қандай жағдай алады деу қиын. Яғни, оқушылар «таза» білім алады: газ туралы біледі, элементтер қасиеттерін игереді, атмосфералық қысымның ережелерін жатқа айта алады, текстерді жаттайды, физикадағы заңдарды жақсы біледі, т.б.

Жобалау әрекетінің білімдік тұрғыдағы әдістемелерден айырмашылығы сол, оның барысында оқушылар алған білімдерін тәжірибеде пайдаланады, яғни, білім алу, жатқа білу – мақсат емес, теориялық білім жобалау әрекетін жүргізудің құрамына айналады.

Сол себепті, жобалау әрекетін ұйымдастыру үшін білім мазмұны практикалық жұмысты ұйымдастыруға құрал ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл өз кезегінде сыныптың – сабақтың оқыту жүйесіне де, оқулықтар мен бағдарламаға да, оқушылар мен мұғалімдердің өзара қарым–қатынасы да, бағалау мен бақылауға да, басқару жүйесіне де өзгерістер енгізуді қажет етеді.

Шынайы өмірдегі қалыптасқан жағдайды біле отырып, дәл бүгін осы өзгерістер бола қалады дей алмаймыз, өйткені, білім мазмұны стандарттар арқылы ендіріледі, ал елімізде 12–жылдық білім берудің құзыреттілікке бағытталған нәтижелерін көздейтін жаңа стандарттар 2015 жылдары дайын болады деп күтілуде.

Біз жарқын болашақтың келетініне сене отырып, дәл бүгінгі таңдағы білім мазмұны негізінде жобалау әрекетін ұйымдастырудың екі бағытын талдаймыз.

Біріншісі, мектептерде негізге алынып жүрген оқыту бағдарламаларының ішінен оқушылардың зерттеушілігін еркін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін тақырыптар таңдай білу. Яғни, жоба арқылы жүргізуге мүмкіндік беретін ауылдың, ауданның, қаланың ландшафттың картасын жасау немесе аудан, ауыл

мақтанышы (адам, табиғат немесе ғимарат, т.б.) тақырыптарындағы жобалар пәндік мәселелерді шешумен қатар, оқушылардың сабақтағы игерген біліміне қоса (ландшафт туралы теория, карта туралы ұғымдар, шартты белгілер, өз ойын жаза білу, мәтін құру т.б.) өзіндік қажетті коммуникативтік, ақпараттық, т.б. қабілеттерін қалыптастыруға негіз болады.

Келесі бағыт–жобалаудың тұтас құрылымын орындауды мақсат етіп қоймастан, жобалауға тән – қалыптасқан жағдайды талдау, шағын тапсырмалар беру арқылы жаңа ақпаратты өз бетімен игеруге қызығушылық туғызу т.б. Яғни, бұл жерде тұтас жоба жасау маңыздылығынан гөрі, оқушының әрекетін ұйымдастыруға еркін кеңістік беру маңыздылығына көңіл аударылады. Оқушы берілген тапсырманы орындау барысында сабақта алған теориялық білімін тапсырманы орындау құралына айналғанда ғана оның тұлғалық дамуы жүзеге асырылады. Жоба шағын болуы мүмкін, бірақ ол біздің дәстүрлі түсініктегі жаттығу орындау, ереже жаттау емес. Жобаның өнімі қолмен ұстайтын, көрінетін де болмауы мүмкін, бірақ ол дәстүрлі сабақтан ерекше шығармашылық, еркіндік тұрғыдағы тапсырмалар болуы тиіс.

Сыныптан тыс жобалар. Жоғарыда сөз болған білім беру мазмұны логикасында қарайтын болсақ, жобалауды толыққанды орындау мүмкіндігі сыныптан тыс жұмыстарда мол болады. (Мысалы, әлеуметтік мәнді жобалар, тәжірибелік жобалар, т.б.)

Бұл жерде көңіл аударарлық нәрсе–ондай жобалардың білім беру міндеттерін орындауға қаншалықты қатысты екені. Тереңге бармай, бір қарағанда сыныптан тыс жобалар білім беруге құрылмайды, олардың алатын өнімдері өзгешелеу. Атап айтқанда, оқушылар жоба барысында коммуникативтік қатынас, топпен бірге жұмыс істеу, әлеуметтік мәселелерді шешуге араласу дағдылары қалыптасады. Мектеп газетін құрастыру, спектакль қою, мектеп ауласының дизайнын жасау, т.б. жобалау өнімдерді де жасауға болады. Осыларға қарап, сыныптан тыс, мектептен тыс жобалау оңайырақ және жобалау талаптарына көбірек сай келеді деген пікір тууы да мүмкін.

Алайда, жобалауды тек тәрбие жұмысына ғана қатысты қарастыру оқушыларды білім беру мазмұнына қатысты жобаларға қарсы қоймауы тиіс. Оқушының пәндік білімін қолдануға мүмкіндік берілмесе, онда оқушының білім алуға қызығушылығы төмендейді, оның өз білімін дамыту мүмкіндігі шектеліп, адамның даму потенциалы азаяды.

Жобалау және рефлексия. Джон Дьюидің еңбектерінде жобалау әдісінің негізі қаланып, оның «тәжірибе» ұғымы арқылы таратылғаны белгілі. Бұл ұғым мәнісі күрделі болғандықтан философиялық категорияға жатады және оған дәл анықтама беру де оңай емес. Қарапайым түсінікпен айтқанда, «тәжірибе» дегеніміз – бұл белгілі бір әрекет немесе құбылыс, оның нәтижесі одан әрі болатын іс - әрекеттер мен оқиғаларды дамытудың шарты болып табылады. Мысалы, кез келген адамның басында болатын жағдайлар ізсіз кетпейді, белгілі бір әсерін тигізеді, ал кейбірі адамның бір нәрсеге үйренуі, сезінуі сияқты эмоциялық іздер қалдырады. Сонда ғана ол адамның өз тәжірибесіне айналады. (Мысалы, адам сүрініп кетті, сол жерде қиналып, одан кейін жолдың басқа тегістеу жағымен әрі қарай кетті.)

Дж. Дьюи түсіндірмесі бойынша адамның «тәжірибесі» барлық іс-әрекеттерінің әсері деуге болмайды, сондай-ақ, ол адамның бір нәрсемен танысуы, тоқталуы, талдау барысында қалыптасады. Бұл жердегі маңыздысы – тоқталу, назарын бөлу, жағдайды талдау әрекеттері.

Жобалау әрекеті оқушылардың практикалық жұмыстары сияқты өзіндік тәжірибе алуына негіз болады. Жоба өзінен-өзі тәжірибеге айналмайды. Жобалау тәжірибе алуға кепілдік бермейді, өйткені, ол рефлексия бола ма жоқ па, жобаға қатысушылар жобалық іс-әрекеттердің мән – маңызын жете түсініп те қамтамасыз ететіні белгісіз. Тәжірибе ретінде қалыптаспаған жоба өмірде болған оқиғаға ғана айналады.

Тәжірибе алу үшін–рефлексия деп аталатын тоқталу, қайта қарау, оқиғаны, құбылысты түсіну әрекеттерінің жүйесі қажет. Рефлексия–тек ойлану әрекетіне қарағанда күрделірек.

Сондықтан, жобалау әрекеттеріне қосымша ретінде арнайы ұйымдастырылатын рефлексиялық сессия – жоба алдындағы, жоба барысындағы толқулар, т.б. жұмыстарды қажет етеді.

«Рефлексия» ұғымы педагогикалық әрекеттерде соңғы жылдары қолданыла бастады. Бірақ олардың көбінде ойлану, еске түсіру ұғымдары ретінде түсіндіріледі. Рефлексия - әрекеттердің, оқиғаның болған ретін еске түсіру ғана емес, олай болу себебі мен мағынасын анықтау әрекеті.

Ал, мағынаны түсіндірудің өзі түрліше болатындықтан, рефлексия да түрліше болады. Бұл жерде болып жатқан оқиғаға рефлексиялық көзқарасты қалыптастыру да маңызды.

Жобалау әрекетіндегі рефлексиялық көзқарас сол жобаның негізгі мағынасын тани білуді қажет етеді. Жобаның негізгі мағынасын құрайтын элементтер – жобалау идеясы мен іске асыруының байланыстылығы немесе мақсат пен нәтиженің бірлігі. Бұл байланыстар іс-әрекет туралы шешім қабылдау, оны орындау құралдарын таңдау, жобалау кезеңдерін құру, топ ішінде міндеттерді бөлісу жұмыстарынан тұрады. Осылардың барлығы да рефлексияның пәні ретінде қарастырылады.

Эмоциялық тұрғыдан алғанда рефлексияны «тас - талқан» қылып талдау, «шашып тастау» деген сөз тіркестерін білдірсе, рационалистік тұрғыда–жоба идеясын дамытудың маңызды бөліктерін анықтау деуге келеді. Төмендегі 13-суретте көрсетілгендей, әрбір бөліктің өзінде бірнеше нұсқалар жатыр, ал, таңдап алған нұсқа нәтижеге қаншалықты тиімді әсер етті, басқаша болса нәтижеге қалай әсер етеді, одан нәтиже өзгере ме, мерзімі қысқара ма, өнім барлық талапқа сай ма? Міне, осы сұрақтар арқылы рефлексиялық көзқарас анықталады.



13- сурет

Жоба идеясын дамытудың маңызды бөліктері

Рефлексияның мәні - жобаны қорыту емес. Ол, біріншіден, жобалау барысын түгел талдайды; екіншіден, жобаның тәжірибеге айналуына ықпал етеді, жобаны бағалауға негіз болады.

Рефлексия бақылау арқылы жасалады. Жобаның бақылау барысында негізге алынатын дайын үлгісі болмайтындықтан, рефлексияның іске кірісетін жері – мәселенің пайда болуы. Бұл педагогтың жұмысы, өйткені, оқушылар мәселені байқамайды, не қиынсынып басқа оңай іске ауысып кетуі мүмкін. Педагог осы жағдайларды қадағалай отырып, рефлексия пайда болатын жерлерді белгілейді.

Тәжірибеге айналған, аяқталған жоба, болашақ жобаларға негіз болады, ондағы мәселелер алдағы жобаларда ескеріледі.

Оқыту үдерісіндегі жобалау әрекетін ұйымдастыру біздің педагогикалық қауым үшін жаңа, үйренбеген жұмыс, өйткені, ол оқыту үдерісінің құрылымын түгелдей жаңаша құруға бағытталған. Жобалау әрекеті білім беру кеңістігі - әрекет субъектілерінің қарым–қатынасы, әрекеттері, әрекетке қатысушылар құралы мен әрекет ұйымдастырылатын бөлмені де құрайды.

Дәстүрлі білім беру жағдайында кеңістік мұғалімнің оқушыға тікелей білім беру мақсатына қызмет етеді, соған ыңғайластырады. Онда білім беруші, білім алушы рөлдері өте нақты болғандықтан, оның техникасы мен әдістемесі бір жақты болады.

Класс кеңістігінің ұйымдастырылу принципі педагогты басты тұлға ретінде ала отырып, оның көмекші құралдары тақта, демонстрациялық стол, соған қарама–қарсы отыратын оқушылар да мұғалімге ыңғайлы болуы үшін құрылады.

Оқушылардың қатар–қатар отыруы сабақ барысында бірлесіп әрекет етуге мүмкіндік бермейді, бұл кеңістік оқушы мен мұғалімнің қарым–қатынаста ғана қолайлы. Мұндай құрылымдық кеңістік дәстүрлі оқытудың міндеттеріне сай құрылған және онда оқушы сабақты түсіндіруші, балалар жазып алушы, орындаушы.

Парталардың орналасуы да мұғалімнің кез келген оқушыны кез келген уақытта дәптерлерін оқуға, қателерін карап жүруге құрылған. Ал, жобалау әрекеті білім беру кеңістігінің басқаша түріне, атап айтқанда:

- біріншіден, типпен жұмыс түріне лайық болуын қажет етеді;
- екіншіден, әр топ өз жобасын орындайтын болғандықтан, әр топтың жұмыс орны бөлек болғаны жөн;
- үшіншіден, жобаны орындауда ақпараттар, мәліметтер жинау және оларды талдау қажет болғандықтан, жұмыс орны компьютер желісіне, кітапханаға, медиатекаға т.б. ақпараттар көзіне шыға алатындай болуы керек;
- төртіншіден, жобалау әрекеті негізінен белгілі бір өнім алумен байланысты болғандықтан, зертхана, шығармашылық шеберханасы, т.б. оқушылардың өз қолдарымен өнім жасауға мүмкіндік беретін орындар болғаны жөн;
- бесіншіден, жобалау қызметі міндетті түрде өнімді, нәтижені презентация жасаумен аяқталады.

Сондықтан оқу коммуникациясының жаңа түріне конференц-залдар, байқаулар, есеп беру шараларын ұйымдастыруға мүмкіндік беретін кеңістік қарастырылады. Жоба презентациясы басқа да оқушылар, педагогтардың жаппай қатысуын талап етеді.

Бүгінгі таңда мектептердің құрылымы класс – сабақ жүйесіне негізделгендіктен, аталған жобалау кеңістігін мектептегі бар мүмкіндік арқылы ұйымдастыру қажет болады. Мысалы, сабақ кестесіне өзгерістер, кітапхана мен зертханаларды жанаша ұйымдастыру, т.б.

Қорыта айтқанда жобалау әрекеті барысында оқу әрекеттері дәстүрлі сынып кеңістігімен кеңірек жүргізіліп, сынып – сабақ жүйесін жаңаша құруға ықпал етеді.

Жобалау әрекетіндегі уақыттың ұйымдастырылуы

Оқытудың құрылымдық кеңістігінің тағы бір бөлігі – уақыт. Білім беруде уақыт өте нақты белгіленгені белгілі, мысалы, сабақтың сыныпта немесе үйде орындалу уақыты бар, мектепте және мектептен тыс орындалатын шаралар да

уақыты, сабаққа даярлану уақыты, сондай-ақ жеке өзіне арналған уақыттары белгіленген. Тиімді ұйымдастырылған жобалау қызметінде қатысушылардың уақытты тиімді пайдалану жоспарланады. Өйткені, жобаға қызығу деңгейі жоғары болған жағдайда оқушылар беріле кірісіп, өз уақыттарының көбін оған арнауы мүмкін. Осы жағдайда оқушыларға уақытты пайдалану, өзге де маңызды істерді уақытында орындалуы қадағаланады.

Сондықтан, педагогтар жобаны орындаудағы компоненттері–жұмысты ыңғайлы кестемен орындау, уақытын, көлемін, ұзақтығын ескеруі қажет. Одан басқа, ресурс ретінде оның әрекеттері мен жобалау әрекеттерінің бірін–бірі толықтырып отыратын ерекшелігін пайдалануға болады.

Мысалы, жобаның барлық компоненттерін тұтас сақтау бастауыш мектептерде мүмкін емес. Ондағы басты мүдде–оқушыларға шағын шығармашылық тақырыптар беру арқылы сабақ оқуға маңызын арттыруға болады. Бұлар қысқа мерзімді тапсырмалар, мини–жобалар–кіші жастағылар үшін сабақ үстінде өткізіліп, оқу жоспарына енгізілсе – олар оқушыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Негізгі мектепте 5–6 сыныптарда нақты жоба жасау басталады, олар жобаның өзін жасауға кіріседі. Міне, осы кезден бастап оқушылар үшін өз уақытын басқару қажеттігі пайда болады.

Жобалау барысындағы уақытты басқару талаптары негізінен жоспарлау және бақылауды орындауда қойылады. Мысалы, белгілі бір әрекеттерді орындауда жүргізілетін мониторинг кейбір жұмыстардың өз мерзімінде аяқталмайтынын, кейбір әрекеттердің бірін–бірі қайталауға әкелетіні, ал кейбірін орындауға аз уақыт қажет болатыны, яғни, тәжірибеде тиімсіз деп табылған істерді өзгерту керектігі анықталады. Одан кейін тиімділікпен ұйымдастыру қарастырылып, жаңа нұсқамен жұмыс істеуге болады.

Оқушылардың жобалау әрекетінің бірнеше қарапайым ережелері оқушыларға түсіндірілсе, олардың игеріп алуына жағдай жасалады.

Біріншісі, ең алғашқы жасайтын жобаларынан бастап, оның орындалу мерзімін анықтап алу қажет. Соңғы нәтиже

(өнім) тек қана белгіленген мерзімде қабылданады, кешігу болуы тиіс емес. Педагогтар оқушыларға жоба мерзімінен кешіксе олардың бағалары төмендейтінін ескертуі керек;

Екіншісі, жобалау кезеңдерін белгілеп, оның әр кезеңінің аяқталу уақыттары анықталады. Сонымен қатар, осы жерде әрбір кезеңнің нәтижесі белгіленеді (мысалы, жоба идеясын қорғау, эскизін қорғау, орындалу құралдарын таңдау, т.б.);

Үшіншісі, оқушыларға педагогтан көмек, кеңес алу мүмкіндігі беріліп, оның кестесі де күні бұрын келісіліп, белгіленеді;

Төртіншісі, бұл педагогтың міндеті—оқушылардың жоба жұмысын бастан–аяқ қадағалап отыру, топпен жұмысты бақылау, пән бойынша немесе басқа адамдармен қарым–қатынасы жобалау барысы, т.б. түгел қамтылып отыруы тиіс, қажет болған жағдайда, араласу, қолдау қажет;

Жалпы алғанда, жобалық жұмыс сабақ үстінде, сабақтан тыс, бос уақыттарын да қамтып, кеңей беретін әрекет екенін түсінгенде оның уақыттық талаптарын сақтауға болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Оқушылардың жобалау әрекеті негізінде қалыптасатын білім беру нәтижелері.
2. Бастауыш мектеп оқушыларының жобалау әрекеттері.
3. Жоғарғы сыныптарда жобалау әрекетін ұйымдастыру ерекшеліктері.
4. Оқушылардың жобалау әрекетіндегі «субъект» және «объект» ұғымдары.
5. Жобалау әрекеті және оқыту мазмұны.
6. Сыныптан тыс жобалар.
7. Жобалау және рефлексия.
8. Оқыту үдерісіндегі жобалау
9. Жобалау әрекетіндегі уақыттың ұйымдастырылуы.

3. Оқу жобаларының құрылымы мен түрлері

Жасөспірімдердің негізгі әрекеттері жобалаушылық тұрғысынан жасалады. Мектеп жағдайында жобалау әрекеттерін ұйымдастыру сол мектептің дәстүрімен, тарихымен, қалыптасқан үдерістерімен ерекшеленеді. Жобалаудың басты белгісінің өзі қалыптасқан жағдайды нақты сол кезең бойынша талдау арқылы оның күтілетін өзгерістерін анықтайды, жобаланады, жүзеге асырылады. Оқушылардың жобалау әрекеттерін жобалау теориясы айтылатын тәжірибелік мәдениеттің ең дамыған түріне толықтай жатады деп айтуға болмайды. Жобалау, жоғарыда айтылғандай қалыптасқан жағдайды қайта құруға бағытталады. Ол белгілі бір жүйені сапалық тұрғыдан өзгертуді қамтамасыз ететін әрекеттерден тұрады. Ал оқушылар жобалары қалыптасқан жағдайды өзгерту немесе жүйенің сапасын жаңару міндеттерін көздемейді. Осы тұрғыдан алғанда *оқушылардың жобалау әрекеттері мен оқудағы жобаларды жобалық-ойындық әрекеттер* деп атауға да болар еді. Кейбір ғалымдардың «квазижобалар» деп атауды ұсынатындары да сондықтан.

Мектеп тәжірибесінде жобалау екі түрлі жоспарланады: білім беру жобалары немесе педагогикалық жобалар, оның субъектісі педагог немесе педагогикалық ұжым болады, екіншісі, мектеп оқушылары жобасы, оның субъектісі - оқушылар. Аталған жобалардың бір-бірімен байланыстылығы сондай, кейде оларды ажырату да қиын.

Жалпы жобалау теориясында берілетін көрсеткіштердің дәл орындалуы оқушылар жобасының өз ерекшеліктеріне байланысты нақты болмауы мүмкін екенін ескерсек, онда мектептегі жобалардың ерекшеліктерін анықтап алу қажет.

Мектеп оқушылары жобаларының құрылымы:

1. Жағдайды талдау, түпкі идея мақсатты анықтау:
 - жағдайды талдау; (жобалау идеясын талдау, жаңа өнім алуға қажеттіліктің пайда болуы)
 - мәселені нақтылау; (жобалау мақсатын құрастыру)
 - мәселені шешудің болжамын жасау,проблемадан шығатын міндеттерді анықтау;

2. Жобаны орындау(жүзеге асыру):

- жобаны орындаудың кезеңдерін жоспарлау;
- міндеттерді орындау жолдарын талдау; мәселені шешу жолын таңдау,
- зерттеу жүргізу, зерттеу әдістерін таңдау (статистикалық, эксперименттік, бақылау т.б;)
- жобаны орындау;

3. Қорытынды өнімді даярлау:

- қорытынды нәтижелерді рәсімдеу жолдарын талдау (презентация, жобаны қорғау, шығармашылық есеп т.б)
- алынған нәтижелерді жинақтау, жүйелеу, талдау, қорыту;
- қорытынды жасау, нәтижені рәсімдеу, топ алдында қорғау,
- презентациялау;
- қорытынды түйіндеу, зерттеу жобаларының жаңа мәселелерін ұсыну.

Берілген негізгі кезеңдерден басқа жобаның қосымша сипаттамаларыда бар, оны оқушылардың жобалау әрекеттерін ұйымдастыруда ескеру қажет.

Оқушылар жобасының сипаттамалары:

- оның нақты нәтиже алуға бағытталғаны;
- күтілетін нәтижелердің алдын ала эскиз, сұлба ретінде белгіленуі, белгілі бір деңгейде нақтылануы және детальдары анықталады;
- орындалу мезгілі нақтылануы;
- нәтижені алуға бағытталған іс-әрекеттердің алдын ала жоспарлануы;
- бағдарламаның жасалуы – жобаның жалпы өнімін алуды қамтамасыз ететін түрлі әрекеттердің белгілі бір мерзімде орындалатын нәтижелері анықталуы, жоспарлануы;
- жобалау әрекеттерін орындау барысында оның кезеңдері бойынша мониторинг жасалып, түзетулер жүргізіліп отыруы;
- жобалаудың қорытынды өнімін ала отырып, оны жоспарланған бастапқы жағдайға байланысты талдау, сәйкестендіру, одан арғы жұмыстарды жағдайға сай жоспарлау;

Жобалау типтері. Білім беру құралдары ретінде қолданылатын жобаларды бірнеше типке бөле аламыз. Мысалы, оқу пәндеріне сай типке бөлу, тәрбиелік немесе әдістемелік т.б. жобалар.

Жалпы алғанда жобалар моножоба (бір пән аумағында), полижоба (пәндер аралық), пәннен тыс (сабақтан тыс) жобалар т.б. Осы бағытта қарастырсақ білім беру жобалары, тәрбие жобалары деп те бөлінеді.

Жобаның басты белгісі—оның ұзақтығы. Жобалар: қысқа мерзімді (мысалы, бір аптаға дейін), орта мерзім (бір айға дейін), ұзақ мерзім (1 тоқсаннан бастап – жарты жылға дейін). Одан ұзаққа созылатын жобаларды да жоққа шығаруға болмайды. Ұзақ мерзімді жобалар бірнеше кезеңге бөлініп, әр кезең өз алдына бөлек жоба бола алады.

Жобаның қатысушыларына қарап та оны типтерге бөлуге болады: топтық, жеке, ішкі топтар, кіші топтармен орындалатын жобалар. Жобалауға қатысушылар соны 12—ден асса, олар кіші топтарға бөлуге болады. Сондай—ақ, топтар туралы өзгеріп отыратын немесе құрамы өзгермей отыратын деп те бөлінеді. Өзгермелі құрамды топтар арнайы да ұйымдастырылады, оның құрамы белгілі бір кезеңдер үшін ғана құрылуы мүмкін.

Басқару түріне байланысты жобалар педагогтың тікелей басқарумен орындалатын немесе педагог кеңес берушілік қызмет қана атқаратын жобалар болып та бөлінеді.

Жобаларды дифференциялаудың тағы бір түрі— жобалау әрекетінің түрлері. Мысалы, жобалар зерттеушілік немесе қолданбалы да болып бөлінеді. Сондай—ақ, шығармашылық, тәжірибелік болып та бөлуге болады.

Жобалауды типтерге бөлу неліктен қажет? Әрине, тұрақты типтік түрлері болмаған соң оларды типке бөлмесе де болар еді. Жобалау әрекеті ұйымдастыруда да, орындауда да типтерге бөле аламыз. Мысалы, жоспарлау арқылы жобаның соңғы кезеңінде оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу қабілеттері артатынын ескере отырып, оқушының жобалаудың барлық кезеңдерінен өтуін қадағалауға болады. Сондай—ақ, жобалау типтеріне сүйене отырып, педагогтың тікелей жетекшілік ететін жобаларынан—кеңес берушілік

рөліне өтуге, сол арқылы қатысушылардың субъектілігін арттыру амалдарын жүзеге асыруға болады.

Оқушылар жобаларының өзгеру түрлері
Оқушылар жобаларының түрлері сан алуан идеялардан туындайды, пайда болады. Оған жаңа жағдайлар, жаңадан алынған ақпарат, жаңадан алынған құралдар да негіз болады.

Біздің тәжірибеміздегі жобалау оқушылардың кітап шығару идеясынан туындаған түрін қарастырып көрейін. Ойша елестетуден (идеядан) пайда болған болашақ кітаптың (өнімнің) бейнесі оқушылардың осы жұмысты бастап кетуіне түрткі болды. Бұл жағдайды бақылау барысында балалардың тек қана кітап үшін мәтіндер даярлаумен ғана емес, кітапты тұтастай елестете отырып, онда болуы тиіс суреттер, фотолар, т.б кітаптың мазмұнына қарай құрастыруға тырысқаны байқалды.

Сондай – ақ, жобалау әрекетін бастау үшін белгілі бір тарихи оқиғамен танысу да себеп бола алады. Оның мысалы ретінде, біз бақылаған оқушылардың қаладағы «жұмбақ» үйдің тарихы туралы алынған аз мағлұмат қызықтырғандығын бір сынып үшін үлкен жобаны бастауға негіз болғанын айта кетуге болады.

Оқушыларды өз әрекеттерін бақылауға үйрету, жобаның идеясын қайта құру, дамыту арқылы бастамасындағы жоба мүлдем өзгеріп те кетуі мүмкін. Оны да біздің тәжірибеміздегі балалардың, ең әуелі, өз күштеріне сеніп бастаған «компьютерлік ойындар құрастыру» идеясының өзгеріп кеткені туралы мысалмен түсіндіруге болады. Атап айтқанда, компьютерлік ойын бағдарламасын жасау барысында графикалық элементтер құру қажет болды. Оның бірнеше нұсқаларының сәтті жасалуы оқушылардың жаңа өнім жасауда шешім қабылдап, «компьютерлік ойындар құру» идеясы «графикалық өнімдер» жасап, тәжірибеге ұсынумен ауыстырылды. Міне, осылайша жобалаудың өте күрделі түрі таңдалатын болса, оған қызығу бірте – бірте азайып, басқа жобаға ауысып кету, не жобаны аяқтамау сияқты жағдайлар да болуы мүмкін.

Бұған ұқсас жобалар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін, тым оңай, әрі тез

орындалатын жобалар таңдағанда да бола алады. Осы мысалдар арқылы жобаның пайда болу идеясы оны жүзеге асыру процесі, нәтижесі немесе өнімі туралы идеяның өзгеру мүмкіндіктерінің арасындағы тығыз әрі күрделі байланыста екенін көрсетеді. Мысалдарға сүйене отырып, жобалардың өзгеру түрлерінің төмендегі нұсқалары бар деуге болады.

Идеяның пайда болуы:

а) белгілі бір құбылыстың немесе бейненің, объектінің түрткі болуынан;

б) жоба нәтижесіне жеткізетін жаңа құралдар пайда болуынан;

в) тарихи оқиға, сипаты немесе ерекше тарихи тұлғаның түрткі болуынан;

Идеяны жүзеге асыру арқылы: а) нәтижеге қол жетуі; б) идеяның жұмыс барысында күрделенуі арқылы оның бір жақты бөлігі бөлініп, жоба ретінде алынады. Идеядан бас тарту жағдайлары: орындау жасы тым жеңіл, әрі жедел орындалуы мүмкіндігі анықталғанда, орындау жолы өте күрделі, әрі қалыптасқан жағдайлар мен ресурстарға сәйкес келмеген жағдайда;

Аталған сипаттамалар-негізінен оқушылардың жобалау әрекеттеріне тән құбылыстар. Ал, егер оқушылардың жұмысына педагогтар немесе басқа да ересек адамдар араласқанда аталған жағдайларға өзгеріс енеді. Өйткені, педагог оқушыларға алға қойған жобалау әрекеті бойынша кездесуі мүмкін мәселелерді көрсетуі, ресурстардың шектеулілігі, т.б айқындап беруі. Мысалы, оқушыларға экскурсия алдында нақты тапсырма беруі арқылы мұғалім оқушыларға өз ойларын үнемі жинақтап отыруға үйренеді, сол арқылы экскурсия нәтижесінде жаңа жоба жасауға тартуға да мүмкіндік алады.

Жобалау ситуациясының барлық қырларын байланыстыра отырып, педагог идея мен оны орындау жолдарының тиімді құрылымын жасақтауға ықпал етеді. Сондай-ақ, мұғалімнің үнемі бақылап, түзетіп отыруы оқушыны өз ісін аяқтай білуге үйретеді.

Бұл жағдайлар, жобалау әрекетінде оқушымен қатар педагогтың жетекші ролін тағы да дәлелдейді. Оқыту әрекеттеріне айырмашылығы–оның еркіндігінде. Сондықтан,

жобалау әрекетінің тиімді болуының маңызды факторы— педагогтың кәсіби құзіреттілігінде. Жобалауға негізгі әрекеттерді сырттан байлап беруге де, нұсқаулықтар жасауға да болмайды. Оның басты құралдары—үнемі қадағалау және түзетіп отыру ғана. Мұғалім басшылығымен орындалатын жобалар да төмендегі өзгерістерге түсе алады, пайда болады, дами алады.

Мұғалім ұсынған жобалау идеясы, тақырыбы, оқушының шығармашылық жұмысын айналып, оның ізденіс тақырыбына, баяндамаларына айналады.

Мұғалім ұсынған шығармашылық жұмыс тақырыбы жобалау идеясына айналып, идея мен оны орындау бірігіп кетеді. Жобалау өнімі нәтиже ретінде айқындалып, ол орындау жолдары мен ресурстарын қамтиды. Бұл жағдайда идея мен оны орындау бірлігі тиімді болғанымен креативтік деңгейі төмен болуы мүмкін.

Жобалаудың күтілетін нәтижеге қатысты құрылуы. Бұл кезде нәтиженің сипаттамасы нақты беріліп, оны орындауға барлық жағдайлар жасалады, бұнда шығармашылық аспект аз қаралып, өнімнің сипатына көп көңіл бөлінеді. Оның оқушылар үшін маңыздылығы, өз әрекеттерін ұйымдастыруда сыртқы талаптар мен жағдайларды ескеруге, үйренуге мүмкіндік жасалатынында.

Қорыта келе, жобалау әрекетін ұйымдастыруда осы ерекшеліктерді ескере отырып топтар құру, оқушылардың өзгеріске түсетін жобаларға қатысуға мүмкіндік жасау қажет болады дейміз.

Жобалау және модельдеу. Жоба ұғымына түрлі анықтамалар берілуде. Модельге қатысты айтсақ, жоба — белгілі бір орындалатын, бірақ дәл осы кезеңде жасалмаған ситуациялардың моделі деуге болады. Белгілі бір жағдайдың ең әуелі болашақ моделі құрастырылады, тек содан кейін ғана техникалық амалдар жасалады. Осылайша, жобалау әрекетінің маңызды жағы-қалыптасқан жағдайды таңдау, оның қайта құрудың негізгі сипаттамаларын жасау, немесе модульдеу болатынын көрсетеді.

Оқушылар үшін жоба нәтижесі ретінде алынатын нұсқаның моделін жасау маңызды екенін айту керек.

Модельдеудің екі түрлі типі бар—*ғылыми модельдеу* және *көркем модельдеу*, олар танымның соған сәйкес екі түрі—ғылыми таным және көркемдік таным сипаттарын береді.

Ғылыми таным, кеңірек қолданылып жүрген таңбалық—белгілік түрде белгіленетін құбылыстар мен қарым—қатынастар. Мысалы: графиктер, формалар т.б. белгілерде берілген құбылыстың мәні, пәндік ерекшелігі беріледі. Оқушы мәтінді оқи отырып, ондағы құбылыстар мен оқиғаларды *ойша модель* құрастырады.

Жалпы өмірде кездесетін кез келген құбылысты модельдеуге болады, бірақ ол модельдің барлығы да белгілі бір міндетті шешуге қажет болмауы мүмкін.

Оқушылардың жобалау әрекетін белгілі бір пәндерде оқыту барысында ұйымдастыруда да модельді жаңадан жасаудан бұрыннан бар модельді өзгерту, оны нақтылау көңіл аударады. Қарастырып отырған құбылыстың күрделілігіне байланысты модельдің бірнеше нұсқасы сипатталуы мүмкін.

Ғылыми танымға сүйенетін модельдеу талдауға құрылса, көркемдік модельдеу—жаңадан жасауға, қайта құруға негізделеді. Ғылыми модельдеуде құбылысты бір қырынан сипаттауға болатын болса, көркемдік модельдеу құбылыста тұтас қамтиды. Сондай — ақ көркем модельдеуде жобалық өнім ғана емес, оның авторы да маңызды рөлге ие болады. Ю. И. Лотманның айтуынша автор модель жасағанда өзінің ой—санасының жетегімен әрекет етеді және модель оның дүниетанымы мен өмірге көзқарасы негізінде құрылады. Сондықтан, көркемдік модель де екі объектінің—құбылыстың және автор тұлғасының моделі» бола алады.

Көркемдік модельдеу барысында құбылыстың сұлбасы немесе формуласы арқылы ғана сипаттауға кейбір құбылыстардың күрделілігі мүмкіндік бермейді. Соған орай, оқушылардың жобалауында сол құбылысқа олардың көзқарасын білдіретін модель жасау ыңғайлы және шығармашылық еркіндік береді. Осындай әрекеттер арқылы оқушыны қарастырылып отырған белгілі бір пәндер шеңберінен шығып, жобаны кеңінен қарастыруға да жағдай туғызылады. Бұлар оқушылардан нақты пәндер талап ететін

қатаң шешімді ғана емес, өз бетіндік әрекеттерін дамыту арқылы өзінің құралдарын, әдістерін құрастыруға да еркіндік алады.

Оқушылар жобасының мәнісі, сипаттамасы неде, яғни жобалаудың ерекше қызметі ретінде сипаттайтын белгілері:

- идеясы, түпкі ойы болуы;
- жүзеге асыру жолы болуы;
- нәтижесі белгіленуі, орындалуы;

Жоба–белгілі бір уақыт аралығында орындалатын, нақты мақсатты орындауға бағытталған әрекет. Жобалау өнімі міндетті түрде қалыптасқан жағдайды өзгертуге ықпал етеді деп күтіледі.

Жобалау мерзімі. Жоба белгілі бір мерзімге орындалатын болғандықтан уақыт факторын белгілеу–жобаның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Оны жобалаушы адам (жобаның авторы) міндетті түрде жобаны жүзеге асыру үшін белгілеп алуы тиіс. Әсіресе білім беру кеңістігінде уақыт нақты орын алатын болғандықтан, оқытудығы жобалаудың мәні–белгілі бір мерзімде орындалу мүмкіндігі.

Сонымен, оқу жобаларының басты сипаттамасы уақыт, бірақ оқушы үшін уақыт белгілі болғанымен ол уақытты бағдарлап отырмайды. Уақытты бағдарлап отыратын мұғалім, түрлі нормативтік актілер, құжаттар, т.б.

Ал, жобалаудың ерекшелігі сол, онда оқушы белгілі бір уақыт ішінде жұмыс істеуімен қатар, сол уақытпен жұмыс жасайды, уақытты басқарып отырады. Жоба барысында уақыт бірнеше мерзімге бөлінеді.

Бірінші, жүзеге асыру мерзімі: онда кері қарай үдеріс жүреді, яғни, алдын ала белгіленген уақыт алға қарай емес, кері қарай қозғалысқа түседі, сөйтіп, бір мерзім жобаның аяқталу уақытынан кері қарай есептеледі.

Екінші мерзім, іс-әрекеттің жобаны орындау уақытындағы орындау барысы, яғни жобаның басы мен аяғындағы жобалаушының қозғалысы.

Үшінші мерзім, жобаның басталуы мен аяқталуының бірлігі, яғни жоба идеясы мен оның орындалу бірлігі. Жоба – идеясыз, идея – жобасыз бола алмайды.

Төртінші мерзім, жобадан тыс оқиғалардың өз ретімен орындалу мерзімі, тәртібі. Мысалы, сабақ өз ретімен сол уақыт ішінде өтіп жатады, түрлі өмірдегі оқиғалар өз уақытымен алға қарай жылжып жатуының көрінісі.

Осы мерзімдер жобалаушылардың уақытын белгілей білуі, қадағалай білуі және уақытты басқара білуі қажеттігін көрсетеді. Жобалауға әдетте бір емес, бірнеше адам топ болып қатысатындықтан олар өзара келісе білу, ортақ әрекеттер жасай білу, уақытты өлшей, есептей білу қажет болғанда кейбір тұстарын өзгерте білу, уақытқа сыя білу қажеттіктері де туындап отырады.

Ал, өмірдің заңдылығына сәйкес әрбір әрекет үшін бөлек уақыт берілмейтіні, барлық әрекеттер, соның ішінде, жобалар да бір уақытта орындалатын болғандықтан, оқушыларға мектеп қабырғасынан осы сапаларды қалыптастыру өте маңызды. Оны білім берудегі жобалау әрекеті барысында жүзеге асыруға әбден болады.

Жобалау барысында кеңістіктегі әрекет, белгілі бір уақыт ішіне сыятын әрекет жасау дағдылары қалыптастырылады. Бірақ ол әр жастағы оқушыларда әр түрлі дамытылады. Мысалы, бастауыш сыныпта жобалау тапсырмаларын келесі сабаққа емес, келесі аптаға орындауға мүмкіндік берген дұрыс болады. Осындай жұмыстар арқылы оқушының өз жұмысын осы мерзімге дейін орындауды жоспарлауға үйретіледі. Егер осы аралықта ата-ана, аға-апалары көмек беретін болса тіпті жақсы, бірақ оны барлық отбасылардан бірдей күтуге болмайтыны аян.

Жобаны белгілі бір мерзімге созып бере отырып, педагог оның аяқталу мерзімімен қатар, аралық нәтижелерді анықтайтын уақытты да белгілеуі тиіс. Осы аралық тексерулер кезінде оқушы жобасындағы олқылықтар мен қиындықтар анықталады, үлгермей жатқан тұстары түзетіледі. Бұл сыныптардағы жобалар мен шығармашылық жобалар немесе микрожобалар түрінде ғана емес, белгілі бір пәнді оқыту барысындағы оқу материалдарын игеруін бақылау бағалау әрекеттері де жоба түрінде орындалады. Бастауыш сыныптағы жобалау әрекеттері осындай жеке тапсырмалар ретінде басталады.

Жоғары сыныптарда да жобалау арқылы оқушылардың өз уақыттарын меңгеру және оны басқару әрекеттеріне үйрету мақсаты қойылады. Соған орай, оқушылардың жобасы түгелдей оқушылар ғана қатысатын жоба болуы мүмкін емес. Оны үнемі мұғалім басқарып отырады, бірақ оны оқушылар байқамайтын етіп ұйымдастыра білу де шеберлікті қажет етеді. Сондай-ақ, кеңес беруге арналған арнайы уақыт та белгіленеді. Ол оқушыға көмек ретінде ұйымдастырылғанымен, мұғалім үшін мониторинг, яғни үнемі қадағалап, түзетіп отыру үшін қажет болады.

Жобалау әрекетінің нақты мерзімде орындалуын қадағалау және талап ету ондағы шығармашылықты дамытуға кері ықпал етеді деушілер де бар. Әрине, педагог жобаны басқара отырып, қажет болған жағдайда қосымша уақыт бере алады, ал қажет болса қатаң түрде белгіленген мерзімде аяқтауды талап ете алады. Бұл жерде қабылданатын шешім түрлі жағдайларды ескеретіні сөзсіз.

Жобаның орындалу мерзімі бір–екі күннен 1 айға дейін, келесі тоқсанның аяғына дейін деп те жоспарланады. Бір тоқсан бойына орындау–бұл оқушылар жобасының ең ұзақ түрі. Бұл жағдайда жобалау бірнеше кезеңге бөлінеді: жобалау идеясын құрастыру кезеңі; орындау кезеңі; күтілетін өнімді дайындау кезеңі. Әрбір кезеңнің өзі бір–бір жоба болады, өйткені, оның басталуы, жүзеге асырылуы, нәтижелік беруі. Әрбір кезең өз алдына бөлек рәсімделіп отырады.

Бірақ жоғарғы сыныпта жобалар жарты жыл көлемінде де созыла алады. Оның да аралық кезеңдері беріледі: жоба идеясын презентациялау, кеңес беру, алдын ала қорғау, қорытынды презентация. Қалай болғанда да жобалау барысында уақыт факторы өте маңызды рөл атқарады.

Қорыта келгенде, жобалау әрекеті оқушыларды өз уақытын пайдалана білу, оны басқару қабілеттерін қалыптастыратын нақты әрі тиімді құрал болып табылады. Өйткені, жобалау әрекеті барысында оқушылар нақты уақыт ішінде өмір сүретінін, оны пайдалану қажеттігін түсіне

отырып, өз бойында жаңа сапалардың бірі–мәселені шеше білу қабілеттерін дамыта алады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Оқушылардың жобалау әрекеттерінің жобалық-ойындық сипаты.
2. Мектеп тәжірибесіндегі жобалаудың түрлері.
3. Мектеп оқушылары жобаларының құрылымы.
4. Оқушылар жобасының сипаттамалары мен типтері.
5. Оқушылар жобаларының өзгеру түрлері.
6. Оқушылар жобасын ұйымдастырудағы мұғалімнің рөлі.
7. Жобалау және модельдеу.
8. Оқушылар жобаларының мерзімі мен ұзақтығы.

4. Оқытудағы жобалау әдісі: идеядан–орындалуына дейін

Жобалау әдісін педагогикалық технология ретінде қарастыратын болсақ, бұл зерттеушілік, ізденістік, шығармашылық, әдістердің жиынтығы ретінде білімнің өзін интеграциялауды ғана емес, оларды қолдануда интеграциялау және ол арқылы жаңа білімге қол жеткізуді қамтамасыз ететін технология.

Ресей ғалымы Б. С. Полаттың айтуынша, жоба әдісін пайдалана білу–мұғалімнің жоғары кәсібилігінің көрсеткіші, өйткені бұл әдіс – оқушыларды оқыту мен дамытудың алдыңғы қатарлы озық әдісі. Жобалау–XXI ғасырдың бірден бір технологиясы, ол, ең алдымен адамның постиндустриялық қоғамның үдемелі өзгермелі жағдайларына бейімделе білуін көздейді.

Сондай–ақ, жобалау әдісін оқытуда пайдалану ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет.

Біріншіден, белгілі бір мәселені тек жалаң алгоритмге негіздеп, автоматты түрде жоба арқылы шешуге бағыттау

оқушылардың шығармашылығын дамытуға, оқу мотивациясын арттыруға, өз бетімен білім алуға, өзін-өзі дамытуға ықпал етпейді;

Екіншіден, жобалау әдісі – оқушыларды дамытуға бағытталған бірден бір әдіс деген догматизм де дұрыс емес, өйткені, әр оқушының жеке бас ерекшеліктерін ескеру, жекелеген тұрғыдан қарастыру бұл әдісті пайдалануда міндетті түрде қажет болады. Сондықтан, жобалау әдісінің нәтижелілігін, тиімділігін арттыру үшін мұғалімдерді дидактикалық және әдістемелік тұрғыдан алдын ала даярлаудың маңызы зор.

Үшіншіден, жобалау әдісі пәнаралық байланысқа негізделгендіктен, бір пәнді ғана тар шеңберді қарастыру дұрыс емес, сондықтан, басқа пәндерді интеграциялауды қамтитын түрде ұйымдастыру қажет.

Жобалау әдісін зерттеушілікте пайдалануда төмендегі талаптар орындалуы тиіс.

Зерттеушілік пен шығармашылық ізденісті қажет ететін маңызды мәселенің немесе міндеттің қойылуы. Мысалы, әлемнің түрлі елдеріндегі білім алу (сауаттылық деңгейін, оған ықпал ететін факторларды зерттеу, әр елдің балалар өмірінен репортаж жасау), топпен бірлесіп газ не мұнай мұнарасы орналасқан ауылдардың суы мен өсімдіктерін бақылау, зерттеу, талдау жасау.

Алынған зерттеу нәтижелерінің практикалық, теориялық, танымдық нәтижелерінің маңызын түсіндіру (мысалы, әр елдегі балалардың сауаттылық деңгейімен салыстыра отырып, өз аймақтары туралы, өз мектептері туралы баяндама жасау, шешу жолдарын ұсыну, жасаған репортаждарынан журналға не газетке шығару; мұнайлы, газды ауылдардың табиғатын қорғаудың жоспарын жасау, т.б.)

Зерттеушілік жобалар белгілері:

- 1) Оқушылардың өз бетіндік жұмысын жеке жұппен, топпен орындалуы;
- 2) Жобаның мазмұндық құрылымы, аралық нәтижелері мен кезеңдері болуы;
- 3) Әрбір кезеңнің бірізділігіне негізделген төмендегі зерттеушілік әдістердің қолданылуы:

- 4) Мәселені анықтау және одан туындайтын міндеттерді белгілеу (оның барысында ойға шабуыл, дөңгелек үстел әдістері қолданылады);
- 5) Міндеттерді орындаудың болжамы жасалады;
- 6) Зерттеу әдістері (статистикалық бақылау, диагностикалау, тәжірибе жасау, т.б.) талқыланып, белгіленеді;
- 7) Алынған нәтижелерді жинақтау, жүйелеу, талдау жасалады;
- 8) Соңғы нәтижені рәсімдеу тәсілі анықталады (презентация, жоба қорғау, шығ. есеп, қойылым т.б.)
- 9) Қорытындылау, нәтижені рәсімдеу, презентациялау;
- 10) Қорытынды жасау, жаңа зерттеу мәселелерін анықтау.

Осылайша, жобалау әрекетінің алғашқы қадамы—мәселені немесе тақырыпты анықтау. Төменде оның үлгілері берілген (7-кесте).

Кесте - 7

Жоба идеясын дамытудың маңызды бөліктерін анықтау

Жобаның атауы	шартты	Күтілетін нәтижесі

Жоба тақырыптары оның мақсатына сай түрліше болып келеді. Бір жағдайларда мұғалімдер нақты пәнге қатысты мәселені алып, оны оқушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарына сай анықтайды. Келесі жағдайда, мұғалім жоба тақырыбын сыныптан тыс жұмысқа бағыттайды, ол кезде де жоба оқушылардың танымдық шығармашылық әрекеттеріне негізделеді.

Сондай – ақ, жоба тақырыбы мектеп бағдарламасындағы теориялық мәселе туралы оқушылардың

білімдерін тереңдетуге, дифференциялауға арналуы мүмкін. (Мысалы, белгілі бір елдердің әдебиеті мен мәдениетін, белгілі бір аймақтың экологиясын зерттеу т.б.)

Жоба тақырыбының белгілі бір маңызды практикалық мәселеге арналуы жиі кездеседі, бұл жағдайда оқушылардың бір пән емес, бірнеше пәндерден интеграцияланған білімдері болуын қажет етеді. Мысалы, бүгінгі қалалардың ортақ мәселесі – қоршаған ортаны тұрмыстық қалдықтармен ластануы. Оның шешу жолы– барлық қалдықтарды қайта қорыту. Бұл жерде экология, химия, биология, физика, әлеуметтану т.б. көптеген пәндер интеграциялануын қажет ететін зерттеу болуы тиіс. Аталған жоба жоғары сынып оқушыларымен жүргізілетін болса, кіші жастағы балалар үшін Халық ертегілеріндегі ойын түрлері тақырыбын алуға болады. Оны орындау барысында оқушылар көптеген ертегілерді естеріне түсіреді, қайта оқиды, ондағы ойын элементтерін іздестіреді, жинайды.

Осылайша, жоба тақырыптарын түрліше құрастыруға болады, оны оқыту мақсаттарына қалай анықтау мұғалімнің шығармашылығы мен кәсібилігін қажет етеді.

Жоба нәтижелері міндетті түрде көзбен көріп, қолмен ұстайтын болуы тиіс, атап айтқанда, бейнефильм, альбом, компьютерлік газета, журнал, баяндама, т.б.

Жобалау жұмысын ұйымдастыру үшін, ең алдымен мұғалімдерді даярлау қажет, өйткені, жоба әдісін сабақта пайдалану үшін оны мұғалім өзі жете меңгеруі керек.

Жобалау әдісі–бірінен соң бірі орындалатын қатаң алгоритмде болмауы да мүмкін. Оны орындау барысында жүйеліліктің ғана сақталуы қажет. Мысалы, бір бұйым жасау мақсатындағы жобаны алсақ, оның логикалық жүйесі сол бұйымға қажеттікті зерттеуден–оны дайындау, сынақтан өткізу, бағалау кезеңдерінен тұрады. Осылайша, теориялық жобаның да логикалық жүйесі құрылып, сол бойынша жұмыс жасалады.

Оқушылардың жобалау әрекетін ұйымдастырған жағдайда олардың бұдан бұрын алған пәндік білімдері оқу–тәжірибелік міндеттерді шешу құралына айналады, білім беру нәтижелерін анықтауда оқушылардың жастары мен деңгейлері ескеріліп, әр сатыда әр түрлі болады. Сонымен

қатар, әр оқушының өзіндік білім алу траекториясын жеке жасай білуі білім беру нәтижелерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл сапалар жобалаудағы коммуникацияға ықпал етеді.

Біріншіден, егер жобаның идеясы белгілі бір тәжірибе бойынша терең білімді қажет етсе, сол бағыттағы білім мен оны толық игерген адам жоба үшін құндылыққа ие болады. Бұл жобалау тобының өз ішіндегі қатынастарға ықпал етеді.

Екіншіден, негізгі мектепте лидерлер қалыптасатыны айқын көрінеді, сондықтан лидерлік сапалар әркімнің жеке ерекшеліктеріне сай лидер болуға тәрбиелеу қажет, өйткені, ол өмірде әр адамға қажет болатын қасиет.

Бастауыш мектепте пайда бола бастаған лидерлік сапалардың тек қана белгілі бір оқушыға ғана «беріп» қою қате, одан барлық оқушы осы рөлден өтуі тиіс. Мысалы, бастауыш мектепте лидерлік түгел қамтамасыз етілмейді, оның рөлін мұғалім атқарады, онда да «лидерлікті» бір оқушыға беріп қоюға болмайды.

Негізгі мектепте жасөспірімдердің ерекшеліктеріне байланысты командалық жұмыстар басым болады, ол қатынасқа құрылатын болғандықтан лидерлік те ауысып отыруы тиіс. Бұл сатының ерекшеліктеріне байланысты пайда болған әртүрлі мәселелерді шешу үшін нақты топтар, командалар құрылып, онда өзара адресті қарым–қатынас қажеттігі пайда болады.

Мысалы, қазіргі оқытудың маңызды потенциалы–компьютерлік технологиялар. Оны тиімді пайдалану оқушылардың қарым–қатынасын дамытуға мүмкіндік береді.

Соған орай компьютерлік сауаттылықты оқушылардың жаңа қабілеттерін – түсіну, талдау, мағынасын тану, рефлексия жасау, талдау барысында оның ішкі байланыстарын көре білу, т.б. сапаларын дамытудың құралы ретінде қарастыру керек. Яғни, компьютерлік сауаттылық – түпкі мақсат емес, ол белгілі бір сапаларды қалыптастыру, дамыту құралы.

Атап айтқанда, компьютер арқылы жасалатын баяндаманы, презентацияны word тектімен слайдтарға бөліп – бөліп салуға да болады немесе графикалық модельдерді пайдалану арқылы текст мазмұнының тұтастығын, оның ішкі

байланыстарын көрсету арқылы құрылымданған, модельденген баяндама жасауға да болады. Бұл оқушының текст мазмұнын меңгеруін ғана емес, оның коммуникативтік, ақпараттық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Жобаны идея түрінде тудыру мен оны жүзеге асыру қатар да, бір–бірінен бөлек те қызмет ете алады. Мысалы жобалау тобының құрамында креативті адамдар (жобаны ойлап табатындар оның орындалуының ерекше түрлерін, жаңа әдістерін жасайтындар, орындаушылар, рәсімдейтін адамдар мен презентациясын жасайтындар, жобаны тұтас басқарушылар, т.б). Жобаны басқару–оның өмір сүруін, тарап кетпеуін қадағалай отырып, топ мүшелерінің жобаны тұтас байланыстырып отыратын қызмет. Басқару қажет пе, әлде өздігінен еркін жұмыс жасау қажет пе?

Бақылау барысында кіші жастағы оқушылардың еркін ойнау әрекеттерін бақылау барысында олардың бірнеше топтарға бөлініп алып бірнеше ойындар ойлап тауып, оны жүзеге асыруға тырысқандығы байқалды. Олар белгілі бір уақыт ішінде бірнеше жобаны бастап, біреуін де аяғына дейін жеткізе алмады. 10–12 жастардағы қыздардың үй тұрмысы ойындары да сол сияқты, ойын кеңістігі бар, құралдары бар, бірақ ойын әрекеттері одан әрі дамымайды, өйткені, қыздар уақытын бір–бірімен сөйлесуге жібереді, әрекеттерін, олар одан әрі не істейтіндерін әңгімелеумен болады. Ойын кеңістігі құрылып, өздері ойлап шығарған оқиғаларын жалғастыруға болар еді, бірақ бөлек–бөлек үзінді ойындар ретіндегі әрекеттер сюжеттерін тұтас жалғастыруға мүмкіндік бермейді.

Жасөспірімдердің де қарым–қатынастарының мазмұны да осыған ұқсас келеді. Олар айналысатын сан түрлі сюжеттердің барлығына ортақ белгі – талқылаудың көп болуы: олар жоспарларын әңгімелейді, орындалған істеріне талдау жасайды, бір–бірінің қылықтары мен іс-әрекеттегі тәртібіне көңіл бөле талқылайды.

Осы аталған ситуациялардың идеясын анықтауда барлығына тән *жалпы сипаттамалары* бар екені байқалады.

Біріншіден, балалардың ұсынатын идеялары бұрын болмаған немесе болған, бірақ оны жаңаша құру, өздеріне өте қажет өнім жасау ұсыныстары болуы;

Екіншіден, идеяның ұжымдық болуы, яғни, ол бірнеше баланың қатыстыратын, біріктіретін іс болуы (бірақ жеке балаға да тән болуы мүмкін);

Үшіншіден, қатысушылардың өзара қарым-қатынасы идеяның, түпкі ойды жүзеге асыру әрекеттерінің айналасында шоғырланып, олар жаңа өнім алу, не қалыптасқан жағдайды өзгерту үшін әр адамның міндеттерін анықтап, бөлісіп алады;

Бұлардың барлығы да пайда болған идея, не түпкі ойды жүзеге асыруға арналған арнайы әрекеттер жасалмаса, идеядан айырылып қалуы да мүмкін. Кейбір жағдайда бір идеяны орындамай, келесі идеяға қызығып, соған көшіп кетуі де ғажап емес.

Идеяның жүзеге асырылмауы—оқушылардың түпкі ойды ұзақ уақыт ұстап тұруға шамасы келмейтіні болуынан дей аламыз. Мысалы, идеяны іске асыру барысында кездесетін техникалық қиындықтар оқушылардың ынтасын басуы, сонымен қатар, сол істен көңілдерін қалдыруы да мүмкін.

Әсіресе мектепке дейінгі жастағы, кіші мектеп жасындағы оқушылар жобасы орындалмаса оның ешкімге қажеті жоқ іспен айналысқандық немесе уақыт жоғалтқандық деп түсінбейді. Олардың пайымдауынша, ойласқан идеяның жүзеге асырылмауы мүмкін емес, тіпті олар өз қолдарынан келмейтін іс болмайды деп санайды. Әрине, кіші мектеп жасындағылардың көптеген жобалары орындаусыз қалып та жатады, бірақ біз үшін олардың орындалуына үлкендер күш салуы қажет.

Жобалауда идея мен оның жүзеге асырылуын бірлікте қарау—өте маңызды нәрсе және осы сапаны жобалау әрекетінің мәндік негізі деп санауға болады. Оның бірнеше себептері бар. Мысалы алғанда, жобаның идеясы мен оны жүзеге асыруда бірлікте қалау жобаның ерекше өзіндік белгісі: жобаны жүзеге асыру барысында екеуінің біреуін ғана өзгертуге болмайды. Олардың өзгерістері бірдей болуы тиіс. Тіпті, бастапқы идея мен оның жүзеге асырылуының өзара тығыз байланысы субъектінің жобалау әрекеті субъектісінің одан әрі дамуы басталатын нүктені құрайды. Идеяны орындау қаржы мен құралдарды топтық жұмысты,

уақытты басқаруды қажет етеді. Жоба барысында алынған өнім қиялдан туған, орындалмас арман ретінде емес, белгілі бір ойлау деңгейін талап етеді.

Мысалы, егер өнім компьютерлік бағдарламаны құрастыруды көздесе, ол бағдарлама аяғында шынайы жұмыс ретінде белгілі бір уақытта орындалуы тиіс немесе мерекеге арналған сценарий де, химиялық тәжірибе де, ландшафт картасы да белгіленген тәртіппен, белгілі бір уақыт ішінде даяр болып, іске асыруға тиімді болуы тиіс.

Жобалау тобында креативті адам да, орындаушылар да, басқарушылар да болуы мүмкін. Жобаның сәттілігі оның идеясы мен мазмұнына сәйкес ұйымдастырылуына байланысты. Жобаның ортақ болуына байланысты ондағы орындалу әрекеттері де ортақ болуы тиіс. Жоба мен топ организм ретінде болғандықтан, олардың мазмұны бірге асырылғаны жөн, бұл жағдайда адамдар өзі үшін жауапкершілік алуы тиіс.

Жоба және жобалаушылар, бірлігі және идея – оны орындау бірлігі жүзеге асырылғанда ғана жобалау әрекетінің тиімділігі артады. Осы бірлікті қатаң сақтау арқылы жауапкершілік қалыптасады.

Егер жобалауды өз бетімен жіберіп, оқушылар әрекеттері ересектер тарапынан қадағаланбаса, балалар қиялдау мен шынайылықтың арасын айыра алмай қалуы, тек қиялға беріліп кетуі мүмкін. Бұл төменгі сынып оқушыларына тән құбылыс. Өйткені, балалардың өз алдына белгілі бір мақсат қойып, орындауға күш жұмсауы, психологтардың айтуынша, негізінен 15 – 16 жастан ғана басталады.

Осылайша, Жобаның идеясы мен орындалуының бірлігін түсіне отырып, соған сүйеніп жұмыс істеуді оқушылар жобалау әрекетінің басталуы бөлігінде қолдарынан келмеуі мүмкін. Педагогтың міндеті—оларды орындалмайтын қиялдаудан, тек орындаушылық қана әрекеттерден сақтандырып отыру. Оны белгілі бір пән шеңберіндегі жобалау (өйткені, пән мұғалімі өз пәнінің қыр – сырын жақсы біледі) немесе сабақтан тыс жұмыстарды жобалау арқылы қалыптастыруға мүмкіндік көптеу болады. Бұған керісінше, пәнаралық жобалауды ұйымдастыру

қиынырақ дей аламыз, оның себебі, ондай жобаларда бірнеше педагогтардың бірлескен әрекеттерінен тұрады, соған орай жобаның нәтижелі болуы қатысушы педагогтардың өзара тіл табыса алуына да байланысты.

Жобаның екі жағын құрайтын жобалау идеясы мен жоба өнімін байланыстыратын тағы бір жері – іс-әрекет туралы шешім қабылдау барысы. Жобалау мәдениетін қалыптастырудың және қатысушылардың қабілеттерін дамытудың басты шараларының бірі – іс-әрекет жасау үшін шешім қабылдау фактілері. Адамның жобалау туралы шешім қабылдауының өзі оның өзіне жауапкершілік алуы, оның болуы мүмкін қиындықтары мен мәселелерін біле отырып, оны өз мойнына алуы адамның белсенділігін көрсетеді және ол жобалау барысында қалыптасатын жаңа сапаларына негіз болады.

Мектеп оқушыларының жобалау әрекетін алатын болсақ, білім беру үдерісінде жүзеге асырылатын жобалардың қиындық туғызбаушылығы алдын ала ойластырылып, жобалауды ұйымдастыруда оқушылар үшін барлық жағдайлар жасалады. Сондықтан оқушылар үшін шешім қабылдау үдерісі арнайы ұйымдастырылады. Оны оқушылардың өз таңдауына салып, оларға шешім қабылдаушылық немесе педагогтың айтқанын орындаушылық рөлдерінің бірін таңдауларын ұсынуға да болады. Қалай болғанда да оқушылар мұғалімдердің бағалауына, қолдауына, сыныптастарының алдындағы беделіне немқұрайлы қарай алмайды.

Сондықтан жобалау әрекеті дәстүрлі оқытуды түгелдей ауыстырады деп айтуға болмайды. Оқушыларға таңдау мүмкіндігі үнемі беріліп отыруы керек, бұл әсіресе жасөспірім шақта, негізгі мектепте үнемі ұйымдастырылған жөн. Бастауыш мектептердегі мини-жобалар баға қойылмайтын және еркін қатысу жағдайында орындалуы тиіс. Негізгі мектепте жобалау оқушылардың жетекші әрекеттері деп есептеліп, білім беру әдісі ретінде оқыту барысында кеңінен қолданылғаны дұрыс.

Жоба оқушыларға тапсырма ретінде педагог тарапынан ұсынылғанымен, онда таңдау мүмкіндігі белгілі бір деңгейде болуы тиіс. Мысалы, оқушылар жобаның күрделілік

деңгейін, мерзімін, тапсырмалардың альтернативаларын, т.б таңдауына болады. Таңдау мүмкіндіктерін педагог өзі де анықтай алады. Әсіресе оқушылар жобаны орындауға тапсырма алады, бірақ оны қандай пән шеңберінде орындайды, оған қатысушыларды таңдау қалай жүреді т.б. Негізгі мектеп оқушылары әртүрлі жастағы балалардан құрылған топтарды қамтитын үлкен масштабы жобаға да қатысуға таңдау жасай алады. Ондай жұмыстар педагогтардың бірлескен әрекеттерін, олардың өзара келісімге келе білулерін, жалпы педагогикалық ұжымның қатысуын қажет етеді, сондай-ақ, жобалау біртұтас білім беру кеңістігінде орындалатындықтан, оған әкімшілік міндетті түрде қатысуы қажет.

Жобалау әрекетінің өнімі. Жобаның өнімі—жалпы жобалаудың маңызды сипаттамаларының бірі. Осы жерде жобаның практикалық әрекетті ұйымдастырудың білім берудегі жобадан айырмашылығы айқын көрінеді.

Кез-келген жобалау әрекетінің мақсаты – белгілі бір деңгейде қалыптасқан жағдайды жаңарту, жаңғырту, өзгерту. Ал қалыптасқан жағдайды өзгерту, қайта құру үшін әуелі ол талданады, мән-мағынасы ажыратылады, ондағы даму нүктелері анықталып, кейбір жобалық іс-әрекеттер жасалады, сөйтіп, қалыптасқан жағдайға өзгерістер енгізіледі.

Осыған орай, стратегия таңдау—жобаның маңызды көлігі. Ал жоба орындалғаннан кейін, бұрынғы қалыптасқан жағдайдың қаншалықты өзгергенін тексеруге болады. Мысалы, жолдың кептелісін болдырмаудың амалы ретінде қосымша жол салуға да, көшедегі көлік қозғалысын азайтуға да, көлік иелеріне де айыппұл салуға т.б болады. Бірақ ол үшін қолданған іс-әрекеттердің тиімділігін көрсететін қосымша жолда, көлік санын азайтуда емес, жолдың кептелісінің азаюы болар еді. Яғни, жобалаудың бұл жердегі өнімі көрсетілген жолдағы жағдайдың жақсаруы.

Оқушыларды ұйымдастыру көбіне бұдан басқаша болып келеді. Онда қоғамдағы белгілі бір жағдайды өзгерту қаралмайды, өйткені, мектептегі жобалар шартты түрде, ойын түрінде, оқу түрінде ұйымдастырылады.

Осыған байланысты мектепте жобаларды зерттеушілік деп, эскизді презентациялау деп, рефераттық жұмыс деп немесе мектептен тыс қоғамдық жұмыс ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, жобалау өнімі ретінде материалдық деуге келмейтін өнім – оқушының бойындағы – өзгерістерді, оның белгілі бір деңгейдегі авторға айналуы болып табылады.

Жасөспірім шақта оқушыларда тән өзін ұқсастыру (иденттену, иденттілікті ұғыну) қалыптаса бастайды. Бұл – бұрынырақ кезеңде, кішірек жастарда оқушыларға көптеген сұрақтарына жауап беруге, өзінің кім екенін тануға рухани әңгімелеуге құштарлық болса, өсе келе бала өзінің кім екендігін зерттей бастайды. Ұқсастықты қалыптастыру – адамның өзін өзі тану үдерісі.

Ұқсастыру, теңестіру екі түрлі жағдайда орын алады–уақыттық өлшемде және рөлдік ситуацияларда. Біріншісі, уақыттық өлшемдегі теңестіруді уақыт кеңістігіндегі сабақтастық өткенді, қазіргі кезенді және болашақтың байланыстылығы қамтамасыз етсе, екіншісі, рөлдік ситуациядағы теңестіруді адамның өз өміріндегі түрлі жағдайда әрекет етсе де өзіндік бейнесін жоғалтпай ұстай алады.

Жобалау әрекетіне қатысты алатын болсақ, оған қатыса отырып, әрбір жасөспірім өз мүмкіндіктерін дамыта алады. Олар үйрене келе жобалауды өз қабілеттеріне сай ұйымдастырып, өзін анықтау, өмірдегі өз жолын табуға да мүмкіндік алады. Ал өздері қол жеткізген өкімді өз қабілеттерімен, өздерінің жаңа сапасымен теңестіре білу – оқушылардың шын мәнінде дамудың келесі деңгейіне өте алғанын көрсетеді. Бұл жерде жасалған жоба–оқушыларды дамыту құралына айналды.

Шығармашылық ізденістері арқылы оқушылар өзінің жаңа сапаларын аша алуын да жобалау арқылы алынған өнім, жоба өнімі болып табылады.

Осылайша жобаның шынайы нәтижесі оқушылардың пән бойынша, сыныптан тыс, т.б жасалған зерттеулері, модельдері, құрылымдары ғана емес, сонымен қатар, ең бастысы, олардың жаңа тұлға ретінде игерген жаңа

қүзіреттіліктері мен қабілеттері, адами құндылықтары болып табылады.

Шынына келгенде, *жобалау әрекеттерін ұйымдастырудың басты мақсаты—адамның жаңа сапасын, адами ресурстарды дамыту* екенін педагогтар ұмытпауы тиіс.

Өйткені, белгілі бір бағыттар жобалау әрекетінің соңғы, қорытынды кезеңінде немесе жобалау сайыстарының қорытындыларын шығару кезеңінде басты назар аяқталып, ұсынылып отырған өнімнің өзіне аударылады, өнім бағаланады, орын беріледі. Осы кезең жобаның аяқталу кезеңіндегі басты оқиға—жобалауға қатысушының өз нәтижесімен бетпе – бет келуі, өз жобасын өзі тамашалауы.

Әдетте, педагогтар тарапынан жобалық өнімді бағаланып, оқушылардың жобалау әрекеті барысындағы өзіндік және тұлғалық жетістіктеріне көбіне көңіл бөлінбей жүр. Сондықтан жобаның аяқталуы өнімді бағалаумен ғана емес, оқушылардың қол жеткізген табыстары, өз бойында қалыптастыра, дамыта алған өзіндік сапалары мен қүзіреттіліктерін бағалаудың көрсеткіштері мен өлшемдері алдын ала ұсынылып, сәйкестендірілуі үлкен рөл атқарады.

Бұл жерде ескеретін нәрсе бағалау өлшемдегі екі деңгейде – жобаны бағалау өлшемдері мен оқушылар сапаларын бағалау өлшемдері екі бөлек жасалып, бір–бірінен елеулі айырмашылықтары болатыны ескеріледі.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жобалау әдісін оқытуда пайдалану ерекшеліктері. Жобаны идея түрінде тудыру мен оны жүзеге асыру.
2. Жобалау әдісін зерттеушілікте пайдалану талаптары.
3. Жобалауда идея мен оның жүзеге асырылуын бірлікте қараудың маңызы.
4. Жоба тақырыптары мен мақсатының сәйкестігі.
5. Жобалау идеясы мен жобалау әрекетінің өнімі.
6. Оқушылар бойында қалыптасатын жаңа қүзіреттілік сапалар – жобалау өнімі ретінде.

7. Жоба нәтижелерін бағалау өлшемдері–жобаны бағалау өлшемдері мен оқушылар сапаларын бағалау өлшемдеріне сипаттама беріңіз.
8. Оқушылардың белгілі бір сапаларын қалыптастыруға және дамытуға бағытталған жоба тақырыбы мен құрылымын ұсыныңыз.

5. Оқушылардың жас ерекшелігіне сай жобалауды ұйымдастыру

Мектепте білім беру негізінен үш сатыда жүзеге асырылады: *бастауыш, негізгі және жоғары сатылар*. Біз жоғарыда білім беру тек нормаланған білім, білік, дағдылардан жоғары тұратын оқушылардың белгілі бір қабілеттері мен сапаларын қалыптастыру екенін айтып кеткен едік. Енді осы жаңа сапаларды жобалау әрекеті арқылы қалыптастыру білім берудің сатыларында қалай көрініс алатынына тоқталамыз.

Бастауыш мектепте оқушыларға қысқаша ғана тапсырмалар немесе шығармашылық тапсырмаға ұқсайтын *микро – жобалар* беріледі. Шығармашылық деп аталу себебі – жоба барысында оқушы қалыптасқан әдіспен орындауын қажет етпейтін, дәстүрден тыс, ой–қиялын қозғайтын жағдай туғызады. Бұл тапсырмалар жеке оқушыға, не шағын топтарға да берілуі мүмкін. Әрине микрожобалар оқу әрекетінде түгелдей өз бетіндік жұмысты әзірше қамтамасыз етпейді, бірақ оның пайда болуына, дамуына ықпал ете бастайтыны сөзсіз. Солай бола тұрса да, бұл жағдайда дәстүрлі оқытудағыдай оқушының жекелік ерекшелігі, ой – қиялы шектелмейді, бірін–бірі тыңдауға, бірлесіп оқуға, шешім қабылдауға мүмкіндік жасалады. Бастауыш мектепте қалыптасқан өзара қарым–қатынас, бірін–бірі тыңдау, бірлесіп оқу, үйрену мәдениеті қалыптасуы, кейін негізгі мектепте жобалау әрекетін жүргізудің басты құралдары бола алады.

Микрожобаларды ұйымдастыру оқыту ситуациясындағы жекелік тұрғыны жүзеге асыруға

мүмкіндік береді. Педагогикалық әдебиеттерде жиі кездесетін тапсырманы таңдау, жұмыс түрін, топ мүшелерін таңдау аз қолданылатыны белгілі. Ал, кішкене ғана, қысқаша және аз уақытта орындалатын тапсырмалар балалардың өзіндік ерекшеліктерін, өз бетімен жұмыс істеу қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді.

Бастауыш мектепте жобалау әрекеттерін пайдалану бала бойында жаңа сапаларды дамытып қана қоймай, осы жаста ойын үстінде дамитын еркін ойлау, ой белсенділігі, елестету – қиялдау қабілеттерінің сақталуына оң әсер етеді. Сондай-ақ, микрожоба барысында олардың мінез-құлқында пайда болатын өз әрекетін ұйымдастыру, өзін-өзі басқара білу, өзгелермен санасу сияқты дағдылары да қалыптасатыны сөзсіз.

Жобалау әрекетінің *жасөспірімдер үшін маңыздылығы* зор. Бұл жобалаудың басқа жастағы балалар үшін қажеттігі болмайды дегенді білдірмейді. Жасөспірім шақтағы жобалау осы кезеңдегі бала дамуының психологиялық және әлеуметтік міндеттеріне сай келеді. Ал, білім беру міндеттеріне келетін болсақ, жобалау әрекетін білім беру нәтижелеріне қол жеткізу құралы ретінде қарастыру қажет.

Жоғарғы сыныптарда жобалау әрекеті оқу барысында өзінің мінез-құлқын реттеу, өзіндік әрекетін басқару құралына айналады. Оқушылар жобалау әрекеті арқылы жоғары сыныпта өзінің білім алу траекториясын таңдауға жауапкершілікпен, саналы түрде келуіне жағдай жасайды және өзінің оқу әрекеттері мен әлеуметтік қызметтерін басқаруға қабілеттілігіне айналады.

Жоғары сынып оқушылары үшін жобалау әрекеті қызметтік рөл де атқарады, яғни оқушылар жобаны жүзеге асыруда қалыптасқан тәжірибелері мен қабілеттерін оқу әрекетінде, қарым-қатынаста, ақпаратпен жұмыс жасауда, мәселені шешуде, шешім қабылдауда пайдалана алады. Бірақ бұлар негізінен оқу үдерісінде ғана қолданылады.

Білім берудің төмендегі сипаттамалары бар екені белгілі, олар:

- кеңістік пен уақыт ішінде орындалады;
- коммуникация түрлері арқылы орындалады;
- бағалау түрлері қолданылады;

Білім берудің әрбір сатысы белгілі бір деңгейде аяқталып отырады. Мысалы, бастауыш мектепті аяқтауда емтихан тапсырмайды, келесі сатыға өтуге таңдау жасалмайды. Ал негізгі және орта мектеп оқушылары өз сатысын аяқтауда квалификациялық сынақтан, емтиханнан өтуге міндетті. Сондықтан негізгі және орта білім сатылары белгілі бір білім мазмұнын игере отырып, осы нәтижені аяқтауға тиіс болады.

Бастауыш мектеп оқушылары үшін жобалау жұмысын сынып ішінде, бірнеше пәндерден ұйымдастыруға болады, бұл кеңістік олар үшін әзірге жеткілікті. Кейде мектеп ауласы, мектеп ішінде пайдаланылады. Негізгі және орта мектептерде білім беру кеңістігі сыныппен де, мектеппен де шектелмейді. Олар білім берудің түрлі бағыттары: қосымша білім, ЖОО даярлық, т.б. бағыттарда еркін оқи алады.

Жобалау логикасында құрастырылған білім беру үдерісі оқушыларға оқу–тәжірибелік жұмыста еркіндік береді, бұлар әдетте пәндік кеңістіктің аясын кеңітуге жағдай жасайды.

Дәстүрлі оқытуда класс – бұлжымас оқу бөлмесі, сабақ – бұлжымас оқу түрі, сондай–ақ, кабинеттік жүйе (химия лабораторияларымен, биология, өсімдіктер, жануарлар әлемімен, физика – лабораториялық құрал - жабдықтарымен) пайдаланылады. Бастауышта оқушының барлық іс-әрекеттері мұғаліммен қатынаста құрылса, негізгі және орта мектептерде – пән бойынша оқшаулануы басым, яғни пәндік кеңістікте құрылады.

Жобалау әрекеті білім берудің кеңістігіне өзгеріс енгізеді. Онда білім беру кеңістігі оқу жобасының құрылымына байланысты таңдалады.

- жоба идеясы оқу үдерісінде немесе басқа да ситуацияларда пайда болуы мүмкін;
- жобаны орындаудың өзі сыныптағы сабақтан тыс, жобаның мазмұнына сай орында атқарылады. Мысалы: зертхана, кітапхана, интернет–класс, т.б.
- жобаның нәтижесін презентациялау. Бұл жобаның мазмұнына сәйкес арнайы тематикалық сабақ, не мереке, конференция, фестиваль, т.б.

Бұлардың барлығы да алдын ала жоспарлау арқылы орындалады. Мысалы, бастауышта 1–2 күн бұрын

жоспарланса, 5–6 сыныпта 2 апта айналасында (мысалы, бір пән көлеміндегі шығармашылық тапсырма). Ал, 9 сыныпта – 1 тоқсан, одан да көп мерзімдік жобалар ұсынуға болады.

Оқушылардың жоспарлай білу қабілеттерін дамытылуын неден көруге болатынын қарастырайық. Олар:

Шығармашылық тапсырманың, жобаның тематикасы оны орындау мүмкіндігін ескере отырып жасалуында;

Оқушы (топ):

- тақырыпты таңдамас бұрын оның нәтижелерін дайындайтын уақытын, өз мүмкіндіктерін талдайды;
- тапсырманы орындау кезеңдерін анықтайды, оның уақытын, орындаушыларын көрсетеді, уақыт бөледі;
- тапсырманың кейбір бөліктерінен мүмкіндікке қарай бас тарта алады (мысалы, ресурс жеткіліксіз, уақыт аз, т.б.);

Осылайша, міндеттерді орындаудан–оның кезеңдерін жоспарлау, бағдарлама жасау, қолда бар ресурстарды игеру сияқты жұмыстар жалғастырылады.

Білім беру барысындағы құрылымда оқушылар төмендегі жұмыстарды орындайды:

- тақырып таңдайды;
- жұмысты орындау жолдарын таңдайды;
- жұмыстарды орындаудың бірнеше әрекеттерін жоспарлайды;
- жоба өнімін жасайды;
- қорытынды өнімнің нәтижелерін көрсетудің түрлерін анықтайды;

Жобалаудың әрбір кезеңіндегі әрекеттерін оқушылар өздері құруы тиіс, әр кезеңнің басталғанын көрсететін белгі де тұруы керек.

Білім берудің әрбір кезеңіне тән жобалау әрекетінің ерекшеліктері бар. Жобаның идеясы мен оны жүзеге асырудың бірлігі–оның айнымас белгісі, ол–білім беру жобасына ғана емес, жалпы жобалардың бәріне тән белгі. Білім берудің үш сатысына да ортақ жобалау қабілеттілігін қалыптастыру – бұл:

- бастауышта: іс-әрекет амалдарын іздеу, анықтау (бұл кезеңде жоба идеясы оқушыға емес, мұғалімге тән);
- негізгі мектепте: идея мен оны орындаудың бірлігін қатаң сақтау, орындау туралы шешім қабылдау, жүзеге асырудың тиімді жолдарын таңдау, нәтижелік өнімді алу және оны презентациялау;
- жоғары сыныпта: өзінің білім алу траекториясын жобалау.

Осылайша, бастауышта пайда болып, жинақталған іс-әрекеттер амалдары негізгі мектепте жобалау әрекетін ұйымдастыруға негіз болады. Негізгі мектепте оқушылардың оқу–тәжірибелік жұмысты өз бетімен орындау қабілетін дамыту жобалау кеңістігін құру арқылы жүзеге асырады. Негізгі мектепте алған жобалауға қабілеттілік жоғары сыныптардағы оқулықтың өзіндік білім алу траекториясын жасауға, жобалауға мүмкіндік береді. Бастауышта алған білім нәтижелері негізгі мектепте алатын нәтижелерінің құралына айналса, бұлар жоғары мектеп нәтижелерін орындауға құрал болады. Мектептің әр сатысындағы жүргізілетін осы жұмыстар жобалаудағы сабақтастықты қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, жобалау мектепте ешуақытта оқу әрекетінен тыс болмайды және ол жалпы мектепшілік жұмыстарда бөлек ұйымдастырылмайды, бірлескен әрекет арқылы орындалады. Бұл жалпы тәрбие жұмысына тиімді ықпал етеді. Мысалы:

1 – кезең: пәндік білімдер оқу барысында қалыптасады;

2–кезең: олар оқу жобасының құралына, ресурсына айналады;

3–кезең: одан жобаны орындау оқушының өз бетіндік оқу – тәжірибелік әрекеттеріне негіз болады;

Осылайша, оқу және жобалау әрекеттерінің өзара байланыс пен бірлесе жүргізуі оқушының өз бетімен оқу – тәжірибелік жұмыстарын ұйымдастыруға, қалыптастыруға негіз болады.

Білім берудің тұтастығы принципі оқу және жобалау әрекетінің жоспарланған нәтижесін қамтамасыз етеді. Егер жобалау оқудан тыс болса білім нәтижелері қалыптасуы

мүмкін емес. Осы себепті жобалауды оқыту процесіне ендіру қажет, ол оқушылардың әрекеттерінің екі полюсін көрсетеді:

- оқу – жобалық;
- өз бетімен, еркін – регламенттелген;
- бағаланады – бағаланбайды;
- еркін – қадағаланады;
- авторлық – нормативтік;
- сынаулық – нәтижелік.

Бастауыш мектепте бұл қарама-қайшылықтар тек көріне бастайды, олар оқытудың кеңістігіне, түріне, қарым – қатынасқа өзгерістер енгізіле бастағаннан көрінеді. Негізгі мектепте оқушы көптеген дамытушылықтық, өзбетіндік әрекеттерге пәндер арқылы емес, өзінің танымдық әрекеттері арқылы өзін, өз мүмкіндіктерін аша бастайды. Аталған қарама-қайшылықтың бір түрінен екінші бір түріне өту барысында оқушы көптеген оқу-танымдық әдіс-тәсілдер мен олардың түрлерін таңдай, түсіне алады, қажеттікке қарай қолдана бастайды. Олардың барысында өз бетіндік әрекеттерге үйренеді.

Негізгі мектепте алған өз әрекеттерін таңдай білу, өзгелермен қарым-қатынасқа түсе білу тәжірибесі жоғары сыныптарда өз әрекеттерін қойылған мақсатқа байланысты ұйымдастыра біледі, жоспарлай алады және жүзеге асырады.

Қорыта айтқанда, бастауыш сыныпта оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін бағыттар анықталады. Сондай-ақ оқушылар міндетті, нормаланған және еркін, өз бетімен жасалатын жұмыстарды ажырата алады және өз бетіндік әрекеттерін ұйымдастыра алады.

Негізгі мектептің ерекшелігіне сай оқушылар оқу пәндері және сыныптан тыс жұмыстарда өзбетіндік әрекеттерін қалыптасқан жағдайына сай ұйымдастыра алады, мұндай әрекеттердің жиынтығы оқу-тәжірибелік жұмысында өз бетінше әрекет ету қабілетін қалыптастырады.

Жоғары кластарда оқушы өз әрекеттерін, өздерінің оқу міндеттерін өздері ұйымдастыра алатын болады. Ол сабақтан, мектептен тыс жұмыстарды да қамтиды.

Негізгі мектептің күтілетін нәтижелерінің орындалуы оқушының мектеп бітіру факті емес, негізгі мектепті нәтижелі бітірудің көрсеткіші – олардың жоғары сыныпқа

барғанда, бұдан бұрын алған білімі жоғары сыныптағы оқу–тәжірибелік міндеттерді шешудің құралы бола алуы болып табылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жобалау әрекетін ұйымдастырудағы жас ерекшеліктерін ескерудің маңызы.
2. Бастауыш мектеп оқушыларының жобалау әрекеттерінің ұйымдастыру жолдары.
3. Жасөспірім шақтағы оқушылар үшін жобалаудың мәні.
4. Жобалау әрекеті және білім берудің кеңістігіндегі өзгерістер.
5. Білім берудің әрбір кезеңіне (бастауыш, негізгі, жоғары сыныптар) тән жобалау әрекетінің ерекшеліктері.
6. Оқу және жобалау әрекеттерінің өзара байланысы.
7. Жобалаудағы білім берудің әрбір кезеңінің сабақтастығы.

6. Жобалау әрекетіндегі топтық қарым–қатынастың ерекшелігі

Жобалау өзінің негізгі сипаттамасы бойынша жеке де, топта да орындалатын әрекет екені белгілі. Бірақ оқыту барысында көбіне топпен орындауға қолайлы болғандықтан мұғалімдер осы бағытта пайдаланады. Соған орай, жобалауды оқушыларды бірлесе жұмыс істеуге үйретуге мүмкіндік беретін әрекет деп қарастырамыз.

Бұл кезде оқушылардың мектептен кейін де бірлесіп ойлайтынын, ойын арқылы топтық әрекеттер орындалатынын айта отырып, бұл жобалаудан бұрын басталды деуге негіз бар. Алайда, бірлесіп білім алу, оқыту әрекеттері барысындағы коммуникациялық қатынастар шын мәнінде жобалау арқылы орындалады. Дәстүрлі оқытуды алатын болсақ, онда бірлесе оқу, білімді топпен игерудегі оқушылар арасында коммуникация жоқ деуге болады. Коммуникация бұл жағдайда тек мұғалім мен оқушы арасында жүреді.

Белгілі ғалым Д.Б.Элькониннің айтуынша, достыққа негізделген тұлғааралық қатынастар жасөспірім шақта пайда болып дами береді, бұл қатынастардың өзі оқушылардың негізгі әрекетін құрайды. Бірақ, белгілі бір мақсатқа негізделмеген мазмұнсыз қарым–қатынас, өзара әңгімелесу, олардың бір–бірімен коммуникациялық қарым–қатынастын тиімді дамытпайды. Егер, топ белгілі бір мақсатқа сай бір идея негізінде проблеманы шешуге әрекет етіп, оны жүзеге асыруға ұмтылғанда ғана өзара достық, сыйластық, түсіністік орта қалыптасады. Ал ешбір мағынасыз, еш қажеттіліксіз жиналып, қарым–қатынасқа түсетін, қараусыз топтар өз ішінде бір–бірімен келіспеушілікте болса, қарама–қайшылықтар болуы мүмкін. Оқушылар әдетте ортақ проблеманы шешу мақсатында тиімді қарым–қатынас құра алады.

Бүгінгі халықаралық талаптар тұрғысынан қарасақ, топпен жұмыс жасай білу қазіргі мамандар (қай сала болса да) үшін аса маңызды сапалық қасиет деп есептеледі. Командалық жұмыс түрі кез келген әрекеттің ажырамас бөлігі, сондықтан, көптеген тренингтер мен бизнес–семинарларда осыған қажетті дағдыларды үйретуге көңіл

аударылады, осы тақырыпта көптеген басылымдар шығарылуда.

Топпен жұмыс тек топтағы адамдардың қарым – қатынасымен шектелмейді, оның барысында жобалауға қатысушылардың бойында жаңа сапалар қалыптасады. Олар: командада жұмыс жасай білуі. Бұл өзінен-өзі пайда болмайды. Команда, әдетте, белгілі бір маңызды міндетті орындау үшін құрылады. Жобалау барысында бірнеше міндеттерді кезегімен орындау көзделетін болған соң, оның мерзіміне, маңыздылығына, қажеттігіне байланысты командалар құрамы өзгеріп отырады. Бұл команда құрамының өзгеруін емес, олардың рөлдерінің үнемі ауысып отыратынын білдіреді. Оның тағы бір маңызды жағы – онда лидерлер пайда болып, жобаның бөліктерін орындауға жауапкершілікті лидер алады, ал қалғандары орындаушылық қызмет атқарады. Лидердің жобаны ұйымдастырудағы рөлі өте жоғары.

Осыған орай, топтың өз ішінде үнемі өзара міндеттерді бөлісу туралы: бір жұмысты атқарған кездегі лидер, келесі бір жұмыс барысында тек орындаушыға айналады. Бұл, әсіресе, күрделі ұйымдасқан жобаларға тән жағдайлар және олар оқушылардың тәжірибесі жеткілікті болуын қажет етеді. Ал, қысқа, шағын жобаларды орындауда аз құрамды топта лидерлер ауысуы, болмауы да мүмкін.

Кейбір жағдайларда топтың командалық жұмысы үйлеспесе, лидерлік пен міндет бөлісу мәселелерін шешу қиын болады. Ол кезде педагогтардың араласуы, түрлі педагогикалық коррекция (түзету) қажет болады, тіпті топ құрамын қайта таңдау немесе жобалау мазмұнын өзгерту сияқты қатаң шаралар қолдануға да болады. Сондай-ақ, тұлғаарлық қатынас қиындауы, топтағы түсінбестіктер болса, педагог команданы таратып та жібере алады. Екіншіден, топпен жұмыс барысында топшілік бірлескен жұмыс атқарудың ережесін орындау да қажет. Біздің тәжірибемізден алсақ, оқушылар жобалау барысында қарапайым ережелер құрастырып, оны бұлжытпай орындауға тырысады. Бұл кез келген коммуникацияның жалпы принциптерін құрайды:

Мысалы:

- бір адам сөйлегенде қалғандары тек қана тыңдайды;
- ойға шабуыл, ой бөлісу кезінде бірін – бірі сынауға болмайды;
- сөйлеушінің пікірі өте түсінікті болуы керек;
- кез келген пікір берушіні түсіністікпен, кең пейілмен қабылдау керек;
- қандай жағдай туса да біреуді ренжітетін, намысына тиетін сөздер айтылмауы керек;
- ақпарат туралы көзқарас (келісемін (келіспеймін), ұнайды (ұнамайды), оны түгелімен жеткізуші деген ойды білдірмейді);
- топтағы пікірталас барлық адамға да сұрақ қою еркіндігін береді және сөйлеуші берілген сұрақтарға жауап беруі тиіс.

Топтың жұмысты жүргізу тәртібі бойынша ең әуелі барлық сөйлеушілерге пікір беруге мүмкіндік білдіреді және одан соң сұрақ – жауапқа көшу орындалады, сондай – ақ «ой қозғаудан» - қорытынды жасауға қарай жүру тәртібі сақталады.

Топтық қарым–қатынас пен пікірталасты ұйымдастырудың бекітілген ережесі жоқ және оны сақтауда барлық жағдайда мүмкін емес.

Солай болса да жобалау әрекеті–білім беру кеңістігінде оқулығы дұрыс қарым–қатынас дағдыларын қалыптастыратын әрекет. Оның маңызды әдісі бар, яғни, топпен жұмыс басталмас бұрын оқушыларға топтық қатынас ережелері жасалып, қабылдануға мүмкіндік жасалатын әдісі. Ол әдістер белгілі бір символдар арқылы бекітіліп, пікірталас басталғанда оның нақтылануы талап етіледі.

Топтың коммуникацияда оқушылардың тәжірибесін қалыптастыруда қажеттілік бар. Ол үшін жас ерекшеліктеріне қарай аралас топтар құрылады. Оның мәні, топтық коммуникация тәжірибесі бар оқушылар жаңадан келгендерге қарым-қатынас дағдыларын үйретеді.

Топтың коммуникацияны дамыту логикасын қарастыратын болсақ, ол бірнеше кезеңнен тұратыны байқалады.

Алғашқы кезеңде оқушы топтық пікірталас жасаудың ережелерін меңгеруі тиіс. Ол ережелер тұрақты түрде ұжымда қалыптасқан болуы да немесе осы топ ішінде жаңадан жасалған болуы да мүмкін.

Келесі кезеңде топтық пікірталасқа тікелей араласу басталады, онда талқыланып отырған мәселе бойынша сұрақ қоя білуге үйрену керек.

Одан кейінгі кезең—дәлелді түрде сын—пікір айтып үйрену кезеңі. Бұл қабылданған формат аясында орындалуы тиіс.

Келесі кезеңде белсенділік пен ұсыныстар беруге үйренеді, өз жауапкершілігіне кейбір міндеттерді алады, өзгелерге қол ұшын беруге келіседі. Егер оқушы келесі адам орындасын деп, өзгеге сілтейтін болса – бұл оның талданып отырған мәселені түсінбегенін немесе өз мойнына жауапкершілік алудан бас тартуын білдіреді.

Оқушылардың топпен жұмыс істеу қабілетін анықтайтын көрсеткіштердің маңыздысы—олардың өз жауапкершілігіне белгілі бір қиын міндеттерді ала білуі. Бұл – оқушының жобаның жалпы идеясын түсінуін және осы міндетті орындамай, жобаның нәтижелі болуы мүмкін еместігін көре білуінің айғағы.

Келесі көрсеткіш – жобалау идеясын орындамай жатып, басқа да тартымды жұмыстарға араласуға бармау, жобаны аяғына жеткізуге күш жұмсау.

Тағы бір көрсеткіш—өз пікірінің өзгелерге түсінікті болуына көңіл аудару, басқа адамдардың пікірін ескере отырып, өз ойлары мен ұсыныстарына өзгеріс енгізе білу.

Жоғары сыныптарда оқушылар топтық қатынас болсын, жай қатынас болсын, рефлексиялық баға бере алады. Ал негізгі мектепте түгелдей жету мүмкін емес. Сондықтан негізгі мектепке тән жасөспірімдік шақта топтық жұмысты, оның нәтижелерін, коммуникациялық деңгейлерін талдауға үйретілу керек.

Оқыту әдістемесі дәстүрлі түрде жүргізілетін мектептерде мұғалімнің рөлі басым болып, ол оқушыдан сабақты тек қана тақтаның алдына ғана шығарып сұрайтын болса – бұл мектептерде жобалау әрекеттерін ұйымдастыру оңай емес. Ол мектептерде қалыптасып қалған дәстүр –

стереотипті ойлау, үйренген жолмен ғана жылдар бойы жүру.

Жобалауды ұйымдастырудың тиімді жолы—осы бағытта мектепте белгілі бір қалыптасқан дәстүрдің болуы. Оның мәні педагогтарда әр пән бойынша жобалау әрекеттерін ұйымдастыру тақырыптарының болуы, сыныптан тыс жұмыстарды жобалауға ұсыныстардың дайын екені ғана емес. Ең бастысы—жобалау әрекеттерінің элементтері таныс болуы, педагогтардың белгілі бір жобаға қатынасу тәжірибесі немесе жоғары сынып оқушылығының кіші жастағы балаларды өз жобаларымен таныстыруы бірнеше сыныптан тыс жобалардың тәжірибесі болуы маңызды. Біз осы жерде жобалау әрекеттері белгілі бір деңгейде жүргізілетін мектеп жағдайында және жобалау әрекеттері мүлдем таныс емес мектеп жағдайында оны дәстүрге айналдыру жолдарын қарастырамыз.

Жобалау әдістерінен азды—көпті тәжірибе болған жағдайда, олардың белгілеріне, символдарына көңіл аударылуы тиіс. Мысалы, жобаны ұйымдастыру сәттерінен түсірілген суреттер, бейнефильмдер, жинақталған альбомдар, кітапшалар, оқушы портфолиосы, көрмелер, т.б. Жобалауды ұйымдастыру дәстүрлі мектептің қатып қалған тәртібінің ауқымына сыймайды, оның атрибуттары қазіргі оқушылардың қарым—қатынас ерекшеліктеріне, еркін ойлауына сәйкес келетіні белгілі.

Егер де жобалау бұрын—соңды мектеп тәжірибесінде болмаған жағдайда оны ұйымдастыру өзгеше болады. Бұл кезде педагогтар арасынан бастамашы топ құрылып, оларды жобалау әрекеттеріне даярлау ұйымдастырылады. Оны элективтік курстар арқылы жүргізген тиімдірек.

Алғашқы жобалар қысқа мерзімдік (1-2 апталық) болғаны дұрыс, және олар кеңесші — педагогтың қатысуымен ұйымдастырылады. Жоба жұмысы аяқталып, нәтижесін презентациялау барысында оқушылар мен педагогтардың белсенді қатысуын қамтамасыз еткен дұрыс.

Жобалау жұмысын рәсімдеу, өзіне тән белгілері мен атрибуттарын қатаң сақтаумен қатар, оқушылар үшін оның маңызын, стационарлық сипатын сезіндіру үшін

мектепте жобалау зертханасы, техникалық үйірмелер, авторлық немесе шығармашылық топтар т.б. құрылымдар мәні ерекше болды. Бұл құрылымдар оқушылар жобасын жүзеге асырудағы сабақтастықты педагогтардың, түрлі жастағы балалардың бірлескен әрекеттердің дәстүрге айналуына ықпал етеді. Педагогтармен бірге жоғары сынып оқушылары жобаларын жасау, төменгі сынып пен жоғары сынып оқушыларының бірлескен жобалары, сонымен қатар, сыныптан тыс ата – аналар қатысуымен жасалған жобалардың өз тарихнамасын құрып, жобалауды мектеп дәстүріне ендіруге негіз салынады.

Білім беру үдерісіне қатысушылардың қарым – қатынас түрлері. Білім беруде оқушы әрекеттерінің жаңа түрлері енгізілуі педагог–оқушы қарым–қатынасын өзгертетіні сөзсіз. Дәстүрлі оқытуда бұл қарым – қатынас біржақты түрде жүргізіледі. Атап айтқанда, әр пән бойынша оқулықтардың оқушыға берілуі тиіс белгілі бір білім қоры жинақталған. Мұғалімнің міндеті – сол білім қорын өзгертпестен оқушыға түсіндіру.

Білім, білік, дағды – оқулықтарда нормаланып берілген, яғни, қандай демократ болса да, мұғалім оқушыдан осы нормаларды орындауды талап етеді. Олар–ережені, формуланы, анықтаманы жаттап алу, қайта айтып беру, оларды практикалық жұмыста пайдалану. Осы тұрғыдан алғанда оқушы мен мұғалім еш уақытта тең құқықта болмайды, өйткені, біреуі біледі, екіншісі, білмейді, оған түсіндіру керек.

Ал осы мақсатқа жетудің құралдарының бірі – оқыту әдістемесі. Әдістеме бойынша, қандай пән болса да оқушының өз түсінгенін ауызша айтып беруін талап етеді. (теорияға сай, ауызша ақпарат мазмұны тек 10% ғана есте қалады.) Сонымен қатар, әдістеме бойынша, педагогтар қосымша көрнекі құралдар пайдаланады, түрлі жаттығулар береді. Олардың барлығын тиімді пайдаланған жағдайда педагогикалық қызмет тиімді болады деп күтіледі. Әрине бұлар белгілі бір деңгейде нормалар бойынша берілген білім қорын игеруге мүмкіндік береді.

Осылайша, егер оқытудың мақсаты ретінде нормаланған білім, білік, дағдыларды үйрету көзделсе, бұл мұғалім мен оқушының тең қатынасын қажет етпейді.

Оны оқытудағы кемшілік емес, дәстүрлі білім берудің сипаты деп қарастырған жөн. Қарым–қатынастың бұдан басқа түрі алға қойған мақсатты орындауда оқушы мен мұғалімнің мүмкіндіктері мен жауапкершіліктері тең дәрежеде қарастырылғанда ғана пайда болады.

Жобалау әрекетін ұйымдастыруда идеясы, бағыты белгілі болғанымен шын мәнінде алынатын өнімді оқушы да, мұғалім де дәл біле алмайды. Өйткені, алынатын нәтиже әзірге идея түрінде ғана белгіленеді.

Идея пайда болғаннан бастап–оны орындаудағы қиындықтардан, мәселелерден өте алу, кейде идеяның орындалуы туралы алғашқы жоспарды қайта өзгерту, қайта жасау–бұлардың барлығы да командада педагогтың болуымен, оның жобаны ұйымдастыруымен ғана мүмкін болады. Жобалаудың көп бөлігінде мұғалім басқарушы емес, қатысушы рөлін атқарып, оқушылармен тең дәрежеде болады. Осындай өзара тең қатынастарды ұйымдастыру бүгінгі жағдайдағы коммуникацияларда үлкен рөл атқарады.

Жобалау әрекетінің бұрынғы пионерлік немесе скауттық қозғалысқа ұқсас міндеттері болды, олар оқушылармен жұмыс барысында өз әрекеттерін мақсатқа сай ұйымдастыра білуден, өзара қарым – қатынасқа түсе білуден, өз міндеттерін топ ішінде бөлісе алуларынан көрінеді.

Осы әрекеттерге сай ортақ мақсатты орындау барысында нәтижені белгілеу, алға қойған міндеттердің шешу жолдарын іздеу, т.б. қарым–қатынастың жаңа түрлері пайда болады.

Бұл жаңа қатынастар нұсқаулар негізінде немесе біреулердің тілегі үшін немесе педагогтың басымдығын болдырмау үшін деген сияқты себептерден пайда болмайды. Немесе педагогтың қарым – қатынаста өзгерту тілегінен де туындамайды. Жаңа типті қарым – қатынас, шын мәнінде, жаңа әрекеттің міндетті компоненті ретінде пайда болады.

Жобалау әрекетінің қатаң нормативтік құрылымы мен мазмұны болмайды. Әрекеттің негізіне оның нәтижесі ретіндегі өнім алынады. Нәтиже де (өнім) өз алдына нақты

нормаланбайды, олай болса, жобалау шығармашылық жұмысқа айналуы мүмкін. Сондықтан оған қатысушылардың рөлдері тең дәрежеде қарастырылады.

Жобалаудың ерекшелігі—оның ресурсы ретінде оған қатысушылардың білімі мен қабілеттері қарастырылады, орынды жұмсалады. Бұл кезде білімі тереңірек, қабілеті жоғарырақ адамның лидерлік қасиеттері көрінбек. Ал жобалау барысында белгілі бір уақыт ішіндегі түрлі әрекеттерге байланысты рөлдер қабілеттеріне қарай өзгеріп отыруы да мүмкін.

Педагогтар үшін ескеретін жайт, жобалау барысында шешімді өзі қабылдау, өз пікірін ғана басшылыққа алу сияқты істерден бас тарту қажет. Әрине, бұлар тәжірибеде болмайтын нәрселер емес, кейде олай істеуге де тура келеді. Бірақ шама келгенше оқушыларға жауапкершілік арту қажет.

Оны болдырмау жолдары тәжірибемен бекітіледі. Бірақ жобалауға оқушылар кеңінен қатыса отырып, оның барлық компоненттерін игерген сайын өздерінің белсенділіктері арта бастайды. Бірақ педагогтың жетістігі ретінде оқушының нәтижесі алынып тұрған кезде, педагог жобаның тартымды болуына белсенділік танытары сөзсіз.

Оқушылар үшін жобалау әдеттегі қызмет түріне айналған кезде, олардың педагог тарапынан қадағалануы азаяды. Бұл кезде мұғалім оқушылардың жобалау әрекетінде басқарушылық қарым – қатынасқа түскені жөн. Басқару үшін педагогқа қажетті төмендегі сапалар анықталады: өз пәнін өте жақсы білу, жобалау қызметін ұйымдастыру тәжірибесі, коммуникативтік құзіреттіліктерінің болуы. Дәстүрлі оқытуда мұғалімдердің осыған ұқсас қасиеттері пайда болып, кәсіби қызметінде одан әрі дамиды деп есептелсе, кәсіби басқару әрекеті мен оған қажетті коммуникация мұғалімнің кәсіби дамуы арқылы жүреді.

Жобалау әрекетін ұйымдастыру—оқушылардың өзара ынтымақтастықта бірлескен іс-әрекетін, қатынасын дамытуға негіз болады. Өйткені, жоба идеясы оларды біріктіреді. Міндеттерді өзара бөлісуге, мазмұн—мағынасы бар жұмыс атқаруға ықпал етеді.

Айта кету керек, оқу әрекеті сияқты, жобалауға қатысатын топтар да бір жоба аяқталған соң тарап кетеді,

одан соң жаңа жоба идеясымен қайта бірігеді. Сөйтіп, топтар да оның мақсаттары да үнемі өзгеріп отырады. Бұл педагогикалық қарым–қатынастың тиімді түрі, өйткені, оқушылар түрлі топтармен, оқушылармен түрлі рөлдерде қарым–қатынас дағдысына үйренеді.

Жобалау топтары 4–6 адамнан шағын болса тиімдірек. (Әрине әр жобаның мақсатына байланысты жеке, жұппен немесе түгел сынып қатысуымен де орындалатын түрлері бар.)

Ал шағын топтармен ұйымдастыру, бір жағынан, идеяны жүзеге асыруға қолайлы, екінші жағынан, оған қатысушылардың өзара қатынастырын қалыптастыруға және қолдауға мүмкіндік береді.

Жобаны жүзеге асыру мерзімі оның мазмұны мен мақсатына байланысты. Ал жобалық жұмыс барысында коммуникациялық қатынастарды қалыптастыру 2 аптадан бір айға дейінгі мерзімде мүмкін болады.

Жобаның одан да ұзақ мерзімге созылуы ішкі топтардың, жұптардың, лидердің пайда болуына әкеледі. Сондықтан ұзақ мерзімді жобаларда оның белгілі бір кезеңдері аяқталған кезде топтардың ішкі міндеттерін бөлісу, жаңа топтар мен лидерлерді ауыстырып отыруға болады. Бұл әр адамның топтағы позицияларын өзгертіп, өзін жаңа сапада байқауына, басқалармен жаңа қатынастарды қалыптастыруына жағдай жасайды.

Педагог лидерлермен жұмыста өте байқампаз болған жөн, өйткені лидерді қалыптастыру барысында өзара қатынаста мәселелер туындауы мүмкін. Атап айтқанда, жеке ерекшіліктеріне сай, кейбір лидерлер істі тиімді ұйымдастыруда өзге оқушыларды жұмылдыра білетін, оларды тең дәрежеде ұйымдастыра білетін болса, кейбірі өз лидерлерін тек өз дегенін істетуге, өзгенің пікірін елемеуге, өз басымдығын үнемі білдіруге бейім болады. Бұл топшілік конфликтіге апарары сөзсіз. Оны болдырмаудың тиімді жолы - әр оқушының лидер позициясында да болуын қамтамасыз ету, рөлдерді үнемі ауыстырып отыру.

Сондай–ақ топ ішінде ауысып отыратын «time – кереег» (уақыт регламентін қадағалаушы), идеяларды жазып отыратын хатшы, т.б. рөлдер болуы қажет.

Қорыта айтқанда, шағын, не үлкен топтар нақты бір жобаны орындау үшін құрылады және жоба жұмысы аяқталғанда бұл топ таратылады. Жаңа жоба пайда болғанда жаңадан басқаша топ құрылғаны дұрыс.

Жобалау әрекеті оқушылардың коммуникативтік қатынастарын қалыптастыруға ықпал етеді, оларды рөлдік позициялардан әртүрлі әрекеттер мен қарым–қатынастар құруға жағдай туғызылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жобалау әрекетіндегі топтық коммуникацияның рөлі.
2. Жасөспірімдер үшін топтық қатынастың маңызы.
3. Оқушылардың топпен жұмыс істеу қабілетінің көрсеткіштері.
4. Білім беру үдерісіне қатысушылардың қарым–қатынас түрлері.
5. Оқушылар арасындағы, топтағы қарым – қатынас.
6. Топтық коммуникацияны ұйымдастырудағы мұғалімнің рөлі.
7. Жобалау – топтық қарым – қатынас белсенділігін арттыру құралы ретінде.
8. Топтық қарым–қатынасты қалыптастыру мен дамыту.
9. Оқушыларды жоба жасау үшін топтарға бөлудің жолдарын өз бетіңізбен құрастырып көріңіз. Онда қандай принциптерді ұстануға болатынын түсіндіріңіз.

7. Оқытудағы жобалау әрекеті барысында оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыру

Білім берудегі жобалау әрекеті арқылы оқушылардың түрлі қабілеттілік сапалары мен құзыреттіліктері артатыны – олардың ақпаратты ала білуі, оны сұрыптай және өңдей отырып пайдалана білуі, өз бетімен және топпен жұмыс істеу, тұлғааралық қарым–қатынасты ұйымдастыру, мәселені анықтай алу мен оны шеше білу, т.б. дағдылары қалыптасатыны белгілі.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді 2011 - 2020 жылдарға дейінгі дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында білім берудің жаңа нәтижелері ретінде білім алушылардың *құзыреттіліктерін қалыптастыру* деп белгіленіп отыр. Сондай-ақ құзыреттілікке бағытталған Жалпы орта білім беру стандартында орта білім беру мақсаты–білім алушылардың түйінді және пәндік құзыреттерін қалыптастыру арқылы олардың танымдық қабілеттерін, алған білімдерін оқу және өмірлік жағдаяттарда шығармашылықпен пайдалана алуын, өзін-өзі дамыту мен өзіндік басқаруын қамтамасыз ету деп сипатталған. Онда әр білім саласы бойынша *түйінді және пәндік құзыреттерді* кіріктіру арқылы күтілетін нәтижелерді анықтау қажеттігі және түйінді құзыреттер әр білім саласының алатын орнына сәйкес пәнаралық сипаттағы қабілеттер ретінде алдымен оқу пәндері арқылы қалыптасып, дамытыны атап өтіліп, түйінді құзыреттерге: *ақпараттық, коммуникативтік, мәселелердің шешімін табу құзыреттері* жатады делінген.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру. Жобалау арқылы қарым – қатынас белсенділігін арттыруға болатыны сөзсіз. Бірақ жобалаудың мәнін тек қана коммуникативтік қатынастардан құралады деп есептеу оның шеңберін тарылтып, оны оқушылардың әңгімелесе білу диалогын ұйымдастыру немесе жазбаша қарым – қатынасын дамытумен шектейтін болады. Дәстүрлі оқытуда оқушылардың өз ойларын еркін білдіруге жағдай туғызылуы төмен деңгейде, олардың беретін жауаптары мен күтілетін жауаптарының мазмұны әдетте белгілі болып келеді. Оқушы сол өзінен күтілетін жауапқа ғана даярланады. Оның бір

жағынан тиімділігі–оқушының сөйлеу әрекетін құру жүйеленеді, белгілі бір нормаға жауап береді және оны бақылауға және бағалауға болатыны–болса, екінші жағынан, кемшілігі – оқушыға өз ойларын жеткізу мүмкіндігі шектеулі, еркін ойлау мен пікір білдіруге жағдай туғызылмайды.

Жасөспірімдердің бір – бірімен қарым – қатынасы осы жаста өзгере бастайды, олар үшін қарапайым қатынас жеткіліксіз, өйткені, коммуникация арқылы оларда өздерін көрсетуге, дәлелдеуге қажеттік пайда болады. Жобалау әрекеті осы қарым – қатынас мәдениетін сапалы дамытуда белгілі бір рөл атқарады.

Жобалау барысында айырмашылығы көп байқалмайтын коммуникацияның екі түрлі қыры бар екенін айта кету керек. Олар:

қарым–қатынас барысында ауызша және жазбаша сөйлесу;

топтық қарым – қатынасқа түсу;

Осы екі қыры тәжірибе барысында бір – бірімен бірігіп кететін болса да, оқушылардың жобалау әрекетін ұйымдастыру және талдау кезінде оларды ажыратып қарастыру қажет болады.

Оқушылар білім берудің әрбір кезеңінде өз бетімен ауызша және жазбаша өз ойын білдіре білу дағдыларын меңгеруі қажет және әрбір білім беру ұйымы оны міндетіне алуы тиіс. Бұл–*коммуникативтік құзіреттілік* деп аталады.

Коммуникативтік құзіреттілік – мәтінді, белгілі бір ойды түсінуі және түсіндіре алу қабілеті – барлық пәндерде де, барлық оқыту кезеңдерінде де қалыптастырылады.

Коммуникативтік құзіреттілік оқушының мәтінді не белгілі бір ойды түсіну, игеру барысында төмендегі әрекеттер жасай білуін білдіреді:

- мәтіннің, ойдың немесе ақпараттың мазмұнын түсінеді, игереді, меңгереді;
- оны басқаша құрастыра алады немесе берілген мазмұнды жаңаша түрге ендіре алады;
- мәтіннің, ойдың, ақпараттың мақсатын құрастыра алады;

- мақсатты жүзеге асыру үшін қандай амалдар мен құралдар қолданылып тұрғанын анықтай алады;
- мәтіннің, ойдың, ақпараттың кімге арналып тұрғанын анықтай алады;

Мәтінмен, ақпаратпен жұмыс жасауда оның үш негізгі сипаттамасын ескеру қажет. Олар:

- мәтіннің мазмұны;
- хабарлау түрі;
- адресаты (кімге арналғаны);

Коммуникативтік қатынас екі – *ауызша және жазбаша* түрде қалыптасады, олардың өз алдына ерекшеліктері бар және оны дұрыс қалыптастырудың өзіндік назары мен әдістері сақталуын қажет етеді.

Коммуникативтік қатынасты қалыптастыру және дамытуда белгілі бір сабақтастық ұстанымы болады. Атап айтқанда, бастауыш сыныпта негізі салынған коммуникативтік компоненттер негізгі мектепте бекітіледі және ол компонентті күрделендіре дамыту одан арғы жоғары сыныптарда жүзеге асырылады. Коммуникативтік қатынасты жобалау арқылы дамытудың тиімділігін көрсете отырып, бұл тек осы әрекеттің негізінде ғана жүзеге асырылады деп түсіну де қате пікір екенін ескеру керек. Сондай-ақ, коммуникативтік қатынасты дәстүрлі оқытуда қалыптастыруға болады. Бұл белгілі бір ақпарат форматындағы жұмысты қамтиды. Мысалы, зертханалық жұмыстың қорытындысын жазу, шығарма, мазмұндама, т.б. жұмыстар.

Түрлі форматтағы ақпарат немесе мәтінмен жұмыс жасай отырып (мыс, ғылыми мақала, эссе, интервьюге жауап беру, т.б.) оқушы оның талап ететін үлгісін сақтап үйренеді. Өйткені, еркін жазу форматын қажет етпейтін жұмыс түрлерін игеру де маңызды үдеріс. Оны игеру өзі үшін тәжірибеде пайдасы асатын болады, атап айтқанда, түрлі конкурстарға қатысу үшін қажетті үлгіні сақтау, рецензия жаза білу т.б.

Мәтіннің мазмұны мен түрін еркін таңдау негізінен жобалау әрекетіне қатысты. Жоба жасау жеңістігі еркін қатынасты да, регламенттелген қарым – қатынасты да орындауға мүмкіндік береді. Мысалы, жоба идеясын талдау

барысында өз ойларын жеткізу үшін оқушылар еркін, эмоционалды, шығармашылық, тіпті слэнг түрінде де қарым – қатынаста бола алды. Бұл жерде регламенттеу тәртібі тақырып аясын шектеу үшін ғана қажет бола алады.

Жобалаудың аталған идеяны талдау кезеңіне қарама–қарсы – жоба аяқталған соң, оны презентациялау кезеңі тұр. Оның талаптары регламенттерді–презентациялаудың (ауызша не жазбаша), уақыт шектеуінің, аудиториялардағы түрлі топтар (оқушылар, мұғалімдер, ата – аналар т.б) мүдделеріне жауап берудің, т.б.–сан талаптардың ескерілуін міндеттейді.

Жасөспірімдер үшін *ақпараттық құзіреттіліктері (жалпы білімдік қабілеттері)* маңызды рөл атқарады және ол мектепте ғана емес қоршаған ортада орнын табу құралы болып табылады.

Жобалау әрекеті оқушылардың аталған құзіреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Құзіреттілік тұрғысынан алғанда әлеуметтік қарым–қатынас құзіреттілігін дамытудың маңызы зор. Олар оқушылардың төмендегі қабілеттерін қалыптастырады:

- оқу–тәжірибелік мәселелерді шешу барысында бірлесіп жұмыс істеуге қабілеттілікті, топпен жұмыс істеу қабілеттілігін;
- қорытынды өнімді құрастыру қабілеті, оның аудиториядағы адамдарға жеткізе білу қабілеті;

Жобалау әрекеті барысында тек қана коммуникациялық қатынаста болу емес, белгілі бір өнімді құрастыру барысындағы іскерлік коммуникация жүреді, ол оқушылардың оқу – тәжірибелік мәселелерін шешу мақсатын көздейді. Сондықтан, осы жағдайда оқушы құзіреттіліктерінің қалыптасуы тиімді жүзеге асырылады.

Жобалаудағы коммуникациялық қатынастарды бағалау барысында төмендегі фактілер ескерілуі тиіс:

- 1) жоба (шығармашылық жұмыс) негізінен оқушылардың топтық әрекеті арқылы орындалғаны;
- 2) жұмыстың орындалуы барысында педагог балалар әрекетін ұйымдастырушылық–мазмұндық, жоспарлау және қадағалау қызметтерін атқаруы;

- 3) қорытынды нәтижені ұсынған кезде оқушылардың іскерлік қарым – қатынасы қалыптасқаны;
- 4) өнімді презентациялаудағы барлық критерийлеріне сай болуы, критерийлердің алдын ала белгілі болуы қажет;
- 5) презентация жасауда аудитория болуы, бағалау комиссиясы болуы, бағалаудың ашық жүруі, қатысушылардың марапатталуына ерекше назар аударылуы тиіс;

Жобалау әрекеті негізіне «жоба» түсінігін білдіретін идея алынады. «Жобаның» мәнісі мәні белгілі бір теориялық немесе практикалық маңызы бар мәселені шешу барысында нақты нәтиже алуға бағытталған прогматикалық түсінікті білдіреді.

Жобалау барысында алынған нәтиже көзбен көруге, мағынасын ұғынуға, тәжірибеде қолдануға болатындығымен ерекшеленеді. Осы нәтижені алу үшін оқушыларды өз бетімен ойлауға, мәселені көре білуге және шеше білуге, түрлі салалардан алған білімдерін қолдана білуге, нәтижені алдын ала болжай білуге және оның салдарын ажырата алуға үйрету қажет.

Зерттеушілер атап өткендей, қазіргі оқуда жобалау әрекеті кеңінен таралмаған әдіс, оны шешудің негізгі жолы – жобаларды таңдау және оны сан алуан шығармашылық жұмыстарда жүйелі түрде қолдану.

Жоба әдісі оқушылардың өз бетіндік әрекеттеріне (жекелеген не жұппен не топпен белгілі бір уақыт ішінде орындалатын) бағытталады.

Сондай – ақ, жобалау әдісі белгілі бір мәселені шешуді көздесе, мәселені шешу, бір жағынан, оқытудың түрлі әдістері мен түрлерін қолдану арқылы, екінші жағынан, оқушылардың білімнің түрлі салаларын интеграциялау арқылы шығармашылық әрекеттерін қажет етеді.

Орындалған жоба нәтижесі өзінің мақсатына сай болуы тиіс, атап айтқанда, егер теориялық мәселе болса – оның нақты теориялық шешімі, ал практикалық мәселе болса–қолдануға болатын даяр нәтижесі болуы шарт. Жобалау әдісі жеке орындалса да, топпен орындалса да белгілі бір жүйемен орындалады, оның мәні: әдіс ретінде

бірнеше оқу – танымдық амалдар мен тәсілдердің жиынтығы болуы тиіс, оқушылардың өз бетіндік әрекетін ұйымдастыруға негізделуі тиіс, нақты нәтиже алуды көздеуі және оны міндетті түрде презентациялауы тиіс.

Жобалау әдісі өзінің мазмұны жағынан еркін әрекеттерді, ашық оқытуды, тәжірибеге бағытталуды қажет ететін проблемалық оқытуға ұқсас екені белгілі. Бұл әдісті орынды пайдаланған жағдайда дәстүрлі оқытуды өмірмен байланыстыру тұрғысынан тиімді екені сөзсіз. Сондай-ақ, бұл–оқушылардың өз бетімен білім алуына ықпал ететін бірден бір әдіс.

Жобалаудың түсініктік кеңістігіндегі маңызды қабілет – мәселені *шешудің жолдарын және шешім қабылдау барысын* талдай білу.

Мәселені шешу–ақпараттық-әрекеттік модель бойынша түпкілікті нәтиже деп есептеледі және ол төмендегі тәртіп бойынша орындалады:

- мәселе қою (не істеу қажеттігін айқындау);
- мәселенің құрамын анықтау (ақпараттар іздеу, таңдау, нақты міндеттерді белгілеу және оны орындау кезеңдерін айқындау; мәселені ойша қайта құру арқылы жан – жақты талдау);
- шешудің бірнеше жолдарын қарастыру, мақсатты орындаудың тиімді жолдарын іздеу;
- мәселенің шешілуі;

Енді соңғы күндері пайда болған *шешім қабылдау теориясына* тоқталамыз. Шешім қабылдау–бірнеше нұсқаларды қарастыру үшін көптеген ақпараттарды іздеу және сұрыптаудан тұратын күрделі үдеріс.

Шешім қабылдай білу қабілеті тоғыз элементтен тұрады:

1. *Таңдай білу*. Бұл жеке адамның тілегінен немесе топтың ұсынып отырған тілегінен, не сыртқы мәдени ортаның, ересек адамдардың тілегінен де пайда болуы мүмкін;

2. *Саналылық*, шешімді *саналы түрде* қабылдау. Бұл орындаушының қалыптасқан мәселені шешудегі өз рөлі саналы түрде анықталуы, психологтардың айтуынша саналылық 15 жасқа қарай пайда болады;

3. *Креативті шешім қабылдаушылық* – адамның қалыптан тыс шешім қабылдауға немесе түрлі жолдарды іздей білуге дайындығын көрсетеді;

4. *Компромисстік* (келісімге келе білу) бұл қасиеті – мәселенің шешімін табуда тек өз мүддесі тұрғысынан ғана емес, өзгелердің, қоршаған адамдардың мүддесі тұрғысынан қарастыра білу. Бұл жағдайда шешім қабылдау оған қатысы бар адамдардың көбінің мүддесіне сәйкес компромисске (келісімге) келе алуға мүмкіндік береді;

5. *Алдын ала білу қасиеті*–шешім қабылданғаннан кейін болуы мүмкін жағдайларды алдын ала есептей білу, яғни белгілі бір шешім қабылдаудың айналаға тигізетін әсерін күні бұрын көре білу, оны талдай білу.

6. *Дұрыс таңдау жасай білу*–бұл шешім қабылдау үдерісінің ең күрделі және белгісіздікке толы кезеңі. Шешімнің дұрыстығын бағалау үнемі өзгеріп отыратын жекелік және қоғамдық құндылықтар, қалыптасқан жағдай мен оны қабылдаудың субъектілік сипатына байланысты оңай емес. Солай бола тұра, шешімнің дұрыстығын анықтайтын көрсеткіш ретінде мәселені талдау барысында анықталған жағдайларға сәйкестігі алынады.

7. *Сыналуга дайындығы*, бұл–шешім қабылдауда пайдаланылған ақпараттардың шынайылығын тексеруге және қайта тексеруге қабілеттілік, кейбір субъектілік тұрғыдағы ұсыныстардан, қате болса өз ұсыныстарынан да бас тарта білу;

8. *Бірізділік*–таңдаған шешімге сәйкес амалдарды бірізділікпен қолдана білу;

9. *Жауапкершілік*–қабылданған шешімге сәйкес әрекеттердің әрі қарай жүргізілуіне әзір болу, мойнына ала білу.

Қазіргі таңда психология ғылымы ойлаудың ерекше түрі – мәселені тұтас көре білу, оны шешу жолдарын болжай білу, бірнеше нұсқалардың ең тиімді біреуін тандай білу, одан әргі әрекеттер стратегиясын құру туралы шешім қабылдай білуді қамтитын–ойлау түріне үлкен мән беретінін байқауға болады.

Оқушылардың пәндік және түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін, олардың өз бетіндік

зерттеу жүргізулері негізінде субъективті жаңалық ашуға жағдай туғызатын *тақырыптық және пәнаралық жобалардың* білім беруді ұйымдастырудағы маңызы зор.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жобалау әрекеті арқылы оқушылардың құзыреттілік сапаларын қалыптастырудың мәні.
2. Қазақстан Республикасындағы білім беруді 2011 - 2020 жылдарға дейінгі дамытудың мемлекеттік бағдарламасындағы құзыреттілік нәтижелердің белгіленуі.
3. Түйінді құзыреттіліктер және олардың түрлері.
4. Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру.
5. Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру.
6. Мәселені шешудің жолдарын және шешім қабылдай білу құзыреттіліктері.

8. Оқушылардың жобалау жұмысын бағалау әдістемесі

Жобалау жұмысын бағалау—педагогтардың жаңа көзқарасын қажет ететін ерекше бағалау үдерісі. Дәстүрлі оқытумен салыстыратын болсақ, онда оқушының игеретін білімі, білігі мен дағдысы нормативтік сипатта болғандықтан, оларды бағалаудың өлшемдері (критерийлері) нақты беріледі.

Мысалы, жазу үлгісінің, есепті орындаудың эталоны (үлгісі) болады, сонымен қоса, оны орындау деңгейі де белгіленеді. Баға қоюда берілген эталон мен оқушының орындау деңгейі салыстырылады да, қаншалықты үлгіге сәйкес келетіні бағаланады. Берілген норма (эталон, үлгі) шын мәнінде оқушының тапсырманы орындау деңгейін өлшейтін құрал болып табылады. Сөйтіп, қаншалықты сынға ұшыраса да, дәстүрлі оқытудағы бағалауды белгілі бір дәрежеде объективті деуге болады. Солай бола тұрса да, қалыптасқан дәстүрлі педагогикалық іс-тәжірибеде оқушының жұмысын бағалау емес, оқушының өзін

бағалауға, тіпті, жаза қолдануға айналып кеткені белгілі. Бұл бүгін көптеген келеңсіз жағдайларға, мысалы, білім алу үшін ғана емес, баға үшін оқуға әкеліп отыр.

Жобалау жұмысында оқушылардың алатын өнімдерінің (нәтижелері) білім, білік, дағды сияқты нақты нормативтік сипаты болмайды. Соған орай жобаның нәтижелері оның мақсатына қаншалықты сәйкестігі бағаланады. Ал жобалаудың мақсаттары бірдей болмайды, сол себепті бағалау критерийлері үнемі өзгеріп, қойылатын талаптары өлшеуге сәйкестендіріліп отырады.

Оның бірнеше мүмкіндіктері бар. Мысалы жобаға бір емес, бірнеше баға беруге болады: топтың бірлескен жұмыс деңгейі; жобаның идеясының өзектілігі; оның жүзеге асыру тиімділігі, сәтті жасалған презентация, т.б. Жобалау әрекетін бағалаудың әдістемелік нұсқаулары тәжірибеде жасалып енгізіліп те жүр. Төменде жобаларды *бағалаудың өлшемдерін* ұсынамыз:

1. Жобаның барлық кезеңдерін орындаудағы өз бетіндік жұмыс жасау дәрежесі;
2. Оқушылардың топтық жұмысқа араласу және өз рөлдерін орындау дәрежесі;
3. Пән бойынша, жалпы мектепте алған білім, білік, дағдыларын пайдалана алу дәрежесі;
4. Жобаны орындауда пайдаланылған жаңа ақпараттар саны;
5. Пайдаланылған ақпараттың мәнін түсіну дәрежесі;
6. Қолданып отырған әдістердің күрделілігі және оны игеру деңгейі;
7. Мәселені шешу идеясы мен шешу жолдарының жаңалықтың тың болу дәрежесі;
8. Жобаның мәселесін анықтау мақсатын қою және оның мәнін түсіну деңгейі;
9. Презентацияны, жазбаша есепті дайындау, ұйымдастыру және өткізу дәрежесі, оның барысында көрнекі құралдарды пайдалану деңгейі;
10. Рефлексия жасай білу деңгейі;
11. Презентация жүргізудегі шығармашылық дәрежесі;

12. Алынған нәтиженің әлеуметтік және қолданбалы маңызы;
Оларды төмендегі 8-кесте арқылы бағалауға болады.

8-кесте «Бағалау парағы» №1

Ет с аны	Бағалау өлшемдері	Орындалу деңгейлері		
		Төмен	Орта	Жоғары
1				
2				
3				

Әрине, жоғарыдағы критерийлер өте ауқымды, оларды жоғары сынып оқушыларына арналған деуге болады. Оны төменгі сыныпта ұсыну өте күрделі екені белгілі. Бұл міндетті түрде барлық жобаларды бағалауға қойылатын талаптар емес, оны жалпы жобаны бағалау үлгісі деп қабылдаған дұрыс. Сондықтан, әр жобаның көлеміне, мерзіміне, мақсатына сай өзіне тән критерийлер (бағалау өлшемдері) жасалуы тиіс, бұл – міндетті түрде орындалатын талап. Аталған өлшемдерді құрастыру жобалау басталмас бұрын, оның міндеттерін анықтау барысында жасалған дұрыс. Өйткені, біріншіден оқушылар бағалау өлшемдері белгіленгеннен соң жобаны орындау жоспарын соған сай құрастырып үйренуі тиіс. Жоспар құруда олар кейін бағаланатын өлшемдерді ескере отырып, қай жеріне қалай көңіл аудару қажеттігін түсінеді. Сондай-ақ, кейін жобаны орындауда да бағалау өлшемдеріне сәйкес сапалы болуын қадағалап отыруына негіз болады.

Екіншіден, бағалау өлшемдерін өздері құрастыру кезеңі олардың коммуникативтік құзіреттіліктерін дамытуға жағдай туғызады. Бағалау өлшемдерін құру арқылы өздері болашақ өнім (нәтижені) сапасын күні бұрын жан-жақты белгілеп алады. Бұл оқушылардың өз ойларын білдіру, тақырыпқа тереңдеу, оның мәнін түсіну, бірлесе талқылау, өз мүддесін де, өзгелер мүдделерін де ескере білу қабілеттерін

дамытады. Бұл қабілеттерді «Мен» тұрғысынан «Біз» тұрғысына өту үшін маңызды қабілеттер.

Жобалау жұмысына қатысу, бағалау өлшемдерін жасау, оны орындауға үйрену оқушылардың жауапкершілік қасиеттерін дамытуға себеп болады, олар жауапты қадамдар жасап үйренеді.

Жобалаудағы бағалауды тек мұғалім шеше алмайды, ол оқушылармен санасуға тиіс. Сондықтан, бағалау жобалау әрекетін ұйымдастырудың және басқалардың бір бөлек бөлігіне айналады.

Жобалау бірнеше кезеңнен тұратын болса, оның әр кезеңіне мониторинг жасап бағалау керек. Ал, әр кезеңде алынатын нәтижені бағалау өлшемдері болуы тиіс.

Бағалау форматы да бірдей болмайды, ол әр жобаның ерекшелігіне, балалардың жасына сай алынады. Кейде (кіші жастағыларға, мерзімі қысқа жобаларда) «ия / жоқ», «қабылданады / қабылданбайды» деп немесе 5 баллмен де бағалануы мүмкін. Мысалы:

9-кесте «Бағалау парағы» (ия / жоқ) № 2

Реттік саны	Бағалау өлшемдері	Талапқа сәйкестік	
		ия	жоқ
1			
2			

10-кесте «Бағалау парағы» (5 балдық) № 3

Реттік саны	Бағалау өлшемдері	Баллдары					Орта есебі
		1	2	3	4	5	
1							
2							

«5 балдық» бағалауда қорытынды баға дифференциондық бағалардың қосындысынан арифметикалық орта балды есептеу арқылы қойылады.

Профильдік бағалау - бұл әр өлшемнің профилі бойынша бағалануы. Бұнда бағалар қосылмайды, сол күйінде қалады. Оның мәні – одан әрі осы топ сақталған жағдайда

олардың келесі жобасы осы профильдер бойынша даму өзгерістеріне түсуі тексеріліп, бағаланады.

Бағалау өлшемдері жобаға қатысқан топ үшін жасалған жағдайда топ бағаланып, әр оқушының қатысу дәрежесі ескерілмеуі мүмкін. Кей жағдайда бұдан конфликтілер туындайды. Әрине, ол үшін тек жеке жасалған жобалар ғана тиімді дей алмаймыз. Ал топтық жобаны бағалауды тағы бір бағалау өлшемі–топтың өз ішінде пайдаланатын «Бағалау парағы» болуы мүмкін. Ол әр оқушының қатысу деңгейі көрсеткіші бойынша бағаланады. Мысалы, оны төмендегідей үлгіде көрсетуге болады.

11-кесте «Бағалау парағы» № 4

Аттары	Қатысу деңгейлері (5 балл)			
	I кезең	II кезең	III кезең	қорытынды
Мыс:Марат	4	5	4	13:3=4, 1
Болат				
Айна				
Айжан				
Жарас				

Жобалау әрекеті барысында *оқушылардың портфолиосы* жасақталады, онда оқушылар жасаған зерттеу нәтижелері, талдаулары, идеялары мен шешімдері жинақталады. Олар модель, сурет, схема түрінде қысқа, нақты болуы қажет. Мәтін түрінде жазбаша жазылғаннан гөрі модельдеу түрінде беру–оқушылардың символдық, таңбалық ойлауын да дамытуға мүмкіндік береді.

Оқушылар өз портфолиосын безендіруге уақыт жібереді, оларға портфолионың жұмыс құжаты екенін түсіндіру қажет, ең бастысы, жоба нәтижесінің рәсімделуі, күтілетін нәтиженің алынуы.

Жобаның нәтижесі үш түрлі болады, олар:

- жобаланған, дайындалған, сыналған, бағаланған материалдық бұйым;
- жобалау портфолиосы;

- оқушылардың танымдық, білімдік деңгейінің дамуы жаңа сапаларының пайда болуы;

Мұғалімнің міндеті – оқушылардың дамуына қолайлы орта тудыру, жұмыс істеуіне жағдай жасау.

Жобалау әрекетінің мақсаты – оқушылардың белсенділігін, шығармашылығын, өз бетімен ойлау, білім алу қабілеттерін дамыту. Соған орай оқушы - мұғалім қарым – қатынасы да өзгереді. Атап айтқанда:

- әрекеттің мақсаты оқушыға қатысты анықталады – мұғалім оны орындауға жағдай жасайды;
- оқушы жаңа білімді өзі үшін ашады–мұғалім оның жолын ұсынады;
- оқушы тәжірибе жасайды – мұғалім тәжірибенің әдісі мен түрлерін үйретеді, ұйымдастыруға көмектеседі;
- оқушы таңдау жасайды–мұғалім таңдау нәтижесін болжауға көмектеседі;
- оқушы белсенді–мұғалім оны қолдайды, дамытады;
- оқушы – субъект, мұғалім – көмекші;
- оқушы алынатын нәтижеге жауапты–мұғалім алынған нәтижені бағалауға көмектесуші, орындау жолдарын көрсетуші.

Сондай–ақ, мұғалім жоба барысында төмендегі мәселелерде көмектесуі аса қажет:

- жобаның мақсат – міндеттерін анықтауда;
- нәтижесін жоспарлауда;
- тәжірибе қоюда;
- презентациялауда;
- портфолио жинақтауда.

Шетел мектептерінде жобалау әдісін (Бельгия, Германия, Италия, Норвегия, Ұлыбритания, т.б.) қолданылу тәжірибесі белгілі бір мәселені шешуде оқушылардың теориялық білімдері мен практикалық тәжірибесін ұтымды пайдалануға мүмкіндік беретіні анықталды.

Сөйтіп, мектепте жобалау әдісін қолдану:

- оқушылардың танымдық әрекеттерінің белсенді болуына ықпал етеді;

- оқушылардың оқу барысындағы біліктіліктері мен дағдыларын (атап айтқанда: оқу мәселесін қоя білу, мақсатқа жету жолдарын анықтай алу, өз бетімен жұмыс жасай білу, өз әрекеттерін бағалай білу) қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқушы үшін *мұғалім көмегі* төмендегі бағыттарда аса қажет болады:

- оларды түрлі ақпараттар көзімен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету;
- түрлі нақты сұрақтар қою арқылы мәселені шешу барысындағы қиындықтарды талқылауға, шығу жолдарын іздестіруге тарту;
- жұмыс барысында өзінің оң не теріс пікірлерін айтып отыру;
- жобалау барысын жазып отыруға үйрету;
- жұмыс нәтижелерін талдауға үйрету;
- жобалау әдісін пайдалануда мұғалім өзі үшін төмендегі мәселелерді анықтап алуы қажет:
- жобалау үшін қажетті тапсырмалар мазмұнын;
- әр түрлі жастағы оқушылар үшін жобаны орындау әдістемесін;
- жоба жасау тапсырмалары мен өзінің жетекшілік ететін тұстарын;
- белгілі бір жобаны орындауға қажетті оқушылардың білімділік және біліктілік деңгейлерін.

Сонымен, жобалау әдісі дегеніміз не? Бұл педагогикалық қана емес, әлеуметтік мәні бар мәселе. Өйткені, жобалау мәдениетін игеру – қайта жаңарту әрекетін игеру деген сөз. Сондай – ақ, оның әдістерін, құрастыру мен модельдеу тәсілдерін тақырыпқа, талапқа сай орындай білу де керек. Бұл жерде дизайн жасаудың әдістері мен тәсілдері тек жоба жасау үшін ғана емес, оқушының қоршаған ортада кеңістігін мәселелерді модельдеу, ойша құрастыру, бейнелеу, кеңістіктен ойлау, логикалық ойлау сияқты сапаларын дамытуда да маңызды орын алады.

Жобалау әдісі оқушының танымдық және қайта құрушылық әрекеттерінде шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, оқу мотивациясын арттыруға,

интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, өз бетімен жұмыс істеу, жоспарлау, шешім қабылдау, нәтижені бағалау дағдыларын қалыптастырады.

Өздерінің болашақ өмірінде кездесетін мәселелерді шешу үшін қажетті тәжірибелер жинақтайды.

Жобалау әдісіне үйрету барысында оқушылар әрекеттің субъектісіне айналады, сөйтіп, әр оқушы жобалау тобының тең құқылы мүшесі болып табылады.

Мұғалімнің рөлі басқарушы емес, оқушының серіктесіне айналады. Жобалау әрекетіне қатысу барысында оқушы түрлі рөлдер атқарады, қызығушылығына байланысты топтарға бірігеді, тапсырманы мерзімінде орындауға, бір-біріне көмектесуге, жауапкершілікке дағдыланады. Сондай – ақ, жобалау әрекетіне қатысу арқылы оқушылар өз бейімділігін, мүмкіндіктерін анықтап, болашақ мамандығын таңдауға да мүмкіндік алады.

Сондай-ақ, мұғалім үшін де жобалау әдісіне қатысу оның шығармашылығын арттыруға, педагогикалық әдістемесін кеңейтуге жағдай туғызады.

Оқушылар жобаларының түрлері мен критерийлері (көрсеткіштері) шартты түрде төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте-12 Оқушылар жобаларының түрлері мен өлшемдері

Өлшемдері (критерийлері)	Жоба түрлері
1	2
Жоба мазмұны бойынша	1. Пәндік (нақты пән материалдары бойынша орындалады) 2. Пәнаралық (бірнеше пәндердің ұқсас тақырыптары біріктірілді, интеграцияланды) 3. Пәннен жоғары (мектеп бағдарламасынан тыс материалдар бойынша жасалған жобалар)
Жобаның оқу жоспарына енгізілуі бойынша	<i>Күнделікті</i> (оқу бағдарламасынан жобалау үшін бірнеше тақырып таңдап алынып орындалуы мүмкін) <i>Қорытынды</i> (жобаның нәтижелері)

	бойынша оқушылардың материалды меңгергені бағаланады)
Жобаның орындалу мерзімі бойынша	<i>Мини–жобалар</i> (1 аптадан бірнеше аптаға дейін) <i>Тоқсандық жобалар</i> (1 тоқсан бойы) <i>Ұзақ мерзімді</i> (жыл бойына жасалатын жобалар)
Жобаға оқушылардың қатысуы бойынша	1. жеке орындалатын; 2. жұппен орындалатын; 3. шағын топтармен орындалатын; 4. ұжыммен орындалатын;

Жобалау әрекетінің тиімділігін бағалау үшін мұғалім төмендегілерді білуі тиіс:

- оқушылардың жобалау әрекетін ұйымдастыру принциптері мен жолдарын;
- оқу жобаларын ұйымдастыру әдістемесін;
- жобалау барысында оқушылар әрекетін жоспарлауды;
- жобалау барысын жүйелі бақылау жолдарын;
- қажетті дидактикалық құралдар және жоба ресурстарын даярлау жолдарын;

Қорыта айтқанда, бағалау форматы, субъектілері, өлшемдері әрбір жоба бойынша оның ауқымы, мақсаты, мерзімі, т.б. жағдайларға байланысты таңдалып, құрастырылып отырады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жобалау жұмысын бағалаудың ерекшеліктері.
2. Жобаларды бағалаудың өлшемдері.
3. Оқушыларды жобаларды бағалауға тартудың маңызы.
4. Бағалау парақтарының түрлері мен айырмашылықтары.
5. Жобалау әрекеті барысындағы оқушылар портфолиосының мазмұны.
6. Жобалауды бағалаудағы мұғалімнің рөлі.

7. Оқушылар жобаларының түрлері мен критерийлері.
8. Жобалау әрекетінің тиімділігін бағалау.

Төртінші тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жобалау – оқушылардың өз бетіндік оқу белсенділігін арттыру технологиясы ретінде.
2. Оқушылардың жобалау әрекетін ұйымдастырудағы педагогтың рөлі.
3. Оқушылар – жобалау әрекетінің субъектісі ретінде.
4. Жобалау барысындағы педагогтың іс – әрекеттері.
5. Оқушылардың жобалау әрекетінің түрлері.
6. Оқушылардың жобалау әрекетінің құрылымы.
7. Жобалау және ғылыми зерттеу.
8. Жобалау және жобалауға қабілеттілік.
9. Жобалау және шешім қабылдау.
10. Оқушылардың жобалау әрекеттерін ұйымдастыру тақырыбы ұсынып, негізгі кезеңдерін анықтаңыз.
11. Оқушылардың жобалау әрекеті негізінде қалыптасатын білім беру нәтижелері.
12. Бастауыш мектеп оқушыларының жобалау әрекеттері.
13. Жоғарғы сыныптарда жобалау әрекетін ұйымдастыру ерекшеліктері.
14. Оқушылардың жобалау әрекетіндегі «субъект» және «объект» ұғымдары.
15. Жобалау әрекеті және оқыту мазмұны.
16. Сыныптан тыс жобалар.
17. Жобалау және рефлексия.
18. Оқыту үдерісіндегі жобалау.
19. Жобалау әрекетіндегі уақыттың ұйымдастырылуы.
20. Оқушылардың жобалау әрекеттерінің жобалық-ойындық сипаты.
21. Мектеп тәжірибесіндегі жобалаудың түрлері.
22. Мектеп оқушылары жобаларының құрылымы.
23. Оқушылар жобасының сипаттамалары мен типтері.
24. Оқушылар жобаларының өзгеру түрлері.

25. Оқушылар жобасын ұйымдастырудағы мұғалімнің рөлі.
26. Жобалау және модельдеу.
27. Оқушылар жобаларының мерзімі мен ұзақтығы.
28. Жобалау әдісін оқытуда пайдалану ерекшеліктері. Жобаны идея түрінде тудыру мен оны жүзеге асыру.
29. Жобалау әдісін зерттеушілікте пайдалану талаптары.
30. Жобалауда идея мен оның жүзеге асырылуын бірлікте қараудың маңызы.
31. Жоба тақырыптары мен мақсатының сәйкестігі.
32. Жобалау идеясы мен жобалау әрекетінің өнімі.
33. Оқушылар бойында қалыптасатын жаңа құзыреттілік сапалар – жобалау өнімі ретінде.
34. Жоба нәтижелерін бағалау өлшемдері–жобаны бағалау өлшемдері мен оқушылар сапаларын бағалау өлшемдеріне сипаттама беріңіз.
35. Оқушылардың белгілі бір сапаларын қалыптастыруға және дамытуға бағытталған жоба тақырыбы мен құрылымын ұсыныңыз.
36. Жобалау әрекетін ұйымдастырудағы жас ерекшеліктерін ескерудің маңызы.
37. Бастауыш мектеп оқушыларының жобалау әрекеттерінің ұйымдастыру жолдары.
38. Жасөспірім шақтағы оқушылар үшін жобалаудың мәні.
39. Жобалау әрекеті және білім берудің кеңістігіндегі өзгерістер.
40. Білім берудің әрбір кезеңіне (бастауыш, негізгі, жоғары сыныптар) тән жобалау әрекетінің ерекшеліктері.
41. Оқу және жобалау әрекеттерінің өзара байланысы.
42. Жобалаудағы білім берудің әрбір кезеңінің сабақтастығы.
43. Жобалау әрекетіндегі топтық коммуникацияның рөлі.
44. Жасөспірімдер үшін топтық қатынастың маңызы.
45. Оқушылардың топпен жұмыс істеу қабілетінің көрсеткіштері.
46. Білім беру үдерісіне қатысушылардың қарым–қатынас түрлері.
47. Оқушылар арасындағы, топтағы қарым – қатынас.
48. Топтық коммуникацияны ұйымдастырудағы мұғалімнің рөлі.

49. Жобалау–топтық қарым–қатынас белсенділігін арттыру құралы ретінде.
50. Топтық қарым – қатынасты қалыптастыру мен дамыту.
51. Оқушыларды жоба жасау үшін топтарға бөлудің жолдарын өз бетіңізбен құрастырып көріңіз. Онда қандай принциптерді ұстануға болатынын түсіндіріңіз.
52. Жобалау әрекеті арқылы оқушылардың құзыреттілік сапаларын қалыптастырудың мәні.
53. Қазақстан Республикасындағы білім беруді 2011 - 2020 жылдарға дейінгі дамытудың Мемлекеттік бағдарламасындағы құзыреттілік нәтижелердің белгіленуі.
54. Түйінді құзыреттіліктер және олардың түрлері.
55. Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру.
56. Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру.
57. Мәселені шешудің жолдарын және шешім қабылдай білу құзыреттіліктері.
58. Жобалау жұмысын бағалаудың ерекшеліктері.
59. Жобаларды бағалаудың өлшемдері.
60. Оқушыларды жобаларды бағалауға тартудың маңызы.
61. Бағалау парақтарының түрлері мен айырмашылықтары.
62. Жобалау әрекеті барысындағы оқушылар портфолиосының мазмұны.
63. Жобалауды бағалаудағы мұғалімнің ролі.
64. Оқушылар жобаларының түрлері мен критерийлері.
65. Жобалау әрекетінің тиімділігін бағалау.

Төртінші бөлім бойынша негізгі әдебиеттер

1. Новиков А. М., Новиков Д. А. Образовательный проект: методология образовательной деятельности. — М., 2004.
2. Полат Е. С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. — М., 2002.
3. Татарченкова С. С. Формирование ключевых компетентностей учащихся через проектную деятельность., Изд. «Каро»., СПб, 2008
4. Колесникова И. А. Основы технологической культуры педагога. — М.1 СПб., 2003.
5. Кулюткин Ю. Н., Сухобская Г. С. Моделирование педагогических ситуаций. — М., 1981.
6. Гузеев В. Метод проектов как частный случай интегральной технологии обучения // Директор школы. — 1995. — № 6.
7. Круглова О. С. Технология проектного обучения // Завуч. — 1999. — № 6.
8. Жуков В. А. Педагогическое проектирование. Методическое пособие к дипломному проектированию по специальности инженер-педагог. — СПб., 1993.
9. Сериков В. В. Образование и личность: теория и практика проектирования педагогических систем. — М., 1999.
10. Сибирская М. П. Педагогические технологии: теоретические основы проектирования. — СПб., 1998.
11. Субетто А. И. Системологические основы проектирования образовательных систем. — Воронеж, 1998.
12. Эльконин Б. Д. Кризис детства и основания проектирования форм детского развития // Вопросы психологии. — 1992. — № 3, 4.
13. Келс Г. Р. Процесс самооценки: Пер. с англ, в сокр. О. Бухиной. — М. 1999.
14. Тубельский А. Н. Экспертиза инновационной школы // Инновационное движение в российском школьном образовании. — М., 1997.

15. Хюсен Т. Образование в 2000 году: Исследовательский проект: Пер. С швед. Е. М. Соколова. — М., 1977.
16. Загашев И. О., Заир-Бек С. И. Критическое мышление: технология развития. — СПб., 2003.
17. Поливанова К.Н. Проектная деятельность школьников, М. «Просвещение», 2008

5. ЖОБАЛАУ ӘРЕКЕТІН БАСҚАРУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУ

1. Білім беру ұйымындағы жобалау әрекеттері және оны басқарушылардың құзыреттіліктері

Білім беру ұйымдарында қоғам мен әлеумет сұраныстарына жауап беру үшін жүйелі инновациялық өзгерістер қажеттігі дәстүрлі басқару мазмұны мен басқару әрекеттерін өзгертуді *талап етеді*. Соған орай *басқарушылардың* іс-әрекет мазмұны мен бағыттарын, басқару тетіктері мен ресурстарды пайдалану жолдарын, әдістерін өзгерту қажеттігі туындауда. Дәстүрлі қызметтік басқаруда ұйымның дамуын қамтамасыз ететін негізгі ресурстар ретінде қызметтік-жоспарлау, материалдық-техникалық, қаржылық және әкімшілік ресурстарға басымдылық беріліп, адам ресурстарының ұжымды дамытудағы рөлін тиісінше бағаланбай келгені белгілі. Бұл жерде адам ресурстары ретінде басқару субъектілері (басқарушылар мен басқарылушылар) де, білім беру субъектілері (педагогтар мен білім алушылар) алынып отыр.

Бұл үдеріс білім беруді басқаруда ғана емес, жалпы бизнесті басқаруда ғасырлар бойы қалыптасып келді, өйткені, өндірісті тиімді басқару өнеркәсіпті жетілдіруге, сапалы өнім шығару жолдарын жақсартуға бағыттталып, басқарушылардың құзыреттіліктері осыған байланысты бағаланып келгені белгілі. Ол туралы Гарвард университеті ғалымдары осы күнге дейін ең жоғары деңгейдегі басқарушының бейнесі мықты стратег ретінде қалыптасты, өйткені, олар бизнестің синергетикасы мен стратегиялық инвестицияларды байланыстыруға күш салуда. Ал қазіргі қоғам талабы бойынша олар өз ұйымдарының *даму перспективасын анықтауға ерекше* күш салуы тиіс деген.

Бұл басқаруда стратегияның қажеті жоқ деу емес, тек стратегияның ғана болуы жеткіліксіз деген сөз. Стратегия қаншалықты дәл құрылып, орындалуы нақты қадағаланса да, ол ұжымдағы адамдарды өз жұмысының тиімділігін арттыруға жұмылдыра алмайды. Өйткені, стратегия не істеу

керек? басқарушылар үшін маңызды деген сұраққа жауап бергенімен, оны неліктен істеу керек? орындаушылар үшін маңызды сұраққа жауап бере алмайды. Сондықтан, бүгінгі басқарушылар алдында қарауындағы адамдардың күнделікті қызметтік міндеттерін орындауын қадағалау ғана емес, өзінің ұйымына шын берілгендікпен қарай білуін, ұйым алдындағы мақсатты орындауға деген жауапкершілігін жоғарылату жолдарын ұйымдастыру міндеті тұр.

Көптеген шетелдік басқару теориясында, соның ішінде, білім беру ұйымдарының болашақ өзгерістерін анықтау және оны жүзеге асыру үшін педагогикалық ұжымдағы адам ресурстарын дамытудың қажеттігі, ол басқарушылардың белгілі бір құзыреттілігін талап ететіні туралы жаңа көзқарастар қалыптасуда. Жаңа құзыреттілік сапаларын білім беру құндылықтары өзгеруімен, өркениеттің дамуымен, ғылымдағы парадигмалық өзгерістермен байланыстыра қарастыратын зерттеулер пайда болуда.

Білім берудегі құзыреттіліктер, түйінді құзыреттіліктер деген ұғымдар халықаралық деңгейде жаңа нәтижелер ретінде қарастырылып, көптеген елдерде стандарттары мен білім беру бағдарламаларына енгізілуде.

Білім берудің сапасын дамыту туралы ЮНЕСКО құжаттарында күтілетін нәтиже ретінде жалпы қарастырылатын құзыреттіліктер белгіленген. XXI ғасырдағы білім беру туралы «Білім беру: әлі ашылмаған қазына» атты Халықаралық комиссияда жасалған Жак Делордың баяндамасында қазіргі білім берудің сүйенетін төрт тұғыры бар, олар: танып үйрену; жасап үйрену; бірлесіп өмір сүруді үйрену; өмір сүруді үйрену деп белгіленген.

Бұлар халықаралық білім беру құзыреттіліктері ретінде анықталып отыр. Жак Делордың айтуынша, олардың бірі – жасап үйрену деген тек кәсіби біліктілік алу үшін емес, одан әлдеқайда кең мағынадағы, өмірдегі түрлі жағдайлардан жол табатын, басқа адамдармен бірлесе жұмыс жасауға мүмкіндік беретін құзыреттіліктерге ие болу.

Джон Равеннің зерттеулерінде 30–дан астам құзыреттіліктер талданған, олардың ішінде

құзыреттіліктердің өзі де, оларды құрастыратын компоненттер де қарастырылған. Құзыреттіліктердің төмендегідей сипаттамалары бар:

- өз құзыреттіліктерін көрсетуге даярлық (мотивациялық жағы);
- құзыреттіліктердің мазмұнын меңгеру (когнитивтік жағы);
- түрлі стандарттық және стандартқа сыймайтын жағдайларда құзыреттіліктерді көрсету тәжірибесі (іс әрекеттік жағы);
- құзыреттіліктердің мазмұнына және оны қолдану объектісіне қатынасы (құндылықтық-мәндік жағы);
- құзыреттіліктерді көрсету нәтижесі және үдерісті эмоциялық–еріктік реттеу жағы.

Сонымен қатар, Джон Равеннің құзыреттіліктердің өзін және олардың компоненттерін талдаған зерттеулерінде әрбір компоненттің ерекше жақтары (аспектілері) көрсетілген. Олардың негізгілері ретінде *мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік, құндылықтық-мәндік, эмоциялық–еріктік* жақтары қарастырылып, әрбір құзыреттіліктің адам әрекеттеріндегі алатын орны белгіленген.

Жалпы білім беруді жаңарту барысын талдау бүгінгі реформаларға байланысты мазмұнының білім беру мекемелері басшылары мен педагогтардың кәсіби ойлауы мен кәсіби іс–әрекеттерін дамытуды қажет етеді.

Жаңа парадигмаға сай басқару теориясы негізінен:

а) білім беру жүйесі мен мектептің өз ерекшеліктерін ескере отырып, менеджмент идеяларына сүйенуі қажет;

б) кәсіби басқарушыларды даярлауға бағыт алу, олардың құзыреттілігін қалыптастыруға және басқару қызметін тиімді ұйымдастыруға жағдай туғызуға;

в) басқару объектісін, яғни жалпы білім беретін мектептің педагогикалық жүйесін тануға негізделуі қажет.

Жалпы менеджмент теориясы бүгінгі таңда постиндустриалдық, постмодерндік қоғам бағытына қарай

елеулі мәдени бұрылыстар жасауда. Білім беру де осы салаға қарай бағдар алуда, сондықтан, жалпы менеджмент теориясының кейбірін сыни тұрғыдан қарастыра отырып, білім беру саласында қолдану әбден мүмкін. Ол туралы ресейлік ғалым И. Д. Фрумин педагогикалық емес салалардағы *ұйымдастыру теорияларын пайдалаудан педагогтар бас тартпауы қажет* дейді. Өйткені, қазіргі менеджерлер арасында кең тараған жалпы сапаны басқару теориясының қызметкерлерді дамытуға, қызметкерлерді қатыстыруға бағытталуына негіз болады және осы теорияда берілген техникалық нұсқауларды білім беру мекемесіне қатысты қолдануға да болады.

Білім беру мекемесі басшыларын оқытатын ұйымдар қажеттігі тууына не себептер бар деген сұраққа Элмордың *жетілдіру—бұл оқытудың өзіңіздің жұмыс жасайтын жеріңізде отырып дұрыс жұмыс жасауға үйрету қызметі*. Оның ойынша, адамдар тиісті міндеттерді орындау үшін бірге жұмыс жасауы керек, өйткені, олар ішкі процестерді қозғалысқа келтіреді, сол арқылы адамдар өздері айналысып жатқан жұмысты одан да жетілдірудегі жаңалықтарды, жоғары деңгейдегі жетістіктерге жетуді үйренеді.

Әлемдік білім реформаларын зерттеуші М. Фуллан былай дейді: егер біз нәтижелі мектеп басшыларын дайындағымыз келсе, онда біз оларға мектепті алға тарту мақсатында өз жұмысын жақсартатын және дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік беретін *қабілеттерін дамытуға барлық жағдайды тугызымыз* керек, өйткені, білім беру ұйымы басшысынан барлығы да инновациялық өзгерістердің қозғаушысы және оның бастаушысы болады деп күтеді. Тәжірибеден белгілі, көбінесе тек басшының өзі ғана мектептің табысты болуының негізгі күші болып табылады, сонымен қатар, оларды осы рөлге дайындау үшін жасалған мүмкіндіктер де өте көп емес.

Басқару теориялары мен тәжірибелері туралы шетелдік, отандық зерттеулердегі басқарушылардың біліктілігі мен қабілеті, құндылықтары мен ұстанымдарына қойылатын талаптарды жүйелеу және қазіргі білім беру

жүйесін басқарудың жаңа талаптарына сай білім беру ұйымдарын *басқарушылардың құзыреттілігін* төмендегі сапалармен белгілеуге болады:

- карым-қатынас құзыреттілігі (сыртқы, ішкі байланыстар, өзара карым-қатынастар, өзара әрекеттесу, т.б.);
- ақпараттық құзыреттілік (ақпарат алмасу, ақпараттарды өңдеу және пайдалану, ақпарат көздерімен жұмыс, т.б.);
- қызметтік басқару құзыреттілігі (мәселені анықтау, мақсат қою, жоспарлау, шешім қабылдау, ұйымдастыру, бақылау, т.б.);
- адам ресурстарын дамыту құзыреттілігі (ұжым мүшелерін қолдау, кадрлармен жұмыс, педагогтарды дамыту, ынталандыру, т.б.).

Шетелдік зерттеушілер еңбектерінде қазіргі заман басшылардың құзыреттілігіне берген сипаттамалары, әсіресе, адам ресурстарын басқару құзыреттілігін дамыту туралы еңбектер көбірек кездеседі.

Зерттеушілер еңбектерінде берілген тұжырымдар бойынша посткеңестік елдердегі білім беру ұйымдарын басқарушыларға тән құзыреттіліктерді талдау барысында олардың көбіне басқарушылық қызметтің *іс-әрекеттік компоненттерін қамтитынын* байқауға болады. Соған орай, бүгінде түрлі деңгейлердегі білім беру ұйымдарын басқарушылардың *қарым-қатынас, ақпараттық және қызметтік басқару құзыреттіліктерін* дамыту қажетті үдеріс екенін көрсетіп отыр.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, білім беру ұйымдарында көбінесе, басқарушылардың өзіндік дамуын және оған өзі басқарып отырған педагогикалық ұжымның инновациялық мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін тиімді құралдардың бірі– *жобалау технологиясы* жеткіліксіз дәрежеде пайдаланылады. Оның себебі, жобалаудың өзіне тән ерекшеліктері бойынша оны нәтижеге бағытталған әрекеттер және ресурстарды анықтай отырып, белгілі бір логикамен ұйымдастыра білу керек. Соған орай, оны жүзеге

асыру басқарушылар мен педагогтардың жоба жетекшілері ретіндегі арнайы құзыреттіліктері болуын қажет етеді.

Педагогикалық жүйелердің барлық құрылымдарында өзгерістерді жүзеге асыратын түрлі деңгейлердегі басқарушылар мен педагогтар екенін белгілі, сонымен қатар, өзгерістердің тиімділігі мен нәтижесі олардың жобалау қызметін ұйымдастыра білу деңгейіне байланысты.

Білім беру ұйымдарын басқарушылар мен педагогтардың жоба жетекшілері ретінде жобалау әрекеттерін меңгеруі педагогикалық әрекеттерді сапалы және түбегейлі өзгертуге, педагогтар мен білім алушылардың тың идеялар мен жаңа іске ынталануына, жаңа жобаларды белсенділікпен жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды. Сондықтан, бүгінгі таңда түрлі деңгейлердегі басқарушылардың жоба жетекшілері ретіндегі құзыреттіліктерін арнайы қалыптастыру қажеттігі бар.

Жоба жетекшілерін арнайы даярлау оқу зертханалары арқылы жүзеге асырылады. Жобалауды үйренуге арналған оқу-тәжірибелік зертханасының мазмұны мен әдістемесін құрастыру, жүзеге асыру, қорытындылау немесе жоба жетекшілерін дайындау сатысы болып табылады.

Педагогтар мен басқарушылардың жобалауға қатысуы оларды ізденіске, өздерінің зерттеу жобаларын жүзеге асыруға, білім беру мазмұнын жаңартуға ықпал етеді. Жобалауды ұйымдастыра білу инновациялық өзгерістер жағдайында педагогтардың кәсіби әрекеттерінің маңызды бөлігіне айналатыны сөзсіз.

Оқу зертханаларындағы мақсатты бағдарлы үйрету жобаларын жүзеге асыруда басқарушылар мен педагогтардың өздерінің іс-әрекет барысында құзыреттіліктерін дамыту, олардың оқу тәжірибелік әрекеттерін ұйымдастыруға назар аударылады. Оқыту мазмұнын айқындау үшін жобалауды басқарушылардың бойында дамытуды қажет ететін сапалары, өзгертетін және қайта құратын сапалары анықталады, сөйтіп, аталған сапалар жобалаудың объектілері болып белгіленеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазіргі заман ерекшеліктеріне байланысты басқарушылар құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар.
2. Білім берудің құзыреттілік нәтижелерінің халықаралық деңгейде анықталуы.
3. Джон Равен бойынша құзыреттілік сипаттамалары.
4. Бүгінгі білім беру ұйымдарын басқару ерекшеліктері.
5. Білім беру ұйымдарын басқарушылардың құзыреттіліктері.
6. Басқарушылар құзыреттіліктерін қалыптастырудағы жобалаудың орны.
7. Жобаларды басқарушыларды арнайы жобалау зертханасында дайындаудың маңызы.

2. Жобалау зертханасын ұйымдастыру мазмұны

Жобалау зертханасының мазмұндық және технологиялық құрылымы жобалауды екі тұрғыдан қамтиды. *Біріншісі*, зертхана негізінде жобалауды білім беру ұйымдарын дамытудың инновациялық түрі ретінде ендірудің мазмұнын түсіндіру. *Екіншісі*, зертхана жұмысының әдістемесін толық бере отырып, білім берудің құзыреттілік нәтижелерін қалыптастыру *технологиясын* сипаттау.

Білім беру ұйымдарында жоба жетекшілерін дайындауға бағытталған жобалау зертханаларын ұйымдастыру үшін қызмет етіп тұрған құрылымға матрицалық негізде арнайы оқу зертханалары, шығармашылық топтар, т.б. қызметтер ендіріледі. Оны жүргізуге кәсіби маманданған психолог–педагогтар, арнайы шақырылған жобалау кеңесшілері, жоғары оқу орындары ғалымдары мен зерттеушілер тартылуы мүмкін. Жобалау мақсатына орай тьютор–әдіскер, кеңесші, менеджерлер, оқу бағдарламалары жетекшілері, тренерлер–семинарлар жетекшілері, т.б. мамандарды

даярлауға болады. Шағын ұйымдарда арнайы дайындалған тьютордың өзі менеджер, әдіскер-кеңесші ретінде педагогтарды оқытуды жобалау, жоспарлау, жүзеге асыру және тиімділігін бағалау қызметтеріне жетекшілік жасай алады.

Жобалау зертханасын ұйымдастырудың қысқаша негіздемесі. Жобалауды ұйымдастыра білу инновациялық өзгерістер жағдайында педагогтар мен басқарушылардың кәсіби әрекеттерінің маңызды бөлігіне айналуға. Білім берудегі жобалаудың педагогикалық әрекеттерді сапалы және түбегейлі өзгертуге, педагогтар мен білім алушылардың тың идеялар мен жаңа іске ынталануына, жаңа жобаларды белсенділікпен жүзеге асыруға мүмкіндік беретіні оны тәжірибеге енгізу қажеттігін алға қойып отыр. Педагогтар мен басқарушылардың, білім алушылардың жобалар жасауға қатысуы оларды ізденіске, өздерінің зерттеу жобаларын жүзеге асыруға, білім беру мазмұны мен әдістемелерін жаңартуға ықпал етеді.

Инновациялық үдерістерді ендірудегі мәселелер педагогтар мен басқарушылардың әрекеттік құзыреттілігін дамыту қажеттігіне байланысты екені белгілі. Б. Д. Элькониннің айтуынша, кез келген құзыреттіліктің әрекет барысында пайда болатынын, қалыптасатынын және оның адамның әрекетке араласуының өлшемі екенін ескерсек, жобалаудың адамды дамыту әрекеті ретінде бүгінгі білім беруде маңыздылығы орасан зор деуге болады. Сондықтан, педагогтардың жобалауға тікелей қатысуы педагогикалық әрекеттің мазмұны мен түріне жаңалықтар әкеледі.

Білім беру үдерісінің дәстүрлі түрдегі білім мен ақпаратты меңгерту мазмұны мен жаңа талаптарға сай субъектілердің белсенді әрекетін ұйымдастыру тәжірибесі арқылы білім беру мазмұны арасындағы айырмашылықтар айқындала бастады. Соған орай, педагогикалық теориялар мен тәжірибеде олардың бірінен екіншісіне өту қажеттігі мен оны жүзеге асыру жолдары көптеп қарастырылуда. Жобалау әрекет барысында пайда болатындықтан, оны дайын күйінде қолдану мүмкін емес және жобалау алгоритмін меңгерген педагогтар оны білім беруде өзіндік

идея мен технология ретінде, анықталған кезеңдерге сай орындалады.

Оқу зертханасын ұйымдастыру *мақсаты*: жоба жетекшілерінің құзыреттілігін дамытудың мазмұны мен әдістемесін құрастырып, тәжірибелік сынақтан өткізу.

Болжамы: зертхана жұмысында жоба жетекшілерінің өз ұйымындағы жағдайларды талдай білу, мәселені және оны шешу жолдарын анықтау, жоба құрастыра білу және оны нақты кезеңдерімен жүзеге асыру, оның тиімділігін бағалай білу құзыреттіліктері қалыптасады, өйткені теориялық білім алу және тәжірибелік жұмыстар қатысушылардың жобалау қызметін тікелей өздері ұйымдастыру барысында орындалады.

Жұмыс кезеңдері және міндеттері:

Дайындық кезеңінде атқарылатын жұмыстар:

- Жобалау қызметін ұйымдастыру шарттарын анықтау;
- Модульдік бағдарлама мазмұны мен әдістерін айқындау;
- Зертхана жұмысының нәтижелік өлшемдерін белгілеу;

Жүзеге асыру кезеңіндегі жұмыстар:

- жоба жетекшілерін білім берудегі жобалау түрлерімен, ерекшеліктерімен таныстыру;
- жоба жетекшілерін жоба технологиясының алгоритмі бойынша дайындау, оны жүзеге асыру, нәтижесін бағалауды үйрету;
- қатысушыларға білім беру процесіндегі жобалау; түрлі шараларды жобалау; субъектілердің белсенді әрекеттерін жобалау; инновациялық өзгерістерді жобалау технологиялары мен әдістемелерін өз тәжірибелері арқылы меңгеруге мүмкіндік жасау;
- қатысушыларды өз әрекеттеріне рефлексия жасай білуге үйрету;
- жобаның тиімділік өлшемдері мен сараптама жасау әдістемесін жасау.

Бағалау, қорыту кезеңіндегі жұмыстар:

- жобаларды презентациялау, жасалған өлшемдер бойынша бағалау;

- жоба жетекшілерінің өз ұйымдарындағы өзгерістер динамикасын анықтау;
- жоба жетекшілерін даярлаудағы күтілетін деңгей мен қалыптасқан деңгейлердегі сәйкессіздіктерді анықтау;
- жоба жетекшілеріне арналған әдістемелік нұсқаулар дайындау.

Жобалау зертханасына *қатысушылар* – мақсатты түрде дайындалатын жоба жетекшілері, олардың қатарында: білім беру ұйымдары директорлары, директорлардың орынбасарлары, әдістемелік бірлестіктер жетекшілері, түрлі деңгейдегі әдіскерлер, университет оқытушылары, бөлім жетекшілері бола алады. Соған орай, зертхананың бағдарламалық модулі білім беруді басқарудағы, әдістемелік жаңартудағы, өздігінен оқыту жобалары, т.б. жобаларды дайындау, құрастыру, жүзеге асыру, нәтижесін бағалау жолдарын үйретуге құрылады.

Зертхана барысында жоба жетекшілерінің жұмыс бағыттарына немесе сұраныстарына қарай (білім беру ұйымын басқаруда, әдістемелік жұмыста, тәрбие жұмысында, оқыту үдерісінде, зерттеу әрекеттерінде, т.б.) мәселелерін анықтау, жоба алды талдау, мақсатты бағдарлы жобалар арқылы өзгерістер ендіру, оларды бағалау құзыреттіліктері өздерінің жобаларын жасау арқылы қалыптасады және тәжірибеде бекітіледі.

Осыған байланысты қатысушылар жобаны дайындауда өздері қызмет істейтін білім беру ұйымдарындағы мәселелерді анықтап, дамыту жолдарын белгілейді. Сөйтіп, олар өз саласын жетілдіру мәселесі бойынша мақсатты бағдарлы жоба тақырыбы таңдалды.

Зертханалар бағдарламасының мазмұнын құрастыру үшін қойылған мақсатқа сай күтілетін нәтижелер айқындалады, олар, мысалы, төмендегі құзыреттіліктер болуы мүмкін:

1. Білім беру ұйымдарының мәселесін анықтап, оның шешу жолдарын жобалай білу.
2. Жобаның мазмұны мен ресурстарын тиімді ұйымдастыру арқылы оны жүзеге асырылуын қамтамасыз ете білуі;

3. Оқу, зерттеу, әдістемелік, т.б. жобаларды ұйымдастыра білу;
4. Жобалардың тиімділігін бағалай білу құзыреттіліктері;

Осы бағытта жобалау зертханасы мазмұны *не үшін оқыту керек?* (мақсаты), *нені оқыту керек?* (оқыту мазмұны) және *қалай оқыту керек?* (әдістемесі) сұрақтарға тұтастықпен жауап беретін құрылымы жасалды.

Түрлі педагогикалық жүйелердің басқарушылары болып табылатын жоба жетекшілерін оқыту зертханалары дәстүрлі кәсіби біліктілігін арттыру курстарынан мүлдем өзгеше, ең басты ерекшелігі—белгіленген мерзімге сабақтан босатуды қажет етпейді, оқыту білім беру ұйымындағы тәжірибемен—педагогтардың негізгі қызметімен—ұштастыра жүргізіледі. Соған орай, оқыту процесі үшін төмендегі ұйымдастырушылық талаптарды алдын ала ескеру қажет.


1. Жобалау әдістемесін оқыту бағдарламасының модульдік мазмұны белгілеп алу.
2. Оқыту процесі кредиттік—модульдік жүйеде жасалуы мүмкін, бұл жағдайда жобалық жұмыстар сәйкесінше 40 % теорияны, 60 % өз бетіндік жұмысты құрайды, оның 50 %ы жобалар туралы жеке кеңес беру түрінде жоспарланады;
3. Оқыту модулі бір оқу жылына жасалып, 1 кредитті құрайтын 45 астрономиялық сағат болып белгіленеді, оның 15 – зертханада, яғни, аудиториялық; 15 сағаты - жобалық немесе өз ұйымындағы практикалық жұмыстардың мен жеке кеңес беру; қалған 15 сағаты- қатысушылардың өз беттерімен жобалар құрастыру мен оны тәжірибеде жүзеге асыруға берілетін сағаттар.
4. Оқыту зертханалары міндетті түрде қатысушылардың өз жобаларын қорғап, оларды белгіленген өлшемдерге сай бағалаумен аяқталады.

Жобалау зертханаларын ұйымдастырушылар алдында екі жақты міндеттер қойылады, *біріншіден*, қатысушылардың жобалау әдістемесін меңгеруін, *екіншіден*, олардың негізгі

жұмысындағы мәселені анықтай отырып, оның мақсатты бағдарлы өзгерістерін қамтамасыз ететін жоба ұсынуына жағдай жасау. Осылайша, жобалау зертханаларының құндылығы қатысушыларды жаңа технологиялармен «қаруландырып» жіберуде ғана емес, сонымен қатар, олардың негізгі жұмысында ұйымдастырушылық өзгерістердің болуына ықпал ету болып табылады.

Жобалау зертханалары білім беру ұйымын (оқыту үдерісін, әдістемелік жұмысты, т.б.) *сатылық қадамдар бойынша дамыту* моделі ретінде жасалып, ондағы әрбір қадамы өзара тікелей байланыстырылды. (Сурет 14). Бұл модельдің *алгоритмі* төмендегі сатыларды қамтиды:

1. Жаңа өзгерістерге қажеттік пайда болуы.
2. Мәселені анықтау.
3. Бір шешімге келу.
4. Стратегиялар мен мақсатты көре білу.
5. Ұжымға өзгерістер мәнін түсіндіру.
6. Жобалау топтарын құру.
7. Ынталандыру.
8. Жетістіктерді байқау.
9. Жетістіктердің ұйымда бекітілуі.



Сурет 14–Ұйымды сатылық қадамдар бойынша дамыту моделі

(Суреттегі бағыттар \longleftrightarrow кері байланыс сызықтары)

Модульдің сатылары бойынша оқыту жобаның жүйелі алгоритмін құрастыруға және жобаларды практикалық жұмыс ретінде өз ұйымдарында орындауға мүмкіндік береді.

Бірінші қадам. Білім беру ұйымында қалыптасқан дәстүрлі жұмыстардың белгілі бір талаптарды орындауға жеткіліксіздігін, өзгерістер қажеттігін ұғыну жоба тұжырымдамасын жасауға негіз болады.

Жоба жетекшілері білім беру ұйымындағы өзгерістерге негіз болатын факторлар мен одан туындайтын мәселелер ретінде жағдайларды ұсынады. Олардың мәні төмендегідей болуы мүмкін:

1. Мемлекет, қоғам деңгейінде білім беру нәтижесіне қойылатын талаптардың өзгеруі;
2. Жаңа бағдарламалар мен жаңа әдістемелік нұсқаулар жасалуы;
3. Рейтингтер қорытындысында ұжым көрсеткіштерінің төмендігі;
4. Педагогтармен жүргізілетін әдістемелік, ғылыми – ақпараттық қызметтер деңгейлерінің төмен болуы;
5. Педагогтардың басқа білім беру ұйымдарына ауысу көрсеткіштері;
6. Білім алушылардың түрлі тестілер мен сайыстар қорытындылары, бітірушілер көрсеткіштері төмен болуы, т.б.

Мысалы, бүгінгі өзекті мәселе – еліміздегі білім беру ұйымдарында пәндік және түйінді құзыреттік нәтижелерді қалыптастыруды көздейтін 12 жылдық білім беру жүйесіне педагогтарды инновациялық дайындауды қамтамасыз ету.

Екінші қадам. Мәселені ұжым болып түсіну. Бұл қадам ұйымда өзгерістер қажеттігін түсінгеннен кейінгі мәселені анықтау, міндеттерді айқындауға кірісу қажеттігін

көрсетеді. Шешу жолдары ұйым мүшелерінің белсене қатысуымен терең талдана отырып айқындалған жағдайда жоба нәтижелі орындалады.

Үшінші қадам. Жетекшілер, лидерлер тобының бір шешімге келуі. Жоба жетекшілері қатарында әдетте озық тәжірибелі педагогтар, қоғамдық қызметтер жетекшілер мен түрлі ұйымдар мен қоғамдар мүшелері, ұжым белсенділері жеткілікті болады. Зертхана жағдайында ондай адамдар түрлі ақпараттар мен мәліметтер, ұсыныстар жинап, өз деңгейлеріндегі өзгерістерге дайындалады, ұйым мүшелерін дайындайды.

Ұйымды дамыту жұмыстарының тиімділігі лидерлер мен жетекшілерге байланысты, сондықтан жоба жетекшілерінен алдын ала ойлау ерекшелігі; өзгерістерді сезіне білуі, кейбір мақсаттарды қажет болса өзгертуге батылдығы, жігерлілігі, қайраттылығы, адамдарды өз жігерімен ерте алуы, адамгершілік қатынастары талап етіледі.

Төртінші қадам. Өзгерістердің алғы шарты - алдын көре білу және мақсат қоя білу. Жобалау алдындағы талдау мен жоба тұжырымдамасын жасау – қатысушылар үшін ең маңызды жұмыс болып табылады. Өйткені, ол тұжырымдамада жобаланатын өзгерістердің жан –жақты талданған, негізделген, ұйының шын мәніндегі мүмкіндіктерін анықтаған алғы шарттары беріледі.

Бесінші қадам. Ұжымдағы адамдарға өзгерістер мәнін жеткізу. Тұжырымдама немесе жобалау алдындағы талдау жоба жетекшісінің немесе оны құрастырған топтың жеке жоспары емес, тіпті ол тексерушілерге көрсететін құжат та емес, ол–жобаның теориялық негіздемесі. Оны ұйым мүшелерімен алдын ала толықтай талдап, педагогикалық кеңестің бекітуіне ұсыну қажет болады. Бұл міндетке сай төмендегі шарттар сақталуы міндетті:

- ұйым мүшелеріне өзгерістердің себебі мен мотивін алдын ала жеткізу;
- ұйымның болашақ бейнесі мен мазмұнының басқаларға түсінікті болуына жағдай жасау;

- ұйымның болашағы адамдардың ынтасы мен қызығушылығы артуын қамтамасыз ету;

Алтыншы қадам. Жобалау қызметін басқару. Бұл кезең мақсатты бағдарлы жобаларды құрастырудан тұрады. Қатысушылар таңдаған тақырыптарына сай шағын топтарға (жобалау командасы) бірігіп, берілген үлгіде жоба құрастырады. Жобалау топтарындағы адамдар белсенділікпен, өз идеяларын ұсынып отырғаны жөн. Жобалаудың табысты болуы төмендегі факторларға байланысты:

- жобаның нақты, айқын құрылуы;
- басты мақсатты назарда ұстауы;
- жобалау топтары мүшелерінің өзара келісім жағдайында жұмыс істеуі;
- аралық нәтижелерді қамтамасыз етіп отыру;
- топтағы қолайлы ахуал;
- ақпараттық және коммуникативтік жүйелердің қолжетімдігі;
- жобалау топтарының кәсібилігі, өз қызметін жақсы түсінуі.

Жетінші қадам. Адамдардың ынталануы, қызығушылығы. Жоба жетекшілерінің ынталануы жобаға қосатын үлестерін білдіреді, олар өз мақсаттарымен және өз шешімдерімен топты таныстыра алатын жағдай туғызылуы тиіс. Оның жүзеге асырылуы адамның өзіне сеніміне, өз болашағын өзі қалыптастыра алатынына көзі жетуіне байланысты болады.

Ұжымдық өзгерістерге қатысуға адамдардың ынталануы өздерінің іс-әрекет барысындағы жетістіктері, басқа адамдардың табыс пен нәтижелерді қолдауы, басшының мойындауы нәтижесінде пайда болады. Сондай-ақ, ұйымның дамуын жобалауға қатысу олардың жауапкершілігін жоғарылатып, өз жобаларын жетілдірудегі ізденістерге, шығармашылық әрекеттерге жағдайлар туғызылатыны сөзсіз.

Жобалау технологиясын қолдануда оған қатысушылардың ынталану деңгейлері түрлі болуы да мүмкін. Бұл төмендегідей жағдайлардан көрінуі мүмкін:

1. Қатысушылықтың төмен деңгейі, ұсыныстар берумен ғана шектелу;
2. Қатысушылықтың орта деңгейі, бағалауға ғана қатысуға ынталылық;
3. Қатысушылықтың жеткілікті деңгейі кей адамдардың жұмыстық топтар құрамына енуге тырысуы;
4. Қатысушылықтың жоғары деңгейі, жүйенің барлық деңгейлері бойынша шешім қабылдауға қатысуға ынталылық.

Жобалауға ұжымның белсенділікпен қатысуына көңіл бөлудің, оған ынталандырудың тұлғааралық қарым–қатынастар орнату, педагогтарды дамыту, ата-аналар, қоғамдық ұйымдармен байланыс мәселелерінде аса қажеттігі байқалды.

Сегізінші қадам. Жетістіктерді жоспарлау. Жетістіктер адамның одан арғы іс-әрекеттеріне түрткі болатыны белгілі, өйткені, әр адам өзінің нәтижелі болған әрекеттерін қайталауға, оны дамытуға үнемі ұмтылып отырады. Сондықтан, ұжымдағы тәжірибемен байланыстыра жүргізілген жұмыс әуелі қарапайым жобаларды орындаудан басталса, олардың табысты болуы үлкен жобалардың сәтті жасалуына сенімділікті қалыптастырды. Табысты болған тәжірибелер, *біріншіден*, жобалау қызметін әрі қарай дамыту үшін аса маңызды болса, *екіншіден*, қатысушылардың алға қойған мақсатқа жетуде белсенділікпен қатысуға ынталандыратынына көз жеткізілді. Соған байланысты, алғашқы кезеңдердегі жобалау барысында аз уақытта нәтижеге жеткізетін өзгерістер түрлері жоспарланды. Кейбір бағыттардағы нәтижелі қадамдар қатысушыларды ғана емес, оны «бақылап» отырғандардың ынталануына мүмкіндік береді.

Бұл жұмыстың тағы бір маңызды жағы – лидерлерге қарап үйренуге ұмтылыс пайда болады. Қалыптасқан түсінік

бойынша адам көбінесе жетістікке жеткен әріспестерінен үлгі алуға тырысатыны белгілі. Сондықтан, жоба жетекшілерінің жұмыс барысындағы іс-әрекеттері қызметтік қана емес, тұлғалық, лидерлік, менеджерлік сапаларын жетілдіруге де ықпал ететін ескеру қажет.

Тоғызыншы қадам. Ұйымдағы өзгерістерді бекіту. Жобалау зертханаларында жасалған жобаларды талдау, тиімділеріне баға беру, негізінде ұйымдарға қажетті деп табылған жобалар педагогикалық кеңестерде бекітіліп, ұйым тәжірибесіне енгізілді. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында таратуға, әдістемесі мен технологияларын басылымға беруге ұсынылатын жобалар да анықталды.

Тапсырмалар

1. Өз жұмысыңызға байланысты немесе өзіңізді қызықтыратын тақырыпты зерттеуге арналған жобалау зертханасын ұйымдастыру мазмұнын құрастырыңыз. Оның қысқаша негіздемесі, мақсаты мен болжамы, кезеңдері және сатылық қадамда бойынша жүргізу алгоритмі болуына көңіл аударыңыз.
2. Жобаны жеке немесе топпен ортақ тақырыпта орындауға болады.
3. Жобаны міндетті түрде өзіңіз оқитын немесе жұмыс істейтін білім беру ұйымы жұмысын дамытуға байланысты болуы тиіс.

3. Жобалау зертханасын ұйымдастыру технологиясы

Жобалау зертханасын ұйымдастыруда зертханалық жұмыс мазмұны ғана емес, оны ұйымдастыру, аудиториялық және өзіндік практикалық жұмыс түрлерін ұштастыра жүргізудің көптеген әдістемелері талдануы тиіс. Жобалау технологиясын меңгеруге арналған әрбір тақырып қатысушылардың теориялық білімі ғана емес, оны

тәжірибеде, өзінің рефлексиясымен, өзінің негізгі жұмысындағы мәселелермен байланыстыра меңгеруі маңызды міндет ретінде қойылуы тиіс.

Сондықтан, жобалау зертханасы нақты бір жүйедегі ұйымдастырушылық өзгерістер ретінде құрастырылып, ондағы берілетін ақпараттар мазмұны, тақырыптарды меңгеру үшін американдық ғалым Давид Колбтың ересектерді оқытуға арналған тәжірибе арқылы оқыту әдістемесі тиімді болып табылады. Өйткені, жобалау зертханасы оған қатысушылардың негізгі жұмысынан қол үзбей, жобалау әрекетін өзінің қызмет істейтін білім беру ұйымымен тығыз байланыста жүргізу қажет болғандықтан аталған әдістеме бірден бір оқытудың тиімді әдісі бола алады.

Дэвид Колбтың «тәжірибе арқылы оқыту» – (experiential learning, 1984), атты моделі ересектерді қызмет орнындағы тәжірибе барысында оқытудың бірнеше түрлерін, соның ішінде, жобалау әдісін де қамтиды. Джон Дьюи, Карл Роджерс және Жан Пиаже идеяларына сүйене отырып, Колб оқытуды кезеңдерге бөлуді ұсынады. Әр кезең төрт процестен тұрады және оқыту өз мақсатына жету үшін бұл талаптардың берілген ретпен орындалуы міндетті. Бұл әдіс бойынша *оқыту кезеңдері* төмендегідей:


1. Тәжірибе (ситуация);
2. Рефлексия (ұғыну, болған ситуацияны түсіну);
3. Түсініктерді жинақтау (тұжырымдар құрастыру, кейбір қажетті шешімдер қабылдау);
4. Тәжірибені жобалау

Автордың ойынша, бұл жерде *білім алу көзі тәжірибе* (ситуация, болған жағдай, сабақ тақырыбы, ақпарат, т.б.) ғана емес, негізінен алғанда *сол тәжірибені ойша түсіну, ұғыну, қорыту, өздері үшін оның маңызын анықтау, түйін жасау*. Одан соң, яғни, жаңағы тәжірибе (ситуация, болған жағдай, сабақ тақырыбы, ақпарат, т.б.) – қатысушының өз алдындағы жеке мақсатына, міндеттеріне, кәсіби қызметіне қатысты ой елегінен өткізіліп, ұғынылып, тиісті мағына берілгеннен кейін – оның әрі қарай жасалатын қызметінің шартына айналады. Д. Колбтың түсіндіруінше, тәжірибе

барысындағы оқыту, оны дамыту процесі деуге де әбден болады, осылайша, жүзеге асырылады.

Колб идеясын тәжірибеде пайдалануда берілген ақпарат немесе оқиға жеке тәжірибеде ұғынылып, адамның өз тәжірибесіне тұтастай енгенде ғана оқыту мақсатына айнала алады. Олай болмаған күнде, индивид үшін ол өзіне мәлім көп ақпараттардың бірі күйінде қалады деп есептейді.

Әлемдік тәжірибеде Д. Колб моделінің көптеген модификацияланған түрлерін кездестіруге болады, бірақ олардың барлығы да автордың негізгі қойған талабын – тек тәжірибе базасында оқыту, кезеңдерге бөлу және әр кезеңде төрт процесті орындау қатаң сақталған (сурет 15).



Сурет 15 - Д. Колбтың «тәжірибе арқылы оқыту» моделі

Жобалауды басқарушылар үшін оқу модельдерінің төмендегі нұсқаларын пайдалануға болады. Мысалы:

Бірінші кезең. Тәжірибе. Қатысушылардың жобалау тақырыбына қатысты нақты тәжірибесі алынады. Оның аудиториялық бөлігінде әр адам осы мәселе бойынша өзіндік тәжірибесін өз бетінше құрастырады.

Екінші кезең. Рефлексия. Қатысушылар оның мағынасын ұғыну үшін өз тәжірибесіне рефлексиялық бақылау жасайды. Яғни, тақырыпқа сай өзінің тәжірибесіне рефлексиялық талдайды, қандай бағыттар ол үшін жеңіл орындалады, қажетті білімдері жеткілікті, қай жерде қиындықтар кездеседі, неліктен, ол неге байланысты болады, нені өзгерту керек, т.б.

Үшінші кезең. Логикалық тұжырым. Қатысушылар абстракциялық тұжырымдар жасап, оны басқа әріптестерімен сабақ барысында бөліседі. Оларды әркім өз бетімен құрастырады, сонымен қатар, басқалардың пікірін тыңдау, олардың тұжырымдарын талдау да қажет, сонда ғана қатысушылардың ортақ және жеке көзқарастары анықталады.

Төртінші кезең. Теориялық тұжырымдар. Қатысушылар өздері жасаған тұжырымдарын өзгелер пікірлерімен, жаңа теориялық ақпаратпен толықтыру, салыстыру арқылы өзінің жаңа теориялық тұжырымын құрастырады, маңызды түйін түйеді. Аталған тұжырымдама немесе маңызды түйін аудиториядан тыс жұмыстар барысында тәжірибеден өткізіліп, жаңа тәжірибе құрылады. Бұл тұтастық тұрғысындағы оқыту әдісі әрбір тақырып байынша жобалаудың негізі болады.

Осылайша, жаңа нақты тәжірибе келесі деңгейдегі жаңа ізденістік жұмыстың бастамасы болып, аталған цикл дамудың келесі деңгейінде қайталанады.

Бұл модельдің өзіндік ерекшеліктері жоба жетекшілерін өз тәжірибелері барысында өзіндік дамытуға мүмкіндік береді. Олар:

1. Оқыту тәжірибеден басталып, аяғына дейін одан ажыратылмайды, ол өзара байланысты кезеңдерден тұратын циклдық үдеріс ретінде ұйымдастырылды.
2. Оқыту абстрактілі «оқу сабақтарынан» өзгеше, қатысушылардың күнделікті атқаратын жұмысы контекстіне енгізілген күйде жүргізіледі.
3. Колб әдістемесі оқыту оқыту мазмұнына алған ұйымы сатылы дамыту моделіне сәйкес келеді, осы сәйкестік оқытудың нәтижелі болуына мүмкіндік берді.
4. Модельдің түрлі жағдайларға сай модификациялауға келетін сипаты жоба жетекшілерін оқытуда ғана емес, басқа категорияларды оқытуға да бейімдеуге мүмкіндік берді.

Осы әдістемеге сай жоспарланған аудиториялық және практикалық сабақтарды үйлестірудің төмендегі нұсқалары да пайдалауға болады:

Практикалық сабақтан бастап, тақырып бойынша өз тәжірибесімен әріптестерімен бөлісуден тұратын дискуссиядан бастауға болады (нақты тәжірибе және рефлексиялық бақылау).

Келесі кезеңде тақырып бойынша аудиториядағы жаңа теориялар және практикалық ақпараттармен танысу, өз тәжірибесін тұжырымдамалық схемалармен байланыстыру (абстрактілік тұжырымдау).

Практикалық жұмыста меңгерген жаңа теорияларын бірлескен топтық жобалау қызметінде пайдалану (тәжірибеде белсенді пайдалану).

Зертхана бағдарламасының модульдік мазмұны. Модульдің мақсаты - жобалау тәжірибесін басқарудың педагогикалық жүйелерді және оның барлық компоненттерін дамыту және оған өзгерістер ендіру құралы ретінде пайдалануға жоба жетекшілерін дайындау.

Жобалау қызметін әлеуметтік тұрғыдан қарастыру аса қажет, оның мәні - жүзеге асырылатын әрбір жобаның білімдік мазмұнын ғана емес, оның әлеуметтік рөлін, яғни, жобалау нәтижесінің оған қатысушылар мен ұйымдастырушылардың, жалпы ортаның дамуы мен өзгерістеріне ықпал ететін ұғыну, бағалау деген сөз. Жобалау қызметінің әдіснамасын ұғыну оның барлық кезеңдерін рет-ретімен меңгеруден–тұжырымдамасы, мақсат мен міндеттерін құрастыру, ресурстарын анықтаудан бастап, оның іс-әрекеттік жоспарын жасап, әкімшілік - ақпараттық қолдау құрылымын жасауға дейінгі әрекеттерді қамтиды.

Модуль мазмұнында басқару тәжірибесіне тән талдау, зерттеу, ұйымдастыру сияқты элементтер мен олардың байланыстары да қарастырылады (Кесте – 13).

Қатысушылар жобалар негізінде өзіндік талдау және зерттеу бағыттарын құрастырады. Сонымен қатар, олардың жеке жобалары өздерінің мамандығы бойынша пәндік таңдау курстарын құрастыруға немесе педагогикалық ізденіс тақырыптарын белгілеуге негіз бола алады.

Кесте – 13

Жобаның компоненттеріне сай зертханалық жұмыс мазмұны

Жобаның компоненттері	Көпсатылы өзгерістер алгоритмі	Зертханалық жұмыс мазмұны
1	2	3
Жағдайды талдау	<i>Жаңа өзгерістерге қажеттік пайда болуы</i>	Жобаны орындауға қажеттік неліктен пайда болды? Жобалау алдындағы талдау Жоба тұжырымдамасын жасау
Мәселені анықтау	<i>Мәселені анықтау</i>	Неліктен бұл мәселені шешу маңызды болып отыр?
Мақсат қою	<i>Бірлесіп бір шешімге келу Мақсат қою</i>	Жобалаудағы іс әрекеттер қандай мақсатты орындауға бағытталады? Ол берілген проблеманы шешуге қаншалықты байланысты? Жобалауда орындалатын әрекеттер қалыптасқан жағдайды қалай өзгертеді?

Кестенің жалғасы

1	2	3
Күтілетін нәтижелерді анықтау	<i>Стратегияларды көре білу</i>	Жобаны орындау барысында қандай нақты нәтиже алынуы тиіс? Жоба аяқталған соң педагогикалық жүйеде қандай оң өзгерістер болады деп күтіледі? Белгіленген міндеттердің орындалуы мақсатқа жетуді қалай қамтамасыз етеді? Берілген міндеттерді орындау үшін қандай нәтижелер (олардың сандық және сапалық сипаттамасы) алынуы тиіс?
Жобаны жүзеге асыру, орындау	<i>Ұжымға өзгерістер мәнін түсіндіру Жобалау топтарын құру,</i>	Жобалар <i>құрастыру</i> : оның тиімділік көрсеткіштерін белгілеу, Варианттарын қарастыру арқылы тиімді жобаны бекіту

	<i>ынталандыру</i>	Жобалуды орындаушылар күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін қандай шаралар орындалуы тиіс?
Ресурстарды тиімді пайдалану		Қандай ресурстар: адамдар, материалдық құралдар, қызметтер – жобалау барысындағы шараларды орындау үшін қажет болады? Бұл ресурстар қандай көздерден түседі (орындаушылардан, тапсырыс берушілерден, қатысушылардан, ұйымдар, мемлекет, жеке қорлар, т.б.)?
Бақылау, нәтижені бағалау	<i>Жетістіктерді байқау мен кемшіліктер</i>	Жасалған жобаларды талдау, тиімділеріне баға беру, күтілетін нәтижеге сәйкессіздерін анықтау, себебін талдау, түзетуге ұсыну
Кері байланыс	<i>Жетістіктердің ұйым бекітілуі</i>	Тиімді жобаларды тәжірибеге енгізу, көпшілікке тарату, әдістемелік технологияларын, құралдарын жасау туралы ұсыныстар қабылдау
Қорытынды		Жобаларды презентациялау, бағалау

Оқу зертханалық жұмысы соңында жоба жетекшілері жасалған жобаларды қорғау үшін топ ішінде талдап, талдау карталары үлгісінде өз жобаларының тиімділігі туралы сараптамалық талдаулар жасалады. Үздік деп танылған жобалар ашық қорғауға ұсынылып, оған қалаулары бойынша педагогикалық ұйымдар өкілдері қатыстырылады. Жобаларды қорғау үшін төмендегі құжаттар жиынтығы дайындалады:

1. Ұйымды дамытудың мақсатты бағдарлы жобасының тұжырымдамасы;
2. Ұжымда талданып, рәсімделген жобаның мазмұны;
3. Жобаның тиімділігіне жасалған сараптама.

Қорыта келе, жобалау зертханасы негізінде жоба жетекшілерін ғана емес, ойлау деңгейі жоғары, өз бетімен

аса жауапты мәселелерді шеше алатын құзыреттілігі бар педагогтарды, лидерлерді дайындау, сонымен қатар, өміршең, өзекті жобалар құрастыру да мүмкін екені дәлелденді.

Тапсырмалар

1. Дэвид Колбтың «тәжірибе арқылы оқыту» әдістемесі бойынша белгілі бір тақырыпты игерудің модулін жасаңыз
2. Оны төмендегі оқу кезеңдеріне бөліп көрсетіңіз:
3. Тәжірибе (ситуация);
4. Рефлексия (ұғыну, болған ситуацияны түсіну);
5. Түсініктерді жинақтау (тұжырымдар құрастыру, кейбір қажетті шешімдер қабылдау);
6. Тәжірибені жобалау
7. Өзіңіз құрастыратын зертхана бағдарламасының модульдік мазмұнын алдыңғы тақырыппен («Жобалау зертханасын ұйымдастыру технологиясы») байланыстыра төмендегі үлгімен кестені толтырыңыз.

Жоба компоненттері	Сатылық дамыту алгоритмі	Зертханалық жұмыс мазмұны
Жағдайды талдау		
Проблеманы анықтау		
Мақсат қою		
Күтілетін нәтижені анықтау		
Жүзеге асыру		
Ресурс пайдалану		
Бақылау, бағалау		
Кері байланыс		
Қорытынды		

Бесінші тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазіргі заман ерекшеліктеріне байланысты басқарушылар құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар.
2. Білім берудің құзыреттілік нәтижелерінің халықаралық деңгейде анықталуы.
3. Джон Равен бойынша құзыреттілік сипаттамалары.
4. Бүгінгі білім беру ұйымдарын басқару ерекшеліктері.
5. Білім беру ұйымдарын басқарушылардың құзыреттіліктері.
6. Басқарушылар құзыреттіліктерін қалыптастырудағы жобалаудың орны.
7. Жобаларды басқарушыларды арнайы жобалау зертханасында дайындаудың маңызы.
8. Өз жұмысыңызға байланысты немесе өзіңізді қызықтыратын тақырыпты зерттеуге арналған жобалау зертханасын ұйымдастыру мазмұнын құрастырыңыз. Оның қысқаша негіздемесі, мақсаты мен болжамы, кезеңдері және сатылық қадамда бойынша жүргізу алгоритмі болуына көңіл аударыңыз.
9. Жобаны жеке немесе топпен ортақ тақырыпта орындауға болады.
10. Жоба міндетті түрде өзіңіз оқитын немесе жұмыс істейтін білім беру ұйымы жұмысын дамытуға байланысты болуы тиіс.
11. Дэвид Колбтың «тәжірибе арқылы оқыту» әдістемесі бойынша белгілі бір тақырыпты игерудің модулін жасаңыз.
12. Оны төмендегі оқу кезеңдеріне бөліп көрсетіңіз:
 - Тәжірибе (ситуация);
 - Рефлексия (ұғыну, болған ситуацияны түсіну);
 - Түсініктерді жинақтау (тұжырымдар құрастыру, кейбір қажетті шешімдер қабылдау);
 - Тәжірибені жобалау
13. Өзіңіз құрастыратын зертхана бағдарламасының модульдік мазмұнын алдыңғы тақырыппен (Жобалау зертханасын ұйымдастыру технологиясы) байланыстыра төмендегі үлгімен кестені толтырыңыз.

Жоба компоненттері	Сатылық дамыту алгоритмі	Зертханалық жұмыс мазмұны
Жағдайды талдау		
Проблеманы анықтау		
Мақсат қою		
Күтілетін нәтижені анықтау		
Жүзеге асыру		
Ресурс пайдалану		
Бақылау, бағалау		
Кері байланыс		
Қорытынды		

Бесінші бөлім бойынша негізгі әдебиеттер

1. Шляйхер А. Экономика знаний: почему образование-ключ к успеху в Европы. //Вопросы образования. –2007. –№1. –С.28.
2. Болонская декларация « Европейском регионе высшего образования». –Болонья, 1999.
3. Болонский процесс: поиск общности европейских систем высшего образования (Проект TUNING) /под научной редакцией д.п.н., профессора В.И. Байденко. – Москва-Астана, 2006. –6 с.
4. «ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы».
5. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының Жобасы. Жалпы орта білім беру.

- Негізгі орта білім беру. Бастауыш білім беру. –Астана, 2008.
6. Делор Ж. Образование: сокровище сокрытое. UNESCO, 1996., с. 37
 7. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: пер. с англ. –Москва: Когито-центр, 2002. –С.212.
 8. Маркова А.К. Психология профессионализма. – М.: МГФ «Знание», 1996. –С. 7.
 9. Минцберг Г., Альстрэнд Б., Лэмпэл Дж. Школы стратегий / пер. с англ, под ред. Ю.Н.Каптуревского. Серия «Теория и практика менеджмента». – СПб.: «Питер», 2001. -336 с.
 10. Фруммин И.Д. Тайны школы: заметки о контекстах. – Красноярск, 1999. –С.76.
 11. Barber, M. Consistently high performance: Lessons from the world's top performing school systems // McKinsey&Company. June 2007.
 12. Фуллан Майкл. Новое понимание реформ в образовании – Moscow: «Prosvesheniye», 2006. –С.59.
 13. Kotter John P. Chaos, Wandel, Leading Chandge / пер.на нем.Führung. – Düsseldorf, 1997. – S.66.
 14. Колб Д. *Experiential learning*, 1984, Интернет материалы: <http://www.learningfromexperience.com>.

Тест сұрақтары

1. Жобалауды әлеуметтік–мәдени әрекет түріне жатқызған ғалым:

- A. Генисаретский О. И.
- B. Новиков А. М.
- C. Маркузе Г.
- D. Алексеев Н. Г.
- E. Данилов М. А.

2. Жобалауды жүзеге асыру кезеңін бүгінгі оның идеологтары қалай бағалады?

- A. адамның қайта құру әрекеттері
- B. адамның іс-әрекеті
- C. Адамның мінез-құлқы
- D. Адамның жоспары
- E. Адамның жұмысы

3. Жобалау трансценденттік деп неліктен аталады?

- A. Осы шақтан өткенді бағалайды
- B. Осы шақтан қазіргіні саралайды
- C. Осы шақтан тарихқа бағамдайды
- D. Осы шақтан болашақты жоспарлайды.
- E. Осы шақтан алдағы бір жылды жоспарлайды

4. Жобалаушының қоршаған ортаға қатынасы төрт мазмұндағы кеңістікке шығуы деуге болады. Олар:

- A. ситуативтік, әлеуметтік, мәдени және тұрмыстық
- B. ситуативтік, әлеуметтік, қоғамдық және экзистенциалдық
- C. ситуативтік, әлеуметтік, мәдени және экзистенциалдық
- D. ситуативтік, байланыстық, мәдени және экзистенциалдық
- E. өзгермелі, әлеуметтік, мәдени және экзистенциалдық

5. «Трансценденттік жобалау» тұжырымдамасы мен оның өлшемдерін жасаған кім?

- A. Генисаретский О. И.
- B. Новиков А. М.
- C. Маркузе Г.

D. Алексеев Н.Г.

E. Данилов М.А.

6. Дәстүрлі «жобалау» ұғымы энциклопедиялық сөздіктерде не мағына береді?

A. техникада, құрылыста, т.б. өндірістік салаларда белгілі бір бұйым жасау немесе ғимарат салуға қажет құжаттардың–суреттер, есептеулер, т.б. жиынтығы деп қарастырылады.

B. педагогикалық және ғылыми–зерттеу әрекеттерінің берілуін реттеп отыру құралы;

C. тәжірибеде бұрын болмаған білім беру мен педагогикалық әрекет түрлерін жаңадан құрастыру мақсатындағы тәжірибелік-бағдарлы әрекет;

D. гуманистік мазмұндағы білімді гуманистік әдістер мен тәсілдер арқылы игеру негізінде белгіленген білім өнімін алудағы оқушылардың білім нәтижелері мен мақсатына болжам жасау және оны модельдеу;

E. білім берудің дамытудың жаңа саласы, педагогикалық әрекетті түсіндірудің жаңа амалы;

7. А.М.Новиков бойынша құрылған жүйелік классификация негізінде жобалау типтері немесе салалары бойынша қалай бөлінбейді:

A. техникалық,

B. ұйымдастырушылық,

C. тәрбиелеушілік

D. экономикалық,

E. білім беру

8. А.М.Новиков бойынша құрылған жүйелік классификация негізінде жобалау кластары немесе жобалау құрамы мен құрылымы, пәндік аясы бойынша:

A. Мега, меза

B. Мини, мульти, мега

C. Моно, поли

D. Моно, мульти, мега

E. Макро, микро

9. Моно жобалау дегеніміздің сипаттамасы:

- A. дербес жобалаудың белгілі бір масштабтағы түрліше дара жобалау
- B. бірнеше дербес жобалардан тұратын дара жобалау
- C. бірнеше дербес жобалардан тұратын кешенді жобалау
- D. екі жобадан тұратын жоба
- E. дербес жобалаудың белгілі бір масштабтағы түрліше кешенді жобалау

10. Мульти –жобалау:

- A. бірнеше дербес жобалардан тұратын кешенді жобалау
- B. дербес жобалаудың белгілі бір масштабтағы түрліше дара жобалау
- C. дербес жобалаудың белгілі бір масштабтағы түрліше кешенді жобалау
- D. екі жобадан тұратын жоба
- E. бірнеше дербес жобалардан тұратын дара жобалау

11. «Жобалау» ұғымының білім беру саласында қатысты оның түрлері:

- A. инвестициялық, инновациялық,
- B. білім беру, ғылыми –зерттеу, аралас
- C. инвестициялық, аралас
- D. ғылыми–зерттеудегі жобалау, педагогикалық жобалау, әр білім алушының оқу әрекетінде қолданылатын жобалау
- E. инновациялық, білім беру, ғылыми –зерттеу

12. Жобалау (орыс тілінде «проектирование», латынның projektus) қандай сөзінен шыққан?

- A. Жарық, күн шапағы
- B. Артқа көз жүгірту, саралау
- C. Даму, қалыптасу
- D. Жасаймын, қолымнан келеді
- E. Алға қарай тастау, алға жүру

13. Жобалау әрекеті қандай ғылым контекстіне енгізілді?

- A. тәжірибелік - бағдарлы ғылым.
- B. таза ғылымилық емес,
- C. тәжірибелік
- D. педагогикалық

Е. психологиялық

14. «Тәжірибелік–бағдарлы ғылым» ұғымын білдіретін термин ретінде М.А.Данилов нені енгізді?

- А. педагогикалық тұрғы
- В. философиялық тұрғы
- С. бағдарламалық–жобалық тұрғыны
- Д. экономикалық тұрғы
- Е. тұлғалық-бағдарлы тұрғы

15. М.А.Даниловтың тәжірибелік–бағдарлы ғылым қарастыратын пәнін қалай белгіледі?

- А. өлшенетін, көрінетін, практикалық әрекеттер жүйесі
- В. белгіленетін практикалық әрекеттер жүйесі
- С. белгіленетін, сипатталатын, қайта жаңғыртылатын практикалық әрекеттер жүйесі
- Д. сипатталатын әрекеттер жүйесі
- Е. белгіленетін, сипатталатын, қайта жаңғыртылатын теориялық әрекеттер жүйесі

16. Тәжірибелік–бағдарлы ғылым мақсатын:

- А. белгілі бір жүйені және оның мазмұнын дамыту
- В. белгілі-бір ғылым саласын дамыту
- С. белгілі-бір адамның білімін дамыту
- Д. белгілі-бір аймақты зерттеу
- Е. белгілі-бір жүйенің әдістерін дамыту

17. В.А.Никитин қандай ұйымдастырушылық мәдениетті адамзат қоғамы дамуының ең алғашқы кезеңдері деп, ондағы әрекет жолдары мен амалдарын сол қоғам тұрғысынан сипаттап қарастырды?

- А. Дәстүрден тыс
- В. Жалпы
- С. Әлеуметтік
- Д. Дәстүрлі
- Е. Империкалық

18. Корпоративтік - қолөнерге бағытталған ұйымдастырушылық мәдениет қалай қарастырылады?

- A. ортағасырлық діни иерархия құрылымы, қалалар мен университеттер жағдайларындағы білім мен дағдыларға үйрету әдістері түрінде.
- B. барлық бағыттардағы кәсіби орталарды біріктіретін әрекет ретінде ғылым алынады, кәсіби мәдениеттің негізіне ғылыми білім қойылып, барлық материалдық және рухани өндірістердің негізіне білім мен ғылым жатқызылды.
- C. тұрмыстық білім мен дағдыларға үйрету әдістері түрінде.
- D. мәдениеттің негізіне дін негіздері қойылып, барлық материалдық және рухани өндірістердің негізіне діни уағыздар жатқызылды.
- E. кәсіби мәдениеттің негізіне өнеркәсіп жетістіктері қойылып, барлық материалдық және рухани өндірістердің негізіне технология жатқызылды.

19. Кәсіби (ғылыми) ұйымдастырушылық мәдениетті қалай қарастырды?

- A. тұрмыстық білім мен дағдыларға үйрету әдістері түрінде.
- B. мәдениеттің негізіне дін негіздері қойылып, барлық материалдық және рухани өндірістердің негізіне діни уағыздар жатқызылды.
- C. кәсіби мәдениеттің негізіне өнеркәсіп жетістіктері қойылып, барлық материалдық және рухани өндірістердің негізіне технология жатқызылды.
- D. барлық бағыттардағы кәсіби орталарды біріктіретін әрекет ретінде ғылым алынады, кәсіби мәдениеттің негізіне ғылыми білім қойылып, барлық материалдық және рухани өндірістердің негізіне білім мен ғылым жатқызылды.
- E. ортағасырлық діни иерархия құрылымы, қалалар мен университеттер жағдайларындағы білім мен дағдыларға үйрету әдістері түрінде.

20. Н.Г.Алексеев жобалауды жүзеге асырудағы неше кезеңді бөліп көрсетеді?

- A. Бір
- B. Екі
- C. Үш

D. Төрт

E. бес

21. Мәдени қорын сақтаушы рөл:

A. мәдени үдерісті, дәстүрлі қалыпты ұстану, инновацияны қабылдамау;

B. сан түрлі жаңалықтардың бір ғана бағытын ұстану және оның мәдени және әлеуметтік маңызын көтере отырып, таратылуына белсенді ықпал ету;

C. таратушының қызметіне қарама–қарсылық мақсатында мәдени жаңалықтарды жүйелеу, түрлерге бөлу, теориялар құрастыру;

D. бұл кейде өзінің сипатына сай жаңалықтар тудырушы деп аталады;

E. жоғарыда аталған барлық позициядағы субъектілер қызметін келістіру, үйлестіру және ұйымдастыру қызметі.

22. Таратушы рөл:

A. мәдени үдерісті, дәстүрлі қалыпты ұстану, инновацияны қабылдамау;

B. сан түрлі жаңалықтардың бір ғана бағытын ұстану және оның мәдени және әлеуметтік маңызын көтере отырып, таратылуына белсенді ықпал ету;

C. таратушының қызметіне қарама–қарсылық мақсатында мәдени жаңалықтарды жүйелеу, түрлерге бөлу, теориялар құрастыру;

D. бұл кейде өзінің сипатына сай жаңалықтар тудырушы деп аталады;

E. жоғарыда аталған барлық позициядағы субъектілер қызметін келістіру, үйлестіру және ұйымдастыру қызметі.

23. Жүйелеуші рөл:

A. мәдени үдерісті, дәстүрлі қалыпты ұстану, инновацияны қабылдамау;

B. сан түрлі жаңалықтардың бір ғана бағытын ұстану және оның мәдени және әлеуметтік маңызын көтере отырып, таратылуына белсенді ықпал ету;

C. таратушының қызметіне қарама–қарсылық мақсатында мәдени жаңалықтарды жүйелеу, түрлерге бөлу, теориялар құрастыру;

D. бұл кейде өзінің сипатына сай жаңалықтар тудырушы деп аталады;

E. жоғарыда аталған барлық позициядағы субъектілер қызметін келістіру, үйлестіру және ұйымдастыру қызметі.

24. Құрушы рөл:

A. мәдени үдерісті, дәстүрлі қалыпты ұстану, инновацияны қабылдамау;

B. сан түрлі жаңалықтардың бір ғана бағытын ұстану және оның мәдени және әлеуметтік маңызын көтере отырып, таратылуына белсенді ықпал ету;

C. таратушының қызметіне қарама-қарсылық мақсатында мәдени жаңалықтарды жүйелеу, түрлерге бөлу, теориялар құрастыру;

D. бұл кейде өзінің сипатына сай жаңалықтар тудырушы деп аталады;

E. жоғарыда аталған барлық позициядағы субъектілер қызметін келістіру, үйлестіру және ұйымдастыру қызметі.

25. Ұйымдастырушы рөл:

A. мәдени үдерісті, дәстүрлі қалыпты ұстану, инновацияны қабылдамау;

B. сан түрлі жаңалықтардың бір ғана бағытын ұстану және оның мәдени және әлеуметтік маңызын көтере отырып, таратылуына белсенді ықпал ету;

C. таратушының қызметіне қарама-қарсылық мақсатында мәдени жаңалықтарды жүйелеу, түрлерге бөлу, теориялар құрастыру;

D. бұл кейде өзінің сипатына сай жаңалықтар тудырушы деп аталады;

E. жоғарыда аталған барлық позициядағы субъектілер қызметін келістіру, үйлестіру және ұйымдастыру қызметі.

26. Ұйымдастырушының басымдық позициясы дәстүрлі мәдениет түрінде болып, оған қатысушылармен қарым-қатынас жеке бас тұрғысынан жасалса, онда жобалау әрекеті қандай түрде орындалады?

A. Формальды

- В. Формальсыз
- С. Сырттай
- Д. Іштей
- Е. Қалыпты

27. Ұйымдастырушының корпоративтік-қолөнершілікке негізделген қатаң иерархиялық құрылымы бар мәдениет түрі:

- А. жобалаудың үлгісі ретінде өміршеңдігі мен нәтижелілігін дәлелдеген жобаның талаптарын алып, оны дәлме–дәл сақтауға тырысады;
- В. жобалау әрекетін нормалауда ізденістік зерттеулердің мәтіндік жазбалары мен мен теориялық зерделенуіне назар аударады;
- С. жобалаудың жаңа технологиялық жолдары мен мәдениетін, атап айтқанда, жобалау әрекетінің технологиялық сызбаларын құрастыру мен беруге аударылады.
- Д. жобалаудың жаңа технологиялық жолдары мен мәдениетін, атап айтқанда, жобалау әрекетінің технологиялық сызбаларын өзгертуге аударылады.
- Е. жобалаудың үлгісі ретінде өміршеңдігі мен нәтижелілігін дәлелденбеген жобаның нормаларын алып, оны дәлме–дәл сақтауға тырысады;

28. Ұйымдастырушының кәсіби мәдениетке негізделген қатаң иерархиялық құрылымы бар мәдениет түрі:

- А. жобалаудың үлгісі ретінде өміршеңдігі мен нәтижелілігін дәлелдеген жобаның талаптарын алып, оны дәлме–дәл сақтауға тырысады;
- В. жобалау әрекетін нормалауда ізденістік зерттеулердің мәтіндік жазбалары мен мен теориялық зерделенуіне назар аударады;
- С. жобалаудың жаңа технологиялық жолдары мен мәдениетін, атап айтқанда, жобалау әрекетінің технологиялық сызбаларын құрастыру мен беруге аударылады.

D. жобалаудың жаңа технологиялық жолдары мен мәдениетін, атап айтқанда, жобалау әрекетінің технологиялық сызбаларын өзгертуге аударылады.

E. жобалаудың үлгісі ретінде өміршеңдігі мен нәтижелілігін дәлелденбеген жобаның нормаларын алып, оны дәлме–дәл сақтауға тырысады;

29. Ұйымдастырушының бүгінгі заман талабына сай технологиялық мәдениетке негізделген түрінің басым назары:

A. жобалаудың үлгісі ретінде өміршеңдігі мен нәтижелілігін дәлелдеген жобаның талаптарын алып, оны дәлме–дәл сақтауға тырысады;

B. жобалау әрекетін нормалауда ізденістік зерттеулердің мәтіндік жазбалары мен мен теориялық зерделенуіне назар аударады;

C. жобалаудың жаңа технологиялық жолдары мен мәдениетін, атап айтқанда, жобалау әрекетінің технологиялық сызбаларын құрастыру мен беруге аударылады.

D. жобалаудың жаңа технологиялық жолдары мен мәдениетін, атап айтқанда, жобалау әрекетінің технологиялық сызбаларын өзгертуге аударылады.

E. жобалаудың үлгісі ретінде өміршеңдігі мен нәтижелілігін дәлелденбеген жобаның нормаларын алып, оны дәлме–дәл сақтауға тырысады;

30. Осындай ғылыми ізденістерде пайда болған жаңа бағыттарды шартты түрде қалай атауға болады?

A. әлеуметтік құрастырулар

B. әлеуметтік жобалар

C. әлеуметтік ізденістер

D. мәдени қайта түзілістер

E. мәдени ізденістер

31. Әлеуметтік құрастырудың бірнеше принциптерін белгілейді, олар –

- A. алдын ала талдау жасау, объектіге жүйелі сипаттама беру, мақсат қою және оған жету жолдарын анықтау, жүзеге асыру әрекеттері.
- B. объектіге жүйелі сипаттама беру, мақсат қою және оған жету жолдарын анықтау, жүзеге асыру әрекеттері.
- C. алдын ала талдау жасау, мақсат қою және оған жету жолдарын анықтау, жүзеге асыру әрекеттері.
- D. алдын ала талдау жасау, объектіге жүйелі сипаттама беру, жүзеге асыру әрекеттері.
- E. алдын ала талдау жасау, объектіге жүйелі сипаттама беру, мақсат қою және оған жету жолдарын анықтау.

32. Жобалау қызметі мен әлеуметтік жобаларды басқару бағдарламалары алдын-ала жасалатын болғандықтан жобалауды болжау мақсатында да пайдаланса оны қандай жобалау деп атаймыз?

- A. Трансценденттік
- B. Болжаулық жобалау
- C. Мақсаттық - бағдарлы дамыту
- D. Микро – жобалар
- E. Нақты жоба

33. 20- 40 жылдары кадрларды басқаруда қызметкердің алатын орны қандай болды?

- A. адам тұлға ретінде емес, белгілі бір мақсатты орындауға жұмылдырылатын еңбек етуші күштер деп қарастырылды.
- B. өндірісті басқарудың жаңа технократиялық талаптарын туғызып, қызметкерлердің тиімді қызметін қамтамасыз етудегі, техникалық жаңалықтарды игерудегі біліктіліктерін арттыру қажеттігі пайда болды.
- C. адам капиталын дамыту кез келген ұйымның басты стратегиялық ресурсы ретінде қабылдай бастады.
- D. адам капиталын дамыту кез келген ұйымның қосалқы стратегиялық ресурсы ретінде қабылдай бастады.

Е. адам тұлға ретінде емес, белгілі бір мақсатты орындауға жұмылдырылатын ресурс деп қарастырылды.

34. 50- 70 жылдары дами бастаған ғылыми-техникалық прогресс кезеңінде қызметкердің алатын орны қандай болды?

А. адам тұлға ретінде емес, белгілі бір мақсатты орындауға жұмылдырылатын еңбек етуші күштер деп қарастырылды.

В. өндірісті басқарудың жаңа технократиялық талаптарын туғызып, қызметкерлердің тиімді қызметін қамтамасыз етудегі, техникалық жаңалықтарды игерудегі біліктіліктерін арттыру қажеттігі пайда болды.

С. адам капиталын дамыту кез келген ұйымның басты стратегиялық ресурсы ретінде қабылдай бастады.

Д. адам капиталын дамыту кез келген ұйымның қосалқы стратегиялық ресурсы ретінде қабылдай бастады.

Е. адам тұлға ретінде емес, белгілі бір мақсатты орындауға жұмылдырылатын ресурс деп қарастырылды.

35. Өткен ғасырдың 80- 90 жылдары дамыған елдердің жаңа экономикасына сай қызметкердің алатын орны қандай болды?

А. адам тұлға ретінде емес, белгілі бір мақсатты орындауға жұмылдырылатын еңбек етуші күштер деп қарастырылды.

В. өндірісті басқарудың жаңа технократиялық талаптарын туғызып, қызметкерлердің тиімді қызметін қамтамасыз етудегі, техникалық жаңалықтарды игерудегі біліктіліктерін арттыру қажеттігі пайда болды.

С. адам капиталын дамыту кез келген ұйымның басты стратегиялық ресурсы ретінде қабылдай бастады.

D. адам капиталын дамыту кез келген ұйымның қосалқы стратегиялық ресурсы ретінде қабылдай бастады.

E. адам тұлға ретінде емес, белгілі бір мақсатты орындауға жұмылдырылатын ресурс деп қарастырылды.

36. Адам капиталы туралы теориялар алғаш рет кімдердің еңбектерінде қарастырылды?

A. Песталлоци И. Г., Коменский Я. А

B. Руссо Ж. Ж., Кузьмина Н. В.

C. Роджерс К., Пиаже Ж.

D. Килпатрик В., Д. Дьюи

E. Беккер Г., Т. Шульц,

37. Мұғалім әрекетінде зерттеушілік бағыттар болуы оқытудың табысты болуына ықпал ететіні туралы: «адамдарды оқытқанда олардың кітаби білімді алуына емес, олардың өздеріне аспан мен жерді, түрлі ағаштарды бақылап, заттарды зерттеу мен тануға үйреткен жөн, сонда олар біреулердің бақылағаны мен түсіндіргенін ғана есте сақтап отырмайды» деген кім?

A. Коменский Я. А.

B. Руссо Ж. Ж.

C. Дьюи Д.

D. Песталлоци И. Г.

E. Килпатрик В.

38. Кез келген әрекет, егер ол белгілі бір мүддені көздей отырып, бірлескен және жоғары деңгейдегі өз бетіндік жұмыс ретінде орындалған білім алушылар тобының әрекеті болса, онда ол жоба болып есептеледі деп санаған кім?

A. Коменский Я. А.

B. Руссо Ж. Ж.

C. Кузьмина Н. В.

D. Песталлоци И. Г.

E. Килпатрик В.

39. В. Х. Килпатрик еңбектерінде жобаның неше түрі көрсетілген:

- A. Бір
- B. Екі
- C. Үш
- D. Төрт
- E. Бес

40. 1970 жылдары кімнің еңбектерінде жобалау компоненті педагог әрекеттерінің құрылымына енгізіліп, қазіргі кезде терминологиялық аппараттан «педагогикалық жобалау», «мұғалімнің жобалау әрекеті», «педагогикалық жобалау» ұғымдары орын алды?

- A. Новиков А. В.
- B. Дьюи Д.
- C. Н.В.Кузьмина
- D. Поташник М. М.
- E. Беспалько В. П.

41. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми Түсіндірме сөздігінің «Педагогика және психология» саласы бойынша жасалған сөздігінде педагогикалық жобалауға қандай түсінік берілген ?

- A. оқушы мен тәлімгердің алдағы іс-әрекетінің негізгі құрылымдарының жасалымы, бұл оқытушы әрекетінің тиімділігін арттырады.
- B. оқушыны бірте-бірте күрделене түсетін практикалық тапсырмаларды жоспарлы түрде орындату арқылы оқыту жүйесі
- C. жасалуға, қайта құрылуға, қалпына келтірілуге тиісті нысандардың макеттері, есептеулері және ұстанымды дәлелдері көрсетілген техникалық құжаттар.
- D. білім берудің дамытудың жаңа саласы, педагогикалық әрекетті түсіндірудің жаңа амалы;
- E. қазіргі білім беру жүйелерін дамыту, жаңарту, жетілдіру және ондағы қайшылықтарды болдырмау міндеттерін орындауға бағытталған педагогикадағы

және ұйымдастырылатын практикалық әрекеттердегі қолданбалы ғылыми бағыт;

42. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми Түсіндірме сөздігінің «Педагогика және психология» саласы бойынша жасалған сөздігінде «жобалау әдісі» қандай түсінік берілген?

- A. оқушыны бірте -бірте күрделене түсетін практикалық тапсырмаларды жоспарлы түрде орындату арқылы оқыту жүйесі
- B. білім берудің дамытудың жаңа саласы, педагогикалық әрекетті түсіндірудің жаңа амалы;
- C. қазіргі білім беру жүйелерін дамыту, жаңарту, жетілдіру және ондағы қайшылықтарды болдырмау міндеттерін орындауға бағытталған педагогикадағы және ұйымдастырылатын практикалық әрекеттердегі қолданбалы ғылыми бағыт;
- D. педагогикалық және ғылыми–зерттеу әрекеттерінің берілуін реттеп отыру құралы.
- E. оқушы мен тәлімгердің алдағы іс-әрекетінің негізгі құрылымдарының жасалымы, бұл оқытушы әрекетінің тиімділігін арттырады.

43. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми Түсіндірме сөздігінің «Педагогика және психология» саласы бойынша жасалған сөздігінде «жоба» ұғымына қандай түсінік берілген?

- A. жасалуға, қайта құрылуға, қалпына келтірілуге тиісті нысандардың макеттері, есептеулері және ұстанымды дәлелдері көрсетілген техникалық құжаттар.
- B. білім берудің, дамытудың жаңа саласы, педагогикалық әрекетті түсіндірудің жаңа амалы;
- C. қазіргі білім беру жүйелерін дамыту, жаңарту, жетілдіру және ондағы қайшылықтарды болдырмау міндеттерін орындауға бағытталған педагогикадағы және ұйымдастырылатын практикалық әрекеттердегі қолданбалы ғылыми бағыт;

- D. педагогикалық және ғылыми–зерттеу әрекеттерінің берілуін реттеп отыру құралы.
- E. оқушы мен тәлімгердің алдағы іс-әрекетінің негізгі құрылымдарының жасалымы, бұл оқытушы әрекетінің тиімділігін арттырады.

44. Зерттеу әрекеттері қандай схемасы бойынша жүзеге асырылады?

- A. бағдар – әрекет – бақылау
B. идея – мақсат – рефлексия
C. идея – орындау – рефлексия
D. мақсат – құрал – нәтиже
E. идея – орындау – құрал

45. Жобалау әрекеттері логикасы қандай схемасы бойынша жүзеге асырылады?

- A. мақсат – құрал – нәтиже
B. бағдар – әрекет – бақылау
C. идея – мақсат – рефлексия
D. идея – орындау – рефлексия
E. идея – орындау – құрал

46. «Педагогикалық жобалау» түсінігі В. Безруковтың анықтамасы бойынша:

- A. тәжірибеде бұрын болмаған білім беру мен педагогикалық әрекет түрлерін жаңадан құрастыру мақсатындағы тәжірибелік -бағдарлы әрекет;
- B. гуманистік мазмұндағы білімді гуманистік әдістер мен тәсілдер арқылы игеру негізінде белгіленген білім өнімін алудағы оқушылардың білім нәтижелері мен мақсатына болжам жасау және оны модельдеу;
- C. білім берудің, дамытудың жаңа саласы, педагогикалық әрекетті түсіндірудің жаңа амалы;
- D. қазіргі білім беру жүйелерін дамыту, жаңарту, жетілдіру және ондағы қайшылықтарды болдырмау міндеттерін орындауға бағытталған педагогикадағы және ұйымдастырылатын практикалық әрекеттердегі қолданбалы ғылыми бағыт;

Е. педагогикалық және ғылыми–зерттеу әрекеттерінің берілуін реттеп отыру құралы.

47. И. А. Колесникова бойынша жобалау:

А. тәжірибеде бұрын болмаған білім беру мен педагогикалық әрекет түрлерін жаңадан құрастыру мақсатындағы тәжірибелік -бағдарлы әрекет;

В. гуманистік мазмұндағы білімді гуманистік әдістер мен тәсілдер арқылы игеру негізінде белгіленген білім өнімін алудағы оқушылардың білім нәтижелері мен мақсатына болжам жасау және оны модельдеу;

С. білім берудің дамытудың жаңа саласы, педагогикалық әрекетті түсіндірудің жаңа амалы;

Д. қазіргі білім беру жүйелерін дамыту, жаңарту, жетілдіру және ондағы қайшылықтарды болдырмау міндеттерін орындауға бағытталған педагогикадағы және ұйымдастырылатын практикалық әрекеттердегі қолданбалы ғылыми бағыт;

Е. педагогикалық және ғылыми–зерттеу әрекеттерінің берілуін реттеп отыру құралы.

48. А. П. Тряпыцина бойынша жобалау:

А. тәжірибеде бұрын болмаған білім беру мен педагогикалық әрекет түрлерін жаңадан құрастыру мақсатындағы тәжірибелік -бағдарлы әрекет;

В. гуманистік мазмұндағы білімді гуманистік әдістер мен тәсілдер арқылы игеру негізінде белгіленген білім өнімін алудағы оқушылардың білім нәтижелері мен мақсатына болжам жасау және оны модельдеу;

С. білім берудің, дамытудың жаңа саласы, педагогикалық әрекетті түсіндірудің жаңа амалы;

Д. қазіргі білім беру жүйелерін дамыту, жаңарту, жетілдіру және ондағы қайшылықтарды болдырмау міндеттерін орындауға бағытталған педагогикадағы және ұйымдастырылатын

практикалық әрекеттердегі қолданбалы ғылыми бағыт;

Е. педагогикалық және ғылыми–зерттеу әрекеттерінің берілуін реттеп отыру құралы.

49. Е. С. Заир-Бек бойынша жобалау:

А. тәжірибеде бұрын болмаған білім беру мен педагогикалық әрекет түрлерін жаңадан құрастыру мақсатындағы тәжірибелік -бағдарлы әрекет;

В. гуманистік мазмұндағы білімді гуманистік әдістер мен тәсілдер арқылы игеру негізінде белгіленген білім өнімін алудағы оқушылардың білім нәтижелері мен мақсатына болжам жасау және оны модельдеу;

С. білім берудің дамытудың жаңа саласы, педагогикалық әрекетті түсіндірудің жаңа амалы;

Д. қазіргі білім беру жүйелерін дамыту, жаңарту, жетілдіру және ондағы қайшылықтарды болдырмау міндеттерін орындауға бағытталған педагогикадағы және ұйымдастырылатын практикалық әрекеттердегі қолданбалы ғылыми бағыт;

Е. педагогикалық және ғылыми–зерттеу әрекеттерінің берілуін реттеп отыру құралы.

50. Н. А. Масюкова бойынша жобалау:

А. тәжірибеде бұрын болмаған білім беру мен педагогикалық әрекет түрлерін жаңадан құрастыру мақсатындағы тәжірибелік -бағдарлы әрекет;

В. гуманистік мазмұндағы білімді гуманистік әдістер мен тәсілдер арқылы игеру негізінде белгіленген білім өнімін алудағы оқушылардың білім нәтижелері мен мақсатына болжам жасау және оны модельдеу;

С. білім берудің дамытудың жаңа саласы, педагогикалық әрекетті түсіндірудің жаңа амалы;

Д. қазіргі білім беру жүйелерін дамыту, жаңарту, жетілдіру және ондағы қайшылықтарды болдырмау міндеттерін орындауға бағытталған

педагогикадағы және ұйымдастырылатын практикалық әрекеттердегі қолданбалы ғылыми бағыт;

Е. педагогикалық және ғылыми–зерттеу әрекеттерінің берілуін реттеп отыру құралы.

51. Өзінің көпфункционалдық сипатына сай педагогикалық жобалауда төмендегі сапалардың қайсысында қолдануға болмайды:

- A. Қаржы құралы ретінде
- B. Білім беру құралы ретінде
- C. Оқыту/тәрбиелеу құралы ретінде
- D. Процедуралар ретінде
- E. Дамыту түрі ретінде

52. В. П. Бедерханова да жобалаудың көптеген тәжірибелік нұсқаларын талдай отырып, жобалауды қандай екі үлкен бағыттарға ажыратады?

- A. интенсивтік сипаттағы жобалар жасау және жобалау әрекеттері.
- B. инновациялық ойындар мен жобалау жиындары.
- C. ситуативтік, әлеуметтік,
- D. мәдени және тұрмыстық
- E. қоғамдық және экзистенциалдық

53. Педагогикалық жобалаудың жаңарту нысанына, мақсаттық бағыттарына және нәтижелеріне байланысты бүгінгі таңда негізгі неше түрі белсенді дамып келеді:

- A. Бір
- B. Екі
- C. Үш
- D. Төрт
- E. Бес

54. Әлеуметтік – педагогикалық жобалау неге бағыталады?

- A. олар әлеуметтік ортаны өзгертуге немесе педагогикалық құралдар мен әдістер арқылы әлеуметтік мәселелерді шешуді бағытталады;
- B. адамдар мен олардың қарым – қатынастарын білім беру үдерісі барысында жаңарту;

- C. ол білім сапасы мен нәтижелерін, білім беру жүйесі мен оның институттарын инновациялық өзгертуді жобалаймыз.
- D. жобалау нысанының тұжырымдамасын немесе оның болжамдық нобайын, моделін құрастыруға бағытталады.
- E. нәтиженің өзін ғана алу емес, оны пайдалану диапозондарына, қызмет ету бағытына қарай нақты сапаларын да құрастыруды көздейді.

55. Психологиялық–педагогикалық жобалаудың мақсаты:

- A. олар әлеуметтік ортаны өзгертуге немесе педагогикалық құралдар мен әдістер арқылы әлеуметтік мәселелерді шешуді бағытталады;
- B. адамдар мен олардың қарым – қатынастарын білім беру үдерісі барысында жаңарту;
- C. ол білім сапасы мен нәтижелерін, білім беру жүйесі мен оның институттарын инновациялық өзгертуді жобалаймыз
- D. жобалау нысанының тұжырымдамасын немесе оның болжамдық нобайын, моделін құрастыруға бағытталады.
- E. нәтиженің өзін ғана алу емес, оны пайдалану диапозондарына, қызмет ету бағытына қарай нақты сапаларын да құрастыруды көздейді.

56. Білім беруді жобалау арқылы нені белгілей аламыз?

- A. олар әлеуметтік ортаны өзгертуге немесе педагогикалық құралдар мен әдістер арқылы әлеуметтік мәселелерді шешуді бағытталады;
- B. адамдар мен олардың қарым – қатынастарын білім беру үдерісі барысында жаңарту;
- C. ол білім сапасы мен нәтижелерін, білім беру жүйесі мен оның институттарын инновациялық өзгертуді жобалаймыз
- D. жобалау нысанының тұжырымдамасын немесе оның болжамдық нобайын, моделін құрастыруға бағытталады.

Е. нәтиженің өзін ғана алу емес, оны пайдалану диапазондарына, қызмет ету бағытына қарай нақты сапаларын да құрастыруды көздейді.

57. Жобалаудың тұжырымдамалық деңгейі нені құрастыруға бағытталады?

А. жобалау нысанының тұжырымдамасын немесе оның болжамдық нобайын, моделін құрастыруға бағытталады.

В. нәтиженің өзін ғана алу емес, оны пайдалану диапазондарына, қызмет ету бағытына қарай нақты сапаларын да құрастыруды көздейді.

С. берілген контексте қолданылатын тәсілдердің алгоритмдік сипаттамасын беруді көздейді.

Д. жобаның тәжірибеде қолдануға дайын түрін сипаттайды.

Е. адамдар мен олардың қарым – қатынастарын білім беру үрдісі барысында жаңарту;

58. Жобалаудың мазмұндық деңгейі нені құрастыруға бағытталады?

А. жобалау нысанының тұжырымдамасын немесе оның болжамдық нобайын, моделін құрастыруға бағытталады.

В. нәтиженің өзін ғана алу емес, оны пайдалану диапазондарына, қызмет ету бағытына қарай нақты сапаларын да құрастыруды көздейді.

С. берілген контексте қолданылатын тәсілдердің алгоритмдік сипаттамасын беруді көздейді.

Д. жобаның тәжірибеде қолдануға дайын түрін сипаттайды.

Е. адамдар мен олардың қарым – қатынастарын білім беру үрдісі барысында жаңарту

59. Жобалаудың технологиялық деңгейі нені құрастыруға бағытталады?

А. жобалау нысанының тұжырымдамасын немесе оның болжамдық нобайын, моделін құрастыруға бағытталады.

В. нәтиженің өзін ғана алу емес, оны пайдалану диапазондарына, қызмет ету бағытына қарай нақты сапаларын да құрастыруды көздейді.

- C. берілген контексте қолданылатын тәсілдердің алгоритмдік сипаттамасын беруді көздейді.
- D. жобаның тәжірибеде қолдануға дайын түрін сипаттайды.
- E. адамдар мен олардың қарым – қатынастарын білім беру үрдісі барысында жаңарту

60. Процессуалдық, үрдістік деңгей нені құрастыруға бағытталады?

- A. жобалау нысанының тұжырымдамасын немесе оның болжамдық нобайын, моделін құрастыруға бағытталады.
- B. нәтиженің өзін ғана алу емес, оны пайдалану диапазондарына, қызмет ету бағытына қарай нақты сапаларын да құрастыруды көздейді.
- C. берілген контексте қолданылатын тәсілдердің алгоритмдік сипаттамасын беруді көздейді.
- D. жобаның тәжірибеде қолдануға дайын түрін сипаттайды.
- E. адамдар мен олардың қарым – қатынастарын білім беру үдерісі барысында жаңарту

61. Белгілі бір ауқымды проблеманы болжау барысында төмендегі жобалау алгоритмі қандай ретпен орындалады:

- A. Нақтылау – болжау – жобалау – жоспарлау - баға беру
- B. Болжау - нақтылау – жобалау – жоспарлау - баға беру
- C. Жобалау - нақтылау – болжау – жоспарлау - баға беру
- D. Жоспарлау - нақтылау – болжау– жобалау -- баға беру
- E. баға беру - нақтылау – болжау – жоспарлау- жобалау

62. Жобаланатын нысанды өзгерткеннен кейінгі нәтижесін көре білу және сонымен қатар, сол нәтижеге жету барысын нақты үрдіс ретінде көре білу дегеніміз:

- A. Мақсат қою
- B. Жоспарлау

- C. Болжау
- D. Баға беру
- E. Нақтылау

63. Педагогикалық жобалаудың негізгі нәтижелері не болып табылады?

- A. Жобалар мен бағдарламалар
- B. Бағдарлама мен жоспарлар
- C. Сабақ жоспарлары мен күнтізбелік жоспарлар
- D. Зерттеулер мен нәтижелер
- E. Жобалар мен кітаптар

64. Жүйе құрамындағы басқарушы және басқарылушы компоненттердің өзара қатынастары мен жүйенің өзін өзі дамыту ресурстарын тиімді ұйымдастыру арқылы мақсатқа сәйкес күтілетін нәтижелерін қамтамасыз етудің тиімді механизмі –

- A. Басқарылушы жағдайлар
- B. Басқарудағы жоспарлау
- C. Бағынудағы нәтижелер
- D. Басқарудағы жобалау
- E. Басқарудағы зерттеулер

65. Әкімшілік басқару түріндегі жүйенің жобалау объектісі ретіндегі жағдайы:

- A. Жүйенің қанағаттанарлық жағдайы
- B. Кейбір бөліктері мен компоненттерінің қанағаттанарлықсыздығы
- C. Қанағаттанарлықсыз, жүйенің жаңа қызметтерін қажет етеді
- D. Қанағаттанарлықсыз, жүйенің жаңа түрлерін қажет етеді
- E. Кейбір бөліктері мен компоненттерінің қанағаттанарлықтығы

66. Оңтайлылық басқару түріндегі жобалау қызметі:

- A. Жүйені белгілі бір нормаға сай жетілдіру
- B. Тұтастық ішінен жаңа құрылымның қызметі мен орнын анықтау
- C. Жүйенің түрін өзгерту

D. Жаңа қасиеттерін, байланыстар мен қызметтерін дамыту

E. Жүйенің түрін өзгертпеу

67. Инновациялық басқару түріндегі жобалау жиілігі:

A. Жоспарлау логикасы мен аясына сай

B. Бағдарламалау мен құрастыру логикасы мен аясына сай

C. Болжау мен модельдеу логикасы мен аясына сай

D. Жобалаудың өзінің логикасы мен аясына сай

E. Бағдарламалау логикасы мен аясына сай

68. Дамыта басқарудағы жобалау қызметі:

A. Жаңа қасиеттерін, байланыстар мен қызметтерін дамыту

B. Жүйені белгілі бір нормаға сай жетілдіру

C. Тұтастық ішінен жаңа құрылымның қызметі мен орнын анықтау

D. Жүйенің түрін өзгерту

E. Жүйенің түрін өзгертпеу

69. Берілген талаптарға сай педагогикалық ұжымның дамуын қамтамасыз ететін ұйымдастыру мен оның тиімділігін аталған көрсеткіштер арқылы бағалау арқылы жобалаудың тиімділігін қамтамасыз ететін қандай жобалар болып табылады?

A. Мақсаттық - бағдарлы жобалар

B. Мақсаттық - бағдарлы дамыту жобалар

C. Микро – жобалар

D. Нақты жоба

E. Болжаулық жобалау

70. Инновациялық өзгерістерді жобалауда төмендегі талаптардың қайсысы ескерілмеуі қажет:

A. Жобаның бұрын қолданылғаны анықталады

B. Жобаның күтілетін нәтижелері алдын ала белгіленеді;

C. Жобаның тиімділігі мен оны жүзеге асыруға жұмсалатын ресурстар алдын ала сәйкестендіріледі;

- D. Жобалау барысындағы тәуекел жағдайлар алдын ала ескеріледі;
- E. Ұжымда жаңа құрылымдар жасалу мүмкіндігі қарастырылады.

71. Жобаның негізгі бөлімдеріне жатпайтыны:

- A. Жобаны жүзеге асырудың күнтізбелік жоспары мен кезеңдері;
- B. Жобаны жүзеге асыру барысының мониторингі, әр кезеңнің нәтижелері мен тиімділігін бағалап отыру;
- C. Жобаның жалпы нәтижесі мен өміршеңдігін бағалау;
- D. Әдебиеттер тізімі
- E. Жоспарланған бюджеті.

72. Жағдайды талдау, проблема қою жобаның қай кезеңінде көрсетіледі?

- A. Жобаны жүзеге асырудың күнтізбелік жоспары мен кезеңдері;
- B. Жобаны жүзеге асыру барысының мониторингі, әр кезеңнің нәтижелері мен тиімділігін бағалап отыру;
- C. Кіріспе бөлімі
- D. Жобаның жалпы нәтижесі мен өміршеңдігін бағалау;
- E. Жоспарланған бюджеті.

73. Ұйым үшін өзекті болып табылатын мәселені айқындау арқылы оны шешудің нақты жолдары көрсетіледі, сонымен қатар, олар қоғамдық - тарихи, ұлттық, жергілікті ерекшеліктер мен талаптарға сәйкес болуы міндетті нешінші қадам?

- A. Алғашқы қадам.
- B. Екінші қадам
- C. Үшінші қадам
- D. Төртінші қадам
- E. Бесінші қадам

74. Жағдайды талдау мен мәселе қою арқылы жобаның мақсат–міндеттері нақтыланып,

ресурстарға баға берілуі нешінші қадамда жүзеге асады?

- A. Алғашқы қадам.
- B. Екінші қадам
- C. Үшінші қадам
- D. Төртінші қадам
- E. Бесінші қадам

75. Қалыптасқан жағдайға сай мәселені шешу жолдарын, мақсат–міндеттерін, ресурстарын талдау негізінде жасалатын жобаны мазмұндық–құрылымдық сипаттау кезеңі нешінші қадам?

- A. Алғашқы қадам.
- B. Екінші қадам
- C. Үшінші қадам
- D. Төртінші қадам
- E. Бесінші қадам

76. PEST-талдаудың принциптері:

- A. Жүйелілік, шынайылық, проблеманы белгілеу және мақсат қою.
- B. Жүйелілік, проблеманы белгілеу және мақсат қою.
- C. Жүйелілік, шынайылық және мақсат қою.
- D. Жүйелілік, шынайылық, проблеманы белгілеу
- E. Жүйелілік, шынайылық

77. Жобалау әрекетін ұйымдастыру үшін жоба жетекшілерінің (басшылардың, педагогтардың, білім алушылардың) құзыреттіліктерін дамытуға ұйым ішінде оқу мен тәжірибені ұштастыру арқылы арнайы ұйымдастырылып, тұрақты түрде қызмет істейтін семинарлар, немесе, оқу-тәжірибелік алаңдар мен зертханаларды ұйымдастыру арқылы мүмкін болады. Бұл педагогикалық жүйелерді дамытуды көздейтін жобалауды тиімді ұйымдастырудың нешінші шарты?

- A. Бірінші шарты,
- B. Екінші шарт,
- C. Үшінші шарт,
- D. Төртінші шарт

Е. Бесінші шарт

78. Педагогикалық жүйені басқаруды жобалау қызметі қатаң құрылымданбаған матрицалық, немесе иерархиялық–матрицалық болуын талап етеді, өйткені, мақсатты бағдарлы жобалау технологиясы құрылымы иерархиялыққа бағытталмайды, тұтастық пен жүйелікке негізделеді және қозғалмалы болады, яғни, әртүрлі деңгейлердегі жобалар уақытша басқару құрылымдары арқылы жүргізілу мүмкін. Бұл педагогикалық жүйелерді дамытуды көздейтін жобалауды тиімді ұйымдастырудың нешінші шарты?

- A. Бірінші шарты,
- B. Екінші шарт,
- C. Үшінші шарт,
- D. Төртінші шарт
- E. Бесінші шарт

79. Аталғандардың қайсысының орындалуы педагогикалық жүйенің жаңа сапасын, бірлесіп үйрену мен бірлесіп білім алуға бағытталған қарым–қатынастар мен құрылымдарды дамытатын, қатысушылардың субъектілік позицияларын қалыптастыратын, мақсат қою және оны жүзеге асырудағы жаңа әрекеттерді тудыратын тиімді басқару тетігі жобалаудың тиімді ұйымдастырылуына негіз болады?

- A. Шарттардың
- B. Жағдайлардың
- C. Заңдардың
- D. Баптардың
- E. Салдардың

80. Квалиметриялық сараптама дегеніміз қандай сараптама?

- A. Бұл тексерілетін мәліметтердің белгіленген сапалық нормалары негізінде қатаң процедуралармен тексеру.

- В. Жобаны бағалауға тартылатын эксперттердің мәртебесі мен кәсіби беделіне, танымал тәжірибесіне қатысты сараптама.
- С. Жобаға қатысушылардың мәртебесі мен кәсіби беделін бағалауға тартылатын сараптама.
- Д. Бұл тексерілетін мәліметтердің белгіленген сапалық нормалары негізінде жай процедуралармен тексеру.
- Е. Жобаны бағалауға тартылатын эксперттердің мәртебесі мен кәсіби беделіне, танымал тәжірибесіне қатыссыз сараптама.

81. Статустық сараптама дегеніміз қандай сараптама?

- А. Бұл тексерілетін мәліметтердің белгіленген сапалық нормалары негізінде қатаң процедуралармен тексеру.
- В. Жобаны бағалауға тартылатын эксперттердің мәртебесі мен кәсіби беделіне, танымал тәжірибесіне қатысты сараптама.
- С. Жобаға қатысушылардың мәртебесі мен кәсіби беделін бағалауға тартылатын сараптама.
- Д. Бұл тексерілетін мәліметтердің белгіленген сапалық нормалары негізінде жай процедуралармен тексеру.
- Е. Жобаны бағалауға тартылатын эксперттердің мәртебесі мен кәсіби беделіне, танымал тәжірибесіне қатыссыз сараптама.

82. Жоба жетекшісіне сәйкес емес қасиеттер қатарына:

- А. Лидерлік және харизматикалық қасиеттер;
- В. Команданы іске жұмылдыра алатын, олардың қабілеттерін дамыта алатын, адамдардың өзіне және бір–біріне өзара сенімділік жағдайын тудыра алатын;
- С. Тұйықтық және ысырапшылдық
- Д. Маман ретіндегі күзіреттілігі ғана емес, коммуникативтік қабілеттері де жоғары болуы жатады.

83. Басқару үдерісінің тағы бір маңызды кезеңі жоспарлау қандай сипатта орындалады?

- A. индикаторлық сипатта
- B. қатаң сипатта
- C. демократиялық сипатта
- D. авторитарлық сипатта
- E. либералдық сипатта

84. Педагогикалық жобалаудың қайта жаңғыртушылық қандай деңгейінде мемлекет деңгейіндегі білім беру жүйесінің өзгерістерін қамтиды, оның нәтижелерінің тиімділігін тарихи уақыт өлшемімен ғана бағалауға болады?

- A. Стратегиялық деңгей
- B. Институционалдық деңгей,
- C. Технологиялық деңгей
- D. Болжаулық деңгей
- E. Салыстырмалы деңгей

85. Белгілі бір білім беру ұйымдары, басқару құрылымдары немесе белгілі бір білім беру жүйесіндегі салалық өзгерістерді қай деңгей қарастырады?

- A. Стратегиялық деңгей
- B. Институционалдық деңгей,
- C. Технологиялық деңгей
- D. Болжаулық деңгей
- E. Салыстырмалы деңгей

86. Педагогикалық жүйелерді басқарудағы жобалауға қажетті ресурстары қатарында не жатпайды?

- A. білімдік, ақпараттық,
- B. материалдық-техникалық,
- C. пайдалы қазбалар
- D. қаржылық
- E. адам ресурстары

87. Мақсатты анықтау дегеніміз –

- A. Жан-жақты әрекеттерді жоспарлау
- B. Өткенді саралау
- C. Қазіргіні айқындау

D. Күтілетін нәтижелердің сипаттамасын тексеруге, өлшеуге болатындай етіп көрсету.

E. Салыстырмалы зерттеу жүргізу

88. Жобалау қызметі негізінде педагогикалық жүйенің жалпы мақсаты мен оған сәйкес барлық құрылымдардың белгілі бір мәселені шешудегі мақсаттарын біріктіріп, күтілетін нәтижені мазмұндық, әдіс - тәсілдік, ресурстық тұрғыдан қамтамасыз ететін қандай жобалары жасалады?

A. Трансценденттік

B. Мақсаттық - бағдарлы дамыту

C. Микро – жобалар

D. Нақты жоба

E. Болжаулық жобалау

89. Өзгерістердің жүзеге асырудың бірінші кезеңінде:

A. жобалау нәтижесінде жүйені басқарушылардың құзыреттілік сапаларын дамыту деңгейі.

B. білім беру процесінде, педагогикалық жүйе ретіндегі білім беру ұйымдарында қалыптасқан іс – әрекеттерді, қарым-қатынастарды өзгере бастауы, дамуы.

C. білім беру процесінде, педагогикалық жүйе ретіндегі білім беру ұйымдарында қалыптасқан басқару қызметтері – мақсат қою, міндеттер мен күтілетін нәтижелерді жаңаша нақтылау жүзеге асырылады.

D. жүйенің ұйымдастырушылық өзгерістері, жаңа сапаға өтуі – педагогикалық жүйенің мақсатқа сәйкес даму өзгерістері жүзеге асырылады.

90. Ұйымдағы басқару субъектілері (педагогтар, білім алушылар, ата - аналар бірлестіктері, т.б.) ұжымды басқаруға қатыстырылып, түрлі деңгейлердегі жүйелерде ұйымдастырушылық-құрылымдық өзгерістер пайда болады, педагогикалық әрекеттердің мазмұны мен әдістері жаңарып, педагогтар тарапынан білім беру процесінде, сабақтардың

құрылымына өзгерістер енгізіле бастауы қай кезең?

- A. Бірінші кезеңде
- B. Екінші кезеңде
- C. Үшінші кезеңде
- D. Төртінші кезеңде
- E. Бесінші кезеңде

91. Білім беру мекемелері жүйесін пайдалана отырып, жеке білім алу бағдарламаларын құрастыру және жүзеге асыру ресурстарын қалай атаймыз?

- A. педагогтарды негізгі адам ресурстары ретінде басқару ресурсы;
- B. ғылыми–әдістемелік ресурстар;
- C. ұйымдастырушылық–педагогикалық ресурстар;
- D. ақпараттық ресурстар;
- E. әлеуметтік–педагогикалық ресурстар;

92. Сонымен қатар, жобалардағыдай, даму бағдарламасында қандай мағлұматтар берілуі талап етілмейді:

- A. педагогикалық ұжымның сол кезеңде қол жеткен нәтижелері туралы;
- B. одан жоғары нәтижелерге жетудің мүмкіндіктері туралы; жоғары нәтижелерге жетудегі кедергілерді анықтау
- C. жобаға қатысушылардың жанұя құрамы
- D. кедергілерді болдырмауға қажет ресурстар туралы.

93. Оқушы үшін жобалау әрекетіне қатысу оған не береді?

- A. Оның өз бетімен жұмыс істеуге ұмтылуына ықпал етеді
- B. Педагогикалық міндеттерді орындау құралы
- C. Білімдік, дағдылық, құзіреттілік, құндылықтық сапалар
- D. Мінез-құлқындағы өзгерістер
- E. Пән бойынша бағалар

94. Мұғалім үшін жобалау әрекетіне қатысу оған не береді?

- A. Оның өз бетімен жұмыс істеуге ұмтылуына ықпал етеді
- B. Педагогикалық міндеттерді орындау құралы
- C. Білімдік, дағдылық, күзiреттiлiк, құндылықтық сапалар
- D. Мінез-құлқындағы өзгерістер
- E. Пән бойынша бағалар

95. Оқушылар жобасының өнімі:

- A. Оның өз бетімен жұмыс істеуге ұмтылуына ықпал етеді
- B. Педагогикалық міндеттерді орындау құралы
- C. Білімдік, дағдылық, күзiреттiлiк, құндылықтық сапалар
- D. Мінез-құлқындағы өзгерістер
- E. Пән бойынша бағалар

96. Креативтілік деңгейін диагностикалауда адамның қандай қасиеті бағаланады?

- A. Дұрыс жауапты таңдай білуі емес, проблеманы анықтай алуынан бастап, оны шешудің бірнеше тың жолдарын күтпеген, бұрын қарастырылмаған жағынан ұсына білуі бағаланады.
- B. Дұрыс жауапты таңдай білуі
- C. Алгоритм бойынша жұмыс жасау білігі
- D. Өз бетімен жұмыстану қабілеті
- E. Космосқа қызығушылығы

97. Жасөспірім шақтағы жобалау осы кезеңдегі бала дамуының қандай міндеттеріне сай келеді?

- A. Психологиялық және педагогикалық
- B. Экономикалық және экологиялық
- C. Психологиялық және әлеуметтік
- D. Жаратылыстану және математикалық
- E. Әлеуметтік және философиялық

98. Жобалау әрекетін қалай қарастыру қажет?

- A. Білім беру нәтижесі
- B. Мұғалімнің негізгі әрекеті
- C. Оқушының негізгі оқу әрекеті
- D. Білім беру нәтижелеріне қол жеткізу құралы ретінде

Е. Көрнекі құрал

99. Жобаны SWOT- талдауда қандай берілген сапаларының қайсысы қарастырылмайды?

А. стратегиясы

В. мықты жақтары

С. әлсіз жақтары

Д. қауіпті жақтары

Е. мүмкіндіктері

100. Кімнің еңбектерінде жобалау әдісінің негізі қаланып, оның «тәжірибе» ұғымы арқылы таратылғаны белгілі?

А. Генисаретский О. И.

В. Новиков А. М.

С. Маркузе Г.

Д. Алексеев Н. Г.

Е. Д. Дьюи

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары

(Оқулықтың 297-328 беттеріндегі сұрақтар бойынша)

№	жауабы	№	жауабы	№	Жауабы	№	жауабы	№	Жауабы
1.	A	23	C	45	D	67	C	89	A
2.	A	24	D	46	B	68	D	90	C
3.	D	25	E	47	A	69	A	91	C
4.	C	26	A	48	C	70	A	92	C
5.	C	27	A	49	D	71	D	93	A
6.	A	28	B	50	E	72	C	94	B
7.	C	29	C	51	A	73	A	95	C
8.	D	30	A	52	A	74	B	96	A
9.	E	31	A	53	C	75	C	97	C
10.	A	32	B	54	A	76	A	98	D
11.	D	33	A	55	B	77	B	99	A
12.	E	34	B	56	C	78	D	100	E
13.	A	35	C	57	A	79	A		
14.	C	36	E	58	B	80	A		
15.	C	37	A	59	C	81	B		
16.	A	38	E	60	D	82	C		
17.	D	39	D	61	A	83	A		
18.	A	40	C	62	A	84	A		
19.	D	41	A	63	A	85	B		
20.	B	42	A	64	D	86	C		
21.	A	43	A	65	A	87	D		
22.	B	44	D	66	D	88	B		

ҚОСЫМША 1

Білім беру ұйымдарын дамытуға арналған жобаларды бағалау әдістемелері

Зерттеудің нәтижелері төмендегі көрсеткіштер мен өлшемдер арқылы бағаланады. *Біріншіден*, педагогтар мен түрлі деңгейлердегі педагогикалық жүйе басқарушыларының жоба жетекшілері ретіндегі құзыреттіктерінің көрсеткіштері алынады, олар:

Педагогикалық жүйелерді дамытуға негіз болатын инновациялық жобалау стратегиясын құрастыра білуі;

Мақсаттық-бағдарлы жобалаудың тұтас циклін ұйымдастыра білуі;

Жобалардың тиімділігін бағалай білу құзыреттіліктері;

Одан әрі аталған сапалардың қалыптасқандығын қандай көрсеткіштер арқылы бағалауға болатыны анықталды. Ол проблемалық мәселе бойынша құрастырған жобалары және оларды бағалау көрсеткіштері.

«SMART - талдау» әдістемесін пайдалану

Қатысушылардың аталған бағыттарда ұсынған жобалары мен олардың тиімділігін анықтайтын көрсеткіштер ретінде «SMART-талдау» әдістемесі пайдаланылды (Кесте 14), (Specific - *өзектілігі айқындалуы, нақтылығы*; Measurable - *өлшеуге болатындығы*; - Achievable – *қолжетімдігі*; Related – *шынайылығы*; Times-bound - *уақыт шектеулерінің белгіленуі*):

Кесте 14 – Жобаларды бағалаудың «SMART - талдау» картасы үлгісі

Өлшемі	Көрсеткіштері	Сәйкестігін бағалау(3– 1 балл аралығы)
1	2	3
<i>Өзектілігі</i>	Жобалау қызметі ұйымның жұмысындағы белгілі бір қиындықтар туғызып отырған проблемаларды анықтап, оны тиімді шешуге бағытталған болуы тиіс. Басым бағыттарды айқындау, талдау жасау арқылы негіздеу және шешу	<i>Ескерту:</i> <i>Әрбір көрсеткіш бағаланады.</i> <i>Толық сәйкес – 3 балл, ішінара сәйкес– 2 балл, сәйкес емес– 1</i>

	жолдарын ұсыну, жобалау қызметінің маңызды мәселеге бағытталғанын көрсетеді.	<i>балл.</i>
<i>Өлшемдері болуы</i>	Жобалау қызметінің нәтижесі қалыптасқан жағдайды өзгертетін, не жетілдіретін болуы керек. Ол үшін алдын ала анықтау алуды қажет ететін сұрақтар: 1) жобалау қызметінің қандай көрсеткіштері нәтижелер деп есептеледі; 2) оларды қандай параметрлер арқылы өлшеуге болады және олар немен өлшенеді?	
<i>Қолжетімдігі</i>	Жобалау қызметінің қолжетімдігі стратегиясын жүзеге асыру барысында оның күтілетін нәтижелерінің алдын ала анықталуы және оны орындау жолдары мен механизмдерінің нақты кезеңдері мен алгоритмінің жасалуынан белгілі болады.	
<i>Шынайылы-ғы</i>	Жобалау қызметі жүйенің ішкі қажеттігі және сыртқы орта талаптарына сәйкестігі, оны іске асыратын лайықты адамдар тобы белгіленуі, жобалаудың мазмұны мен технологиясы, қажетті ресурстары анықталуы. Осы әрекеттердің болуы жобалаудың шын мәнінде жүзеге асырылуына мүмкіндік жасайды.	
<i>Уақыт шектеулері-нің белгіленуі</i>	Бұл жобалау қызметінің басталу және аяқталу мерзімдерін, орындау барысындағы аралық кезеңдерді және әрбір аралық кезеңнің мақсаты мен күтілетін нәтижелерінің нақты белгіленуінен көрінеді.	
<i>Күтілетін кедергілер дәрежесінің анықталуы</i>	Жобалау қызметі барысында осыған ұқсас тәжірибелерді зерттеу және талдау арқылы алдын ала болжау әрекеттеріне сүйене отырып, болуы мүмкін кедергілер мен қиындықтардың, одан шығатын жолдардың алдын ала белгіленуі.	
<i>Жалпы бағасы</i>		

Бұл көрсеткіштер нәтижесі төмендегі бағалар бойынша анықталады: толық сәйкес – 3 балл, ішінара сәйкес – 2 балл, сәйкес емес – 1 балл. Жобаның сәйкестік формуласы: $K = K_f : K_m$.

Ондағы белгілер:

K – Жобаның талаптарға сәйкестігі;

K_f – факт бойынша жобаның жинаған жалпы балл саны;

K_m –максималдық мүмкін балл саны.

Бұл деңгейді бағалауда төмендегі көрсеткіштері пайдаланылады:

өте төмен – $K < 0,45$;

төмен– $0,45 < K < 0,65$;

жеткілікті– $0,65 < K < 0,85$;

қажетті – $K > 0,85$.

Қосымша бағалау көрсеткіші ретінде жасалған *жобаның өміршеңдігін* анықтау алынды. Оның мәнісі жоба жетекшілерінің алдына қойылған міндеттерді орындап, жобаны жасағаннан кейінгі жағдайын анықтау болып табылады. Бұл жоба әрі қарай жалғасуы мүмкін бе, ол үшін қандай ресурстар бар, қандай ресурстар қажет? Қандай бағыттарда жалғасын таба алады? Жобалаудың қателіктері мен тәуекелдері талдана ма? Міне, осындай талдаулардың болуы жобаның өміршеңдігін көрсетеді.

Сонымен қатар, бұл көрсеткіштер жоба жетекшілерінің жобалауды ұйымдастыру әдістемесін қаншалықты меңгергенін жасаған жобаларына қарап бағалауды ғана көздейді, сондықтан оны жоба жетекшілерінің алған білімдерінің нәтижелері деп қана қарастыру қажет.

ҚОСЫМША 2

Жобалау әрекетін сипаттайтын түсініктер

Проблема	Іс-әрекеттің негізі (адамдар, олардың арасындағы қарым-қатынас, пәндер, күнделікті және т.б.)
Проблеманы суреттеу	Адамдардың қарым-қатынасы, пәндер және т.б.
Проблеманы талдау	Жағдайларды бөліп, әрқайсысын мұқият қарастыру
Проблеманың себебі	Жағдайдың жалпылама сипаттамасы (субъект үшін маңызды тұрғысынан)
Мүдделілер	Адамдар, топтар немесе ұйымдар олар жағдайдың өзгеруін(+) немесе өзгермеуін қалайды(-)
Ықпалы	Мәселеге қатысты мақсатқа бағытталған адамдардың әрекеті
Негізгі проблема	Екі түрлі жағдайдың қарама-қайшылығы
Қайшылықтар	Құбылыс, баға, мәлімет, т.б. бір-біріне сәйкессіздігі
Мәселені талдау	Мәселенің пайда болуын анықтау және оны жоюдың жолы
Проблеманы шешудің басқа да жолдары	Қалыптасқан жағдайды өзгертудің түрлі бағыттары
Мақсат	Күтілетін түпкілікті нәтиже
Жобаның нәтижесі	Қалыптасқан жағдайдың өзгеруі
Көрсеткіштер	Жоспарланған нәтижеден көрінеді
Тәуекел	Алынған нәтижелердің кейбіреуі жағымды нәтиже бермейді
Тәуекелді талдау	Жобалауға ықтималды түрде ықпал ету жағдайлары
Тәуекелді жоспарлау	Оларды болдырмау жоспары
Тәуекелді болдырмау жоспары	Альтернативті іс - әрекет жоспары, ол өз кезегінде нәтижені алуға септігін тигізеді
Міндеттер	Ағымдық нәтижелерді белгілеу (қалыптасқан жағдайды өзгерту), олар мақсатқа жету үшін жүзеге асырылуы тиіс
Технология	Барлық тәсілдерді жоспарлау бірнеше жағдайларда бірдей нәтижеге әкеледі
Қадамдар	Уақыт өтсе де өзгермейтін әрекеттер
Жоспар	Тәсілдерді қолданудағы бірізділік
Ресурстар	Нақты мәселені шешудегі қолданылатын ресурстар
Өнім	Адамдардың еңбегі нәтижесінде пайда болатын нәтиже
Өлшемдер	Өзгерістердің деңгейін анықтайтын көзқарастар

Магистратураға ендірілген «Білім беру ұйымдарын басқарудағы жобалау» элективтік курсының сабақ мазмұны мен кестесі

Дәріс сабақтарының мазмұны

№1 дәріс тақырыбы: Қазіргі жүйелерді басқару: өзгерістер мен даму жағдайындағы басқарудың ерекшеліктері

Мақсаты: менеджмент негізінде басқару жайында түсінік қалыптастыру

Тірек ұғымдар: өзгерістер, басқару, менеджмент, жобалау

Жоспар

Басқару жайында жалпы түсінік. Менеджмент – қолданбалы гуманитарлық (әлеуметтік-мәдени) пән.

Басқару түрлері. Талдау. Жобалау. Зерттеу.

Дамуды зерттеу және басқару.

Талдау және зерттеу басқару түрлері ретінде.

№2 дәріс тақырыбы: Басқарудың теориялық негіздері

Мақсаты: басқару әрекетінің негіздерімен таныстыру

Тірек ұғымдар: басқару жүйесі: ұйымдастыру, талдау, жобалау, зерттеу

Жоспар

«Басқару әрекеті» ұғымы. Басқару әрекетінің қызметтік бөліктері.

Білім беру ұйымдарын басқарудың негізгі міндеттері.

Басқару тәжірибесінің жүйесі: ұйымдастыру, талдау, прожект (болашақ туралы түсініктер), зерттеу.

№3 дәріс тақырыбы: Жобалау басқару тәжірибесі ретінде. Жобалау әдістері мен құралдары

Мақсаты: басқарудағы жобалау әрекетінің орнын белгілеу

Тірек ұғымдар: жобалау, жобалау әдістері

Жоспар

Жобалау – басқару технологиясы.

Жобалау әдістеріне жалпы сипаттама: экстраполяция әдісі, ресурстық талдау әдісі, шешім қабылдау әдісі, проблемалық талдау әдісі, стратегиялық жоспарлау әдісі.

№4 дәріс тақырыбы: Әлеуметтік жобалау ресурстары

Мақсаты: әлеуметтік жобалау ресурстарын ұғындыру

Тірек ұғымдар: «бастапқы» ресурстар, стратегиялық ресурстар

Жоспар

Жобалаудағы «бастапқы» және стратегиялық ресурстар.

Ресурстармен жұмыс жасау көрсеткіштері.

Ресурстармен жұмыс жасау принциптері.

№5 дәріс тақырыбы: SWOT – талдау сызбасы мен принципін қолдану

Мақсаты: SWOT–талдау жайында түсінік қалыптастыру

Тірек ұғымдар: SWOT – талдау, PEST – талдау

Жоспар

SWOT – талдауға жалпы сипаттама.

PEST – талдау – SWOT талдаудың құрамдас бөлігі.

SWOT- талдау- басқару әрекетінің шарты.

№6 дәріс тақырыбы: Білім беру жүйесіндегі инновацияларды басқару

Мақсаты: инновацияларды басқару әрекетінің негіздерімен таныстыру

Тірек ұғымдар: инновация, әлеуметтендіру, мәдениеттендіру

Жоспар

Өзгерістерді басқару: жобалау объектілері және жобалау объект ретінде.

Инновацияларды басқару: әлеуметтендіру және мәдениеттендіру.

№7 дәріс тақырыбы: Жобалауда тұжырымдама жасау

Мақсаты: тұжырымдама жасау негіздерімен таныстыру

Тірек ұғымдар: тұжырымдама, жоба тұжырымдамасы

Жоспар

Жобалау жүйесінде тұжырымдама жасаудың орны мен мәні.

Жобалау жұмысында «ситуацияны талдау-тұжырымдама жасау» қатынасы. «Тұжырымдама жасау – мақсат қою»

Тұжырымдама жасау процесінің технологиялық құрылымы.

№8 дәріс тақырыбы: Жобалауда мақсат-міндеттер қою

Мақсаты: жобалау әрекетінде мақсат қою негіздерімен таныстыру

Тірек ұғымдар: мақсат, міндет

Жоспар

Мақсат қою – ұйымдастыру және нақтылау құралы.

Міндеттер – жобалау әрекетін жоспарлау шарты.

Мақсат қоюдан міндеттерге көшу.

№9 дәріс тақырыбы: Стратегиялық жоспарлау

Мақсаты: стратегиялық жоспарлау ұғымымен таныстыру

Тірек ұғымдар: стратегия, стратегиялық жоспарлау

Жоспар

Стратегия ұғымы. Стратегиялық жоспарлау ұғымы. Жоба – «стратегия» құралы.

Стратегиялық жоспарлау түрлері.

Стратегиялық жобалау тұрғылары.

№10 дәріс тақырыбы: Стратегиялық жобалар түрлері

Мақсаты: стратегиялық жобалар түрлерімен таныстыру

Тірек ұғымдар: жобалау стратегиялары

Жоспар

Дәстүрлі жобалау стратегиялары: қорғау (протекционисттік) типі, провокациялық типі.

Жүйелі жобалау стратегиялары: прецедент стратегиясы, гуманитарландыру стратегиясы.

№11 дәріс тақырыбы: Стратегиялық жоспарлаудағы жобалау

Мақсаты: стратегиялық жоспарлауда жобалаудың орнын белгілеу

Тірек ұғымдар: стратегиялық жоспарлау, жобалау технологиясы

Жоспар

Стратегиялық жоспарлаудағы жобалау тұрғысы

Жобалау идеологиясы және жобалау әрекеті

Жоба және бағдарлама.

№12 дәріс тақырыбы: Институционалдық жобалау және білім беру саясаты

Мақсаты: институционалдық жобалаудың тәжірибесімен таныстыру

Тірек ұғымдар: институционалдық жобалау, білім беру саясаты, инновациялық жобалар

Жоспар

Дамуды институционалдық жобалау (аймақтар мен қалалар).

Халықаралық инновациялық жобалардың (технополис, технопарк және т.б.) тәжірибесін талдау.

Институционалдық жобалаудағы адам капиталының орны.

№13 дәріс тақырыбы: Бизнесті жобалаудың теориялық негіздері

Мақсаты: бизнесті жобалаудың теориялық негіздерімен таныстыру

Тірек ұғымдар: бизнес-жоспар

Жоспар

«Бизнес-жоспар» ұғымы. Бизнес-жоспар– ұйымдастырылған жоба.

Бизнес-жоспар жобаның идеясын әлеуметтендіру құралы ретінде.

Бизнес-жоспар жобасының құрылымы мен қызметі

№14 дәріс тақырыбы: Бизнесі жобалау

Мақсаты: бизнесті жобалаудың теориялық негіздерімен таныстыру

Тірек ұғымдар: бизнес-жоспардың мақсат-міндеттері

Жоспар

Жобалау құрылымындағы дәстүрлі бизнесті жоспарлаудың орны

Бизнес-жоспардың мақсат-міндеттері, қызметі

Бизнес-жоспардың типтік құрылымы

№15 дәріс тақырыбы: Жобаны бағалау

Мақсаты: бизнесті жобалаудың теориялық негіздерімен таныстыру

Тірек ұғымдар: жобаны бағалау

Жоспар

Мақсаттарды жүзеге асыру негізінде жобаның тиімділігін бағалау

Мақсат ұжымдық жұмыстың нәтижесі ретінде.

Семинар сабақтарының мазмұны

№ 1 семинар тақырыбы:

Даму – европалық мәдениеттің феномені

Жоспар:

«Өзгеріс» ұғымының мәні: эволюция, қайта өндіру, даму және т.б.

Өзгерістер субъектілері және олардың әлеуметтік – мәдени негіздері.

Даму идеясы- мәдениет феномені. Даму – басқару әрекетінің мақсаты.

№ 2 семинар тақырыбы:

Басқару тәжірибесі

Жоспар:

Басқару тәжірибесі түрлеріне жалпы сипаттама.

Басқару тәжірибесінің басқару міндеттерімен байланысы.

Ұйымда басқару қызметтерін шоғырландыру мүмкіндіктері.

№ 3 семинар тақырыбы:

Жобалаудың негізгі сызбасы

Жоспар:

Қызмет жасау, қайта өндіру және даму басқару тәртібі.

Басқару тәртіптерінің ұйымдастыру, талдау, жобалау және зерттеумен жүйелілік байланысы.

Басқару құрылымында «дамуды басқару» бөлігінің орны.

№ 4 семинар тақырыбы:

Жобалау ресурстары

Жоспар:

Жобалаудағы «бастапқы» ресурстар: адамдар, білім, қаржы, материалдық-техникалық база, ақпарат.

Классикалық ұйымдар ресурстары мен жобалаудағы ресурстар.

Коммуникация және ұжымдық жұмысты ұйымдастыру құралы – жоба.

№ 5 семинар тақырыбы:

SWOT – талдау сызбасы мен принципін тәжірибеде қолдану

Жоспар:

Білім беру саласында SWOT – талдауды қолдану тәжірибесі.

PEST–талдау. Сыртқы орта жайында мәліметтерді Ұйым миссиясы/Жоба мақсаттарына қатысты іріктеп алу.

№ 6 семинар тақырыбы:

SWOT–талдау сызбасы мен принципін тәжірибеде қолдану

Жоспар:

Ситуацияны талдау және мәселені белгілеу – жобалаудың негізі.

Позициялық, тарихи, ұғымдық және жүйелік талдау – жоба алды жұмыстардың негізі.

№ 7 семинар тақырыбы:

Әлеуметтік жобалауда тұжырымдама жасау әдістемесі

Жоспар:

Тұжырымдама – мәдениеттің құрамдас бөлігі.

Мәселе – тұжырымдаманың практикалық негіздемесі.

Ситуацияны талдау және оны тұжырымадамаға айналдыру.

№ 8 семинар тақырыбы:

Қазіргі білім беру тәжірибесінің тұжырымдамалық негіздері

Жоспар:

Мазмұн: ұғым, тұрғылар, ситуацияны талдау.

Білім беру және кадрларды даярлау мәселесі.

Білім берудің тасымалдаушы және коммуникациялық қызметтері.

№ 9 семинар тақырыбы:

Тұжырымдама – жобаны ірілендіру әдісі

Жоспар:

Қазіргі білім беру теориясы мен тәжірибесінде тұжырымдама жобаны ірілендірудің құралы ретінде.

Жобаны «ойлап табу» және жүзеге асыру кеңістіктері.

Жобалаудың стратегиялық тереңдігі.

Жобаны жүзеге асырудың бағдарламалық нәтижелері.

№ 10 семинар тақырыбы:

Жоба тұжырымдамасын жасау

Жоспар:

Жоба тұжырымдамасын жасау жұмыстарын ұйымдастыру.

Коммуникация әдісі.

Тарихи зерттеу әдісі

№ 11 семинар тақырыбы:

Жобалау әрекетіндегі мақсат-міндеттерді белгілеу

Жоспар:

Іс-әрекетті ұйымдастырудың «міндеттерді белгілеу» формасы

Менеджмент тарихы мен теориясындағы Ф.Тейлор және Л. Гилберттің зерттеулері.

Міндет – жобалау әрекетінің элементі.

Педагогикалық тәжірибеде және басқару саласында «міндеттерді белгілеу» формасының орны мен қызметі.

№ 12 семинар тақырыбы:

Жобалау әрекетіндегі мақсат-міндеттерді белгілеу

Жоспар:

Мақсат және мақсат қою ұғымдарының мәні.
Құндылықты және теологиялық мақсаттар.

Жоба мақсаттары өзгерту және даму құралы ретінде.

Мақсат қоюдың ұзақмерзімді (стратегиялық) сипаты.

Кейбір міндеттерді түзету және стандарттау технологиясы: мақсаттың көпфункционалдығы.

№ 13 семинар тақырыбы:

Жобалау әрекетіндегі мақсаттың алатын орны

Жоспар:

Мақсат жобалау жұмысында ұйымдастыру және түзету құралы ретінде.

Жобаның ішкі және сыртқы ортасында серіктестерді іздеу.

Манифест, доктрина, миссия, мақсат. Мақсат – ұжымдық жұмыстың нәтижесі.

Мақсаттар жайындағы декларацияның коммуникативтік және бұқаралық сипаты.

№ 14 семинар тақырыбы:

Басқару әрекетін жобалауды презентациялау

Жоспар:

Жобаға қатысушыларға қатысты мақсат қою.

Жеке жобалардың мақсатын негіздеу.

Жеке жобаны презентациялау

№ 15 семинар тақырыбы:

Жоба аясындағы бизнес-жоспарды презентациялау

Жоспар:

Жеке жоба аясындағы бизнес-жоспарды презентациялау.

Магистранттың оқытушы басшылығымен жүргізілетін өздік жұмысы бойынша тапсырмалары

1. Жобалаудың негізгі сызбасы: ситуацияны талдау, жоба ойын тұжырымдау, жобаның мақсатын белгілеу, жобаны жүзеге асыру.

2. Ұйымдастыру – басқару тәжірибесінің түрі ретінде.

3. Талдау – басқару тәжірибесінің түрі ретінде

4. Жобалау – басқару тәжірибесінің түрі ретінде

5. Зерттеу – басқару тәжірибесінің түрі ретінде

6. Ұйымдастыру-басқару жұмысының «бастапқы» ресурстары.

7. Жеткілікті деңгей принципі–бастапқы ресурстарды талдау принципі.

8. Үйлесімділік принципі–бастапқы ресурстарды талдау принципі.

9. Басқару әрекетіндегі стратегиялық ресурстар.

10. Жобалау әрекетінде талдау және проблеманы анықтаудың алатын орны.

11. SWOT–талдау. Жобаның әлсіз және күшті жақтары.

12. Бастапқы ресурстар мен стратегиялық мақсаттардың сәйкестігі.

13. Жобаның болжамын (идеясын) құрастыру.

14. Жобалау әрекетіндегі мақсат-міндеттерді белгілеу.

15. Стратегиялық жоспарлаудағы жаңа тұрғылар.

16. Басқару әрекетіндегі көшбасшы моделі.

17. Жаңа менеджер тұлғасы. Моделі.

18. Жобаны презентациялауға дайындық.

19. Жоба аясындағы бизнес-жоспар.

20. Жеке жобаны қорғау.

Магистранттың өзіндік жұмысын ұйымдастыру тапсырмалары

1. Белгілі бір ұйымда (мысалы, жоғары оқу орны, мектеп, жеке кәсіпорын және т.б.) болып жатқан процестердің қайсысы қызмет ету және қайта өндіру тәртібіне, қайсысы даму тәртібіне, дамуды басқару тәртібіне жататындығын анықтаңыз. Талдау кестесі.

2. Белгілі бір ұйымның (мысалы, жоғары оқу орны, мектеп, жеке кәсіпорын және т.б.) қай бөлімдеріне (департаменттеріне) қызмет ету, қайта өндіру, даму, дамуды басқару қызметтері жүктелген? Бұл қызметтер бөлімдердің/департаменттердің жалпы басқару тәжірибесімен (ұйымдастыру, талдау, прожект, зерттеу) қандай байланыста болып отырғандығын анықтаңыз. Талдау. Қорытынды.

3. Болашақ даярлайтын жобаңызға қажетті ресурстардың түрлерін көрсетіңіз.

4. Сіздің жобаңыз үшін «бастапқы» ресурстардан (қаржы, техникалық база, кадрлар және т.б.) басқа қандай жобалау ресурстары маңызды болып табылады.

5. Сіздің жобаңыз үшін сыртқы ортаның қандай экономикалық және саяси факторлары (процесстер, даму бағыттары, ағымдар, жағдайлар) анықтаушы мәнге ие? Неліктен? Дәлелдеңіз.

6. Сіздің жобаңыз үшін сыртқы ортаның қандай білім беру факторлары (процесстер, даму бағыттары, ағымдар, жағдайлар) анықтаушы мәнге ие? Неліктен? Дәлелдеңіз.

7. Сіздің жобаңызды білім беру саласына қатысты жоба ретінде қарастыруға мүмкіндік беретіндей қандай себептерді көрсете аласыз? Дәлелдеңіз.

8. Жобаны жүзеге асырудың мүмкін болатын нәтижелері жайындағы мәселе сіздің жобада қаншалықты ойластырылып, үйлестірілген? Дәлелдеңіз.

9. Сіздің жобаңыздың жүзеге асырылатын аймақтағы, қаладағы қазіргі мәдени процесстер жайындағы түсініктерге қалай әсер етуі мүмкіндігі жайында түсіндіріңіз. Неліктен?

10. Сіздің жобаның жаңалығы неде? Жоба тәжірибеде бар модельдерден несімен ерекшеленеді?

11. Төменде берілген анықтамалардың қайсысы, сіздің пікіріңізше, «мақсат» ұғымының мәніне сәйкес келеді? Неліктен?

Мақсат – бұл білім беру желісінің әрекетін сақтау және қолдау.

Мақсат – бұл білім беру ұйымының қолда бар (қалған) адами, ақпараттық және материалдық ресурстарын

қаланың даму технологияларын тәжірибеге негіздеу үшін пайдалану.

Мақсат – бұл білім беру ұйымдарын ақпараттандыру.

12. Сіздің жобада белгіленген мақсаттарға қарай отырып, ситуацияның даму бағыттарының қайсысы проблемалық екендігін және оларға жоба аясында қалай әсер жасалатындығын түсінуге болады ма?

13. Сіздің жобаның жасалған тұжырымдамасын және белгіленген мақсаттарын салыстырыңыз. Белгіленген мақсаттарды ситуацияны тұжырымдамалық тұрғыдан ұғыну және оған саналы-сыни көзқарастың нәтижесі деп айта аласыз ба? Неліктен?

14. Сіз таңдаған стратегия жүйелік, протекционистік, провокациялық немесе басқа тұрғылар аясында ма?

15. Сіздің жобаны қай типке жатқызуға болады? Неліктен сіз осы типті таңдадыңыз.

16. Сіздің стратегиялық таңдауларыңыз қандай негізде жасалды: әлеуметтік-мәдени ситуацияға байланысты ма немесе сіздің дүниетанымдық көзқарастарыңыз негізінде ме?

17. Сіздің жобаңызды жүзеге асыруға қажетті негізгі субъектілерді және олардың қызығушылықтарын белгілеңіз.

18. Сіздің жобаңызды жүзеге асыруда серіктестер қажет пе? Оларды жобаға қатыстыру стратегияларын ойластырдыңыз ба?

19. Сіздің жобаңызды жүзеге асыруда жобаның мақсаттық тобы және жобаны презентациялайтын мақсаттық топ арасында айырмашылықтарды белгілейсіз бе? Сіздің пікіріңізше, осы айырмашылықтар жобаларды модернизациялауда қандай мәнге ие?

20. Сіздің жобаңызға қандай инвесторлар қажет? Сіздің бизнес-жоспардың мақсаттық тобы кімдер болып табылады?

«Жобалау қызметі нәтижесіндегі педагогикалық жүйенің өзгерістерін бағалау» әдістемесі

Білім беру ұйымын жобалау негізінде дамыту өзгерістері неден көрінетіні және қалай өлшенетіні қарастырылып, оның тиімді жолдары анықталады. Педагогикалық жүйелер ретіндегі білім беру ұйымдарының мақсатқа сәйкес даму өзгерістерінің деңгейін, динамикасын, жалпы нәтижелерін қорыту үшін «Жобалау қызметі нәтижесіндегі білім беру ұйымының өзгерістерін бағалау» әдістемесі мен оның өлшемдері мен көрсеткіштері төмендегідей белгіленеді:

Жүйенің мақсатына сай барлық құрылымының білім берудің нәтижелеріне, ұжымды дамытуға бағдарлылығы;

Жүйедегі қызметтік (талдау, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, бағалау) және құрылымдық (басқару субъектілері, құралдары, мазмұны) компоненттердің инновациялық өзгерістерге икемділігі, өзін-өзі дамытудың тиімді ұйымдастырылуы;

Жүйе құрылымдарында жобалар түріндегі бірлескен әрекеттердің, өзара қолдаушылық қарым қатынастың, тұрақты шығармашылық ахуалдың қалыптасуы.

Осылайша, педагогикалық жүйелерді басқарудағы жобалау қызметін ұйымдастыру негізінде педагогтарды ұжымның басты ресурстары ретінде дамытудың өлшемдері мен көрсеткіштері төмендегідей айқындалды:

А. Жүйенің мақсатына сай барлық құрылымының білім берудің нәтижелеріне, ұжымды дамытуға бағдарлылығы.

Көрсеткіштері:

басқарушы тарапынан кіші жүйе басшыларына, педагогтарға ұйымның даму стратегиясын, құндылықтық бағыттарын, мақсаты мен жоспарларын, күтілетін нәтижелерін хабардар етуі;

жүйені дамытудағы кіші жүйелер мен педагогтардың мақсат- міндеттері белгіленуі;

кіші жүйелермен кері байланыс ұйымдастырылуы;

кіші жүйелердің, педагогтардың жоспары болуы, оның жүйені дамыту мақсатымен сәйкес болуы;

педагогтар мен кіші жүйе нәтижелерінің жалпы жүйе мақсатына сәйкестігі;

білім беру нәтижелерінің педагогтардың әдіс - тәсілдерін анықтаудағы басым бағыттар ретінде пайдаланылуы;

нәтижелерді бағалау өлшемдері мен көрсеткіштерін бірлесе құрастырылған әдістемелері болуы, ішкі және сыртқы бағалау жүйелері жасалуы.

білім алушылар мен педагогтар нәтижелерінің мониторингі

В. *Жүйедегі қызметтік және құрылымдық компоненттердің инновациялық өзгерістерге икемділігі, өзін-өзі дамытудың тиімді ұйымдастырылуы;*

Көрсеткіштері:

Ұйымға қойылатын жаңа талаптарға сай педагогтар әлеуетін анықтау, жүйелеу және дамытуды жоспарлау;

ұйымның күнделікті және болашақ қажеттіктеріне орай педагогтардың әлеуетін дамытуды жүзеге асыру;

педагогтардың мақсат-міндеттерінің орындалуына, бастамаларын қолдауға, инновациялық қызметтерін жүзеге асыруға қолдау жасауы;

педагогтардың өзіндік анықталуына, өз бетімен білім алуына және өзін-өзі дамытуына жағдайлардың болуы;

жеке педагогтардың және топтардың танымдық әрекеттерін қолдау, оған мүмкіндіктер туғызу;

қосымша білім алу құрылымдары, зертханалар, мүдделі топтар болуы және адамдардан қанағаттанғандық бағасы;

С. *Жүйе құрылымдарында жобалар түріндегі бірлескен әрекеттердің, өзара қолдаушылық қарым қатынастың, тұрақты шығармашылық ахуалдың қалыптасуы.*

Шығармашылық бірлестіктердің, оған қатысушылардың саны өсуі;

Жалпы жүйені мен кіші жүйелерді дамытуда педагогтардың, білім алушылардың, ата-аналардың бастамалары туындауына, олардың жүзеге асырылуына мүмкіндіктер жасалуы;

Ұжым мүшелерінің жобалық өзгерістерді қолдауы;

Бірлескен ғылыми-әдістемелік, технологиялық жобалар ұсынылуы, ендірілуі;

Жаңа ізденістік жобалар нәтижелерін ендіру әдістемелері қалыптасуы;

Педагогтар мен білім алушылардың түрлі қауымдастықтары пайда болуы

Жобалар сайыстарына қатысушы педагогтар мен білім алушылардың көбеюі, нәтижелері.

Ұжым мүшелерінің түрлі деңгейлердегі жетістіктері, жүлделі орындары.

Сонымен қатар, аталған өлшемдердің деңгейлері белгіленді.

Төмен деңгей жүйенің мақсатына сай барлық құрылымының білім берудің нәтижелеріне, ұжымды дамытуға бағдарлылығы алғашқы деңгейі ретінде анықталды. Бұл көрсеткіш қажеттікті анықтауға, тиімді шешімдер қабылдаудың жеткіліксіз деңгейін, ұжымды дамытудағы мақсаттар бірлігі болмауын, жүйедегі қызметтік және құрылымдық компоненттердің инновациялық өзгерістерге икемділігін қамтамасыз ету, өзін-өзі дамытуды тиімді ұйымдастыруға басқарушылардың ынтасы төмендегін көрсетеді. Сонымен қатар, жүйе құрылымдарында жобалар түріндегі бірлескен әрекеттердің, өзара қолдаушылық қарым қатынастың, тұрақты шығармашылық ахуалдың болмауы, жүйелі басқарудағы компоненттердің бірлігі мен білім беру ұйымы нәтижелілігінің арасындағы байланыстарды байқай алмаушылық та осы деңгейдің айқын көрінісін білдіреді.

Орта деңгей ұжымның мақсатына сай барлық құрылымының білім берудің нәтижелеріне, ұжымды дамытуға бағдарлылығы ұйымдастыру қажеттігін ұғыну деңгейі ретінде анықталды. Бұл көрсеткіш деңгейі жүйедегі қызметтік және құрылымдық компоненттердің инновациялық өзгерістерге икемділігін қамтамасыз ету, өзін-өзі дамытуды тиімді ұйымдастыруға ұмтылыстардың болуынан, ұжымды дамытуға қолайлы жағдайлар туғызу мен жүйе құрылымдарында жобалар түріндегі бірлескен әрекеттерді, өзара қолдаушылық қарым-қатынас пен шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыруға

басқарушылардың ықыласты болуынан білінеді. Аталған деңгейде жүйелі басқару компоненттердің бірлігі мен білім беру ұйымы нәтижелілігінің өзара тәуелді екенін көре біледі.

Жеткілікті деңгей ұжымның мақсатына сай барлық құрылымының білім берудің нәтижелеріне, ұжымды дамытуға бағдарлылығын ұйымдастыруды тиімді жүргізу, жұмыс деңгейін талдап отыру, басқару деңгейінің жеткілікті дәрежеде қалыптасқанын білдіреді. Бұл деңгейде жүйедегі қызметтік және құрылымдық компоненттердің инновациялық өзгерістерге икемділігін қамтамасыз ету, өзін-өзі дамыту шараларына басқарушылар тарапынан жаңа көзқарастар пайда болып, ұжымды жүйе құрылымдарында жобалар түріндегі бірлескен әрекеттерді, өзара қолдаушылық қарым - қатынас пен шығармашылыққа бағытталған жаңа идеяларды жобалау қызметі негізінде тәжірибеге енгізу іске асырылады. Сонымен қатар, онда жүйелі басқару компоненттердің бірлігі мен білім беру ұйымы нәтижелілігінің өзара тәуелді екенін көре білу ғана емес, табысты нәтижелерге қол жеткізілуі жүзеге асырылады.

Әдістемелік нұсқау

Төменде берілген жауаптар ретіндегі тұжырымдардың Сіздің педагогикалық ұжымда қалыптасқан жағдайға сәйкестілігін 10 - баллдық шкала бойынша бағалауыңызды сұраймыз. Егер тұжырым сіздің ұжымда қалыптасқан жағдайға мүлдем сәйкес болмаса, сіз оны 0 деп бағалайсыз, ал қалыптасқан жағдайға толықтай сәйкес болса, онда 10 деп бағалайсыз. Ал, олардың арасындағы 1 2 3 4 5 6 7 8 9 сандары жауаптардың сәйкестік және сәйкессіздік деңгейлеріне байланысты қойылады. Егер тұжырымда «барлық педагогтар...», немесе, «әрбір педагог...» деп берілген болса, онда Сіздің бағаңыз берілген тұжырымға **педагогтардың шын мәнінде қанша бөлігі** сәйкес келетінін анықтайды. Егер тұжырымда «әрқашан...», «барлық жағдайларда...» деп берілген болса, онда Сіздің бағаңыз берілген тұжырымға **қалыптасқан жағдайлардың қаншалықты бөлігі шын мәнінде** сәйкес келетінін анықтайды.

Жауап беру барысында ұзақ ойланбауға тырысыңыз. Әрбір тұжырымды бір-бірімен байланыссыз бөлек қарастырыңыз және оларды талдауды бағалап болғаннан кейінге қалдырыңыз. Баға беру кезінде шынайы болуыңыз қажет, Сіздің жауабыңыз ұйымның деңгейін дұрыс бағалауға мүмкіндік беретінін есіңізде ұстауыңыз сұралады.

1.	Ұжымдағы барлық педагогтар өз жұмысын жақсы атқаруға тырысады	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
2.	Педагогтар ұжымдағы барлық адамдар да өз жұмысының нәтижесін жақсартуын маңызды деп есептейді	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
3.	Ұжымдағы әр педагог өз мамандығы бойынша барлық жаңалықтарды біліп отыруға ұмтылады	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
4.	Өз жұмысына жауапкершіліксіз қарайтын педагог, біздің ұжымда қолдау таппайды	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
5.	Ұжымдағы педагогтардың өз қызметтерін белгілеуі үшін директор мен оның орынбасарларының көмегі қажет емес	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
6.	Педагогтар ұжымдағы барлық маңызды шешімдер қабылдауға белсене қатысады	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
7.	Біздің ұжымда қазіргі заман педагогы қандай болуы тиістігі туралы бірыңғай түсінік қалыптасқан.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
8.	Біздің ұжымда мұғалімдер арасында келіспеушілік болмайды	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
9.	Біздің ұжымда жұмыс істейтін мұғалімдер басқа жерлерге қарағанда өз мүмкіндіктерін кеңінен жүзеге асыра алады	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
10.	Біздің ұжымдағы педагогтар туралы балаға білім бере алмайды деп айтуға болмайды	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
11.	Біздің ұжымдағы барлық педагогтың өз жұмысын жақсарту үшін не істейтіні туралы нақты мақсаттары бар.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
12.	Біздің ұжымдағы әркім өзінің кәсіби деңгейін көтеру үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаланады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
13.	Біздің ұжымдағы әрбір педагог басшылардың бақылауынсыз өз жұмысын жақсы атқара алады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
14.	Педагогтар жүктемесін бөлу кезінде басшылардың араласуын қажет ететін проблемалар болмайды	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
15.	Біздің ұжымдағы барлық педагогтар жыл бойы атқарған жұмыстың қорытындысын талқылауға белсене қатынасады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
16.	Ұжымдағы барлық педагогтар білім беру ұйымының алдына қойылатын мақсатпен келіседі.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
17.	Педагогтар арасында сабақ кестесіне қатысты өзара келіспеушілік болмайды	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
18.	Ұжымдағы барлық педагогтар - өзі істейтін білім беру ұйымының патриоттары	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
19.	Педагогтар арасында өзі істейтін білім беру ұйымының беделін жоғарылатуға ұмтылмайтын адамдар жоқ деуге болады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

20.	Біздің ұжымдағы барлық педагогтар ұйымның бұдан да жақсы қызмет ету мүмкіндігі бар екенін және ол үшін не істеу қажеттігін біледі.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
21.	Ұжымдағы педагогтар өздері білетін педагогикалық жаңалықтар туралы ұжымдағы әріптестерімен үнемі бөлісіп отырады	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
22.	Көптеген педагогтар ұйым үшін маңызды жұмыстарды өз міндеттеріне тікелей қатысты болмаса да өз еріктерімен орындай алады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
23.	Бір-біріне қол ұшын беру, өзара көмек көрсету біздің ұжымдағы барлық педагогтарға тән қасиет.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
24.	Егер білім беру ұйымы басшыларының шешімі ұжым мүшелерінен қолдау таппай жатса, оның басқа да ұтымды жолдары қарастырылады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
25.	Ұйым жұмысының жалпы қорытындыларын бағалау кезінде педагогтар арасында өзара келіспеушілік болмайды.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
26.	Ұжымдағы педагогтар арасында кез-келген жұмыс бабындағы келіспеушіліктер конфликт жағдайларына дейін бармайды.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
27.	Педагогтарды біздің ұжымнан кетуіне, не басқа ұжымға ауысуына дейін апаратын себептерді табу қиын.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
28.	Біздің ұжымдағы барлық педагогтар өз жұмыстарының нәтижесіне жоғары талаптар қояды	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
29.	Біздің ұжымда бір де бір адам өзі үшін оңай болмаса да, ұйым үшін маңызды жаңалықтарды ендіруге қарсы болмайды.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
30.	Өз білімін өзі одан әрі жетілдірумен айналыспайтын педагог біздің ұжымда қолдау таппайды	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
31.	Біздің ұжымдағы барлық педагогтар үшін де жауапкершілік қасиеті - ортақ деуге болады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
32.	Біздің ұйымдағы педагогтар әртүрлі білім беру сатыларында қызмет атқарса да, бір бірінің проблемаларын жақсы біледі.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
33.	Ұжымға белгілі бір жаңалықтар ендірілетін болса, ол барлық педагогтардың талқылауынан өткізіледі.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
34.	Біздің ұжымда білім беру ұйымы үшін аса маңызды мәселелерді түсінуде бірлік бар деуге болады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
35.	Біздің ұйымдағы педагогтар арасында бір - біріне түсіністік көзқарас қалыптасқан	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
36.	Біздің ұйымдағы педагогтар үшін басқа ұжымда жұмыс істеу қызықты болмауы мүмкін.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
37.	Біздің ұйымдағы әрбір педагог өз жұмысында мақтан етуге болатындай нәтижеге жетуге ұмтылады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
38.	Біздің ұжымда педкеңестер мен жалпы жиналыстарда өзара сын - пікірлер айту және жұмысты жақсарту туралы нақты ұсыныстар білдіру үнемі болып тұрады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
39.	Біздің ұйымдағы педагогтар өздерінің кәсібилігін көтеруге мүмкіндік беретін адамдармен кездесуге және олардан үйренуге үнемі әзір тұрады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
40.	Біздің ұжымда кейбір сәтсіздіктер болған жағдайларда ешкім де өз жауапкершілігін басқаларға аудармайды.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

41.	Біздің ұйымдағы педагогтар әріптестерінің ұсыныстары мен кеңестерін ренжіместен, дұрыс қабылдай алады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
42.	Біздің ұйымдағы әрбір педагог басқа әріптестерінің өз жұмысын қалай атқарып жатқанына көңіл аударады, өйткені, әркімнің өз міндетін жақсы атқаруынан жалпы ұйымның нәтижесі қалыптасатынын түсінеді.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
43.	Барлық педагогтар қазіргі білім беру ұйымдарына қойылып отырған жаңа талаптарды түсіне біледі.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
44.	Біздің ұйымдағы педагогтар жұмыстан тыс уақыттарда да бір - бірімен үнемі араласып тұрады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
45.	Біздің ұжымды өзгелермен салыстыратын болса, әрбір педагог оның басқалардан көптеген артықшылығы бар екенін көре алады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
46.	Біздің білім беру ұйымындағы кез-келген білім алушының сабақ үлгерімінің төмендеп кетсе, сол топта, сыныпта сабақ беретін әрбір педагог оның себептерін талдауға және жағдайды түзетуге міндетті түрде араласады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
47.	Біздің ұжымда өте жақсы шығармашылық ахуал қалыптасқан.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
48.	Өз білімі мен кәсібилігін жеткілікті деңгейде деп есептейтін педагог біздің ұжымда қолдау таппауы мүмкін.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
49.	Біздің ұжымда адамдардың өзіне тапсырылған іске жауапкершіліксіз қарау жағдайлары болмайды.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
50.	Ұжымға келген жаңа адамдардың тез бейімделуіне, өз жұмысымен және басқа адамдармен танысып кетуіне педагогтар қолдау көрсетеді.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
51.	Білім беру ұйымы басшылары жұмыс сапасын бағалау барысында барлық ұжым мүшелерінің пікірлерін үнемі есепке алып отырады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
52.	Біздің ұжымда білім беру ұйымының болашағын көре білу барлық педагогтарға бірдей тән.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
53.	Біздің ұжымдағы педагогтар арасында бір-бірін қабылдамау және түсінбеу деген мүлдем болмайды.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
54.	Біздің ұжымда педагогтарға ұнамайтын нәрселер оларға ұнайтын нәрселерге қарағанда аз деуге болады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
55.	Біздің ұйымдағы әрбір педагог басқа әріптестерінің өз жұмысын қалай атқарып жатқанына бейтарап қарамайды.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
56.	Әрбір педагог егер өзі жұмысты жақсарту үшін ұсыныстар білдіретін болса, оны әріптестерінің қолдайтынына және қызығушылықпен қабылдайтынына сенімді.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
57.	Кәсіби құзыреттілік біздің ұжымда өте жоғары бағаланады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
58.	Тәжірибелі педагогтар ұжымдағы өз әріптестеріне көмекке келуге әрқашан әзір тұрады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
59.	Білім беру ұйымы басшылары алдында бір топта бірлесіп жұмыс істейтін педагогтар арасындағы келіспеушілікті реттеу туралы мәселелер мүлдем болмайды.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
60.	Біздің ұжымдағы педагогтар егер білім беру ұйымы басшылары белгілі бір педагогқа қатысты қате шешім қабылданды деп есептесе, бұл шешімнің қайта қаралуына қол жеткізеді.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
61.	Біздің ұжымда білім беру ұйымындағы оқу - тәрбие үрдісі	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

	қалай ұйымдастырылуы қажеттігі туралы қалыптасқан бірыңғай түсінік бар.	
62.	Біздің ұжымдағы педагогтардың өзара қарым – қатынасы татулық пен сыйластыққа негізделген деуге болады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
63.	Біздің ұжымдағы педагогтар үшін басқа ұжымдарға қарағанда кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға жақсы жағдайлар жасалған.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
64.	Біздің ұжымдағы педагогтар топта, немесе, сыныпта үлгерімі төмен білім алушылардың болуын өзінің және өзге әріптестерінің кемшілігінен деп есептейді.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
65.	Біздің ұйымдағы әрбір педагог жаңашыл болуды жетістік деп санайды.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
66.	Біздің ұйымдағы әрбір педагог өзгелерден үйренуді артық көрмейді.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
67.	Біздің ұжымдағы педагогтар өз жұмысындағы кемшіліктердің себебін сырттан іздемейді.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
68.	Біздің ұжымдағы бір топта , емес сыныпта сабақ беретін педагогтар бір команда ретінде жұмыс істейді.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
69.	Егер педагогтар арасында жұмыс барысындағы келіспеушіліктер болып жатса, олар білім беру ұйымы басшыларының қатысуынсыз шешіледі.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
70.	Біздің ұжымда білім беру ұйымындағы педагогтар мен білім алушылар арасындағы өзара қарым -қатынас туралы қалыптасқан бірыңғай түсінік бар.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
71.	Біздің ұйымдағы әрбір педагог ұжымдағы өзге әріптестерінің жетістіктерін өзінің жетістігі ретінде қабылдайды.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
72.	Біздің ұйымдағы педагогтарға көп нәрселер ортақ болғандықтан, олардың біреуінің басқа білім беру ұйымына ауысуы өте сирек келеді	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
73.	Біздің ұйымдағы әрбір педагог егер оның сабақ беретін пәнін ұнатпайтын білім алушылар барын білсе өте қиналады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
74.	Біздің ұйымдағы әрбір педагог үшін өзін - өзі дамытудың нақты мақсаты және оны жүзеге асыру жоспарының болуы аса маңызды.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
75.	Біздің ұжымдағы әрбір педагог өзінің және өзгелердің міндеттері - өз кәсіби құзыреттіліктерін дамыту деп есептейді.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
76.	Біздің ұжымдағы әрбір педагог егер білім алушы өзіне тиісті бағдарламаны нашар меңгеретін болса, оны педагог ретіндегі өзінің кемшілігі деп қарайды.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
77.	Біздің ұйымдағы педагогтар белгілі бір жаңа міндеттерді орындау барысында ортақ тілді тез таба алады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
78.	Біздің ұжымдағы педагогтар білім беру ұйымының қандай оқу бағдарламаларын жүзеге асыру қажеттігін анықтауға белсенді араласады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
79.	Біздің ұжымда педагогтардың жұмыс сапасын бағалау өлшемдері туралы қалыптасқан бірыңғай түсінік бар.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
80.	Педагогтардың өзара түсіністік және сыйластық қарым - қатынасын - біздің ұжымның жетістік көрсеткіші деуге болады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
81.	Басқа ұжымдарда педагогтар үшін біздің ұжымнан артық жағдайлар жасалған деуге болмайды.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

82.	Біздің ұжымдағы әрбір педагог бітірушілердің жоғары оқу орнына түсу емтихандарын жоғары деңгейде тапсыруларына мүдделі.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
83.	Өзі жұмыс істейтін білім беру ұйымының дамуына немқұрайлы қарайтын педагог ұжымдағы әріптестерінен қолдау таппайды.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
84.	Біздің ұжымдағы педагогтарды тексеру барысында белгілі бір жұмыс бағыттарын жақсарту қажет болса, олар оны тез арада жүзеге асыруға ұмтылады.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
85.	Біздің ұйымдағы әрбір педагог білім беру ұйымының түпкілікті нәтижесіне өзінің жауапкершілігін сезінеді.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
86.	Біздің ұжымда педагогтардың өзі білетін кәсіби ақпаратты өзгелермен бөлісуден бас тарту жағдайлары болмайды.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
87.	Білім беру ұйымын басқарудың авторитарлық стилін біздің ұжымдағы педагогтар ешуақытта қабылдамайды.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
88.	Біздің ұжымда білім беру ұйымы басшылары мен педагогтар ұжымы арасындағы қарым –қатынастардың қандай болуы туралы қалыптасқан бірыңғай түсінік бар.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
89.	Біздің ұжымда бір – бірімен пікірлері қарсы келетін топтарға бөліну мүлдем жоқ.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
90.	Педагогтар біздің ұжымда қалыптасқан ахуалды жоғары бағалайды.	0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Жоғарыдағы көрсеткіштердің берілген критерийлерге сай болуы білім беру ұйымындағы педагогтармен жұмыстың нәтижелік деңгейлерін көрсетеді деп белгіленді. Олар төмендегі жауаптер кестесі бойынша белгіленеді және бағаланады.

Жауаптар кестесі

А			В			С		
а ₁	а ₂	а ₃	В ₁	В ₂	В ₃	с ₁	с ₂	с ₃
1	2	3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25	26	27
28	29	30	31	32	33	34	35	36
37	38	39	40	41	42	43	44	45
46	47	48	49	50	51	52	53	54
55	56	57	58	59	60	61	62	63
64	65	66	67	68	69	70	71	72
73	74	75	76	77	78	79	80	81
82	83	84	85	86	87	88	89	90
Σ =	Σ =	Σ =	Σ =	Σ =	Σ =	Σ =	Σ =	Σ =
А =			В =			С =		

Бұл әдістемені пайдалану туралы нұсқаулыққа сай «А», «В», «С» әріптік белгілері персоналды басқарудың берілген компоненттеріне сәйкес келеді.

Кестені пайдалану әдістемесі:

Қатысушылар берген жауаптарының нәтижесін 11-кестедегі бағандарға толтырады. Әр бағанның ең жоғары қосындысы 100 -ден аспайды.

Ұйымның сипаттамасын баған бойынша жиналған сумманы 10-ға бөлу арқылы шығарады..

Сонда айқындалған сипаттамалар 0 мен 10 -ның арасында өзгеріп отырады..

8 бен 10 арасы дамудың жоғары деңгейін білдіреді, 5 пен 7 –нің арасы орта деңгейді, ал 0 мен 4-тің арасы төмен деңгейді білдіреді.

Ұйымның толықтай сипаттамасы төмендегі формулаға сай есептеліп шығарылады:

$$A = \sqrt{\frac{a_1^2 + a_2^2 + a_3^2}{3}}$$

$$B = \sqrt{\frac{b_1^2 + b_2^2 + b_3^2}{3}}$$

$$C = \sqrt{\frac{c_1^2 + c_2^2 + c_3^2}{3}}$$

- Бұл жерде де А, В және С бөліктерінің сипаттамалары 0 ден 10-ның аралағында өзгереді..
- Ұйымның даму деңгейінің (ҰДД) интегралдық бағасы төмендегі формуламен шығарылады.

$$\text{ҰДД} = \sqrt{\frac{A^2 + B^2 + C^2}{3}}$$

- ҰДД мәнінің 8-ден жоғарылығы дамудың жоғары деңгейін білдіреді, 5 пен 7 –нің арасы орта деңгейді, ал 0 мен 4 -тің арасы төмен деңгейді білдіреді.

* В.С.Лазаревтың әдістемесі біздің зерттеу тақырыбына бейімделген үлгімен берілген. Алынған жері: Лазарев В.С. Системное развитие школы, М.,2002,б.275

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1. ЖОБАЛАУДЫҢ ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ	6
1. Қоғамдық - әлеуметтік қайта құрулар жағдайында жобалаудың пайда болуы мен дамуы.	6
2. Жобалаудың теориялық негіздері.	17
3. Жобалаудың мәдени – инновациялық сипаты.	27
4. Әлеуметтік жобалау.	37
5. Жобалаудың адам ресурстарын дамытуда алатын орны.	45
Бірінші бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар	54
Бірінші бөлім бойынша негізгі әдебиеттер	57
2. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБАЛАУДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ	59
1. Педагогикалық жобалаудың мәні.	59
2. Педагогикалық жобалаудың зерттелуі мен түрлері.	70
3. Педагогикалық жобалау және педагогикалық мақсат қою	79
4. Педагогикалық жобалау және басқару.	88
5. Жобалаудың білім берудің жаңа нәтижелерін қалыптастырудағы ролі	99
6. Педагогикалық жобалаудың заңдылықтары мен ұстанымдары.	108
Екінші бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар.	122
Екінші бөлім бойынша негізгі әдебиеттер	125
3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБАЛАУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ.....	127
1. Педагогикалық жобалаудың ұйымдастыру мазмұны мен құрылымы	127
2. Педагогикалық жобалауды ұйымдастырудың шарттары.	137
3. Педагогикалық жобалауды жүзеге асыру логикасы.	147
4. Педагогикалық жобалаудың нәтижелері және бағалау.	156
5. Педагогикалық әрекеттерді жобалаудың технологиясы.	164
6. Педагогикалық ұжымның даму бағдармаласын жобалау технологиясы	176
Үшінші бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар.	184
Үшінші бөлім бойынша негізгі әдебиеттер	187
4. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛАУ ӘРЕКЕТТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ	189
1. Оқытудағы жобалау және оқушылардың жобалау әрекеттері.	189
2. Жобалау – оқу әрекетінің ерекше түрі ретінде	198
3. Оқу жобасының құрылымы мен түрлері	210
4. Оқытудағы жобалау әдісі:идеядан орындалуына дейін	220
5. Оқушылардың жас ерекшелігіне сай жобалауды ұйымдастыру	232
6. Жобалау әрекетіндегі топтық қарым– қатынастың ерекшелігі	239
7. Оқытудағы жобалау әрекеті барысында оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыру	249

8. Оқушылардың жобалау жұмысын бағалау әдістемесі	256
Төртінші тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар	265
Төртінші тарау бойынша негізгі әдебиеттер	268
5. ЖОБАЛАУДЫ БАСҚАРУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУ	270
1. Білім беру ұйымындағы жобалау әрекеттері және оны басқарушылардың құзыреттіліктері	270
2. Жобалау зертханасын ұйымдастыру мазмұны	275
3. Жобалау зертханасын ұйымдастыру технологиясы	286
Бесінші тарау бойынша сұрақтар мен тапсырмалар	294
Бесінші тарау бойынша негізгі әдебиеттер	295
ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ	297
ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ ЖАУАПТАРЫ	329
ҚОСЫМШАЛАР.....	330